

Л 2005
2621_к

Дим Келесайыров



Әлім Рәкімбаев

ҚАЗАҚ КЛАССИКАСЫ

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

ОН ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

6
ТОМ

Алматы
ӘКЕ баспасы
1999

ББК 84 (5 Каз)

К 28

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар:

Мереке Құлкенов

Темірхан Медетбек

Тілекқабыл Боранғалиұлы

Кекілбайұлы Ә.

К 28 Он екі томдық шығармалар жинағы. — Алматы:
«Өлке» баспасы. — Т. 6. — 1999. — 464 бет.

К 4702250101

ББК 84 (5 Каз.)

ISBN 5-7667-6627-0

© «Өлке» баспасы 1999 ж.
(Құрастыру. Алғы сөз, көркемдеу.)

**«АЛТЫН ШУАҚ»
кітабынан**

**ӨЛЕҢДЕР МЕН
ШАҒЫН ПОЭМАЛАР**

•••

Күн нұрын аямай себеді —
Жерде қыз кызғалдақ терсін деп,
Адам да ащы тер төгеді —
Жер үсті құлпыра берсін деп.

•••

Жер — ананың мен сүйікті перзенті,
Осалсың деп айта алады маған кім?!
Менің ізім-жердің бүкіл келбеті,
Ажарымын дүниенің, адаммын!

Өкпелетіп көрген емес жер мені,
Жер — ананы өкпелетем неден мен.
Өз қолымнан салынған бар өрнегі,
Жыртығын да жамаймын өз денеммен!

АҚ ЖАЙЫҚ

Ақ-жайық қырды шөп-шөп сүйіп алып,
Жатады жабырқанқы бұйығы ағып.
Айдыны жаутаңдайды, мөлтендейді
Көз жасын қара жердің құйып алып.

Білмейді онда толқын еркелікті,
Шашпайды жағалауға өр көбікті.
Маңдайы шимай-шимай өңшең әжім,
Өзегі оның талай өртеніпті.

Өткенде тентек күйші күй бөктеріп,
Бірауық өрт "Серперге" билеп көріп
Құлапты, жесір қалған тұл арудай,
Жылапты көкейде шер түйдектеліп.

Өткенде тентек ақын ұрандаған,
Оның да кезі бопты сылаңдаған.
О да өтті. Тәйтiк өзен жуасыпты,
Ақ толқын сосын қайтып сыланбаған.

Даланың шарлап шығып шар тарабын,
Желiкпей май бүлкілмен тартады ағын.
Сылқылдап күлмей толқын күрсiнедi,
Демiндей көптi көрген қарт ананың.

Ақ төсін аймалатса — өмір өніп,
Ақ сүтін жатыр байтақ өңір еміп.
Жасыл тал жапырағын созса айдынға,
Ақ-жайық иіскейді еміреніп.

Ұланын қарсы алады алас ұрған
Жайып сап жасыл кілем жағасынан.
Ақ-жайық — аппақ әже осы өңірде
Ұл туса, бұрын сүйеді анасынан.

АУА

Сәби жұтса — жайрандайды, күледі,
Ару жұтса — албырайды гүл өңі.
Кәрі жұтса — қарт денесі жайылып,
Жай табады ендіктірген жүрегі.

Таңдамайды ол лашық пен сарайды,
Алаламай бәріне де тарайды.
Әуен қосты ол сандуғаштың әніне,
Жұпар қосты ол қызғалдақтың әріне,
Шіркін, бақыт о да жұпар ауадай
Дүниенің түгел жетсе бәріне!

БАҒБАН

Жігіт еді ол. Ал онда
Біз балауса бала едік.
Тұрып елең-алаңда
Жүретін ол тал егіп.
Бүгінде ауыл сыртында
Кеңге құлаш созды бау, —
Бағыбанның мұртында
Шілдеде де боз қырау.
Кеп-кешегі жапан түз
Жайқалған кәзір гүл алаң.
Кәрі жерді жасартып
Қартаяды екен бұл адам.

МИНУТ

Минут! Минут! Сенің атын – тіршілік,
Жаңа егілген жасыл шабық түр шығып.
Бір өзінде көлеңке де, шуақ та –
Біреу күлсе, біреу жатыр күрсініп.

Минут! Минут! Сенің атын – жаңалық,
Қарт ғалымның түссе ойына жаңа үміт,
Жас шәкірттің жалын жанын ой тербеп,
Дүниенің отыр сырын жаңа ұғып.

Ендіктіріп келсең дағы неше күн,
Мезгіл шіркін, белгілі ғой есебің:
Миллион минут қажет етсе өсуім,
Бір-ақ минут – көз жұмуым, өшуім.

Мен өткізген минуттердің төлемін,
Берсе екен деп маңдай төрім – өлеңім.
Уақыттың бәйгесіне қосылып,
Мен де міне тайталасып келемін.

ҚАСЫМҒА

Ақынның өшті өр демі
Жанының сырын бүкпеген,
Бітіпті тірлік сөйлемі
Өлім деген нүктемен.

Тапсырып жерге денені,
Артына дастан сыйлапты.
Қағазға сыйған өлеңі
Қара жерге симапты.

...

Таппаған жолда аялдап бір күн тыным,
Өмірде бір салт атты жүргіншімін.
Қақтаса қырдың күні маңдайымнан
Жамылам көлеңкесін қыр бұлтының.

Төбемнен күн қарайды, ай қарайды,
Бірауық қырдың желі аймалайды.

Бірауық тентіреген құйын соғып
Үстімді бұрқылдаған шаң қамайды.

Жол бойы біреу көріп сүйсінеді,
Бәз біреу мені көрсе күрсінеді.
Көп адам ақыл айтып, жөн сілтесе,
Артымнан кей ауылдың иті үреді.

ШАБЫТ

Жанында жарқыраған жанса да үміт,
Жыр төкпей жүреді ақын аңтарылып,
Шабыттың шапшып тұрған шәлкес аты
Көңілдің қазығында қаңтарылып.

Қашаннан ақынға жат дамылдамақ,
Ол ылғи өрт боп тұтап жалындамақ,
Жанында бұлттай бұрқап ұйысқан ой
Күн сайын, сағат сайын қалыңдамақ.

Сол бір ой дерт боп жайлап қалыңдап ап,
Ақынның жүргізбесе жанын қамап.
Өлеңнің ақ құйынын артына ертіп,
Шабыттың шаңқан аты арындамақ.

Сонда адан ақпан үріп жел кимелеп,
Көзіне жас үймелеп мөлтілдемек.
Кеуденің күмбірлеген кең отауы
Теңселмек, туырлығы желпілдемек.

Дүрлікпек, оларға енді жатыс бар ма,
Сырлы сөз, бояу, теңеу, нақыштар да
Жездесін қарсы алатын балдыздардай,
Сылаңдап шыға келмек ат ұстауға.

•••

О, табиғат, өкпелімін өзіңе,
Жарамсаққа жалтыратып сөз бердің.
О, табиғат, өкпелімін өзіңе,
Қызғаншаққа жарқыратып көз бердің.

О, табиғат, өкпелімін өзіңе,
Көрсеқызар болды неге көретін?
О, табиғат, өкпелімін өзіңе,
Өсекшіге неге құлақ бересің?

Олар келіп бүлдіреді заманды —
О, табиғат, өкпелімін өзіңе.
Дүниеге жаратарда адамды,
Неге ғана қарамайсың көзіңе?

СОЛ ЖЫЛДАР ӘЛІ ЖАДЫМДА

*Мы — ветераны,
Нас мучат раны.
В. Брюсов.*

...

Елес емес бір жылдар, жадыма
Қашап тұрып жазылған бір шежіре.
Ақ боран боп соққан күндер жазыма
Ерте есейтіп кеткен еді мені де.

Шарпылғам жоқ өртке түсіп от-оққа,
Бұғанама түсті бірақ салмағы.
Жатпасам да алғы шепте окопта,
Жау мылтығы оғын маған арнады.

ТАНКТЕР

Тажал табан ну шалғынды жайпады,
Алда — майдан, алда — қаза, алда — мұң.
Шойын дене жердің тәнін жаншады
Сездіргендей қасіреттің салмағын.

Қара жердің таспа тіліп жонынан,
Бара жатыр бауырымен қамшы өріп.
Жатыр окоп қызыл қанға шомылған,
Жайрап қалды қанша ғұмыр... Қанша өлік?!

Жер — ананың рең кетіп жүзінен,
Қырғын соғыс қайғы отына ыстады.
...Майдандағы танктердің ізінен
Маңдайларға талай-талай түсті әжім.

ӘЙЕЛ КҮЛКІСІ

Анау бір кезде келіндер
Көрпесін жаңғыз жамылған.
Өрт қойнына еніп жер,
Жастықтар жасқа малынған,

Жоғалтып сан түн тағатын,
Талай әйел жылады.
Қос жанардан ағатын
Қасіреттің бұлағы.

Сол жылдар әлі жадымда,
Сонда үйренгем өз басым
Батырдың пәк қанындай
Қадірлеп әйел көз жасын.

Әйел күлсе ұғамын,
Жарқылдап жүр деп аналар.
Жамылмай ажал тұманын
Есен-сау жүр деп ағалар.

Құлпырып тұр деп гүл шығып,
Сабағынан үзілмей.
Әсемдеп мынау тіршілік
Әйелдің күлген жүзіндей.

БІЗДІҢ БАЛА ШАҒЫМЫЗ

Мына біздер конфет таңдап бірауық,
Үлкендердің алған жоқпыз мазасын.
Біздер емес ерке бала жылауық,
Көкесінен тартқан талай сазасын.

Дей алмаймыз: Күні бойы доп қуып,
Көк қойнына күміс шарлар самғаттым.
Онда елдің омырауын от жуып,
Жетпеді ұлтан етігіне солдаттың.

Төбемізге талай қатер төнген-ді
Жатқанда ажал ат ойнатып, дауыл сап.
Түсімізге қоса қабат енген-ді
Көкеміз бен күрең қызыл бауырсақ.

ҚАРЫНДАСЫМ НҰРАЙША

Қуантты бізді сол күні
Сәбидің тұңғыш ащы үні.
Жылатты бізді сол күні
Почташының қапшығы.

Көңілді көктем құшып қап
Ажыратты қыс қайта.
Түске дейін құттықтап,
Бата оқыды ел түс қайта.

Иесін тапса бір бесік,
Оққа ұшыпты бір солдат.
Келеді қарғам жылда өсіп,
Тереді қырдан гүл таңдап.

Жылдарға ерді Нұрайша,
Жылдар алға заулайды.
Көз көргендер шын айтса,
Көкесінен аумайды.

Аумайды ма менен деп,
Мазалап жүр талайды.
Көкешімді көрем деп,
Айнаға көп қарайды.

ЖҮРЕКТЕ ӘЛІ ЖАТЫР МҮҢ

Күндер де өтті әлемнен
Өлімнің селін бүріккен.
Үндер де өшті әлемнен
Көңілден күлкі үріккен.

Қайғыға жұрттың еті өліп,
Күлкіге енді үйренді.
Сол жылғы бала есейіп,
Сол жылғы қызға үйленді.

Өмірдің шалқып бастауы,
Тасыды тағы кенеле.
Бақшаға бара бастады
Атасыз өскен немере.

Құлпырып қайта сан арман,
Иықтан батпан түсті мұз.
Иін босап жамаудан,
Бүтінделді үстіміз.

Жүректе бірақ жатыр мұң,
Жатыр сол бір кесір күн
Тыртығында батырдың,
Әжімінде жесірдің.

ТІЛЕК

Атасақ өлімнің тек атын,
Біреулер алартар көздерін —
Адамның ақырғы сағатын
Жазатын
Мен үшін кез бе еді?
Жоқ! Соққан жоқ ол сағат,
Тірімін!
Дүниеде бармын мен!
Тірліктің қызығы тұр мені қоршап ап,
Қанғам жоқ ләззатына жардың мен.
Көрген жоқ мұрнымды
Жөргектің иісі қыдықтап,
Ол түгіл мен өзім баламын,
Қырамын мұртымды қызықтап,

Десе де жан анам:
— Ерте ғой, қарағым! —
Қартаю ерте рас әлі де,
Шыққан жоқ мұрт маған
Ақ сақал түгілі.
Айта алман, ал бірақ,
Қай күні жығылам қалжырап,
Бері ме, әлде әрі ме
Қабірдің сызы мен өлімнің
дүбірі?
Болса екен алыста ләйім,
О достар, өмірді сүйемін.
Жеткізсін кәрлікке,
Ол емес уәйім,
Ауырсынбас сақалды иегім.
Дүние, қанша ұлың құлады

Үйінен-күйінен алыста,
Өшкенде өмірдің шырағы
Бұйырмай кебін мен табыт та?!
Шаштарын боз қырау шалмады,
Қапқан жоқ қарттықтың қармағы,
Мерт етіп неше бір арманды
Оларды зеңбірек жалмады.
О достар, осы ғой уайым,
Сол күнді көрмелік ләйім,
Сондықтан қарттықты жек көрем мен неге!?
Әлемдегі барлық пендеге
Тілеймін ғұмырды
Сәби боп келетін,
Шал болып өлетін!

ҚЫСТАҒЫ ОЙ

Қабаған аяз сықылдап,
Бетімнен алып тістеді.
Дәурені өтіп жатыр бақ.
Тұнжыратты қыс мені.

Иығыма мұз артып,
Ақ дүлей боран қағынған.
Екі бетті қызартып,
Жіберді тартып жағымнан.

Күні-түні ұлыған,
Жалықтырды өкпек үн.
Сергіген жаным нұрынан
Көктемім қайда, көктемім...

Іркеді ойдың тізгінін,
Арқадан аяз өткен күн.
Қыс болмаса біз құнын,
Білмес едік көктемнің.

ОЙЛАР

Дүние деген жәрмеңке:
Келдің екен — көріп кет!
Дүние деген жәрмеңке:
Алдың екен — беріп кет!

•••

Жағымпаздың басына
Қонды келіп көбелек.
Піл болғанда көбелек,
Ол жаншылып өлер ед...
Әй не керек, не керек!

•••

Кім бар екен мін тақпаған, күлмеген,
Кім бар екен бәлденуді білмеген —
Тышқан екеш тышқан да мәз өзіне
Мың есе үлкен екенмін деп бүргеден?!

АЮ МЕН ДӘРІ *(Мысал)*

Аю жатты ауырып,
Безіп астан, дәмнен де.
Кетсін деп ол сауығып
Дәрі келді жәрдемге.

Сонда аю бопты ыза;
— Тайып тұр, — деп жөніңе:
Тырнақтай-ақ боп бұ да
Емдемекші-ау мені де.

ТЕҢІЗ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ОЙ

Мекен етіп көкшіл теңіз, көкшіл аспан
ортасын,
Тұрмын басып құзар таудың қына
басқан жартасын.
Төменде мың иретіліп бұрқыраса көк
толқын,
Төбемде шың шуақтайды күнге тосып
арқасын.
Теңіз, Теңіз?... Теңіз неткен,
теңіз неткен ашулы!
Білмейді екен бұ жалғанда ол ашуын
бір басуды!
Көкжал толқын айбат шегіп мүйіздесе
жағаны,

Жалына кеп жартастардың күс-күс
қолы асылды.
Төбемде шың бойын ылғи өрлік,
паңдық билеген,
Әлгі айбатты ақ толқынды теңізге бас имеген.
Күн ғана оны еміреніп маңдайынан сүйеді, —
Екеуінің ортасында тұрмын аң-таң
күйде мен.
Уа, табиғат, өзің неткен құпияна беріксің?!
Өрлігіңе, көрігіңе — бар сырыңа жерікпін.
Тауыңның да, дауылдың да, теңіздің де
сыры мол, —
Мен ғана тек бұл өмірге құпиясыз келіппін.
Толқыным жоқ теңіз болып тулар едім тағатсыз,
Қыран болып қалықтар ем жаралыппын қанатсыз,
Туғызыпсың дүниеге бір-ақ құлаш бой беріп,
Болар едім асқар таудың төсіндегі абат құз.
О табиғат! Жараттың ба адамды әлде күңкілдек
Жер бетінде бос қыбырлақ тірлік етіп
жүрсін деп, —
Әлде теңіз айбаты мен асқар таудың өрлігін
Өзі көріп, өзі үйреніп, сондай бола білсін деп!

ЖӨРГЕК

Шырылдап безек қаққан балапандай,
Нәр сұрап тіршіліктен бала таңдай.
Жатқанда жайылып ең астыма кеп,
Жөргегім — кең мекенім алақандай.

Толғантқан күні-түні бала қамы,
Ананың секілденіп алақаны.
Жатып ең жамбасында жұп-жұмсақ боп,
Өмірден алғанда алғаш алапаны.

Өзіңнен басталыпты береке күн.
Басы сен бақыт пенен берекенің.
Мол кебін емес өзің ұқтырасың,
Мынау жарық жалғанның кең екенін.

БІЗДЕР

Артың — жол, артың — даңғыл,
алдың — соқпақ,
Сен қашан ұзақ жолда қалдың тоқтап,
Қарыса көңіліңді күдік демі,
Жаныңа жақсы үміттен алдың шоқ сап.

Адамзат, өтті-ау күнің қол жетпеумен,
Тұрды арман мұнартып тек "кел,
жет" деумен,
Жаңалық сәби болып жаралып ап,
Жүрісті үйреніпті еңбектеуден.

Адамзат, содан қанша дөңесті астың,
Өткенді сен асқан сан белес жапты.
Киіп ап көзілдірік оқымасаң,
Есіңе түспейтұғын елес қапты.

Жүрмей тек таң атқызып, күн кеш қылып,
Арманды алақанмен үйлестіріп
Өтсек те, барса келмес керуені
Бізді де кетер бір күн мінгестіріп.

Тербетсе бізді де жер бесігіне ап,
Қаларын дүниенің несі құлап
Білмеймін.
Білемін тек бізді өткенде
Тұрмасын артқы ұрпақтың "екілік" ап.

...

Адам қолы талай жауды жайратқан,
Адам қолы талай бауды жайнатқан.
Адам қолы тіккен талай кебінді,
Адам қолы жуған талай жөргекті.
Адам қолы сепкен талай өлімді,
Адам қолы талай бесік тербетті.
Бір өңешті толтыра алмай қос қолмен,
Бұл жалғанда талай пенде босқа өлген.
Адам онда білмей рақат дегенді,
Адам онда сезбейтұғын шабытты,
Қолдар онда жазып зарлы өлеңді,
Қолдар онда көтеретін табытты.

Қолдар! Қолдар! Аян, аян өзіңе!
Бұның бәрі өзің жазған шежіре!
Талай-талай таңбаң қалды уақытта,
Жылдар келді, жырлар туды не түрлі.
Бүгін қос қол болашаққа, бақытқа
Барар жолдың рельстері секілді.

АҚЫН

Көзім бар күнді құйып алатындай,
Сөзім бар өткен күшке өңгерілмей.
Нәп-нәзік көбелектің қанатындай,
Қап-қатты қаршығаның шеңгеліндей.

Аспанның көкірегін түртіп тұрған
Асқар тау — асқақтаған менің басым.
Күз болса күнде ертемен бүркіп тұрған
Мөддір шық — мөлтендеген менің жасым.
Жылдар кеп дүниені былғап бақса,
Ары — мен кірленбеген, бүлінбеген.
Шыңғыс хан найзасын ап бұлғақтатса,
Жауладым мен әлемді тілімменен.

Білмедім атақ-данққа тамсануды,
Қайғы емес қалтаның да тапшылығы.
Іздемен өмірде өзге мансабыңды,
Жүректің тұрса болды хатшылығы.

...

Айдай аузы, күндей көзі — шын сұлу
Қызым бар-ды қолымда.
Төрт алақан қос бұрымға ұмсынып,
Екі бірдей жігіт түсті соңына.

Жаратпаушы ем, қаратпаушы ем біреуін,
Кезейтінмін кездескенде жұдырық.
Мен Еңбекті иемденіп жүр едім,
Қойыпты қыз жалқаулықпен қыдырып.

Бүгін біліп, ашу қысып бойымды,
Өлтірмекке кетті менің көңілім.
Қалай қиям қанжар итке мойнымды,
Қыз дегенім болса өзімнің өмірім!?

ШАҒАЛА

Көк толқын көк айдында кілкіп, қалқып,
Қайықты мазалайды түртіп, тарпып.
Сүйкеніп жөңкіп кейін шегінеді
Жағаның жағасынан сілкіп, тартып.

Өзді өзі кейде күшін байқасады,
Бұқадай буырқанып шайқасады.
Өкіріп, өршеленіп сүзиссе де,
Жеңілсе, жентектеліп жай қашады.

Көк толқын айбат шегіп, иықтасып,
Үркеді жағалаудан тиіп қашып.
Шошынып бұрқылдаған тентегіңнен
Қыран да қалықтайды биікке асып.

Бұрқанған билей алмай өзін-өзі
Теңізден бәрі шошып безінеді.
Сескенбей шарықтайды тек шағала
Айдынды өз үйіндей сезінеді.

...

- Қандай екен сүйіктіңнің жанары?
- Бір қараса соғар жаздың самалы.
- Қандай екен кескіні мен мінезі?
- Көктем болып жадыратар бір өзі.

— Келісті екен, келісті екен ғашығың.
Айтып жібер біз де естиік, аты кім?
— Білем шашын, білем қасын, көзін де,
Бірақ, атын әлі білмен өзім де.

...

Тербегенін жанарыңның ой бағын
Байқамаппын, бүгін ғана ойладым.
Қия алмадық, екеуміз де қызардық,
Өзімменен бірге кетті ойдағым.

Алыстады туған жердің алабы,
Алыс қалды ақша жүзің манағы.
Жүйірік поезд жетелесе шалғайға,
Жаным саған жақын тартып барады.

•••

Жазғы күн шапағын
Өшірді. Түн келді.
Қап-қара шапанын
Дүние бүркенді.
Алыстан жарқырап,
Көк айдын көлбейді.
Қорқақ ши қалтырап,
Қоға бас тербейді.
Шегіртке шырылдап,
Көлбақа бақылдап.
Жатыр көл дуылдап,
Сақылдап шақылдақ.
Топырлап тұяқтар
Жөңкіле жылқы өтті.
Сытырлап қияқтар
Ақ көйлек жылт етті.
Көктен бұлт арылды
Қырқаға асылды Ай.
Мен сүйем жарымды
Құмарым басылмай.
Нұр төкті ай алапқа
Тіліп түн мұнарын,
Төніп ақ тамаққа
Қанбайды құмарым.
Ай барды жиекке
Солдырып жанарын,
Бал тамып жүрекке
Тамсанып барамын.
Бірауық құмартып,
Сүйсем ақ тамағын.
Жағыпты қызартып,
Шыққан күн далабын.
Сәулесін күн келіп,
Малыпты көлге рас.
Оны біз білмедік,
Ол да мас, мен де мас.
Енді жұрт көрері
Түсті жар есіне.
Жоқ еді керегі,
Таң атты несіне?!

• • •

Бозбаланың жарқ-жүрқ етіп жанары,
Бір ғажап от лапылдатып барады.
Шұғыласы алаулаған жалынның
Албыраған екі бетке тарады.

Сонда жігіт сүйінді:
— Кім тапты екен сүюді?!
Білсем, іздеп барар ем,
Тәңіріге санар ем!

Енді бірде момақансып жанары,
Қабағынан қар жауды да түксиді.
Жүрегiнiң жалындаған алауы
Баяғыдай лапылдамай бықсиды.

Сонда жігіт күйінді:
— Кім тапты екен сүюді?
Білсем, іздеп барар ем,
Басын шауып алар ем?

ҚЫЗ ӘНІ

Күте-күте қашты менің тағатым,
Кім болды бұл терезені қағатын?
Деп қалып ем сен екен,
Ұйтқи соққан жел екен.
Мұнша неге, мұнша неге кешікті,
Кім болды екен тырсылдатқан есікті?
Деп қалып ем сен екен,
Ұйытқи соққан жел екен.
Күте алмадым үйде енді кідіріп,
Шыдай алмай шықтым сыртқа жүгіріп.
Үркек жүрек бұлқып қалды кеудеде,
Анадайдан сыбдыр етіп әлдене.
оны да мен сыбдырлатқан жел дедім, —
Өзге қызбен сыбырласқан сен бе едің?!

ҚҰРДАС ҚЫЗҒА

Бірге қап балалықпен қуыршағың,
Шаш бопты сала бұрым тұлымшағың.
Кешегі еркелеткен екеуімізді
Бала күн бұлдыраған бүгін сағым.

Бүгінде баяғы емес басқа ажарың,
Барады маған ұнап қас-қабағың.
Бір жігіт күдіктеніп қала ма деп,
Жүзіңе көп қарауға жасқанамын.

•••

Ай да бір сәт қалжырап,
Бүркенді шарбы бұлтты.
Ауыл түгел маужырап,
Әйнектер көзін жұмыпты.

Қыз құлағын тігіп мың
Төңіректі тыңдады.
Қой күзеткен жігіттің
Алыстан салған тынды әні.

Махаббаттың құйыны
Қыз көрпесін ысырды.
Махаббаттың құйыны
Ұйқының туын ұшырды.

Махаббаттың құйыны
Жандырады жүрегін.
Махаббаттың құйыны
Жайдырады білегін.

Қайта-қайта күркілдеп,
Шал да көз ілмейді.
Өзі-өзінен күңкілдеп,
Кәрілікті тілдейді.

Бұлт бүркеніп ұйықтапты ай,
Кетіпті қалғып сар дала.
Біреуін жастық ұйықтатпай,
Біреуін қарттық ұйықтатпай,
Ояу екі жан ғана.

• • •

Сәулешімнің бар бейнесін білемін,
Келбетінде оның туған тұр елім.
Кең даламның дәл өзінен аумайтын
Кенпейілдік мекендеген жүрегін.

Қолаң шашта сахараның тұр түні,
Қыр сүйетін мойыл қара кірпігі.
Алатаудың ақ қарындай тап-таза
Ақ тісінің табылмас еш кіршігі.

Қыр күніндей қызулы от бар көзінде,
Көктеміндей сұлулық бар өзінде.
Маужыратқан, жадыратқан жаныңды
Самл желдің лебі бар сөзінде.

Батыратын білмесең жөн малтуын,
Қыр көліндей терең көрем жан сырын.
Қызыл ерні қыр бағында өсетін,
Таңдай жұлар жемістердей бал шырын.

Сәулешімнің бар бейнесін білемін,
Келбетінде туған қырым, тұр елім.
Сондықтан да өзін-өзі ұмытып,
Туған жердей сүйеді оны жүрегім.

• • •

Күн қайда бірге қуған көбелекті?
Соны ойлап албырт жаным елең етті.
Көп еді-ау қызықтары? Қызық бәрі.
Сол күндер келмеске енді неге кетті?

Көктемді ана жылғы білесің бе?
Ізі оның өшпей мәңгі жүр есімде.
Бар жолы балалықтың таусылды ма
Ақыры тиіп кештің үлесіне?

Сол түні ойнамадық ақ сүйекті,
Жаныма сенен жайлы шат күй есті.
Үн-түнсіз саусағыңды салаладым,
Ай ғана сырыңды аш деп қақты иекті.

Байқасақ, қалмапты ғой текке кетіп,
Алыпмыз балалықты өкпелетіп —
Сол күні ойынға біз елікпедік,
Оралдым үйге төбем көкке жетіп.

Балалық безіп бізден жал асыпты,
Жігітше қойған шашым жарасыпты.
Анашым байқапты да өзгерісті,
Сандыққа сап тастапты бар асықты.

Балалық біздің төрден алшақтады,
Жатты ылғи думандатып алшақта әні.
Мен оны ескермедім, елемедім,
Ойым тек жалғыз саған жалтақтады.

Ол күннің сырын жүрек жаңа ұқты,
Достар да білсін біздің жаңалықты —
Бір кезде біздің үйден үркітіп ең,
Енді өзің оралтпақсың балалықты.

ӘКЕ

Уа, Мезгіл! Талай-талай жазың келді,
Қыр дөңін сан қайтара сағым көмді.
Кекілім қайырылды шалқасынан,
Менің де жігіт деген шағым келді.

Қақпасын балалықтың бұзып кіріп,
Барасың, о жігіттік, қызықтырып.
Барлығын сүю деген кереметтің,
Кетеді күлкісімен қыз ұқтырып.

Жігітпін, дербес атқа мінем мен де,
Жасаттым жабу, тоқым, жүгенді де.
Білмеймін әлі күнге қалай етіп
Таралғы тағатынын үзеңгіге.

Әуре боп күні бойы күбінемін,
Жөн сұрап енді кімге жүгінемін?
Әкем жоқ ақыл айтар, жөн көрсетер,
Амалсыз көрші шалға жүгіремін.

Амалсыз әркімге бір жүгіремін,
Амалсыз әркімге бір жүгінемін.
Қайтейін қайран әкем қасымда жоқ,
Амалсыз өткен күнге үңілемін.

• • •

Үңілсем қайран жүрек сызды өбеді,
Жанымның жарқ етпейді іздегені.
Көзіме күлімдеген көктем емес,
Салпы етек, салыңқы иін күз келеді.

Жарқын жаз талақ етіп атырапты,
Кетіпті жел қуалап жапырақты.
Күлмейді күміс бұлақ бұйығыңқы,
Күндегі мінезі жоқ жасып ақты.

Басында қыраны жоқ құз қалыпты,
Қасында құмары жоқ қыз қалыпты.
Алқаптың балбыраған шалғыны жоқ,
Орнында көк сүмелек мұз қалыпты.

Күн сайын өңір өңі сұйылады,
Сұр тұман жер бетіне жиылады.
Жынды жел туырлығын жұлқып тартып,
Ондыда біздің ауыл бұйығады.

Ондыда біздің ауыл бұйығады,
Өңінен күлкі реңі сұйылады.
Кешқұрым бүлк-бүлк етіп қазан қайнап,
Ошаққа бала-шаға жиылады.

Жиырып алашұбар алашаны,
Жиылып бала-шаға бал ашады.
"Келеді көкем, сақа алшы түсті!"
Көп бала көк сақаға таласады.

Солармен мен де бірге таласамын,
Солармен мен де бірге бал ашамын.
Қуанам, алшы түссе, "Келеді!" деп,
Үстінде тайраң салып алашаның.

Үйімде көкем барда күмбірлеген,
Домбыра үндемейді кімді іздеген?
Көкемнің шапаны тұр керегеде,
Өзінен өзге жұртқа кигізбеген.

Көкемнің бармағынан бал саулады,
Осы ауыл талай тыңдап тауса алмады.
Көп болды сол көкемді көрмегелі,
Күйіне біздің ауыл тамсанғалы.

Соқтырған қыр өкпегін, таң самалын
Мен де іздеп ерке күйді тамсанамын.
Қаңсыған домбыра да сездіріпті,
Бал бармақ күйші несін аңсағанын.

...

Сарғайған сағынышпен жылдар да өтті,
Төсінен қара жердің мұз, қар кетті.
Үй-үйдің босағасын безеп алған
Көп қыстан ірге тепкен ызғар кепті.

* Онды – автордың туған жері

Көп үйде қайта бақыт күлімдеді,
Көп әке бүлдіршіндей ұлын көрді.
Көп төрге ілінсе де сұр шинельдер,
Тек қана біздің төрге ілінбеді.

Көп болды көп үйде той күбінгелі,
Көп үйге шүйіншісі жүгіргелі.
Өзге үйді күлімдеткен жомарт бақыт
Тек қана біздің төрге үңілмеді.

Біржола қылғынды ма күй тамағы,
Бұл үйде енді қай жан күй шалады —
Қаңсыған қара домбыра қала берді,
Мені ешкім маңдайымнан сипамады.

Жетсе де жеңіс күні, қыз қуанып,
Кетсе де қайғы мұзы жылжып ағып —
Өзге үйде тойдың әні шарықтаса,
Булығып қайғы уына біз жыладық.

...

О, Мезгіл, бұрынғыдай аға бердің,
Жан көкем сен де алыста қала бердің.
Мекендеп көкірегін жалғызыңның,
Мекендеп көкірегін қара жердің.

Жатырсың қай жерінде қара жердің,
Білмеймін, молаңа іздеп барар едім.
Жасырды жанарыңды қай топырақ,
Шіркін-ай, шарлай-шарлай
табар ма едім!

Бастың сен ақырғы рет қай араны,
Жұттың сен ақырғы рет қай ауаны,
Қай көкке көзің түсті ақырғы рет,
Қай жердің желі сонда аялады.

Қай жерде өлім сенен өшін алды,
Қай жерде өміріңнің көші қалды.
Кекілі желпілдеген жалғызыңды
Қай жерде ақырғы рет есіңе алдың?

Жетпейді туған жердің желі де оған,
Жетпейді өз қырыңның селі де оған.
Төкпейді мөддір жасын бұршақтатып,
Сен өскен сахараның көгі де оған.

Белгісіз қабіріңе қиырдағы,
Қырыңның қызғалдағы бұйырмады.
Қайғыдан тамшылаған ыстық жасым,
Жамылған топырағына құйылмады.

Белгісіз қабырыңа қиырдағы,
Тілеулес дос-жараның жиылмады.
Жыл сайын құшақ-құшақ гүл терсем де,
Өзіңе бірі де оның бұйырмады.

•••

Мен де өстім, мектеп бардым,
жыр жаттадым,
Жақсы әннің қағып алдым ырғақтарын.
Зерек деп ауыл-аймақ болды риза,
Сен оны естімедің, тіл қатпадың.

Бейнелеп туған жердің кешкі көгін,
Қытықтап сұлулардың ет жүрегін
Жыр жаздым, риза боп қалыпты жұрт,
Сен оны оқымадың, естімедің.

Артыңда жайраңдаған бар ұланың,
Аясын сая бақтың жамыламын.
Жігіт боп, мен де бүгін шаттығымның
Шалқыған сәулесіне малынамын.

Жарылғап бұл дүние тілегімді,
Толтырды шаттық күлкі реңімді.
Садақ қас, найза кірпік қазақ қызы
Менің де лүпідетті жүрегімді.

Әкенің мейіріне шөлдепті о да,
Қыр гүлін қабіріне термепті о да.
Туыпты әкесі алыс жүрген шақта,
Ғұмыры оның жүзін көрмепті о да.

Бірімін мен өзім де сол түлектің,
Жастықтың шалқарында толқын өптім.
Қызықтар қызығым көп бұл өмірде,
Жалғыз-ақ өзіңді аңсап толқып өттім.

Өтсе де елендетіп көп ай тағы,
Өзінді енді келмес деп айтады.
Өзге жұрт біздің үйдің иесі деп,
Бүгінде өзінді емес мені айтады.

Деуші едің ылғи мені құлыншағым,
Қайтейін бәрі соның бүгін сағым.
Сен жоқта құлының да әке болып,
Сипамақ құлынының тұлымшағын.

Ортайтқан өліміңді кенеремді,
Қосамын жүрек күйі мен өлеңге.
Тілегім — баяғы қыс қайта қақап,
Жазбасын жоқтау дастан немерең де!

АСПАН ЖЫРЛАЙДЫ

Мен — көгілдір аспанмын кәдімгі,
Бәріңді күн сайын көретін!
Мен — көгілдір аспанмын кәдімгі,
Төбеңнен күн сайын төнетін!

Қарт бабаң қайғыдан көл қылып,
Көз жасын күн сайын төгетін.
Өмірді жаратқан шөл қылып,
“Көктегі тәңірді” сөгетін.

Арулар шаштарын жайып сап,
Қайғыдан кірпігін ілмейтін.
Қорлаған жүрекке айып сап,
“Көктегі тәңірді” тілдейтін.

Қоя ма тәңірі, мұңды ұқса,
Күлкіні қайғыға бақтырып.
Долы әйел ызаға булықса,
Алатын аспанға шаптығып.

Адамдар! Сендердің арманың
Жігіт боп, қонды кеп қойныма!
Адамдар, сендердің арманың
Жігіттің қолы боп,
Оралмақ мойныма!

Көк көйлек сендерден жыртылды,
Кербездік қалды енді бұрынғы!
Маған да сыр айтар күн туды,
Тыңдаңдар сырымды, жырымды!

...

Мен — көгілдір аспанмын кәдімгі,
Төбеден күн сайын төнуші ем.
Мен — көгілдір аспанмын кәдімгі,
Адамның бар ісін көруші ем.

Арғы атаң аспанға ертеде
Қарайтын құс ұшса қызығып.
Қос қанат арманын ерте ме,
Неге ол тұрды екен сүзіліп?

Таппақ па жерұйық маған кеп,
Неге ол қарады телміріп?
Ойлап па көктен бақ табам деп.
Өшкен бе ол үшін жерде үміт?!

Құс ұшып кететін қияға,
Телміріп сол бабаң қалатын.
Талпынып көкірек ұяда
Арман құс қанатын қағатын.

Ойлады ол: "Аспанда жүрсем мен,
Азаптан құтылам бір жола.
Құтылам мұндағы бүрсеңнен,
Болмайды о жақта сұр мола.

Онда ешкім ешкімге қиянат
Қылуды әманда білмейді.
Әр жанда мархаббат ұялап,
Әділет онда ылғи гүлдейді!

Ол гүлді онда ешкім езбейді,
Ол гүлді онда ешкім үзбейді!
Онда ешкім білмейді оқ көздеуді,
Үлкені кішісін сүзбейді!

Махамбет аспанда туса егер,
Жендеттің балтасы шаппайды!
Кеудеде ән түлеп, туса өнер,
Замана ит болып қаппайды".

...Бабаңыз соларды армандап,
Өзгертпек болды ма мекенін?
Білмеді-ау әлемге сол бейбақ
Бақыттың басы жер екенін!

Құс ұшып кететін қияға,
Телміріп сол бабаң қалатын.
Талпынып көкірек-ұяда
Арман-құс қанатын қағатын.

Онда арман қанатын қағатын
Талпынып көкірек — ұяда.
Жоғалтып күндерін, сағатын
Уақыт жылжитын қияға...

Онда өлім адамды қыратын
Оққа ұшқан үйрек пен қаздай-ақ.
Дүниеге сәбилер туатын
Онсыз да бақытсыз аздай-ақ...

Жерге ізін кестелі өрнек қып,
Уақыт тұрмапты, өрлепті.
Әкенің көйлегін жөргек қып,
Бесікте сәби де ер жетті.

Арман да бөбекпен бірге өсті,
Кәрімен бірге ол өлмеді.
Арманды арқалап жыл жетті,
Үміттің өндіріп өрмегін.

Неваның үстінен таң атты,
Неваның үстінде туды үміт.
Әлемді өзіне қаратты
Қиялды қып-қызыл ту қылып!

Сол жерден тапқан-ды қуаныш
Ең алғаш кісінің жүрегі!
Сол жерде аспанға, тым алыс
Ұшуға арман-құс түледі.

...

Сол түлек бүгінде самұрық,
Шарлады қиялдың күмбезін!
Дүние үніне табынып,
Тыңдайды жер үсті күнде өзін.

Құлағын тосады дүние,
Достар да, дұшпан да бәрі де!
Құлағын тосады үніне,
Құлағын тосады әніне.

Адамдар!
Сендерден жаралдым,
Ұшырған сендердің қолдарың!
Өздерің өсірген маралмын,
Кеземін арманның орманын!

Галилей данамен бірге еріп,
Римнің сотына барған ем.

Тозақты Бруномен бір көріп,
Талай тап болғанмын дарға мен.

Ауысып ғасырдан ғасырға,
Ауысып елдерден елдерге.
Жеттім мен ақылды ғасырға,
Жеттім мен, ақыры, сендерге.

Дарына асылсам бұрын мен,
Римде өлімге бұйырып.
Қыран боп жаралдым бүгін мен
Оралдық құрыштан құйылып!

...

Мен – көгілдір аспанмын бұрынғы,
Төбеңнен күн сайын төнемін.
Мен – көгілдір аспанмын бұрынғы,
Бәріңді күн сайын көремін!

Көріп ем бабаңның қайғысын,
Тыңдап ем тым зарлы өлеңін.
Бүгінде ұрпағы айға ұшып,
Солардың бақытын көремін!

Мынау сол баяғы Арқа ма,
Қиқулап заманның көкпары,
Жаңа күн туыпты жар сала
Жалтылдап Теміртау оттары.

Баяғы боз дөңде Қүрекең
Ат жайып, жұлатын қыр гүлін,
Бүгінде жыпырлап тұр екен
Күмбезі кен қазған бұрғының.

Дүние жатырсың жаңарып,
Өңіңнен барамын жаңылып.
Күн сайын қойнында жаңалық,
Күн сайын мойнында да жаңа үміт!

Айға кеп арманың қонғанда
Мен тұрдым мадақтап даңқыңды!
Айға кеп арманың қонғанда
Мен тұрдым мадақтап халқыңды!

Көрдім мен, адамдар, жердегі
Көрдім мен сендердің күшінді!
Өзіне табынтты Жер мені,
Аспан да сырыңа түсінді!

•••

Дүние! Ежелгі аспанмын,
Қазір де төбеңнен төнемін,
Әлемде не болып жатқанын
Ап-анық, түп-түгел көремін!

Ақыл-ой екпіні мығым-ақ,
Түзейді ол сыңаржақ қыңырды.
Жаңа күн нұрынан жылау ап,
Дүние ауасы жылынды.

Есерсоқ айқайлар тынды енді,
Талайдың мойнынан су кетті.
Ақыл-ой тыңдасын кімдерді
Айға да алқызыл ту жетті!

Кейбіреу соғысты көреді
Баяғы ерегес, дау-даба,
Өшкен-ді ол күннің өлеңі,
Салатын әлемді саудаға.

Қырқысып отыз жыл, қырық жыл,
Кей кезде жүз жылға созатын.
Ол – енді шежіре бұлыңғыр,
Қалдырған кейінге өз атын.

Тағы да зеңбірек күкіреп,
Тағы да тұл ана зарланса,
Бітеді бұл соғыс күйшілер
Жеңістің маршын
Үлгеріп үйреніп алғанша.

Типылдап тірліктің базарын
Селдетіп өтер оқ тасырлап.
Бірақ та, адамзат азабын
Тартады
Ай да емес, жыл да емес,
Ғасырлап.

Емес бұл баяғы дау-даба,
Тарасар біреуге қан артып.
Тап бүгін жасқа да, қартқа да,
Досқа да, жауға да
Алтыннан, ақшадан, орденнен
Жан артық.

Сондықтан, ажалдың пешінде
Кеткенше өртеніп шыж-мыж боп,
Онанда кең дүние бетінде
Сыйласу керек қой сіз-біз боп!

•••

Мен – көгілдір аспанмын баяғы,
Төбеңнен бүгінде төнемін.
Мен – көгілдір аспанмын баяғы,
Адамның бар ісін көремін!
Адамдар жол салды Күн, Айға,
Адамдар әлемді биледі.
Адамдар тәңірі, құдайға
Біліктің найзасын түйреді!

Адамдар жетті ақыр
Ғасырға
Демейтін құдайға "Асыра!"
Адамдар жетті ақыр
Ғасырға
Сенетін өзінің қолына, басына!

Басыңа әлемді сілкінткен
Табынам, бас ием, адамдар!
Басыңа
Қуаныш сыйлаған досыңа,
Жауыңды күрсінткен
Табынам, бас ием, адамдар!

Дүние түп-түгел мәз емес,
Жаңдар бар қайғыдан жаралы.
Сұм алтын салуда әлі егес,
Жарлы да, шонжар да бар әлі.

Көрдім мен көзі іскен жылаумен
Алжирлік ананың күйігін.
Азаттық алысса бұғаумен,
Басқындық көрсеткен иығын.

Заманның жойылсын аласы,
Жаңаны жер түгел құптасын!
Жердің сол алапес жарасы
Келмесін, маған да, жұқпасын!

Зеңбірек — ажалдың саусағы,
Басатын қайғының пернесін.
Өшкен жоқ жерде оның даусы әлі,
Ол пәле маған да келмесін!

Талайдың қуырған заманын,
Талайды таптаған қаза артып,
Пәледен қара Жер-ананы
Алыңдар, адамдар, тазартып!

Жаңалық, жарқылда, шарықта!
Ескілер қирасын, бүлінсін!
Шолпанға, Айға да, Марсқа
Бақыттың жалауы ілінсін!

Түнектің қарасын әлемнен батырар
Жақын тұр жаңаның нұр таңы!
Сол таңды күн болып атырар —
Мақтаймын Сендерді,
Адамның ұрпағы!

МАХАМБЕТ

Қызғыштың әні

Қыр желі,
Арсылдама, абалама!
Құр жаяу жолаушыны табалама.
Ол кеше қыран еді саңқылдаған
Ал бүгін жалпылдаған қара қарға.

Кір жұқты қанатына қан жұғатын,
Тот жұқты қылышына қан қылатын.
Қу тағдыр оның аңшы арманының
Қуратып бос жіберді қанжығасын.

Солынан туды шалқақ айы оның,
Толқынға қарсы жүзді қайығы оның.
Жұрт құсап жұдырықтай шандыр емес
Өрт жүрек арқалаған — айыбы оның.

Найзасы жалаулаған батыр еді,
Лебізі алаулаған ақын еді.
Ол жердің екі аяқты пендесінен
Аспанның сұңқарына жақын еді.
Адамның адамының адамы еді,
Бір өзі — бір халықтың заманы еді.

Дүние-ай, кезеңі бір кім қылды оны,
Түтеген көкірегін мұң қылды оның,
Шөп түгіл хан жабыспас шалғайынан
Қалады тартып-тартып жыңғыл да оның.

Қу дәурен, біліп пе едің кісі құнын,
Көрдің бе зұлым желдің ұшығуын.
Қиырдан төрт боп келген қос көзіне
Шеңгелден қырдың құмын ұшыруын!

Дариға, қырдың мынау кезеруін,
Бір жұтым су ұсынбай безеруін,
Жылан жол жетелейді бір түбіне
Ірік айран секілді өз елінің.

Бұл құрғыр ақыр құдық табады ма,
Жетелеп бір ауылға барады ма.

Иреңдеп бастап барып құла дүзде
Жылан жол өзі жұтып алады ма!

Бекерге қанын улап төгеді ме?
Апарып қабырғасын сөгеді ме?
Ирек жол, апарасың қайда бастап,
Нар жүрек бір жерге кеп шөгеді ме?

Қайран қыр, өз ұлыңды білсейші, сен,
Безермей ол келгенде күлсейші, сен,
Жасыңды мөлдіретпей төксейші, сен,
Аймалап кеудесінен өпсейші сен!

Махамбеттің толғауы

Бір кезде мен де мен едім,
Қырда оны бүгін кім білсін,
Бәйтеректей ел едің,
Қураған бүгін жыңғылсың.
Құлазып қалды жан-жағым,
Күйреді таудай арманым.
Махамбет те алданып,
Тасқа шапты қанжарын.
Күні құрсын оның да,
Қалың қол жоқ соңында,
Найзасы жоқ қолында,
Айы тумай оңынан,
Жұлдызы тумай солынан,
Айғыр дәме жарғақ боп,
Жылан өтті жолынан.
Әр сөзін көмір шоқ қылған,
Нарынды қызыл от қылған,
Ойын құмар найзаға
Дұшпанның басын доп қылған.
Кешегі анау күндерде
Бас иген еді ол кімдерге.
Кімдердің күшін таныды ол,
Қылышын кекке жаныды ол.
Қараң қалған сол күндер,
Кеудеде үміт мол күндер,
Өттің де кеттің, апырмай!
Елі көшкен белдеймін
Құсы кеткен көлдеймін,

Құлазыдым тақырдай.
“Уа, қызғыш құс, қызғыш құс!
Қанатың қатты, мойның бос,
Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос...”
Найзада бүгін жалау жоқ,
Елімде өткен алау жоқ,
Уа, менің,
Елім-ау,
Аш бөрідей түз кесіп,
Аңдушыдай із кесіп,
Қара түнді жамылып,
Қара қанға малынып,
Нені ғана іздедім?
Құс жастықта жантайып,
Жатсам да үйде шалқайып,
Таппас па едім өзіме
Бал қымыз бен қыз демін?!
Тепкілеген құйрығын,
Теріп жеген қыр гүлін
Таппас па ем аттың жүйрігін?
Көңілдің де болар машығы,
Киімнің де болар асылы,
Мүлгіген менің, халқым-ау,
Өзіңе жаным ашыды.
Уа, менің, жұртым-ау,
Тайтаңдаған серіңе,
Талтаңдаған еріңе
Аруды да табарсың,
Зәруді де табарсың,
Бірақ, байтақ еліңе
Етек-жеңі кеңдікті,
Бостандықты, теңдікті
Қашан ғана аларсың?!
Сайранды да қиып ем,
Тайранды да тыйып ем,
Арманның зеңгір көгінде
Шарықтап,
самғап, шүйіген
Азаттықтың ақ құсын
Қондырам деп қолыма.
Жеткізбеді оныма,
Жуа бітті жолыма.
Үмітім көктей үзілді,

Бұғанам содан мүжілді.
Нұрлы күн менен безініп,
Бұлдыр күн шөгіп, езіліп,
Көлеңке қапты жүзімді.
Асылыңды таппаған,
Алқабыңа қаптаған
Мынау зымиян түнекті
Қуармысың, халқым-ау!
Ежелден бергі зәруің,
Ауруыңа дәруің
Азаттық деген аруды
Ертіп шығар төріңе
Арыстан жүрек, арлан ой
Ерлерді тағы бізден соң
Туармысың, халқым-ау!

...

Ала қыр мұны естіп еңкілдеді,
Жел зарлап, о да жылап кеңкілдеді.
Боз дөңнің жал жап-жалпақ
жауырыны
Кемпірдің иығындай селкілдеді.

Шалғайда қыр елігі, маңырады,
Алыста аруана аңырады.
Күзгі жел қуалаған түз гүлдері
Батырға бәрі келіп жамырады.

Жел тиды ала шаңыт борасынды,
Мөлтідеп қара бұлтқа сора тұнды.
Тырбиған тақырдың қу ебелегі,
О да кеп аяғыма оратылды.

Аяндап алға ұмтылып адыр ассан,
Шығады андап-андап адыраспан.
...Құла дүз ақыры бір сарқылдың ба,
Әнекей, түтін шықты-ау шаңырақтан...

Сарыжамбас болып еді неше күннен,
Ақ унтер атып тұрды төсегінен.
Христос, мың мәртебе рахмет,
Ақыры шығардың-ау есебінен!

Құтылып кетсін қайдан қырғыз енді,
Әй, конвой, бунтарь итті кіргіз енді.
Махорка жеп тастаған жирен мұртты
О құдай, едірейтіп күлгіз енді!

Бұда бір ісінсін бір, шіренсін бір,
Бетіне қаны шауып, түр енсін бір!
Ертең ол Махамбеттің басын алып,
Генералдан крест бер деп тіленсін бір!
Ар жағын ақшаға әкеп тіреп қойсын,
Қырғызды боқтап-боқтап іреп қойсын.
Қазақтың азаттығын көрге көміп,
Басына патша темір крест қойсын!

Ха... Ха. Сосын бәлем сасасың ба,
Өзің біл асасың ба, тасасың ба!
Шаршамай құла қырды шарлап шыққан
Патшаның жирен қолы жасасын да!
Христос, жебей көр сен со бір қолды,
Ой-қырды түгел опқан обыр қолды!

...

Күн шықты күндегідей ертесіне,
Халықтың қақпан түсті еркесіне.
Қыл арқан абжылан боп қысып жатыр
Оралып оның көкжал өр төсіне.

Жанарлар бұршақ-бұршақ жас ақтарып,
Қарайды сабазына самсап халық.
Қарақұрым халықты шолып шығып,
Мас унтер әндетеді масаттанып:
"Қыр көлінің үйрегі
Оққа ұрынып күйреді.
Ақ патшаның сарбазы
Асыр салып биледі.

Мертігіп қырдың тарланы,
Ішінде кетті арманы.
Оны қайтсын ер казак
Жалт-жұлт еткен қанжары!

Қиналып казак қайтеді,
Қыр өлкесі бай тегі
Ағыл-тегіл тамағы,

Әттең-ақ жоқ арағы,
Бірақ та барсаң, бай үйі
Бал қымызын табады.

Шығармаймыз қыр үнін,
Шығармаймыз қыр гүлін.
Киеміз қырдың құндызын,
Мінеміз қырдың жүйрігін!

Махамбет

Басында өйтіп даланы,
Олай деп төбет айта алман.
Мінгенің сенің шабаны,
Жүйрігі емес тайпалған.
Жолатпас олар маңына,
Жоласаң салар шалқаңнан.

Унтер

Қайсарсың, батыр, байқаймын,
Аяп басты шайқаймын.
Болғанымен бунты көп,
Халқыңның бірақ құнты жоқ.
Бұл күнге ертең көндігіп,
Сендерді сирек ойлайды.
Бастарыңа оңдырып
Ескерткіш те қоймайды.

Махамбет

Көңілінде медеуі бар ердің де,
Бізді ұмытса, көктей қоймас ел мүлде.
Әне, маған таптырмайтын ескерткіш, —
Жөргектегі қызыл шақа сәбидің
Саған түйген жұдырығын көрдің бе!

...

Саңқ етті мылтық. Дүние құлақ түрді,
Көктің де көзден жасы құлап тұрды.
Жер жатты жер бауырлап басын соғып,
Қалшиып ауыл-аймақ жылап тұрды.
Күн де өшкен көк жиектен ай батқанды,
Қаймығып қайғылы аспан қаймақтанды.

Жер болып асқақ жаны асқар таудың
Бармағын бұл қорлыққа шайнап қалды.

Анадай ару ана сарнап қалды,
Боз інген жан жарындай зарлап қалды.
Құс екеш құсқа дейін дүрлігісіп,
Шиқылдап жендеттерді қарғап қалды.

Теңселтіп теңізді де тосын өлім,
Біле алмай өкінерін, өкірерін.
Бай-байлап балуан қолы толқындардың,
Төмпештеп ұрып жатты көкірегін.

Азадан абдыраған алап тұрды,
Тентек жел мұз тілімен жалап қырды.
Жапанның жыңғылына, шілігіне
Тірсегін жау атының сабаттырды.

Қайран ер қанды қолдан жайрап қалды,
Қыр кектің бір үйірін айдап қалды.
Қыр желі құтырынды, ысқырынды,
Ақ боран азу тісін қайрап қалды.

Қайғыдан қар жамылып қасқа дала,
Қыр кәрін біржолата ақтара ма,
Жітіріп айналаға уыс-уыс
Ақ шашын жұлып жатты аспан — ана.

Ер өлім есейте ме жым-жырт қырды,
Әп-сәтте айналасын дүрліктірді.
...Не керек қараң қалған қараша ауыл
Бөз дөңде баяғыша мүлгіп тұрды.

Жерге олар ер денесін көміп жатты,
Қызыл шоқ қоламтада сөніп жатты.
Сәбилер балбыраған қос емшектен
Азаның ащы сүтін еміп жатты.

Қайғыдан қалды қалғып қаралы ауыл,
Тұрды тек екіленіп қара дауыл.

**«ДҮНИЕҒАПЫЛ»
кітабынан**

ӘР ЖЫЛДАРДАҒЫ ӨЛЕҢДЕР

ТАҢҒЫ КӘЛИМА

А "узу биллаһи минаш - шайтанир ражим!
Бисмиллаһир рахманир рахим!
Әлхәмду лилләһи рабил
"әләминар рахманир рахими
мәлики иаумид дин
иакә на "буду, уә йакә наста" ин
шһдинәс сиратал мүстақим
Сиратал ләзина ән "әйтә алейһум
Қайрил мағдубу алейһум уә ләдғалин!

Уа, шарафаты шалқар мүхиттай хақ Аллам,
Шапағатыңды шашып тұрсың тағы алдан.
Қияметтің қыл көпірінен өтпек үшін сүрінбей,
Жерге бейнет шегіп бағуға жаралғам.
Атар таңыңды нұр дигарың деп ұмсынып,
Шырайымды шығысқа бұрып,
Пейілімді пейішке түзеп,
Жан-тәніммен етіп бағам құлшылық.
Оразамды ашпай, отбасымды көрмей,
Өзіңе тіктеп жүзімді,
Көлкілдеген көкжиекке де салмай тұрмын көзімді.
Ағайынмен де амандаспай,
Көкіректегі уыз сезімді,
Көкейде адал сөзімді
Бәрін-бәрін бағыштадым өзіңе -
Көлгірлік жоқ көңілімде -
Көзің түссе көзіме.
Атар таңыңның шарапатын
Алдымен мынау жерге бер,
Тамұқтың сорын тарихта тартып,
Тарыққан бейбақ елге бер.
Албасты алып алқымынан,
Тажалға тәнін таптатып,
Арсасы шығып,
Боршасы қалған,

Бозы оталып,
Ботқасы шыққан,
Борсып біткен белге бер.
Су жұтам деп, у жұтып қойып,
Берекесі кетіп,
Бейнеті асып,
Көрместі көрген көлге бер.
Өнбей жатып, көктей солған шөпті ая,
Өршімей жатып, төгіліп біткен өтті ая,
Өксімей жатып, өмірем қапқан кекті ая,
Күлмей жатып, күмірәм қапқан бетті ая,
Бершімей жатып, бекершілік шеккен текті ая,
Шеру көрмей шетінеп біткен шепті ая,
Серпілмей жатып, сетінеп біткен септі ая,
Кеткенді қойып,
Өткенді қойып,
Өшкенді қойып,
Қолда қалған барды ая,
Алдан тосқан арманды ая,
Әлі өшпеген арды ая!
Аясаң, Алла! -
Сала көр тура жолыңа,
Қарғысыңа ұшырар қаскөйдің ерітпе соңына,
Мейіріңе кенелген кемелдің жолын нұсқай көр,
Әзәзілге ертіп,
әбжілдіктің
батыра көрме сорына...
Жә, жә, жамағат,
Тапсынбайын
- талықсып біткен халық бар,
Апшымайын
- хақ тағала ақ пен қараны анықтар.
Таусылмайын қайдағыны қайдан қазбалап,
Тәубә дейін -
Көретін алда жарық бар.
Биссимиллаһир рахманир рахим!
Әлхәмду лилләһи рабил
«Әләминар рахманир рахими
Мәлики иаумид дин
йакә на "буду, уа йакә наста" ин
иһдинәс сиратал мүстақим
Сиратал ләзина ән "әйта алейһим
Ғайрул мағду алейһим уә ләддалин!
Әмин.

25.06.1999.

КӨНЕ ДӘПТЕРДЕН

(1959-1969)

...

Асан Қайғы желмаясы ізіндей,
Шимай сүрлеу маңдайымнан үзілмей.
Барған сайын келе жатыр жиілеп,
Ара-тұра соны ойласам - күйінем:

Апырай, ә! Күні кеше бала едік,
Ана сүтін апыл-құпыл шала еміп,
асығып ек - есеюге, өмірге!..
Өмір, міне, не сыйлады - көрдің бе?!

Тірлік шіркін бастап барып қиырға,
Кете барды маңдайымды шиырлап...
Әжім сызған сол «нотаның» біл әнін,
Ойнап көрші, ойлап көрші: ол - уәйім...

Қайран маңдай құм жолындай бытпылдық,
Сызған оны атылас арман, шыт шындық.
«Қалайша, ақын өмір жолы бытпылдық,
Қалайша өмір - атылас арман, шыт шындық?!»

— Деп шүйлігіп жүрегінді шымшылар,
Қаламақы қайғы болған сыншылар.
Жоқ, өтірік! Бұл өмірде, бұл маңда
Адам дейтін мына біздер тұрғанда
Ғаламатты самсатсақ та қаншалық,
Алтын тулы арман тұрар жар салып.

Сол арманның ала алғанша қамалын,
Алша мойының талша болар, қарағым.
Қиын майдан картасындай өңкей шимай қаптаған
Ию-қию әжімі мол маңдай барға мақтанам...

1961.

АЛМАС ҚАНЖАР

Жер түбінде көп дұшпан дуылдады -
Жатты қында жарқырап, суырмады.
Жаудың оғы төбеде зуылдады -
Жатты қында жарқырап, суырмады.

Жау тақалды, жүрегі суылдады -
Жатты қында жарқырап, суырмады.
Жау қамады, қалды енді қалың сында
— Сонда зорға апарды қолын қынға.
Жау сүңгісі кеудеде от шашып тұр:
Суырды - ақ алмасты тот басыпты...

1959.

...

Мен егер шал боп алжып өлер болсам,
Сен соны кемпір болып көрер болсаң -
Кеуденді өртесе де жара, күйік,
Өтінем: жоқтай көрме қара киіп.
Емес бұл табиғаттың кәрі, шыда.
Қараңды өзгерт күздің сарысына.
Күз түсі көрінер-ді көрік болып,
Күзше өлсем, берерімді беріп болып.
Ғұмырым болып кетсе жолдан ада,
Жоқтарсың қара киіп сонда ғана.

1959.

...

Қараңғылық қымтап алып бір күні,
Жұмылып қап күміс күннің кірпігі.
Сыпырғышы ажал деген тирақтың
Сипап кетсе жүзімдегі күлкіні.

Садақа қыл мен кетер күн кешіне,
(Садақа да - тірілерге несібе).
Сосын менің сүйегімді арулап,
Мына жайды аларсың, дос, есіңе:

Құла түздің қақ төрінен көр қазып,
Көмерсіндер аяқ-қолды кең жазып.
Топырақты саларсыңдар азырақ,
Қырдың желі соғып тұрсын азынап.

Үстіме кеп арайланып таң нұры,
Бүркіп өтсін төбеке қыр жаңбыры.
Кебінімдей ақ қар қонса бетіме,
Соның сызы өтіп жатса етіме.

Маңдайымнан адам өтсін, күлкі өтсін,
Желе-жортып үйір-үйір жылқы өтсін,
Менен шошып, түн ішінде дүрліксін,
Тұяқтардан үстіме кеп шаң қонсын,
Шаңы қонсын қырымдағы тірліктің.

1959.

ШЫҢЫРАУ

Желінсау бұлт түк тамызбай көшеді,
Ерте солды қыр гүлінің шешегі.
Ала жаздай дымқыл тиіп көрмеген,
Ала қырдың салтақ-салтақ етегі.

Ұнша үгіліп айдын тақыр қақсыған,
Ат өтсе де, жол бойында ақ тұман.
Сағым шіркін сілекейді ағызды,
Толқын болып көк аспанға шапшыған.

Жаддан ассан - тағы да жал мөліді,
Көңіл шіркін жүре-жүре жериді.
Талмармын деп жолыңа алған көкше құрт,
Бал шәрбаттай таңдайыңда еридi.

Кездесер деп кездейсоқта қоңырдан,¹
Көз алмайсың маңайдағы қоңырдан.
Елең етіп бөкен ғана қашады,
О да ыстықтап, шабы терге шомылған.

Көңіліңнің тарқап думан сауығы,
Ақ көбік боп атыңның да бауыры, -
Талмауратып тап болады шыңырау -
Секілденіп нағашыңның ауылы.

Анадайдан оны көріп бүлкілдеп,
Жортады атың... Көзіңе де жылтың көп,
Қуаныштың домбырасы кеудеңде
Майда қоңыр күй тартады шіңкілдеп.

Суды жұтып, өн бойыңа жан кіріп,
Жантаясың атыңды отқа шалдырып.
Еске түсер жапан түзге дес бермей,
Жамағатын кеткен жан сол қандырып.

Шалдыққанда соның әлі сақтады,
Сол сабазды жүрек дүрс-дүрс мақтады.
Еске аласың естен шыққан бабаны
Қуырғанда тас бауыр күн аптабы.

1959.

ГҮЛ ДҮКЕНІ

Қыз бен жігіт, сәби, жасы, кәрісі -
Бәрі осында ертелі-кеш келеді.
Қызыл, ағы, көгілдірі, сарысы -
Туған жердің гүлі неткен көп еді.

Албырт жігіт алабұртып қарайды,
Ару күтіп тұрған болар бақшада.
Алаулатып алқызыл гүл қадайды,
Анар төсін аймалауға жасқана.

Жатыр біреу ақынға арнап сый алып,
Ол да дұрыс! Ғажап-ғажап жыр тусын!
Балғын әке әйеліне қуанып
Гүл ұсынбақ - ұлы гүл боп құлпырсын!

Біреулердің көздерінде қуаныш,
Гүл іздейді, гүл сұрайды асыға.
Енді біреу өңі қашып қуарып,
Гүл іздейді - қоймақ мола басына.

Бір жылпылдақ көк тер болып қапылып
Кірген екен, басылмапты аптығы,
Гүл сұрайды, тыпыршып тұр асығып,
Күні бүгін келмек екен бастығы.

Біреуді гүл жақсы атақты етеді,
Біреуді гүл көрге апарып көмеді.
Бәріне де, бәріне де жетеді -
О, қара жер, гүлің неткен көп еді!

Май, 1959.

...

Жалғаннан жаным әлі мұң сезбеді,
Күдікпен қарсы алсам да жыл кезбені,
Ақпанның аңыраған ақ дауылы,
Азаның жоқтауындай бір кездегі.

Дариға, осы күндер өтеді ме,
Асықпан ақыреттің төсегіне.
Не жетсін қайран күнге балтырды аңдып,
Іліккен елдің күңкіл өсегіне.

Қимаймын күндерді өткен сабылуда,
Епті едім ерке қызға бағынуға.
Елші ернім қыдықтаса ару жанын,
Шығатын асау сезім шабуылға.

Дариға, кім-кім де бұл сұраған бақ,
Қарыңда қолаң шашы бұралаңдап,
Қос кірпік құшақтасып, ажырасса,
Қалса егер қайран сұлу қызараңдап.

Қаныңда қайта-қайта түлер күшің,
Қапы қап, жылармысың, күлермісің.
Қайтадан сол бір мезет қолға түссе,
Тәңірден өзге бақыт тілермісің.

Дариға, осы күндер өтеді ме,
Дедектеп жабысып ап етегіме,
Қаскүнем ай, жыл деген жыңды кезбе,
Алысқа алшақтатып кетеді ме?!

Мен сонда махаббатқа мас болам ба?
Әлде бал ләззаттан аш қалам ба?
Жас күнгі құс мамықтың орынына
Қаудырлақ шанаш төсек жастанам ба?

Маған ас - махаббатта жүдегенім,
Кәрліктің ар-иманын тілемедім.
Жанжал мен күнәсі көп, желбас дәурен
Жалғаннан жалғыз сенсің тілегенім.

Күнде өксіп, күніренген мұңды өбем де,
Бөстек пен кемпір құшып күн көрем де.
Оқып ап, ағызармын көздің жасын
Жасымда жазған осы жыңды өлеңге.

1959.

РОБЕРТ БЕРНСТІҢ ІЗІМЕН

- Төңіректе жұрт аяғы басылды,
Түн пердесін ұстап, жерді жасырды.
Босқа тоңып тұрмын әлі қорада,
Терезеңнен түсуге, еркем, бола ма?

Есер жүрек билеп кетіп ойымды,
Төзімнің де тор қамалы жойылды.
Ақ тамақта саяхаттап, ерінім,
Шәй көрпеңе жылытайын бойымды.

- Босқа тоңба, тентегім, түн ішінде,
Үйіңе қайт, мына сөзге түсін де:
Түнде маған келер жалғыз жолың бар,
Ол жол да тек сіздің үйдің ішінде.

1959.

ТУҒАН ЖЕР

Өстім қырда, қиырда,
Естімей орман шуылын.
Жүзімді қақтап құйынға,
Селеудің тыңдап суылын.

Теңізден шетпін бұрқақты,
Тәнімді толқын көмбеді.
Сусай қалсам, су тарттым
Шыңыраудан шөлдегі.

Тақырға асық иірдім,
Құмақта құдым қозыны.
Күн жеп қойған киімнің
Иықта кеткен тозығы.

Қиып та кеткем қиясын,
Шағылын, тауын, обасын,
Шағынып тамған көз жасым
Бабамның қара моласын.

Сол кеткеннен мол кеттім,
Бармаған жерім қалмапты.
Ай сайын алыс жол шектім,
Шар тарапты шарлаппын.

Қырымнан көріп қиянды,
Ұрымнан танып ұянды,
Бұлағыңды ойлап мұхитта,
Құрағыңды ойлап хан бақта,
Самғатқам сансыз қиялды.

Құландар жортқан құба дөң,
Қиырыңда әбден талықтым,
Өзіңе берген уәдем -
Өзекті өртеп, қамықтым.

Жүресің, ылғи есімде
Өзіңнен жүрек босамай.
Құлын боп ойнап төсіңде,
Боздармын шетте ботадай.

Өзгенің мұнда ісі не?
Өзің, сірә, ұғарсың.
Пейіште де түсіме
Сен кіретін шығарсың.

1959.

•••

Қайран дүние-ай , қалай ғана дәт табам,
Гүл райханды иіскемей аңқыған.
Тәнім құрсын сүңгімеген, батпаған
Кәусарына айдын көлдің шалқыған.

Алқорыдай албыратып ажарын,
Шырын сорсам, асай қауып, анарын.
Тарс жауып тас қақпадай жанарын,
Тапамасам, қалай тарқар базарым?!

Қақым бар ғой бақ мәуесін жұлуға, -
Жаратқанның өзі ұсынған ырысын.
Тап-тап беріп тал шыбықтай сұлуға
Талықсытпайтын тақуа дәурен құрысын.

Онсыз жастық - өшкен күн ғой жылусыз,
Бұл мін емес, о жарандар, өзге мін:
Тамсанғанды айып көрме, сұлу қыз,
Тәтті болып жаралғасын өздерің.

1959.

...

Жайқала өскен жауқазынның ажарын,
Көрмей бірден, не бітірдің, жанарым?
Көкіректің думан тойлы базарын
Көрмей бірден, не бітірдің, жанарым?

Шәрбат судың шапшып атқан бұлағын
Сезбей бірден, не бітірдің, құлағым?
Махабаттың атойлаған ұранын
Сезбей бірден не бітірдің, құлағым?

Шарпығанын жас жүректің оты кеп,
Түймей бірден, не бітірдің, көкірек?
Жазаларын өкініштің соты кеп,
Түймей бірден, не бітірдің, көкірек?

...Дүниеде арманымдай жан барын
Кеш білдім де, күйіп-жанып опындым.
Қапалықтың кезіп қапас аңғарын,
Елесін тек пайғамбар қып шоқындым.

Жас жүректің жығылып ақ ордасы,
Қайғы-құйын кетті тапап көңілді.
Өкініш боп өр жанымның жолдасы,
Қуанышпен араздасып бөлінді.

...

Махабаттың мен де нөсер бұлты едім,
Мезгілімді өткізіп ап селдеттім.
Еміздім де қасіреттің емшегін,
Өгей ұлын өкініштің тербеттім.

Бәйшешек ем махабаттың қырында,
Дер шағымды өткізіп ап гүлдеппін,
Айтпай маған жүрегім де, жырым да,
Дүниеде оның барын білмеппін.

Шуағымның тозаң қонып орынына,
Жас қолқамда қалды шаңы ұялап.
Құлағым да, көкірек те - сорыма, -
Айтпай маған бәрі де етті қиянат.

Жас үміттің тиылған соң өлеңі,
Бәрі бүгін үстіме кеп төнеді:
Бірі - оны жат үйінен көреді,
Бірі - соны еске сала береді...

1959.

АЛМАТЫДА, КҮЗДІКҮНІ, БУЛЬВАРДА

Күз келіпті-ау... Маңай түгел сап-сары,
Жадап-жүдеп қалған екен бақ тағы.
Қоңыр қаздың қаңқылдаған дауысы
Қайта-қайта "қош сау бол" деп қақсады.

Теректер де жұлдырыпты кекілді,
Тауда тұман тастан тасқа секірді
Күз жауыны тырсылдайды жер шұқып,
Жем іздеген жетім шөже секілді.

Сабапты жел қайыңды көк жоса қып,
Жайратыпты қызыл гүлді қоса атып.
Сар жапырақ тұра бермей бұтақта
Жатыр орнын жаңа бүрге босатып.

Саудыр-саудыр саулап сары жапырақ,
Жатыр өбіп, жатыр өбіп сыз жерді.
Тұрушы еді жазда ылғи жылтырап,
Қайтсын енді ол...
Қайтсын енді... Күз келді.

Желмен ұйтқып сар жапырақ борады,
Саудыр-саудыр саулап жатыр бақшада.
Паналап ек тұрғаныңда жоғары,
Түскенде енді аяғыңа таптама...

1959.

...

Ақын-ау, сен кімнен ғана үркесің,
Жүре көрме ессіз жұтқа жәбір боп.
Қимаса егер бұл дүние күркесін,
Қаласың да құба жонда қабір боп.

Тірлікте тек түтін болып тұтама,
Қызыл шоқтай көрік басқан ұшқында.
Жұрттың сөзі ақын үшін құса ма?
Жақтырмасаң, құлағыңа қыстырма!

Қорықпа, ақын, мейлі біреу жат десін,
Елжіреген, елін сүйген жырыңды.
Олақтар-ақ жылтыр сөзбен әктесін
Өлеңдерін ойдан-қырдан жырыңды.

Қорықпа, ақын, ұнатпаса, ұнатпас,
Айтшы, кәні, қисаяды оған нең?
Қорықпа, ақын, ұнатпаса, ұнатпас,
Жұрт көңілі тар болғанмен, молаң кең.

Бәрісібір туған жердің құшағы
Жатырқамай бауырына қысады.

1959.

ДАСТАРХАН ЖЫРЫ

Уа, достар, бүгін неткен керім еді,
Қыздар да қысырақтай керіледі.
Қара көз төңкерілсе төңірекке
Жалын от жанарынан төгіледі.

Апай төс ақ айдын боп ашылады,
Дірілдеп үркек кеуде басылады.
Жас анар жанар тау боп бұлқынғанда
Жігіттің ойы қырық шашылады.

Бас салып ерніне, тамағына,
Былғанып қалар ма еді далабына...
Жиын-той - шалқып жатқан айдын болса,
Қыз - соның сылаң қаққан шабағы ма?!..

Құриын десең оның бар маңына,
Сен оның татымайсың бармағына.
Шабақ боп ілікпейді саған өзі,
Сағақтан ілігесің қармағына.

Құлпырып жәннәт пейіш төріндегі
Тотыдай мың таранып керілгені,

Кілгіріп кірпіктерін әзер ашып,
Езуін жиыруға ерінгені.

Тәңірден содан басқа бар ма тілек,
Тұрсаң ғой жолай алмай жадап-жүдеп.
Көйлегі көбелектей бұлғаң қағып,
Жүзіңді желпіп өтсе самал леп...

Ойпырмай, ойсыратты-ау, пері ме еді,...
Керсылаң кердең қағып, керігеді
Жігіттің жүйкесінен құрт боп жеген
Жасасын қыздың қызыл еріндері.

Ес кетіп, есеңгіреп, тағат тамам,
Алыстан аш бөрідей алақтаған,
Аңқау ой, арлан дәме, асау жүрек
Жасасын жігіттер де жалақтаған.

Жасасын дейміз енді тағы нені;
О, міне, қызыл келді, ағы келді...
Кенжесі дастарханның ерке туған,
Біз оған, олар бізге жағып еді.

Жоласаң, көмейден жыр ағып еді,
Өзі шоқ, өзі және жалын еді.
Серігі бақыттың да, қайғының да
Мөлтендеп күрең шарап тағы келді

Табынып, тамсанбаған кез бар ма оған
Көңілдің пайғамбары... Сөз бар ма оған!
Жасасын жалын шарап, арынды арақ,
Еліттіріп, елжіретіп, көзді арбаған.

Құтылып әзер ғана ноқтасынан,
Шампан да шыққан екен топ қасынан.
Құйыңдар, бол, бол, апшып қалмай тұрып,
Ақ көбік езуінің шоқ шашылған.

О достар! Ішейік те, күлелік те,
Өтерін бастан дәурен білелік те.
Бұл күннен айырылып ертеңдер біз,
Бокалдай шампаны жоқ мөлтендерміз.

1959.

...

Бүгін тым азан-қазан қараша үй жақ,
Жиылдық опыр-топыр қара сирақ.
Бір тентек бетін басып өкіреді,
Әкеге тіл қатпайды ана сыйлап.

Ақ балдақ ақ сазандай ойнақтайды,
Ойпырмай, осындайда ой қаптайды.
Көбіміз телміреміз көзді сатып,
Көңілге көк сүңгідей бойлап қайғы.

Көңілге көк сүңгідей бойлап қайғы,
Алаңсыз асыр салып ойнатпайды,
Біз тұрмыз көз алмай сол көріністен
Ақ балдақ ақ балық боп ойнақтайды.

Мынау бір біз көрмеген бөтен сабақ,
Апырау, осы шығар төтенше бақ,
Пәтшағар, арманың жоқ, бақырып бақ,
Жатыр ғой бөтен емес, әкең сабап.

1960.

...

Күні-түні от шашып,
Жарқырайсың, шырақ күн.
Қалар еді тот басып,
Жердегі даттан жырақсың.

Сонау көкте тұрып ап,
Саған тозаң тие ме?!
Қара жерде жүріп-ақ
Былғанбай көр күйеге...

Күміс күн, маған мақтанба
Күлім қағып атқанда,
Күлімсіреп батқанда...

1960.

...

Думанды жерден суыстым,
Жиынды көрсем - ығысқам,
Абайламай у іштім
Бал құятын ыдыстан.

Шетірек кетсем, шер тарқап,
Оңаша ойдың өтінде,
Мәуемді ызғар жел қоршап,
Бүрісіп мезгіл өтуде.

Құлпырарға - көктем жоқ,
Қырқыларға - ертерек,
Көрер көзге өктем боп
Тұрмайтын ба еді өр терек.

1960.

...

«Аға!» — дедің, бұрылдым;
Үп-ұзын екен бұрымың.

«Аға!» — дедің, қарадым:
Жарқылдап тұр жанарың.

«Аға!» — дедің, тоқтадым.
Шарпып кетті от жалын.

«Аға!» — десең, қарағым,
Келе берер қарағым.

Қарай-қарай, шынарым,
Күшейіп кетті құмарым.

Үзіліп кетпей дәрменім,
Айтатын қолқам бар менің:

Анасы болшы, қарағым,
Маған тартқан баланың!

1960.

...

Махаббат деген - ақырет,
Тыңдата ма, бірақ, қыз.
Бәйгеден жүрек аты кеп,
Қызығын көрдік бір-ақ күз.

Мен өкінбей қайтейін...

Жүректі қайғы даты жеп,
Қапаста қалдым шырақсыз.
Қас пен көздей жақын ек,
Жер мен көктей жырақпыз.

Мен өкінбей қайтейтін...

1960.

...

Ғұмырым артқа лықсуда,
Барады өтіп ай, күнім.
Қақым жоқ менің бықсуға,
Қақым жоқ маздамайтұғын.

Төріме шуақ толғанмен,
Ауламда әлі салқын леп.
Жанымда жарық болғанмен,
Маңымда әлі бар түнек.

Өлкемді түгел нұр бөлеп,
Атқанынша ұлы таң,
Шырақ қып жырды сермелеп,
Түнекті мен де қуысам.

1960.

...

Шат болсам шалқақтаған, селкектеген,
Жас көрсең жанарымнан мөлтектеген -
Таңғалма: тіршіліктің уын, балын
Жүректі таразы қып өлшеп келем.

Сол мені от жалын қып лаулататын,
Сол мені ақ жаңбыр қып саулататын,
Құлпыртып алма ағаштай гүлге көміп,
Қуратып кәрі емендей жаурататын.

Кетеді қуратып күз, жылатып түн,
Жетеді қуантып жаз, жұбатып күн:
Тіршілік тойдырған ба, қандырған ба
Телі ұлын табиғат пен уақыттың?!

Шат көрсен, жанарымнан нұр сұғынған,
Пәс көрсен, кірпігіме мұң бұғынған,
Мені емес, күшті болсаң, күстәнала
Пәтуасыз дүниені мың құбылған.

1960.

ТҮРКІСТАН

(Нұрмақанға)

Терезеден көз айырмай келеміз,
Таң атып еді, күн де батып, ай туды.
Қашан ғана көшесіне енеміз,
Қайда, бауырым, туған қалаң айтулы?

Сабырсыз жан, шамасы жоқ қарайлар,
Арпалысып келеді асау өлеңмен.
Қашан ғана көрінеді сарайлар
Қалпағыңды түсіретін төбеңнен.

Кенет... Алдан ақ шұғыла төгілді,
Күлгендей боп кілең ару тісі аппақ.
Жапырайған аласа үйлер көрінді -
Жатыр қала жер-анасын құшақтап.

1960.

...

Мезгіл, мені көрген жоқсың мезі қып,
Тәй-тәйіңе келем еріп, мен - бөбек.
Аулақ, аулақ, қалжыратқан ез үміт,
Жанымды тек жақсы күндер емдемек.

Жақсы күндер емдемекші жанымды,
Безінемін қалжыратқан қайғыдан.
Қызыл тілмен қағамын да дабылды,
Көңіліме көркем жырды ай қылам.

Даналықтан алып қашам басымды,
Ақыл алжып, аңғалдыққа бойлапты.
Ұмытамын ойды, ызаны, ашуды,
Қуам енді күлкі менен ойнақты.

Парасаттың бес тиындық құны жоқ,
Бұл дүниеге шаттық - күн де, шарап-ай.
Өлсем, өлем тек тәттіге құнығып,
Абайламай у жеп қойған баладай.

1960.

МОЛА ТҰСЫНАН ӨТКЕНДЕГІ ОЙ

Қара жер, жыр жаттатып, гүл жұлдырған,
Жорытқызған жотасында, дүлдүл қылған,
Сауырын тіршілікке жөргек етіп,
Бауырын жалмап түсер шылбыр қылған.

Көруші ек өзінді хақ құзырындай,
Жатырсың қайтып бұған тыжырынбай.
Мына бір құжынаған қызыл төмпек
Көркінді апты-ау қотырдың бұжырындай.

Апыр-ай, сенбесек пе, сенсек пе осы,
Адамның арпалысқан тентек досы -
Аңқылдап аңқаңдаған алтын дәурен,
Алатын аяғыңнан төмпек пе осы?!

Қара жер бүлк етпестен жатыр әлі,
Орақ боп ғұмыр қауын жапырады.
Астыңда өмір деген бәйтеректің
Жатыр сан желмен ұшқан жапырағы.

1960.

•••

Кейде қас, кейде жақын дос түнертіп,
Жүріпсің артыңа, ақын, бос күнә ертіп,
Көкейім күмбірлеген бұлбұл дейсің,
Бұлбұлың өмір сазын қоссын елтіп.

Беттесең: бұл дүние - жайсаң дүние,
Шеттесең: сайқал дүние, шайтан дүние.
Қойып кет, тұрар деп пе ең баста дәурен,
Сыраның көбігіндей шайпау дүние.

Бүгін ол көтергенмен талтаңыңды,
Күні ертең желге ұшырар қалпағыңды,
Асай бер ащысын да, тұщысын да,
Ұмытып жиіркену мен тамсануды.

Жүре бер, жұт ауасын, жыр ойлай бер,
Көліне көңіліңді құрайлай бер
Тәңірден тілеп жүрме таза тағдыр,
Былғаса ол, сен де оны лайлай бер!

Шабыттың шарпуы ғой көңіл деген,
Жөн оның көбігіне көмілмеген,
Айныса сайқал тірлік аймалаудан,
Кетерсің құшақтасып өлімменен.

1960.

...

Тығылған көк үйректей нар қамысқа,
Бұқ сен де, ақын, бүйтіп арпалыспа.
Сөзіңнің садағасы - саңырау тобыр,
Серпілтпейсің жыр жазып, жар салып та.

Одан да тыныш ішіп тапқаныңды,
Өлеңнің біл отына таптануды.
Үмітке жүкті дүние туар бір күн,
Айтар сол бұрқануды, аттануды.

Көңіліңді көтермейді көтерем күн,
Аузыңды бақ, келмесе, бекер өлгің,
Өкпе де - көңіл иттің сортаңы ғой,
Жаныңда бір сарықсаң, еселер кім?

Күткен күн келе қоймас сағынғанмен,
Шырпынбас бедеу дүние шабынғанмен,
От боп ерт көкіректің тақыр мұзын.

Одан да тілек тіле тыншып, ақын,
Дүниеге еті пысық ұл туатын
Қазақтың аман қыл деп қатын, қызын...

1960.

•••

Қалжыраған қабағымды
Қайсың барсың ұға алатын?
Ой солдырды жанарымды
Мол таттым ғой сыбағасын.

Көп түнерген тарқады арман,
Көкейде тек желі қалды,
Үміт жүгін арқалаудан
Көңілдің де белі талды.

1960.

•••

Шаңы қонып өн бойыңа тірліктің,
Тотықтырып жүзіңді өмір аптабы,
Өтіп жатыр, өтіп жатыр мүлгіп күн
Секілді бір тұтқындардың саптары.

Қайран дәурен батар күндей бозарып,
Қара бұлтқа сүңгігелі әзір тұр.
Өр көңілім - өмір итке жол азық,
Көкірегім сезімнен де кәзір тұл.

Кеуде қуыс, сырты дүрдей тұлыппыз,
Түгімізге тірлік тозаң жия апты.
Өмір әнін ыңылдаймыз құлықсыз,
Кәрі қызбен қалжыңдасқан сияқты.

1960.

ШАЛДЫҢ ӘНІ

Анау бір шақта тік тұрып,
Алшаңдап басқан аяқты,
Бостан босқа жүк қылып,
Ұрдым ба мынау таяқты?!

Өмірдің, міне, сәні азып,
Бықсып, сөніп барады от.
Келіншек құшқан сабаз ем,
Кемпірге жүрмін таба боп.

1960.

...

Құмарлық жолы қаяусыз,
Көңіл, бірақ, жерігіш.
Балдың да дәмі баянсыз,
Ауызға түссе, ерігіш...

Бөбегім-жырым, уа, саған
Тіледім өзге сәтті жол:
Аш жүріп келіп асаған
Қара нандай тәтті бол.

1961.

...

Айым сен деп жүр едім,
Шығыпсың басқа аспанға.
Қапыда түсті жүрегім
Қасірет деген қақпанға.

Жарығына жат айдың,
Жаным-ау, қайтып телмірем?
Жалғанда қалай жасаймын,
Жайқалам қайтып енді мен?!

Жалғыз өзің - қаймағым,
Жалап кеткен жат мысық.
Жалғыз-ақ оқтан жайрадым,
Жүрегіме дат түсіп.

Бақыттың ауылы о шетте, -
Не бітірем енді өксіп,
Тағдыр деген төсекте
Өтемін де дөңбекшіп...

1961.

ҚАРА ТАЛҚАН

Дастарқанның тозған ба көк жайлауы,
Қызыл гүлдей кәмпит біткен құрыпты.
Ақ тоқаш пен ақ бауырсақ қайда әлгі,
Өңшең кетік тостағандар тұрыпты.

Өңшең кетік тостағандар самсайды,
Кең жазира дастарханның басында.

Бала көңіл баяғыны аңсайды,
Қара талқан... көрем деген асым ба?!

Қара талқан құдды қара күліндей
Бомба түсіп қирап қалған үйлердің.
Ашыққан соң о да кетті білінбей,
Біраздан соң оны да асап үйрендім.

Нәлет соғыс дастарханды басып ап,
Мына бізді зарықтырды, жылатты.
Қара талқан төрт жыл сонда асырап,
Қара талқан төрт жыл сонда жұбатты.

Мол дастархан бұрынғыша майыспай,
Тәтті біткен оқтан үркіп дүрлікті.
Қара нарша қабырғасы қайыспай
Қара талқан асырады тірлікті.

1961.

КҮНШУАҚ

Тіршіліктің алтын толқын өзені
Көк аспанның көкірегінен бас алған,
Бұл әлемнің өзі-ақ жалғап өзегін,
Келе жатыр қарық қылып қашаннан.

Жер түбінен өліп-өшіп өбеді,
Сылап-сыйпап өмір-сәби маңдайын.
Күн желінін үсті-үстіне емеді
Жапырақтар тақылдатып таңдайын.

1962.

ЖОЛ ЖЫРЫ

Ел аралап, жаз болса, бастан аяқ,
Кетемін, үй күшік боп отырамын ба,
Қалада, тыныш үйде, костюм аяп,
Былғамай туған жердің топырағына.

Қимаймын салқын сыра, жел өсекке,
Жыл он екі ай бір келген жазым қымбат.
Сергимін аунап-қунап көбе шөпте
Шегіртке мен шіркейдің джазын тыңдап.

Жалпақ жон маған түздің Бродвейі,
Сылқымы бұл көшенің - сартамақ құр,
Ала юбка көбелек бұраң белі
Даланның бар бояуын арқалап жүр.

Мен де боздақ ұлы едім табиғаттың,
Ертерек отау тігіп шеттеу кеткем.
Қыр бөкені құйғытып шағыл астың,
Бауырым, үркітті ме көк береткем.

Сонда да қақталып қыр от лебіне,
Қыдырам, қымыз жұтам, шұбат ішем,
Анамның жұпар иіс көкірегіндей
Жусанға тұмсығымды тыға түсем.

1962.

...

Мына толқын қырады ма, не дүлей еді, о тегі,
Өңі итіңнің өмірбақи түксиюмен өтеді.
Қара жер байғұс қалбалақтап қанша ашса да құшағын,
Өңменінен өкшесімен бір-ақ теуіп кетеді.

Мына толқын, бұла толқын, не сұмдық еді, о тегі,
Бабасының құны бар ма, сонша неге өш еді!
Ақ езу боп түкірігін сонадайдан жиып кеп,
Жер байғұсты қақ маңдайдан былш-былш ұрып кетеді.

Мына толқын, бұла толқын көрсетті әбден сазаны,
Жер бейшара осыншама болды неден жазалы?
Былқ етпестен жатыр әні, моп-момын,
Түкірсең де, тепсең-дағы, оған бар ғой аз әлі.

1962.

АҚЫН

Бір күні сұр топырақ жасырғанмен,
Құдайдың өзі демей, мен кім дейсің,
Қыздардың күлкісіне бас ұрғанмен,
Жай отын жарқылдаған менсінбейтін?!

Көзім бар күнді құйып алатындай,
Сөзім бар өткен күшке өңгерілмей,
Нәп-нәзік көбелектің қанатындай,
Қап-қатты қаршығаның шеңгеліндей.

Аспанның кіндігінен түртіп тұрған
Асқар шың асқақтаған - менің басым.
Күз болса, күнде ертемен бүркіп тұрған
Мөлдір шық мөлтендеген - менің жасым.

Білмеппін таж бен таққа тамсануды,
Қайғы емес қалтаның да тапшылығы.
Іздемен өмірде өзге мансабыңды,
Жүректің тұрса болды хатшылығы.

1962.

ОБАЛАР

Обалар, өңшең обалар
Қатар-қатар қаздыған.
Обалар - өңшең молалар
Найзаменен қаздырған.

Жылдар көшсе, жұрты оның -
Осынау жатқан обалар.
Бәрі де көне жыр соның
Ойыңа кейде оралар.

Обалар ылғи маңайым,
Төңірек толы жыр-дастан.
Елегізе қараймын -
Ерлер жатыр тұрмастан.

Аралап мынау жазықты
Таныстым өлкем сырымен.
Тарихын халқым жазыпты
Батырлардың қанымен,
Ақындардың жырымен.

Тұрса дағы күйіп іш,
Мақтана шолам маңайды.
Ендігі қалған сүйініш -
Обалар мынау талайғы.

1962.

АҚЫН ӨЛІМІ

(А.С.Пушкинге)

Меруерттей тыныштықты күлпаршалап сындырып,
Жатыр ақын үш күн, үш түн дамыл таппай шыңғырып,
Үш күн, міне, күй көмейі еліттірмей құлақты,
Үш күн, міне, жұрттың бәрін еңіретті, жылатты.

Үш күн бойы қызыл-жасыл құбылмалы қыз дәурен,
Езуін бір жиырмастан отыр үнсіз сыздаумен,
Біледі ол - сан аруды аймалағын құшағы,
Ақыр келіп дар ағашын қапсыра өбіп құшады.

Біледі ол - шалқып тасса тар арнада жыр кемер,
Ақын тәнін бүргелерге талатады түрмелер.
Өлең қуған ақын жолы қашаннан да қыл көпір,
Киіп-қағып маза бермес соңындағы зіл нөпір.

Бір күн олар пистолет боп, не арыз боп атады,
Тулап жүрген тентек ақын - жуас төмпек, жатады.
Біле тұра соның бәрін ақын таусып шараны,
Шыңғырады жан айқайға айналдырып жараны,
Ах ұрады, қапы ұрады, атылмаған снарядтай бейне бір,
Айтылмаған нелер сөздер іште кетіп барады.

1963.

ОПЕНГЕЙМЕР*

Дүниені жұтып қояр секілді
Аларады әлемге әйнек не түрлі.
Әйнек сайын алас ұрған бір бас бар,
Әр бас сайын ойлар, ойлар арбасқан.
Ойлар, ойлар... белдеседі, көнбейді,
Әйнектерде ойдың шамы сөнбейді.
Дипломат көне томға сүңгиді,
Ал ғалымдар атом сырын үңгиді.
Әйнек сайын алас ұрған бір бас бар,
Әр бас сайын ойлар, ойлар арбасқан...
Ойлы әйнектер ойды әлектер көп бүгін,

*Америкалық қырып-жойғыш қару жаруға қатысқаны үшін өзін-өзі күстаналап құса боп өткен атақты физик ғалым (Ә.К.)

От жанбайды әйнегінде тек мұның.
Босап қалған кресло секілді
Жезөкше де бұл әлемде өтімді.
Жезөкше де жүр талайдың мұны боп,
Дүниеде бұның ғана құны жоқ.
Кеше ғана басында оның бақ тұрды
Бүгін, міне, бос шөлмектей лақтырды.
Көрсө мұнын жары ғана көреді,
Ерсе ізіне, тыңшы ғана ереді.
Байтақ әлем сират көпір тәрізді
Байқап басар әр адымды, әр ізді.
Көңіл байғұс шашын талдап жұлады,
Жетіп жатыр дүниеге бұның салған лаңы.

Жаңа сұмдық қан қанатын кең әлемге жайыпты.
Бәріне оның, бәріне оның мұның миы айыпты.
Қарғайды өзін дүние үшін бір қанішер кісі боп,
Ал дүниенің дүниемен ісі жоқ,
Бар болғаны бейбақ мұңлық балқылдайды, жылайды,
Дипломаттар цитаттармен таңдайларын шылайды,
Жезөкшелер балтырларын сылайды,
Налиды бұл, дүниеде ең айыпты кісі боп,
Ал дүниенің
Бұнымен де, дүниеңмен де ісі жоқ.

1963.

ТҮЙЕЛЕР

Сап-сары
Қоп-қоңыр
Сахара
Жатады далиып,
Түйесі бақыра-шақыра
Көшеді ел,
Үркітіп әр бұта, әр үйік,
Тайлақта тай қазан былаңдап,
Жарбайда шаңырақ ауады.
Көз біткен маңайды жүр аңдап -
Біткен жоқ кикілжің дау әлі.
Қазакең қымызға тойып ап,
Асап сап ақ майды,
Кетеді қойына,
Күйінсе - қатынын боқтайды.

Келеді ұзын көш шұбалып,
Кебежеде - кітап жоқ, ірімшік.
Сан дастан арнасы суалып,
Өсектің исі есер күлімсіп.
Қазекең, қазекең!
Қайғы-мұң аз екен...
Келеді ұзын көш шуылдап,
Бұл көшке ереді қашанғы,
Желмая алға озды суырылып,
Арқалап қайғы мен Асанды,
Безініп барады желмая,
Қанағаттың қап-қара күркесін қалдырып,
Барады безініп,
Ел қайда, жер қайда,
Арманның жолында табанын алдырып.
Таудан да асады,
Көк тасты қиқалап-жиқалап,
Құлағында көйгөйлі күй ырғақ...
Жапан тұз - жап-жалпақ күй табақ,
Желмая инедей кезеді шиырлап,
Сан белді басыпты аяғы.
Сан саба талдырды піскекті,
Сол ызың, сол көйгөй баяғы
Түйенің аузынан түспепті.
Түйелер зарлайды, зарлайды
Асанның мұңлы әні құлақта қалған-ау,
Көздері мөлдіреп,
Сор жасты қара көн жалмайды,
Сол жастар төгілген арман-ау...

1963.

ТҮТІНДЕР

Түтіндер, түтіндер, түтіндер...
Түтінге көмілді бүтін жер,
Түтіндер, көктің көк шудасын
Түтіңдер, түтіңдер, түтіңдер.

Түтіндер тайлақтай тайрақтап,
Аспанға асығып барады,
Көңілге көк түтек ой қаптап,
Түтіндер нені еске салады?!

Түтінсіз жатыпты сахарам,
Таз қыздың басындай түп-тұлдыр,
Түтіннің исінен шошыған
Ыс емес уды сен жұттың, қыр.

Түтіннен қашатын бабамыз,
Ыс қылған үйінің киізін.
Жаттың ғой тап-таза, даламыз,
Қайда әлгі шығатын мүйізің?

Көсіліп шаба алмай көкті өрлеп,
Көк тұлпар тұрыпты белдеуде.
Өкініш түтіндей кеп-кермек
Кернейді енді еске келгенде.

Сахарам, мен, міне, келемін
Төсінде сауық қып, сайрандап,
Зауыттың көрсем көк желегін
Қараймын қайран қап,

Болат боп балқыған,
Жалын боп шалқыған,
Басқа бір заманның ұлымын.
Кешегі жетімек сахарам
Шалқайып сорады шылымын.

Түтіндер, түтіндер, түтіндер...
Түтінге көңілді бүтін жер,
Түтіндер көктің көк шудасын
Түтіндер, түтіндер, түтіндер.

1963.

АРХЕОЛОГИЯ

Жер үстінде қызыл төмпек құм қалды,
Талай шөптің қыршып кетті тамырын.
Археолог қырнап-жонып жылдарды,
Ғасырлардың аршып жатыр қабығын.

Қасапшыдай қос білегін сыбанып,
Қолда пышақ жалақ-жалақ етеді.
Жердің төсін көптен жатқан құлазып,
Ту биенің сүбесінде кеседі.

Археолог таңдайын көп қағады,
Қасапшыдай қалың майға сүңгіген,
Қызыл оба - қызылы жоқ жабағы,
Жауыз жылдар бауыздаған сүңгімен.

Қызыл оба - қызылы жоқ жабағы,
Жауыз жылдар жайратыпты сүңгімен.
Археолог, аялдашы шамалы,
Бұл күннің де ет-жүрегін үңгімей.

Археолог - күрең білек қасапшы,
Ғасырлардың ішек-қарынын ақтарды.
Жер астынан тауып тат-тат масақты,
Сүртіп жатыр ұшындағы жас қанды.
1963.

БАҒЗЫ БАБАЛАРҒА ОДА

Ындын құрып, өзегі әбден талғанда,
Жалқау бабам жалбаң қағып барды аңға,
Көрді - ағашты сағалаған бұғы бар,
Көрді - суды елік ішкен аңғарда.

Көрді тасты - қанағанда аяғы,
Көрді сазды - былғанғанда таяғы, -
Бабам менің аң іздесе аңырып,
Байтақ әлем байтақ қойнын жаяды.

Бабам менің алба-жұлба балағы,
Шың басына шүйлігіпті садағы,
Құлады елік, сондағы атқан жебесі
Зымыран боп айға зулап барады.

Қайран бабам, қарын садақ талдырған,
Артқа мезгіл көне елес қып қалдырған,
Асыраған адамзаттың ақылын
Айналайын сенің қызыл қарныңнан.
1964.

• • •

Көп қуып қиял көшін ірметілген,
Мол ғой деп татар жеміс жер бетінен,
Өтсем деп өктем түсіп өлеңде өңкей,
Ес біліп, етек жауып ер жетіп ең.

Кәніки, шыққан мүйіз ер жеткеннен,
Бесігін таудай талап тербеткеннен,
Қайдағы қағынғанға қапың кетіп,
Кеуденді ыза кеулеп, шер дерттенген.

Асаудай ала бұртып ала қаштың,
Айқай сап ақ сағымға араластың,
Ақ езу асау арман соңына еріп,
Көлінен бір-ақ шықтың Жалаңаштың.

Жалаңаш қалай екен жағып тұр ма,
Жау анау жар қиядан бағып тұрған,
Көздесе, көзіндегі нұрды іледі,
Өкініш өзегінен ағып тұрған.

Төбеңде темір құзғын мың шүйіліп,
Басыңа қайым заман бұлт үйіріп,
Қарайсың сағым шалған сар далаға
Көзге мұң, езуіңе күлкі иіріп.

Көзде - мұң, ездегі күлкің емес,
Күлуің мұндай күйде мүмкін емес.
Мұқатып тұрсың білем өзіңді өзің
Бір күнде бұл-бұл ұшып мың күнгі елес.

Күлсең күл... Сен сүретін дәурен, міне,
Арман деп алып ұшқан әурең, міне.
Әзірейіл секілді ана таудың
Аржағы - Ажал... ұғып қой әбден мұны.

Мамыр, 1969 жыл.

• • •

Тұр әлі көктем шықпай, күн айықпай,
Бошалаған сиырдай мына бұлтты-ай,
Талтайып кеп тұрып ап қақ төбеңнен,
Төгіп-төгіп жіберіп, тұра зытты-ай.

Тұра зытып зымқайым, қайта оралып,
Тәйтiк таулар шәлісiн қайта оранып,
Тағы тықты мұп-мұздай тас кеуекке
Сел астында селтиген майса қалып.

Көктем шыға қоймастай көлдеткенмен,
Күні-түні көк нөсер селдеткенмен,
Жақпар жонда жағал жұрт орыны жатыр,
Ізі қапты, ық қуып ел көшкенмен.

Қайран жұртым қайқайда кезіп баққан,
Жау түгілі дауылдан безіп баққан,
Безіп кеткен жұртыңда біз отырмыз
Дем салатын бақсыдай кезік баққан.

Дем салатын бақсыдай демді ішке алып
Тырс етпейтін сақшымыз - көмбіс халық,
Көкжиектен көз алмай мәлиеміз,
Қымталған қара барқыт перде ұсталып.

Жатса да аспан төбемде бұлт сапырып,
Тынысты үзер тып-тыныш тұр қапырық,
Қапырықты қапаста біз отырмыз,
Сыртқа шықсаң, қауып тұр от қақырып.

Бүрісеміз суық бұлт бүріккесін,
Бүгежектеп тауда елік үріккесін,
Айқай тастың басынан ән шырқар ем,
Шүршіт отыр сығалап шүріппесін.

Көкіректен сейілмей зіл құсалық,
Шартарапты шарлаймыз дүрбі салып;
Бөктеріліп бөктерде қойлар жатыр,
Кетпейтіндей ешқайдан ит-құс алып.

Бекер екен бәрі де, бекер екен,
Бетер келсе, береке кетеді екен,
Дүмбісіне дүрбінің сиып кетер
Дүниенің кеңдігі екі елі екен.

Мамыр, 1969 жыл. Жалаңашкөл.

• • •

Шығандап шыға шауып әп дегеннен,
Барады дәурен өтіп "әттегенмен",
Әуелден әуселеңді білгенімде,
Жүрмес пе ем өзгелердей әктеп өлең.

Өйтпедім айтқыш деген атаққа аздым,
Атағын қияды ма "шатақты" азғын,
"Ақиқат іздегіш ең, көріп кел", - деп,
Жөнелтті жер түбіне, окоп қаздым.

Сол окоп болар, бәлкім, соңғы мекен,
Соңғы мекен тар болған оңды ма екен.
Далиған кең далаға қараймын кеп,
Дей ме екем "бұдан шықсам, қаңғып өтем"...

Орын жоқ бұл далада қаңғыбасқа,
Суыр боп сүңгімесен үңгіп астын.
Желкелер жер бетінен кеткеніңше
Жендеттер жігеріңді құм қылатын.

Сыраны бөліп ішіп, жендетіңнен,
Көр топырақ секілді көн бетіңмен
Көнесің... Көнбесіңе қоймас шығар...
Жеңіс жоқ жендеті көп жер бетінде.

Таба алар ақиқатты арақтан кім,
Бірі емен арақ сауған дорақтардың.
Жымиып жыртық дүниеге өтем білем,
Жылпосқа іш бұрса өзі жаратқанның.

**Маусым, 1969 жыл,
Жалаңашкөл.**

...

Бұл заман бұл шаңыраққа неге өш болды,
Ындыны толмайтын бір өңеш болды.
Отыз жыл ойрандалып келген ордам
Оңалып кете алмайтын емес болды.

Обыр жыл аударыпты атамды аттан,
Қан қасап қақ кеудеден әкемді атқан,
Қытайдың қылғып салар бір шабағын
Жасамақ жауыз сұмдар мен ақымақтан.

Желбеңдеп жел өтінде нем бар еді,
Өжеңдеп өсиетіме кім зар еді?
Қырқылып қылтасынан келген тұқым
Жер басып жүргеніме ділгәр еді...

Зар илеп ел шетінде шешем қалды,
Еңіреп екі бірдей бөпем қалды.
Қажаған қағаз, қалам қай саппастың
Мен талап алдым екен мүкәммалын?

Қиқұлап қисыны жоқ мақтан құған,
Есердің мен қайсысын тақтан құғам?
Аузымнан жаздым ба әлде, айтпай кетіп
Шатпағын бір дөкейдің шатқан-буған?

Білмедім бұл жаланың түбі қайдан, -
Қуалап тықпақ жері қызыл ойран.
Жер қазып, ой сапырып, жете алмадым,
Тоқтайын медет сұрап бір құдайдан.

Мамыр, 1969 жыл.

Жалаңашкөл

...

Жыра мен жықпылы көп Жоңғар таудың
Шұрқ-шұрқ тесік қып омырауын,
Жаппай қазып шығамыз түн атаулы,
Ал күн бойы төпейді қоңыр жауын.

Қоңыр жауын... қоңырқай көңіл күйім,
Жер түбінде қалғасын не бір жиын.

Думан қуған дәуреннің елесі де
Сұр сүбедей тәтті екен - кел, мүжиін.

Үйіріндей қысырақ бұла топтын
Жүруші едім арманын шырақ от қып,
Сатырлаған дауларда салғыласқам,
Қарғып шығып, мінберге бір-ақ ытқып.

Ақырында түбіме сол жетті ме,
Сыз аранда отырмын шөлдеп, міне,
"Амансың ба?" дейтұғын хат жоқ арттан:
"Бұл кеткеннен, - қалды ма, - мол кетті," - деп.

Кім біледі, мол кетсем, кеткем шығар,
Асау сөйлеп, асылық еткем шығар,
Ала жібін алаштың аттамап ем,
Күн туып тұр күйзеліп іштен тынар.

Ирек ойлар күйреткен күйзеліспен
Жан-жағыма жақ ашпай күйгем іштен.
Ел шетінде өлсем де биік түсем,
Тұзақ құрған ізіме кіл нәйістен.

Биік түсем, бәрі бір аласарман,
Көз ашқалы құмағам аласа арман,
Биік болып өтемін бұл өмірден
Жауларымды зар қылып жанасарға.

Жанасатын жауларға жақ ашпаймым,
"Сен теріс, - деп, - мен дұрыс" таласпаймын.
Шәуілдейтін итті жұрт өзі көрсін,
Алыса кетер арлан боп адаспаймын.

Шілде, 1969 жыл. Жалаңашкөл

...

Көрдім жапа көпке еріп дүрліккеннен,
Кетем безіп бір жола дүрмектерден.
Дүрліктірген дүлейлер думандап жүр,
Мен жатырмын тірілей көлбеп көрде.

Жаттым, міне, тірілей көлбеп көрге,
Өкініш пен ызаға кеулеп кеуде.
Кәрі анамды зар болып бір көруте,
Қос бөпемді алдыма ап тербеткенге.

Дүрліктіргіш дүлейлер думандап жүр,
Кердең басып кең дүниеде бұлғаңдап жүр,
Сөзге ылығып көз тиген сорлы басың
Шүріппесінде шүршіттің былғаңдап жүр.

Думанды да тиямын, бұлғаңды да,
Есен қайтсам бұл даудан бізді аңдыған.
Есер боп та, ер боп та атақ құмай,
Арттағылар аңдайтын із қалдырам.

Бұлғаңдауды қоямын бұла жастай,
Арзымсызға аузымды тұрам ашпай.
Зымырандай зырқырап шығам көкке,
Ракетамен атпаса құламастай.

Құлата алса, мейілі, құлатсын-ақ,
Үлгерем ғой бағымды, бірақ, сынап.
Ел шебінде шер қуып, серт қумасам,
Болғаным да бозымбай бір ақымақ.

Жоқ, болмайды олардың ойлағаны,
Тым ертерек еліріп тойлағаны,
Құрбанға айтар қошақан мен емеспін,
Төгілмесе, көрсетем, бойда қаным.

Болар ісі болды ғой - сірә, шыда,
Жау көзіне қуды ғой - ысыра-ысыра...
Енді қапы қалмастай запы болдың,
Тірлік сұра тобадан... Сұра, сұра!

Шілде, 1969 жыл. Жалаңашкөл

...

Абайла, бауырым, абайла,
Ала көрме, у ұрттап,
"Абайла!" деген Абай да,
Ұнатпасаң да, ұғып бақ.

Арман дейтін - арғымақ,
Шындық дейтін - шабан ат,
Үстіне жатсын жар құлап,
Шабатын әлін шамалап.

Сезім дейтін - сел нөсер,
Төзім дейтін - қара жер.
Әулекі келер жәрмес ер,
Әуреге түспей қала гөр.

Жер болмаса, нөсерден
Миуа түгіл мүк өнбес.
Қиқу қуған бөсерден
Қияметтен басқа түк өнбес.

Күшіне сенген дүлейдің
Моласы жатыр сайғақсыз.
Ісіне сенген сүлейдің
Бір ізі жоқ айғақсыз.

Көнбесең көнбе күштіге,
Аяй біл, бірақ, басты да,
Сия алсаң жердің үстіне,
Сиярсың, сірә, астына.

6 желтоқсан, 1969 жыл.

ЖАҢА ДӘПТЕРДЕН

(1980-1999)

...

Інір сембей іргеге кеп құлаған,
Сүр сәскеде "сүт іш" десе, жылаған,
Бұлданумен ғұмыр кешкен бұладан
Көңтерілі көнбіс болған бұл ағаң.

Көнбіс болмай, қайтушы еді бұл ағаң,
Жер түбінде желкектей боп сұлаған,
Қыршын боздақ қылғына алған бір деммен
Қылтасынан қырқылса сан сынбағам.

Қыршын боздақ қылғына алған бір деммен,
Еркеліктен ерте айырылған мүлдем мен.

Ертелетіп кірпігімді шық шылап,
Ертелетіп аяз үрген іргемнен.

Қара басым сау қалғанмен ажалдан,
Қызғалдақтай қыршын солды-ау сан арман,
Соны ойласам - солған гүлдей сазарғам,
Жаңарса тек, иін ғана жаңарған.

Жаңарса тек - иін ғана жаңарған,
Әлі күнге қан шапшиды жарамнан,
Әлі күнге жас шапшиды жанардан,
Қыңсылайды көз ашпаған күшіктей
Көкіректе көктей солған сан арман.
Жаңарса тек - иін ғана жаңарған.

Ерте үрген аяз демін іргемнен,
Әлі күнге ұмытпаймын мүлдем мен.
Қарып жатыр, қамсау болмай тұр әлі
Үстімдегі үлдем менен бүлдемнен.

1984.

...

Қия-қия тауларға
Қиғаштай түскен қылаң жол...
Қияс-қияс тағдырдан
Тартқан азап, лаң мол.

Лаң мол демей, не дейін:
Құмға толы көмейім,
Мұңға толы көкірек,
Жорғадан болсам текірек,

Шорадан болсам жетімек,
Жетімек мүжір толарсақ -
Болса өмірлік сыбағам, -
Талайым сол ма ед сұраған?!

1980.

...

Өтуде күндер, апталар, айлар зымырай, зулай,
Құлдиға қарай құлдырай жөңкіп, дөңгелей,
Түбі тесік қалтада тұрмай,
Төгіліп түскен теңгедей.

Қапы соғып шап беріп қумай,
Қарайсың енжар көзіңді салып артынан...
Сығылып өкпең, жүрегің тулай,
Көмейінді өртеп
Сілтідей көк зәр запыран.

Таусылып әлің, салдырап қарың,
Мартудай басып өзіңді өз салмағың.
Ілбисің алға, еткенше сарып
Бағасы түскен бақыр теңгедей
Пәтуасыз ғұмырдың қалғанын.

1989.

...

Опыр-топыр...
Обыр тобыр
Жолай көрмей орта түгіл шетіне,
Солған жүрек күн-күн санап тал жібектей сетінеп,
Тұрсаң болды кеуде тосып өкпек желдің өтіне,
Шуақ емес, ызғар қонып жаз да, қыс та бетіңе.
Елең етпей, қара қанжар қарш-қарш енсе етіңе,
Қарағаштай риза боп тастың тапшы ниетіне,
Бір міз бақпай біткеніңше қажала да кетіле,
Ештеңе алмай есіңе:
"Келдім, - демей, - керек дүниеге несіне?!"
Төзсең болды, тозсаң болды,
Көрмей түкке өкіне де, өшіге.
Ақыр бар ғой, бәріне де ақыр бар,
Тартылғанша айдын шалқар ақылдар,
Арыстандай атылар түбі ашу-зар -
Тойлап қалсын, ойнап қалсын пақырлар...

1989.

ӘКЕМ ТҮСКЕ КІРЕДІ

Тағы да тәңір аян берді,
Көз алдымда тап менің.
Жиылып жастық, жайылып төсек
Жатты елім,
Маңдайым - асқар, маңайым - шалқар,
Жан-жағым - жақсы-жарандар.

Көңілімде бір-ақ алаң бар.
Тағдырға деймін:
"Тапшы емін!"
Кенет сол, көктен,
Көрінбей кеткен
Көкешім келіп,
Кенезем кеуіп,
Кеңкілдей бір ұмтылдым,
Жалғастырып баяғы сол
Қаздай басқан тәй-тәйімді
Жетуге асығып жұлқындым,
Жеттім дағы қолына,
Қапсыра құшып, тәтті өбіп,
Талықсып кеттім,
Құрығандай сүлдерім,
Құс болып шүйіп,
Құздарға биік
Құйқылжып жүрген жүрегім,
Кенеттен бірақ
Құлдырай құлап
Бара жатқанын білемін...
Құлағым шулап,
Құладым зулап,
Өн бойдан бір әл кетіп.
Тылсымнан бір бұлт
Тым-тымнан бүркіп
Омырауым шылқып,
Қоя берді селдетіп.
Ағыл да тегіл
Төксін-ай кеп бір ақ жауын,
Ебіл де себіл
Түрімді көріп,
Күлсін-ай сақ-сақ бар жауым,
Ебіл де себіл
Түрімді көріп
Айтсын-ай келіп
Бар ғайбатын, бар дауын.
Көмейім көлкіп,
Көрпемді серпіп,
Оянып кетсем -
Өзімнің үйім,
Өз төсегім,
Өз басым.
Ебіл де себіл - өзімнің кейпім,

Ағыл да тегіл -
Өзімнің ащы көз жасым.
"Үзсеңші, - деп, - күдерді"
Түнгі аспан сыртта түнерді.

1984.

...

Әкемді аңсап,
Баламды тостым,
Жадырар жаңа заманды тостым -
Бақ күттім.
Көл-көсір көктем
Көз ілмей күткен
Кергіді ме,
Келмеді, -
Қайтадан түстім
Қақпақылына тақ-тұқтың.

Айқасқам талай -
Арқамның етін
Арса да, арса, арса қып.
Байқасқам талай -
Борбайдың етін
Борша да, борша, борша қып.
Суалды суым
Көз алмай жатып құм басып,
Қуарды талым,
Көк алмай жатып сор шалып.

Аяусыз арман,
Арбай да арбай,
Алдап кеттің, келмедің.
Қайырсыз жалған
Қақсал боп алған
Қайтып алды бергенін.
Талайсыз тағдыр
Тағы да қандай
Көрсетер бар көрмегің?
Шауып ал, кәні:
Өткенмін талай өткелек,
Өлетін жерде өлмедім.

1985.

• • •

Өлмеймін тіпті,
Өлексемді көмбен өлсем де,
Желекті ту қып,
Желкідете берем еңсемді.
Білсін бұл жұрт
Қиқардың қайда жүргенін,
Қисайттым десе
Қайдағы-қайдан
Қиқым да сиқым белсенді,
Сезбейді-ау бұл жұрт
Сергелденнің
Қалай тап боп,
Қайдан келерін,
Секектеп жүріп,
Соңына еріп,
Сенделбай кілең неменің?!
Тау жыққандай боп,
Талтандап жүріп
Боқ баспас жерден боқ басып,
Дағдарарсыңдар,
Дал боларсыңдар,
Тоқтасып тағы, оттасып, -
Болар сонда керегім.
Көрермін әлі көрермін!
Қу тобырға өңкей -
Қиылып қайтем,
Қиналып нетем,
Олар менің не теңім?!
Көкке бәрібір көтермес мені
Байқап қалар деп
Бастары қауақ екенін,
Төменге қуса,
Қуа да берсін -
Үйреншікті мекенім.
Көремін тағы көктегілердің
Борсыған бұтын, сасыған етін,
Салтақ-салтақ етегін,
Қимайтындай да, сыйлайтындай да
Дәнеңесі жоқ
Дәлдүріш мына дүниеден
Айылды жимай,
Ауызды тыймай,
Алшаң басып өтейін,
Алаң болмай кетейін.

1984.

НАҒАШЫ

Қайыр Құлбасовқа - әкемнің мен көрген ең соңғы құрдасына.

Томарға бояп тон киіп,
Тұмар мойын ат мініп,
Сәл нәрсеге қомпиып,
Сәл нәрседен шарт сынып,

Сормай-ақ аяз нарттай боп,
Көкпеңбек көзің бажбиып.
Танымай қалған жаттай боп,
Қар үстінде қаздиып.

Желге тосып желкенді,
Қырын тастап бетіңді,
Жер түбінде өлген әкеңді
Мен өлтірген секілді,

Қырындай қарап үстіме,
Қырыстай тұрып тіл қатып,
Бағзыда кеткен бабамның
Құлағын біраз шулатып,

Дудыраған шашымды
Дұрыстап тұрып бір сыбап;
- Кекжитіп кердең басыңды,
Келдің қалай, қу шұнақ? -

Деп оқыстау маңқ етіп,
Қой төбет қоңыр даусыңмен,
Тұрар едің шіреніп,
Сосын оқыс шаңқ етіп:

- Кім сағынды, ау, сені? -
Деп түзеліп реңің,
Кенет жығып еңсеңді,
Ат-матыңмен құлардай,

Иіскер едің желкемді,
Көзімді көрсең - жылардай.
Көжек кіріп кеткендей
Жағамның асты бүлкілдеп,

Сосын зекіп сөккендей,
Мошқар едің:
- Күл, күл! - деп.
Тұрар ең біраз кекшиіп,

Мұртыңның ұшы сертиіп,
Көзің әбден көкшиіп,
Екі бетің нарттай боп,
Кеткендей кенет өрт тиіп:

- Өзің, сірә оңбаған,
Әкең, бірақ, оңды адам,
Жеті ата, жеті бабаңнан
Бір қасиет қонбаған.

Қонса, осылай жүрер ме ең,
Жер түбінде жат болып?
Сәлемің де келер ме ед
Қағазға түскен хат болып?

Желк-желк етіп тұлымың,
Ауылда жүрсең, болмас па?
Шәртиген анау жұмырын
Осында да толмас па?!

Көрмейміз, міне, жыл ұзын,
Кейде хабар-ошар жоқ,
Көрерміз шықса мүйізің
Құдайға орынбасар боп?!

Құрдастан қалған көз едің,
Төбе-шашың қопырап,
Ажалдың жетсе кезегі,
Саласың ба топырақ? -

Деп қамшыңды бір бүктеп,
Асығыс тығып жеңіңе,
Қайқайта серпіп кірпікті:
- Қайқай, - дер ең - жөніңе!..

Кете барам жөнеле,
Көңілім алау-далау боп.
Қызыл шал қалар төбеде
Қадалған қызыл жалау боп.

Қызыл ту сол бір құлаған,
Қоңырайған қызыл төбе де,
Болдыртқан аттай сұлаған,
Дөңкиген мынау немене?

Жатырсың ба жалпып,
Тіл қатпай безер жаттай боп.
Басыңда тұрмын қалқып,
Қуарған құлып тастай боп.

Төбе шашым қопырап,
Көмейді бір у шиырлай, -
Әкеме бұйырмаған топырақ
Саған да, міне, бұйырмай.

Қараша желі елгезек,
Желкемнен су сепкендей.
Баяғы бір сүр көжек
Кеудеме кіріп кеткендей.

Көкірек тұсым бұлкілдеп,
Көзімнің алдын дым басып,
Алайын бір кеңкілдеп,
Бір тіл қатшы, Құлбасов?!

Тіл қатпайсың, қиқарсын,
Жер астына кетсең де.
Аяғымды сипайды
Қызыл шағыл кемсеңдеп.

Сөздерін тұр құлақта,
Өзіңді қалған құм басып,
Жүректі қан жылатпай,
Жайыңа жат, Құлбасов...

1985.

ОДАҒАЙ ӨЛЕҢ

*Ыбыр-жыбыр. Қыбыр-сыбыр. "Тәк-тәк!"
Дабыр-дұбыр. Жабыр-жұбыр. Паһ-Паһ!*

Шақыр-шұқыр. Тыпыр-тыпыр. Қап! Қап!
Ебіл-себіл. Егіл-тегіл. Бай-Бай!
Үрпе-түрпе. Сірке-сірке. Уай-уай!
Қалтаң-құлтаң. Жалтаң-жұлтаң. Еһ-еһ!
Қылтың-сылтың. Жылтың-жылтың. Тек-тек!
Қаңғыр-күңгір. Дәлдүр-дүлдір. Әй-әй!
Кәук-кәук. Әуп-әуп. Пай-пай!
Жалақ-жұлақ. Далақ-дұлақ. Жә-жә!
Әрпіл-тәрпіл. Қауқыл-қауқыл. Кә-кә!
Кеңк-кеңк. Дүңк-дүңк. Жора.
Саңқ-саңқ. Шанқ-шұңқ. Тоба!

1985.

...

Таң атқаннан күн батқанға қызыл тілдер безеңдеп.
Тас кереңдер тарпа бас сап, омыраулап, өжеңдеп,
Көрсоқырлар көкірек соғып: "білем, бәрін, көрем" деп,
Мешел біткен "мен", "менге" сап, "мен де дүние кезем" деп,
Қортықтар да қоразданып, "жол бермесең, езем" деп.
Кекештер де кеңірдек керіп, "Өзім... Өзім... өз-е-ем", - деп,
Шортықтар да шабынысып,
Қақсалдар да қағынысып,
Бұл дүние, бұл бола ма,
Жоқ әлде әбден тұл бола ма,
Тағы да сол таз әулекі, соқыр әңгі кезең кеп.

1985.

ҚҰЛПЫ ТАСТАҒЫ ЖАЗУЛАР

...

Талдырмаш қыз кемпір болып арбиған,
Бұла жігіт шалға айналып шалжиған,
Шалқалап кеп осы араға жайғасты,
Жер астында жеркемік боп қалды иман.

...

Өлгеннен соң, бізді аяма, басып өт,
Тірі күнде ардақ тұтсаң, қасқа етпей,
Өмір жайлы айтар ек сан өсиет,
Тұрғаны ғой тас жеткенмен, бас жетпей.

...

Обалыңа қалған сонау қара кемпір, қара шал,
Әуелден де жаралғансың арзымсыздау себеппен,
Жоқтан бардың бардан жоққа қақы бар ма таласар
Сондықтан да бұл фәниге жүре қойсын неге өкпең?

...

Адал тұрып, ақ жүрдім,
Тезіне көндім тағдырдың.
Арман мен мақсат көп те еді,
Азғантай ғұмыр жетпеді.

1985.

ТӘУБӘ ЖЫРЫ

Алағай да былағай,
Айналайын дүние-ай!
Адам неткен қомағай
Тіршіліктің сиына-ай!

Адам неткен нысапсыз
Қызығына тірліктің?!
Ірі бар ма ұсақсыз?!
Ұсаққа бола дүрліктім.

Дүрліктім де, тапсындым
Шап берердей тәңірге.
Шап бердім де, шарт сындым,
Әлім жетпей өмірге.

Өмір неге тоқтасын,
Әуресіне бола пенденің?!
Пенделіктен тәңір сақтасын,
Жеңілгенім - жеңгенім...

1985.

...

Аласарып кетердей көп қой қауып,
Алатауға қарайын ауық-ауық.

Алатауға қарасам ауық-ауық
Кетеді екен оны да мұнар жауып.

Мұнар жауса асқар шың ауық-ауық
Жоғалады кеткендей дүние ауып.

Көзден ұшқан асқар шың ауық-ауық
Жарқырайды қайтадан жаңбыр жауып.

Ақ қар жапқан Алатау ауық-ауық
Жоғалады жым-жылас тұман жауып.

Тұман жапқан Алатау ауық-ауық
Қайта ашылар басына ақ қар жауып.

Тау орынында құбылған мұнар екен,
Мұнар өтер, шың мәңгі тұрар екен.

Көңіл ит те құбылған тұман екен,
Көп нәрсені бүлдірер күмән екен.

Күмәнге ертсе күйкі мұң ауық-ауық,
Кете бергің келеді дүние ауып,

Алжастырар дүниеде көп қой қауып
Аласартып кететін ауық-ауық.

Аласартып кетердей болса қауып,
Алатауға қарап қой ауық-ауық.

1986.

...

Өксіп-өксіп ояныппын мен алғаш
Бұл дүниелік бесіктегі ұйқымнан.
Сықырлапты сыры кеткен тал ағаш
Шыдай алмай сыртта желге жұлқынған.

Шыдай алмай шайқалыпты шаңырақ,
Майыстырып тіреу қылған бақанды.

Желтоқсанның желі сапты аңырап,
Бұрын-соңды естілмеген мақамды.

Бұрын-соңды естілмеген мақаммен
Зікір салып тұрды сыртта уақыт.
Бесігімде бедірейіп жатқам мен
Әлди емес, желдің үні жұбатып.

Желдің үні ызындаған әуенмен
Жата берем күле алмай да жыламай,
Мың-мың сайтан сақ-сақ күліп төбемнен,
Жан-жағымның бәрі алағай-былағай.

Жан-жағымның бәрі алағай-былағай
Сирек көрдім тыныштық пен шуақты.
Жүре берем күле алмай да жыламай,
Әуелден де гулеген жел жұбатты.

Әуелден де гуіл еді жұбатқан,
Жел гуілі ел гуіліне ұласты.
Сумаң сөздер сүнгіп кіріп құлақтан,
Көкірегіме кетер қойып құлашты.

Құлаш ұрып көкірегімнің көліне,
Көтергенмен не бір дауыл сұрапыл,
Шарт сынсам да, сыпсың сөздің желіне,
Жеңнен тартып, жеңіс бермей жүр ақыл.

Жеңнен тартып, бермей қойды жеңістік:
"Күлер едің - күлетіндей заман ба!
Жылар едің - онсыздағы кіл сімсік,
Таба болып қайтесің, - деп, - жаманға!"

Сосын, міне, жер төсінде жүргенім,
Күлерге - күлмей, жылайтынға - жыламай,
Жел менен ел қояр емес гулеуін,
Дүние сол - алағай да былағай.

1988.

...

Тірлік, тәйірі, - құйын ғой,
Ұйтқып-ұйтқып өшетін.
Бақыт келте жиын ғой,
Өтетін де кететін.

Ереуілге елікпе,
Тек сабырға серік бол,
Қара жердей төзімді,
Қара тастай берік бол.

4.08.1988.

...

Тағдырдың талықсыған талма тұсын
Тауша аударып тастардай бар ма күшің?
Күш жоқта күшенгенмен не бітеді,
Табарың: жанға-қауып, арға-қысым.

Жалақтап жала-нала жан-жағымнан,
Сыпсыңдап сімсік сөздер салған ылаң,
Лаңға лағам ба - құлазимын,
Айырылып жер ойылар салмағымнан.

Сақтаған сан қиында сабыр қайда?
Сарқылса - тағы бір ұрттам табылмай ма?
Табылса - талаттырып қоймас едім
Мына бір жәбірлі жыл, жәбірлі айға.

Мына бір жәбірлі жыл, жәбірлі айдың
Ызасы өтті-ау - қашан дамылдаймын?!
Қиямет пен қиянат қиқуласқан
Қу дүниеде таусылмас зарым, қайғым...

1988.

...

Қыс-жазы құтырынған Атырау теңіз,
Зәрленіп зытырымнан жатыр-ау деңіз.
Қаскөйдей қабағын ашпай тұнжырайды,
Кәпелімде жақпай қалды екен, апырау, неміз?

Жайындай жайпап кетер жалмауыз сағақ,
Жалп еткен жат кеменің жалауын санап,
Жаһанамнан жау пиғылды алдымен аңдап,
Жалықпас жыл он екі ай қарауыл қарап.

Шытшаның шытынған қабақ шыңына шығып,
Көз сұсын көкжиекке сұғына сұғып,
Көлдарияға көлкіп жатқан көп қарадым,
Көкірек көп нәрсені ұғына тұрып.

Бұл теңіз... Ар жағында Қап, бер жағында Қапы,
Білмеймін қалған дүниеден болған ба запы.
Көстендеп көк суды айналып көше беріпті,
Бабамыз, сол қолында-найза, оң қолында - сапы.

Басы ауса баратын жері - Қырым, Қыр, Қапы,
Жосылтып жолындағының бәрін тырым-тырақы,
Жойқан сап жортуылдағаннан не бітірді екен -
Бұлтиған көне төмпектің сырын сұрашы?

Деді ме өмірбақи қодандап өтем,
Таба алмай күндердің күні одан да мекен,
Алғидың ала шөліне айналып қонған
Аусарға аңызға та кәусар - содан да ма екен?!

Құр бедеу қу мойнақ мініп құтырынғаны,
Жаз шықты-ақ - жауға айбар шекті жытырымдағы.
Ұтам деп ұтылып қапты ұпайлы тұста,
Билігі бір алланың ұтырындағы.

Еріксе - тескен тау асып, Балқан да барған,
Зеріксе - Ұрымға ұрынып, талқандап алған,
Желіксе - жер шоламын деп жел қуып кетіп,
Қиырда қылышы қирап, қалқаны да қалған.

Белдегі бес қаруды ұстамай бекем,
Аңдысқан ата жауын қыстамай төтен,
Бейуақ бел шешпес жерде белін шешіп,
Бекерден бекер оққа ұшқан-ау көкем.

Тажалға тап бола берген талай да талай,
Ажалға аттана берген қалай да солай,
Ауызын ашса, көмейі көрініп қалып,
Аңқаулық арам қатырды-ау сабай да сабай.

Садағын көздеген тұстан жай атқылатқан,
Найзасын қадаған тұстан май атқылатқан,
Майтымақ маңғаз көкем мәпақасын
Айтыңдар, арашалай алды қай аш құлақтан?!

Ер көңіл жараспайды екен ел күйттегенге,
Сеніп қап, секеңдей берген "сен бүйт" дегенге,
Таппадық шығарға есік, кірерге тесік
Су қақсып, ауа сасып, жер биттегенде.

Еріншектік пен көңілшектік-ау... Шайқалды тағым,
Сайтандай сахарамды буды сайқалды сағым,
Аруақ қана апшытар ақикөз жұрттың
Қой боғындай қорғасын қайтарды-ау бағын.

Қорғасын қой боғындай қайтарып бағын,
Шау тартып, шаруасы күйреп, шайқалған уағын
Көргенде көңілім жидіп қоя береді,
Тапсына табалаудан да тайсалды жаным.

Түскесін баяғыда-ақ бес қару белден,
Көреріміз бұл дүниеде-кеш қалу ма елден?!
Шытшаның шытынған қабақ шыңына шығып,
Қапымды қай-қайдағы еске алуға келгем...

Үңілген көк теңізге Шытшаның шыңы,
Үлдеп қоя берді - ұққаны ма мұны?!
Құз кеуек қобыз болып боздап кетті,
Біліп қап көңілімді - шаққаны ма мұңын?!

Сарнады сырқыратып сай сүйекті үгіп,
"Аруақтың қайда, - дей ме, - қасиеті бүгін,
Есікке төрдегі бас түскен жоқ па,
Көстендер көрінгеннің қай сыйы өтіп еді?"

Намысы біздің жұрттың білекте ме, еді?
Жоқ әлде есе түгендер жүректе ме, еді?
Түзде емес, төрде ұпайын жіберіп алса,
Құдайға не бітіреді құр өкпелегені...

Алдыру абырой ма еді астағы атын,
Ат кетсе, кетпейді дей ме қастағы қатын,
Алмаса ошақтан бастап отанға ие боп
Қазаққа атқылар ертең аспаны жасын..."

Дей ме шың, көйгейге басты күрсініп қойып,
Көк теңіз көбігін шаша сілкініп қойып,
Шытша шың желге қарап желпініп тұр,
Зымырап ұшатын құстай ұмсынып бойын.

Желкеден соғып, қақ маңдайдан күткен де қауып,
Есіл дәме ер үстінен түскен бе ауып,
Жақпар шың жауды айбынтар жабырқау тым,
Құрышын құр қиялдың біткен бе сауып?

Көк теңіз қайтадан қалғып көз жұмып алған,
Меңірейген мекерлікпен мезі қып жалған.
Ерте-кеш есінеп қойып ербең тірлікке
Есеңгірейді, есер кез ез қылып алған.

Айдын сұлқ... Ал, менің жаным алай да дүлей,
Буырқанды-ау бізден де бұрын талай да сүлей,
Шыбын жанды қиғылыққа салып, тұңғиыққа малып,
Тілеп ап тағдырдан талқы, тәңірден үрей.

Көңілім көк теңіз болып сапырылып жатыр,
Көп үміт күйреген қаудай жапырылып жатыр.
Балдырдай жел шайқаған жеміріле бермей,
Тіксін де, тістеніп алып, ақырын күт, батыр...

1988.

...

Дүниенің бұлаңы-ай,
Дәуренінің сылаңы-ай,
Қиял иттің лаңы-ай,
Жаратқанның олағы-ай,
Жаралғанның молағы-ай,
Ұзын дәме, шолақ ой,
Өзіне мәз пенденің
Ындыны, сірә, толама-ай?!
Толмаса, түбі толады-ай,
Болғанда басы толағай.
Уайым тұрмас ұдайы-ай,
Заманның солай сылайы-ай,
Аулақ болғай, құдай-ай,
Алағай да былағай...

1988.

...

Қиыр-қиыр қиыр-ды,
Қиырдың жолы шиыр-ды.
Шиырдан шындық іздеткен
Шытырман маған бұйырды.
Шиыр-шиыр шиыр-ды,
Шиыр да әбден сұйылды.
"Сұйықтан пәтуа тапшы", - деп,

Тапсынып тағдыр бұйырды.
Бұйрық түбі - бұрыс-ты,
Бұрыстың түбі ұрыс-ты,
Ұрыстың бұлты ұйысты,
Ұрысқақ шошып жылысты.
Жылысқы мінез жымысқы,
Жымысқы іске жыбысқы,
Жыбысқы сүйер сыбысты.
Сыбыстың соңы сыпсың-ды,
Сыпсынды қусаң - шып-шындық.
Шындықтың түбі - зымыстан,
Батпайды сосын дұрыс күн,
Атпайды сосын дұрыс таң.
Әділдік күтпей бұрыстан,
Пәтуа күтпей ұрыстан
Жөн болар ма екен жылысқан.

1988.

•••

Шау тартыптын, шамырығыптын, шалдығыптын, шаршадым,
Мен келгелі алағай да, былағай да бұл дүниеге қанша күн?!
Бұлынғырлау сар сәскеде түскен екем жарыққа,
Содан ба екен, көзімді ашсам - бұлдырайды әр таңым.

Бәрі күнгірт, бәрі күмілжі, бәрі-бәрі бұлынғыр,
Жарқырап бір таңым атпай, шықпай қойды-ау күнім бір.
Түс кезінде бір жылт етіп бұлттан шыққан күн көзі
Бесін болмай зып береді - неткен мойыны жұлынғыр?!

Сусылдаған су аяқтай сұрқия екен бұл тағдыр,
Қайда барсаң - алақ-жұлақ, қыбыр-сыбыр бұлтақ жүр.
Бұлтақтаған бұлтың дүниеде бұлталанға салар ең,
Көз аштырмас көк тұмандай күдік-күмән қымтап жүр.

Қия жардың қия шеті маған ылғи бұйырған,
Ал тауып көр адаспас жол қиыр менен шиырдан.
Күз шетінде құлап кетпей сәл-ақ қалып тұрамын,
Бір қарасам сирек сәтте сұрғылт тұман сұйылған.

Сол баяғы сонар қымтап солбырайған қырау күз,
Бір қапталым - мүлт бассам, мүрдем кетер шыңырау күз.
Қалай ғана қасқыр тартпай қаңғалақтап келеді,
Жақыбайдың жалғыз төлі жоғалса да сұраусыз.

Тәубә, тәубә, көкте тәңір көзін дұрыс салғанға,
Дәл мынаңдай бірін-бірі қылғып салып жалмандасқан жалғанда
Азу тісін білеп жүрген арландар да ашқарақ
Тоқты менен торым емес,
Сонша құмар болғанға
Майса құйрық бағланға.

1988.

...

Маған біткен тағдырдың тұзы неткен ауыр тым,
Батпан-батпан жүк артып, арқам да әбден жауырды.
Күні-түні бас қатты қайтсем селкеу шығармай,
Риза қылып өтем деп дос түгілі жауымды.

Қылмайын деп ешкімге қылдай тіпті қаралық,
Жүрегімді бітіргем тілім-тілім жара қып.
Сонда да қойды арылмай басымнан бір қара бұлт,
Араға жылдар салғасын тұрады қайта оралып.

Тыншып еді шығыс бет... Аунақшып кетті ауған жақ.
Тілдей қағаз шақырту... Отырғам сонда қайран қап:
Дүниенің жыртығын жамауға мені қойған ба,
Жұрт жүргенде сайранда, жөнелмекпін ойранға...

Өтіп еді ол күндер, бітіп еді жарасы...
Кешіп келем бәрібір от пен судың арасын.
Ести-ести ес шықты кіжінгендер наласын,
Тапсынғандар табасын, жатсынғандар жаласын.

Күстәналар мұншама - озып кеткен бағым жоқ,
Қыстағандай соншама - қызықта жүрген шағым жоқ.
Бар айыбым - базарда бағымды жұрттай сынаппын,
Жүре бермей жырақта жатқан сонау сағым боп.

1988.

...

Тағдырдан қайта-қайта жесем таяқ,
Көремін талайымнан некен-саяқ.
Оңаша оқшау кетіп ой толғаймын,
Құлаққа кірмесін деп бөтен хаят.

Көптің аузы қиянқы, пейілі оғаш,
Жолап кетсең былғайтын күйелі ағаш,
Саяқ кетсем, сайтандар сайрандаған
Үйірімен үркітер-үйіңе қаш.

Үйге безсем, көңіл ит көше кезіп,
Тереді неше секем, неше сезік.
Үміттің үлбіреген нәзік гүлін
Күдіктің көн табаны кетеді езіп.

Көп жүрген жердің бәрі абыр-сабыр,
Жоламас айқай-шуға иман-сабыр,
Жолығар әулие де киесіне,
Жер жұтса, елден безсе, тапса қабір.

Содан ба екен, жаралған жаратқан хақ
Жүп жуытпай, жап-жалғыз, о бастан тақ.
Көппен жүрсең - көлгірлік көлі жұтар,
Жақ болар жалғыздыққа болса ақиқат.

Шындық тақ, өтірік жұп, айла егіз
Айқұшақ аймаласқан фәнилік із.
Бақиға басың жалқы аттанасың,
Өзіне ұқсас жаратқан озада иеміз.

1988.

•••

Басым мынау, шашым қырау, көз бұлдыр,
Баяғының солғындау бір сүлдері.
Көмейімді көптен тұрған сөз құрғыр
Кәрі ағаштай қайта бөртеп бүрледі.

Бүр де бір күн бүршік болып ашылып,
Көбелектей үлпілдеген гүл шығар.
Баяғыда қалған жүрек жаншылып,
Қайта тулап, бұлқынар да жұлқынар.

Жұлқынғанмен не тындырар ол бейбақ,
Сау басына сұрап алар сақина.
Кәрі тұғыр мүрттай ұшса жол қинап,
Бекер дәме бейнетіңе тати ма?

Татымаса, татымасын - тартпаймын
Тап-тап берген тарпаң көңіл шылбырын,
Біліп кетсін тірлік жоғын арқайын,
Қиял иттің бұлдырын,
Дүниенің тұлдырын.

1993.

ӘЗІЛ ӨЛЕҢ

Майда сөйлеп, майса күлген мамық жеңгем екенсің.
Тәнті етем деп тамсандырсаң,
Тарпа бас сап, тапап-жайпап кетем шын.
"Тәйіт!" - дей алмай кетерсің,
Тамсанумен өтерсің.
Тәтті болса - тағы-тағы таудай құлап үстіңе,
Көзіңе әкеп көрсетер ем жермен көкте күштіні.
Ирек сұққан қынабынан изей тартсам семсерді,
Деп қалар ма ең төбеме әкеп жер мен көкті төңкерді.
Төңкеріліп тас төбеңе аспан, түгел атырап,
Қалар едің қайраңдағы қайықтай боп қақырап.
Қақырасаң - қарамастан, қарғып мініп қайтадан,
Қайығыңды қайқаңдатып, қайтармалап айтам ән;
Қайым әнге қайта басып, қайта құлаш сермеймін,
Естен танып сұлағанша сұрапылда тербеймін.
Сойқан толқын солқ-солқ ұрып, солқылдатса тәніңді,
Сойған қауын сияқты қып, суырсам мәйек-мәніңді.
Сұрапылдан сүлдең құрып, мүлдем тарқап құмарың.
Толықсысаң - тағы шырқап тентек сезім ұраның,
Ұмыттырсам сыңғыр-сыңғыр сиқырлана күлгенді,
Су перідей судыр-судыр сылаң қағып жүргенді.
Сусылдама-сұғынармын, суымай тұрып сыбағам,
Қутыңдама - құтылмайсың, шыдамаймын, шыдағам.
Көлбеңдеме көбелектей, көрсетермін көрімді,
Береніммен бір-ақ персем - безінтермін періңді.
Қиындағы қызылыңның қисайтқанша қимасын,
Көкбөрідей көк жұлынып, "көкелетіп" қинасын.
Қуып шығып құйын қылып құйқылжытқан желіңді,
Сауайын ба саумалдай қып сарқылмаған сөліңді.
Жаншиын ба жау туындай қан майданда жеңілген,
Шаншиын ба көк найзамды көмбеңе әкеп көмілген?!
Шатқалыңның шәт-шәлейін шығарайын мүлдем мен,
Түбіттей түтіп, түк қалдырмай үлбіреген бұлдеңнен.
Шатқалыңның шашырап жатқан түгел атып тағы ағын,

Шашылып қалған етегіңнің шаңын сілкіп қағамын.
Қағамын да - бір ұйпалап төсінді,
Жиғызармын жиылмаған есінді.
Алсам сосын тұрғызып,
Айхай дәурен - бұл қызық...

1993.

•••

Талай барғам таңдай қата құмартып,
Сен күлгенсің, мен таусыла күрсінсем.
Бүйткен күннен біткен ғұмыр мың артық,
Мерт болар ем - өрттей лаулап тұрсың сен.

Қайта барам ғайып перен күтердей,
Тайып жүре бересің сен жолымнан.
Қиям басты, қиямет күн бітердей,
Қиыла бір қарайсың-ау соңымнан.

Сосын тағы түсіп басым бауырға,
Салып барам, сарыққан соң сабырды.
Қос бұрымың қосыла ойнап сауырда
Зытып бердің - құдай мені тағы ұрды.

Өтті дәурен сол кездегі өзіндей
Есек дәме күйде мені қалдырып.
Кетті жастық сенің сылқым кезіндей,
Алдап көңіл, арбап көзді талдырып.

Солмас гүлді солай бекер солдырып,
Өткізіппіз өрттей қызу уақытты.
Ойсыраймыз ойлап енді болдырып,
Ойнап жүріп опат қылған бақытты.

Ақыл кіріп ақ кіргенде шашыңа,
Алдыма кеп, ақырын бір күрсіндің.
Еске салып сонда төккен жасымды,
Көзінде енді көмескілеу тұрсын мұң.

Тұрсын, тұрсын, өшірмесін уақыт,
Өш емеспін, еш болмасын сол күнім.
Сол күйінде сол қасірет, со бақыт -
Қалтырайды қолтығымда қолтығың.

Қатар басып қаздан-қаздан келеміз,
Қартайғанда қауышқан да бір тәубә.
Сүймей-күймей сүйретіліп өлеміз,
Бір тұрмап ек, бір жатармыз бір тауда.

Қаймыға қарап, қабағыңа мұң артып,
Қажытасың, күрсінемін - күрсінсең.
Қиядағы құзар шыңдай мұнартып,
Қиялымда қыз қалпыңда тұрсың сен.

1993.

...

Тұр орнында дүние, жер мен көгім,
Неге мұнша мен осы шермендемін?!
Тұр орнында арқайын ел мен жерім,
Жөн бе осылай теңселіп, сенделгенім?!

Сенделгенім жөн бе екен жан сауында,
Жатса жетіп ғажайып тамсануға,
Қармақ кірген балықтай жемсауына,
Қақым бар ма опынып, сан соғуға?!

Санды соғып, опынар қақым бар ма,
Жансызда ырзық, жандыда ақым барда,
Өкпе айтқаным ажал кеп алқымдарда
Нәр тамызар аузыма жақындарға?

Шерменде емен ешкімге есем кетіп,
Жетіп жатыр қусам бақ, жесем несіп,
Дәлі де емен дау қуған тепендесіп,
Жетім де емен: әкем-көк, шешем-бесік.

Бесік лүп-лүп соқтырған жүрегімді,
Көк жарылқап жеткірген тілегімді,
Ақылым нысап керегін біле білді.
Неге шіркеу шырмайды реңімді?!

Реңімді неге осы мұң торлайды,
Кім басынып, апырай, кім қорлайды?
Қорлап көрсін, түбінде бір сорлайды -
Бәрібір бар бүк түскен бір зор қайғы.

Қалай қарық болмақшы қағанағым,
Сұқ жеп жатса төбесін дағарамның,

Жел жеп жатса іргесін сағанамның,
Өрт кеулесе кеудесін заманамның.

Дерт кеулемей тұра ма көкіректі,
Сал бөксе елім біле алмай епті, ретті.
Жау орынына дау қуып тепкілесті,
Жел жағына желбуаз өрті жетті.

Үйренбеппіз бір жүріп, сөкпей, демей,
Алла берген ырзықты төкпей жемей.
Жерде, жұртым, мерейің, көкке өрлегей,
Көкте тәңірім бергенін көп көрмегей!

Жеп кетпегей жемісті жел мен желік,
Жеңіс туын желек қып серменбелік.
Желікті елді жеткізбей пәрменді ел қып,
Қайдан өшпек кеудеден шерменделік.

1994.

ТУҒАН ЖЕРГЕ БАРҒАНДА

Шытыра аппақ шыңдары
Шыр айнала қоршаған.
Бытыра сусыл құмдары
Бұлтия шөккен ортадан,
Мырзайыр деген жер бар-ды,
Мен үшін жердің кіндігі.
"Екпінді" деген ел бар-ды,
Желпіндеген түндігі.
Қып-қызыл еді жалауы,
Қытымыр еді заманы.
Шектеулі болып амалы,
Шерменде еді адамы.
Шеттеу жүрер шекіспей,
Шегедей мығым бір жігіт.
Кетіспей де, бекіспей,
Тобадаң ғана қылды үміт.
Атаға біткен мол дәулет
Ортаға түсті маңырап.
Атадан өрген көп әулет
Жалғаспады жамырап.
Түнде түске кіреді
Кешегі кеткен дәурені.

Бұзылады реңі,
Көңілге салып әурені.
Тақым шіркін дуылдап,
Сәйгүлікті сағынды.
Көкейде күй шымырлап,
Сайхылықты сағынды.
"Безіп бір кетсем, - дейтін ол.
Бетімнің ауған жағына,
Кезігіп бәлкім қалармын
Кешегі ауған бағыма?!"
Кезіп бір кезіп қайтатын
Көшкен бақты таба алмай.
Ыңылдап өлең айтатын
Жауабы жоқ сауалдай.
Баса алмай көңіл алаңын
Тоқырайтын, тоқтайтын.
Сұмпайы мынау заманын
Сылқита бір боқтайтын.
Сылқита бір боқтап ап,
Сұрқия мынау заманын,
Қолына құрық, ноқтаны ап,
Қылатын тірлік амалын.
Сұм заманға кезеңді
Сия алмай жүріп жер-көкке.
Шерменде сондай кезеңде
Мен түсіппін жөргекке.
Қуаныпты сабазың
Тірілгендей әкесі.
Даусын көкке созады,
Алдына алып бөпесін.
"Тарқамапты жиыным,
Тәубә, тәубә, тәубә!" - деп.
Жайратты жалғыз сиырын:
"Сауға, сауға, сауға!" - деп.
Жалғыз сиыр жайрады,
Жабырқау қабақ жайдары,
Шешілді тілдің байлауы,
Іргеде қақсып жататын
Қара домбыра да сайрады.
Ерген соң соңға бір "күшік",
Көңілдің кірбің бұлты ұшып,
Түзеліпті ұйқысы,
Оралыпты күлкісі.
Іргедегі ақ шыңдай

Ағарыпты көңілі.
Таудан аққан тасқындай
Тасыпты сабаз сол күні...
Тасысын да төгілсін,
Талтаңдасын сабазын,
Алдағы күннен не білсін,
Аланың не жазарын?!
Мен түсіппін жөргекке,
Тал бесікті тулатып,
Қаһар шашып жер-көкке
Дүние жатты шуласып.
Шуылдаған дүние
Қиырға қиқу төнгізді.
Желкідеген көңілді
Желдей ұйтқып сөнгізді.
Батысқа тартқан қасқа жол
Қасқайып жатыр әлі де.
Аласұрған көңілді
Жетелей қашып әріге.
Шытыра аппақ шың жатыр,
Есіме салып сол жайды.
Шөкелей шөгіп құм жатыр,
Астына тығып мол қайғы.
Көкжиекте тұмса күн
Күлімдеп бір сыр толғайды:
"Өткеннің бәрі - құр сағым,
Өкінуге болмайды..."
Алабұртып мен тұрмын -
Алғаш рет көргендей.
Қабарытып мен тұрмын -
Әкем бүгін өлгендей.

1994.

ТӨЗІМ ЖЫРЫ

Бүтіннің бәрі тесіліп,
Тесіктің бәрі көміліп,
Бойшаңның бәрі кесіліп,
Толының бәрі төгіліп,
Төгінділер шашылып,
Кесінділер мүжіліп,
Шашынды шаң боп таусылып,
Мүжінді күл боп үгіліп,

Шаң шашырап бозаң боп,
Күл шашылып тозаң боп,
Тұтастар түгел тұтылып,
Толылар тегіс жұтылып,
Айлалылар ұтылып,
Айбарлылар мытылып,
Майса толып шалғын боп,
Майда бойлап балғын боп,
Қайтқанша кеткен қапылар,
Ес жиғанша запылар,
Көгере қоймас көсеге,
Түзеле қоймас пешене,
Ортая берер бұл тірлік,
Орнай қоймас бүтіндік,
Жел желігіп, бұлт бүркіп,
Желпілдей берер бұл түндік.
Желкелей берер бұл заман,
Жетелей берер шырғалаң.
Шытырман болар сыбағаң,
Шығады аман шыдағаң.
Төзімнен басқа жоқ шараң,
Өзіңнен басқа жоқ панаң.
Қолтыққа су бүріккен,
Тақымға ине жүгірткен
Елбеңдерге елікпе,
Желбеңдерге желікпе
Түспейін десең өртке.
Бөрлікпе де, бөрітпе,
Тұрғанда соңғы сынақ қап,
Шыдап бақ, қазақ, шыдап бақ!

1995.

...

Сырласарға қара жоқ,
Мұңдасарға дара жоқ,
Жыртылар ма екен бұл жүрек
Бір күні пара-пара боп.

Қастың ғайбат сөзі өтті.
Дос бопсасы мезі етті.
Өңмендеген өкініш
Өртеп барады өзекті.

Елеуредім "ел" деп мен,
Желеңдедім "жер" деп мен
Тіл үшін тартпай тілімді
Сайыстым сансыз жеңдетпен.

Елең қылмай ел мені,
Жерге тықпақ жер мені,
Тілдеп жатыр тіл шіркін,
Сонда неге сенгенмін?!

1995.

БАЛЛАДА

Құйынындай бесіннің
Құтырып жетті бір сұмдық.
Еш болды да есіл күн,
Әке-марқұм, ұл-мұнлық.

Құйын кетті құйғытып,
Әке қалды құм құшып.
Жер шұқиды жетім ұл
Жер шолмаған үй күшік.

Үй күшік үміт үрейлі,
Біле алмай кімге үрерді.
Үнсіз кешіп тіршілік
Үлес тимей түнерді.

Төбет болды - топқа ерді,
Төгіп те көрді көк терді.
Ол көздеген көк бөрі
Өзге бір азу бөктерді.

Қартайды, қайтты арыны,
Қажыды, қатты арыды.
Қарғаны қапты қасқыр деп,
Бұта деп бұтқа сарыды.

Шекесін шыбын шымшылап,
Іздейді кілең күн шуақ.
Ұйықтағанда ырылдап,
Оянады қыңсылап.

1998.

• • •

Табалаймысың, тәйт, әрі!
Тағдырым, көп-ау айтарын...
Қапы кетсем, қайтесің,
Бермексің бе қайтарып?!

Қайтып келмес, байқайық,
Бір кеткен соң қайқайып,
Қайран дәурен - қайсар ер,
Қарамас артқа шалқайып.

Кеткен күннен үз күдер,
Келер күнді күз білер.
Жайнаған жаздай жас дәурен
Өзгенің көзін сүздірер.

Сүздіріп көзін басқаның
Фәни шіркін қас-қағым
Лақтырар алдына
Бақи деген қақпанын.

Сайын белде сарғайып,
Жатқан жоқ шалдар мал жайып,
Тезектей төгіп кеткен-ді
Тіршілік атты сал қайық.

Солардың бір жақ қасында,
Желтөбенің басында
Сені де күтіп бір төмпек
Көптен жатыр, расында.

Кездігін кезеп ажал тұр,
Түтігіп түрі азар тұр,
Қобалжыма оншама,
Шалжия құлап жата кет,
Кесіп алар болса да...

1998.

• • •

Қобалжимын құр аттай құрағытпай,
Құз басынан құлжадай бір-ақ ытпай
Бөкендеймін бөксесін бөрі тартқан,
Бүлкілдеймін бүкшендеп, тұра зытпай.

Сығалаған сұр мерген сұсты қабақ
Сұр жебенің ұшына үскі қадап,
Сай басынан садағын тартып қалса,
Сап болады жел көңіл, өксік, азап.

Сол сұр мерген сықсиған кәрілік пе,
Үкіміне қоймаған әлі нүкте?!
Қалса болды қызғалдақ қызыл ерін,
Басқасының бәрін ал, бәрін үпте.

Қырмызы ерін, керме қас кербездерім,
Кездессеші-ай кезеңнен кез келгенің,
Ебін тауып, емдеп кет көз көргенің
Бебеулеткен безгектей безгелдегін.

Ебін тауып емдемей көз көргенің
Бебеулеткен безгектей безгелдегін,
Көрінбеді кермиық кербездерім -
Білдім енді дүние өзгергенін.

Жалп еткендей оқ тиіп жамбасымнан,
Жалт қараймын шыққандай жау қасымнан,
Көзін салмай көшеде өте шықса,
Көлеңдеген күлім көз дәл қасымнан.

Дәурен қайда шалқыған кең өлкедей,
Оны ойласам - сөз сұрғылт, өлең кедей.
Кермиықтар кешегі ебіл-себіл
Бұлтты күнгі бұлыңғыр көлеңкедей.

Құлазиды-ай, көңіл ит бұйығады-ай,
Базар тарап, бос қалған Хиуадай.
Қыршын жастық қылт етіп ғайып бопты,
Қылғып салған қыз еріні миуадай.

1998.

•••

Қаратауды қапталдаған қара жолдың бойында,
Жаңбыр жауса, су қалқыған ақ тақырдың ойында,
Қақырайған қара нардай қайқы өркеш биік тұр,
Жаңа түріп жібергендей бас бұйдасын мойынға.

Сол биіктің шақыр-шұқыр тасын басып абайлап,
Өрмелесең, күдірейген өркеш тұсын маңайлап,
Қалақ тастан қалай-солай қалай салған көп төмпек,
Көре қалсаң - қоя берер жүрек сыздап, қан ойнап.

Сол төмпектің оңашалау жел жақ бетте шетіне,
Жата кетсең, аяқ созып, ақырғы рет есінеп,
Көкірегінде көптен түйнеп келе жатқан ет жүрек
Жүре берсе өз-өзінен сөніп, семіп, сетінеп.

Жан-жағында қыбыр-қыбыр көзге таныс тіршілік
Жон арқаңа жыбыр-жыбыр оттай ыстық нұр сіңіп,
Жатсаң, шіркін, жайбарақат, өткен-кеткен маңыңнан
Атыңды атап, бетін сипап, қойса, шіркін, күрсініп.

Тағдыр найсап тәйтiктенбей, тап осындай тапса ақыл,
Табылған іс болар еді-ау ол да, шіркін, мап-мақұл,
Қашанғы біз тозған доптай ойдан-қырға домалап,
Болмақшымыз борбайының арасында қақпақыл.

Жүрек неме сыр алдырып, сыздайтынды шығарды,
Еске салып өткен-кеткен қанбай қалған құмарды.
Оған бола өкінудің өзі де енді есерлік,
Ең дұрысы - есің барда күдер үзген сыңайлы.

Болды, болды - ендігінің бәрі дақпырт, бәрі өжең,
Түк те емес, тәубаң болса, таудай бақыт, дәрежең.
Қатпар-қатпар көкірегіңе бас сұғайын, тыншытшы,
Қайран менің Қаратауым - қатып-семген кәрі әжем...

1998.

...

Біздің ауыл мекені таудың күнгеі беті еді.
Шыжымдай аққан бұлақтың шөкімдей егін етегі.
Түрулі тұрған іргеден самиян самал еседі,
Қулық бие сүтіндей саумал аңқып кетеді.
Күлтеленіп бас жарған көк жүгері жайқалған
Көк теңіздей толқиды желді-күні шайқалған.
Сол жүгері ішінде қолдан үйген төмпек бар,
Сол төмпектің үстінде секеңдеген тентек бар.
Қолында - қыл сақпаны, сатырлай тиіп атқаны,
Шүйіле қонбақ торғайлар дүркірей безіп жатқаны.
Желпілдеп қос тұлымшақ, өзі де бір ұрыншақ,
Желіден қашып ойнаған желкілдеген құлыншақ.
Көлеңдеген етегі көбелек болып кетеді,
Көлеңке қуып жүргендей көлбең-көлбең етеді.
Сарт та сұрт тас атады. Сартыл қағып жатады,
Кейісі тиіп іргеме, кейісі тиіп үзікке,

Үйімнен безіп шыққанша таусылмайды шатағы.
Мен түйемін жұдырық, ол қояды жымыып,
Жанарында күн ойнап, езуіне нұр ұйып.
Білдірмей кіріп егінге, шөп жырса да, шегінбей,
Ту сыртынан бас салып, қапсыра құшып белінен,
Қадалсам деймін әй-шәй жоқ қызғалдақ қызыл еріннен...
Сездірмей барып шап бердім, шапалақ жедім, жалт бердім,
Бұлқынып ол да бұлт етті, көзінде бір шоқ жылт етті,
Ашу ма, жоқ па - білгім жоқ, ақ шабақтай ілгім кеп
Тағы да тарпа бас салғам, жалп ете қалғам шалқамнан,
Құлап түстім ұзыннан, жуып кетті қызыл қан,
Көк егіннің қияғы пышақтай тірсек қияды.
Қасыма келді жүгіріп, сөйлей алмай мүдіріп,
Жанарына жас шапшып, не істерін білмей кідіріп,
Сақ-сақ етті тісі аппақ, үстіме құлап құшақтап,
Аймалап кеп жылады. Құпия сырдың бұлағы
Лақылдай кеп төгілді. Жұбана алмай егілді.
Шөп-шөп етіп еріні, жарамды сүйіп еріді.
Аққан қан да тиылды. Айтусыз бақ бұйырды.
"Кешір, жаным, кешір", - деп, қиналды да қиылды.
"Міне, бәлем, алақай... Солай ма екен, балақай!"
Айқара құшақ ашып ем, өлердей әбден ғашық ем,
Көне кетті бұлқынбай, көбелек болып жұлқынбай
Өткен соң сол арасат, көзімізді ашып қарасақ -
Жайрап жатқан жапырақ, жаншылып қалған қалақай.
Тызылдаған қыжылы - көңілдің қанбас қызығы.
Көкіректен өшкен жоқ сондағы өрттің қызуы.
Орыны тұр әлі қызарып... біле ме екен мына жұрт
Жүргенін сүйткен қалқаның қай үйдің күлін шығарып?
1998.

ҚҰЗ БАСЫНДА ҚҰЛЖА ТҰР

Асқардың басын шуақтап,
Арнаның басын суаттап,
Арқасын нұрға сылатып,
Айдарын күнге бұлатып,
Сақалын желге таратып,
Шашасын жерге қадатып,
Шаңырақ мүйізін шалқайтып,
Алдыңғы бұтын алшайтып,
Артқы бұтын талтайтып,
Күбідей күпсек ұмасын
Күдірейте томпайтып,

Бұланай таудың басында,
Бұлағай бұлттың астында
Алдына ешкі шоңқайтып,
Артына лақ қалқайтып,
Күз басында құлжа тұр,
Бұтқа толып, зорға тұр.
Бір кезде ол да бұла-тын,
Құралай атты құла-тын,
Құйғыта шауып, жел қуып,
Жазатын қырда құлашын.
Ойнақтайтын, ойнайтын,
Ойынға тіпті тоймайтын,
Көлге қарай жүгіріп,
Шөлге қарай шұбырып,
Көк сағымға бойлайтын.
Жаз басында жамырап,
Күз басында маңырап,
Матауға түсіп, мажырап,
Өмірдің тойын тойлайтын.
Қимай дарқан күндерді,
Самиян самал түндерді,
Айқай салып ит жұмсап,
Қиқу салып құс жұмсап,
Жыраға қақпан құрғызып,
Жықпылға тұзақ ілгізіп,
Күндіз тозаң мінгізіп,
Түнде жарық сүзгізіп,
Шүріппе басып сығалап,
Құз-қияға қуалап,
Етпек болып қуырдақ,
Еліре қудық дуылдап.
Қаша-қаша сұм болды,
Көзден ғайып жым болды.
Құзға қусақ - жымысқы
Қияға өрлеп жылысты.
Шыңды жайлап үйренді,
Тас мүжіп-ақ күйленді,
Тасаға барып бас бұғып,
Оқ кезесең - қас қылып,
Иісіңнен танып қап,
Асқарға қашар алыстап.
Айқай тастың басынан,
Шыққан күннің қасынан,
Желге төсеп өкпесін,
Саған тосып бөксесін,

Төсінің алды далақтап,
Бұтының асты салақтап,
Ойында жоқ дәнеме
Қағанағы қарқ тұр,
Сағанағы сарқ тұр,
Ауызыңа аңқиған,
Маңдайыңа маңқиған,
Жерден қылмақ пәлеңе,
Көктен күткен дәмеңе
Қар аралас қақырып,
Мұз аралас түкіріп,
Жаңбырға қосып сарып тұр.
Бұйыртқанға кенеліп,
Бұйрықтыға теңеліп,
Жақсылыққа жарып тұр.
Құз басында құлжа тұр,
Құдайына ырза тұр.
Ентелесіп етекте
Көздерін сатқан көпекке
Шалқаяды қыр қылып.
Дүние оған қитығып,
Құс шаңқылдап, ит үріп,
Дүрбі салып дүрлігіп,
Қапысын табар шақ күтіп,
Мүлт кетпейтін сәт күтіп,
Зуылдаған бір-бір оқ
Бұта сайын тұр бұқып.
Аспанға қарап ауа боп,
Аңырған топта сауа жоқ.
Бар болғанды жоқ қылған,
Шарадай көзді шоқ қылған,
Дүние, саған дауа жоқ. **1998.**

...

Тіршілік қай күнде де құбылмалы,
Пенденің ине ұшында шыбын жаны,
Ұшпақ қой ұқпағанға сұм дүние,
Үн қылып ұнтақтайды ұғынғанды.

Естінің есесі еш, кезегі кеш,
Есерге ештеңе де кедергі емес,
Өмір шекті болған соң - бәрі шекті,
Шектен шықпа - деп Ұят берді кеңес.

Шектен шықпай, шеп бұзбай өткен тірлік,
Кеткен есе, еш еңбек - енді білдік.
Ұят салған ақ кісен аяқтағы
Күр қалдырды қызықтан кемді күнгі.

Өтер-кетер кемді күн бекер дәурен,
Елеңдетіп әр неге етер де әуре.
Әуре болмай, әуейі көңілге еріп,
Тыныш жүрген дұп-дұрыс екен бе әлде...

Не де болса, жетіппіз жер түбіне,
Кір шалдырмас кісілік серті, міне,
Күпірлікті көгендеп көңілдегі
Бірге алып кетерміз көр түбіне.

Пері жайлап алса да жердің жүзін,
Періштеден бетер боп келдім түзік.
Үйірсектік көрсетпей пейіште де,
Үркітіп ап жүрем бе үрдің қызын?..

1998.

...

Ел болмақтың орынына -
Бара жатыр ел іріп.
Ойланбақтың орынына -
Жүргендер көп еліріп.
Сахарада тудық па,
Сағымды көп қудық па -
Желпіл қағып шығамыз,
Етек-жеңді жел үріп.
Желпілдедік, желпіндік,
Шетімізден жел кіндік.
Ішті тесіп барады
Кемді күнгі еркіндік.
Еркін ойлау орынына -
Еліре сөйлер бейпілдік.
Аузымызбен тау жығып,
Тілімізбен жер тілдік.
Басқаны көрсек жағынып,
Бастасты көрсек қағынып,
Тұрамыз дау сағынып,
Жақыннан жау табылып,

Жақсы сөзге тарынып,
Жаман сөзге жарылып,
Жылтырды көрсек табынып,
Жылосқа ердік сабылып.
Мың жыл тұрып ұйымай,
Жүз жыл қайнап қойылмай,
Шашырадық, шашылдық
Құсқанбастың шоғындай,
Түзде шілдің боғындай.
Мәшурасынан мән кетіп,
Мәйегінен мәз кетіп,
Су шалаптай шылдырап,
Қу бұтақтай сылдырап,
Қара суық соққанда
Қаптай қашқан тағыдай
Ойдан қырға құлдырап,
Бұралқы сөзге бұлдырап,
Осынша аңғырт болардай
Осқырынған біздің жұрт
Бұ құдайға не қылды-ай?!

1998.

...

Қайдағы қайда жоқтан дау шығып жүр,
Қайраны бұл ағанның таусылып жүр.
Қаймана "ағайын" да қасқыр болып,
Қапталдан қармай шауып қаусырып жүр.

Көбейді көксейтіндер ызы-қиқы.
Көбінің көкірегi қиқы-жиқы.
Көбік у көміп алған көмейлерін,
Соны айтсаң - ой қысырап, бұзылды ұйқы.

Бұлқынып бұнша ғасыр бұқалықта
Әлі күн шыға алмаған бұлалықтан.
Бұралқы ой, бұзық сөзге бой алдырып,
Шырқ бұзса - шырқырарын ұға алып па?!

Сол жағын отырғам жоқ ұға алып мен,
Сондықтан, теріс жақтан шығарып дем,
Кері тартқан көткеншектен көп көсемдер
Бастамақ қалай қарай сыбанып жең?

Керек деп бәрімізге бақ пен бақыт,
Не шықпақ айқасқанда арды сатып.
Обал жоқ мынау елге, соны ойламай,
Жүрсе егер есерге еріп арам қатып.

Алаш жоқ ақыл табар алқаласып,
Жатқаны жаға жыртып жанталасып,
Кез келген қу жақ ертіп қутыңдасты
Болмай-ақ бес бересі, алты аласы.

Апырай, көрер көзге азады жұрт,
Шетінен пысығы арам, адалы қырт,
Айтсаң еш, айтпасаң кеш, амал құрып,
Жаныңды шарасыздық барады үгіп.

1998.

...

Жамыраспай, жағаласпай, жарандар-ай, тоқтаңдар...
Кеуде керіп, кеңірдек жыртып, көкіректі соқпаңдар.
Даурығысып, дәлірісіп, дәупірімсіп жүргенмен
Жасаған өзі әуелде бізді жаратыпты жоқтан бар.

Жоқтан бар қып әуелде бізді жасаған өзі жаратқан -
Жымиған ерін, жарқылдақ жанар, жайдары жылы қабақтан,
Қапыда тап боп, ғапылда сәт боп, бар болып содан кеткенбіз.
Көретін жарық нұр болып дарып, жадырап жайсаң таң атқан.

Жарқылдай күлсек, жадырап жүрсек - жан-жағымызға ұнар-
мыз,
Жадыра таңға, жайдары жанға, содан да, бәлкім, құмармыз.
Жүздегі күлкі, жанардың жылты сергігіп мұңды, серпілтіп түнді
Көңілді бірлеп, көсеге бүрлеп - көгеріп жатқан шығармыз

Қанағат білмей, қайғы іліп зілдей, зарлана берсең - арман көп,
Көрінер тіпті жер бетінде тірі жүргенің де жалған боп,
Түксиген қабақ, түнерген жанар тізгін алса түтіп жеп,
Етпей қоймас ақыр түбі қайтадан бізді бардан жоқ.

1998.

ШИМУРЫН (элегиялық балаға)

Ай далада екі үйді айқара түрген есігін,
Кештік-ау сол түн не күйді, ересектер кешігіп.
Той ма әлде аза ма - көрші ауылға кеткен-ді,
Ұзынсары күн батып, қытымыр қара кеш келді.
Төңіректе тірі жан көрінбейді, түн жым-жырт,
Көкжиекте қара дөң сең соққандай тұр мүлгіп.
Қутындаған Құтаяқ - о да кеткен жиынға,
Оңаша қалдық ұл мен қыз - іс айналды қиынға.
Батыс жақта қыз үйі - уыздай аппақ үзігі,
Шығыс жақта ұл үйі - күмбірлеген уығы.
Қыз қарайды іргеден түнерген тұнжыр тұз жаққа.
Мен қараймын іргеден абыржыған қыз жаққа.
Ол да отыр қиналып, мен де отырмын ұялып,
Қаусыра түсті қараңғы қара тоны шұбалып.
Қалындай түсті қараңғы, көбейді көңіл алаңы,
Жым-жырт түнде сәл сыбыс селт еткізе қалады.
Ауылдың сырты шілік-ті, шығарды шілік бүлікті,
Сол жақтан сыбдыр көбейіп, күшейте түсті күдікті,
Шіліктен әрі сор еді, аумағы да зор еді,
Жайлайды дейтін сол сорды шимұрын - қан қорегі.
Қашады дейтін жылқыдан, сасады дейтін төбеттен,
Босады дейтін шимұрын тарықса аңсар қоректен.
Табылмаса қорегі - ауылды торып кезеді
Табыла қалса қорегі - арқаға салып безеді,
Дейтін сөз түссе ойыңа, аяз шапшыр бойыңа,
Түршігіп денең кетеді, мұз тыққандай қойныңа.
Шілік жақта сыбыс көп, басқа жақта дыбыс жоқ,
Отырмыз бір уыс боп, тығыларға қуыс жоқ.
"Қалайсың?" - дейді қиылып, "Отырмын", - деймін, - бұйығып".
Барады жүрек жиі ұрып, барады сабыр сұйылып.
"Бері кел", - дейді қысылып, "Жарайды", - деймін түсініп,
Түндігін үйдің түсіріп, зәремді түн ұшырып,
Есігін зорға тапқаным, ентігіп әзер аттадым,
Босағадан аспадым, төрге қарай баспадым.
Түрінің көріп аппағын, сұсының көріп қашқанын,
Немене болып қалды деп, қаралай әбден сасқаным,
Жалма-жан оған ұмтылдым, "жолама" деп жұлқыңды.
Тежеп тентек құлқыңды, кеуде тұсым бұлқыңды,
Томпайтып алып ұртымды, бере алмай қызға сыртымды,
Томсырайып мен тұрмын, тымсырайып ол тұрды.
Сырттағы сыбдыр көбейді, көз шарасы кеңейді,

"Қорқамын", - дейтін қыз шіркін "қасыма кел" демейді.
Құлақтың түбі күңгірлеп, барады дүние дүбірлеп,
Бірдене деймін мінгірлеп, бас шайқады ол дірілдеп.
"Қорықпа" деймін ұмсынып, "жоқ-жоқ" дейді ол қымсынып,
Екеуміз дір-дір етеміз, кеткендей боп ұшынып.
Молайды сырттың дүсірі, зәрені әбден ұшырды,
Шыр айналып шимұрын үй торып жүрген сықылды.
Дүңк-дүңк етіп барады, дүсірі құлақ жарады,-
Діңк-діңк етіп сұмпайы келмесе кіріп жарады.
Қыздың қашты тағаты, шама жоқ кірпік қағатын,
Жас шылап көз шарасын, жыламсырап қарасын...
Жүгіріп келіп тағы да, бауырыма сұғынды,
Үрей мен бақыт бір тап боп, сандалтты сана-ұғымды.
Құрып кеткір шимұрын үй торып солай жүрсе екен,
Қалш-қалш еткен қалқатай құшаққа әбден кірсе екен.
Атпай-ақ қойсын таңы да, шықпай-ақ қойсын күні де,
Тұрса болды осылай өң мен түстей дүние.
Жүрек дүрсіл қағып тұр, құлақ бітіп қалыпты,
Әзер-әзер естідік сырттан шыққан дауысты.
Қалып едік жабысып, қойып едік табысып,
Ажыратып жіберді-ау әңгірлей шыққан таныс үн.
Кәукілдеді үлкендер, әуілдеді Құтаяқ, пысқырынды аттар да,
Қалт-құлт еткен тәуекел ала жібін арманның аласұра аттарда,
Төрге қарай ол қашты, мен есікке жармастым,
Сол қапия қара түн өкінішке жалғасты.
Қойсайшы тағдыр бұйрығын, жеңгетай болған шимұрын
Ат дүбірін естіп, зығып берген сор жаққа, шолтаңдатып құйрығын.
Әй, жексұрын шимұрын...

1998.

• • •

Далиған, қайран, далам-ай,
Жиылмайды-ау етек-жең.
Аңғал өскен баладай
Құқай көрмей бөтеннен.

Қиырдан қара көрінсе,
Шауып барып таныстың.
Бұрылуға ерінсе,
Шаужайына жабыстың.

Көсілте жайып төсекті,
Көлкітіп қазан асқаның.
Білмейсің өзге есепті,
Тойдырсаң болды басқаны.

Мейманның мұрты майланса,
Шырадай көзің маздайды.
Бел шешіп, әбден жайланса,
Әңгімең шоқтай қоздайды.

Айтатын кеп жетеді,
Изесе болды иегін.
Бәрі де иіп кетеді
Алпыс екі жүйенің.

Қонуға ыңғай білдірсе -
Ұсынасың төріңді,
Жүруге ыңғай білдірсе -
Ақтарасың теңіңді.

Иыққа жауып, белге орап,
Ұстатасың қолына...
Артынан қол бұлғалап
Аттандырасың жолына.

Қимасыңдай қия алмай,
Қиыла қарап қаласың.
Өз төріңе сия алмай,
Іргеден жол шоласың.

Қылтиса қырдан қарайған,
Құдайдан тағы құзыр кеп,
Шығасың шауып тағы алдан,
Қырықтың бірі қызыр деп.

Қызыр да әбден көбейген
Түз кезетін сескенбей.
Ғайып перен қырық шілтен
Түгел босып кеткендей.

Отырдың ақыр тақырға,
Тұлдырланды ірген де.
Айналдың өзің пақырға
Айнала жат боп бүргенде.

Шідердей ирек иір жол
Тірсегіңді кесті енді.
Кісендей суық темір жол
Қиып түсті бөксеңді.

Шұбаған баған тұздегі
Мойыныңнан ілді тұзаққа.
Жан-жақтан қара іздеп ең -
Қуып тықты тозаққа.

Босағаңнан бас сұғып,
Төріңе шығып тапсынды.
Жағаңнан мытып тас қылып,
Қуырды әбден апшыңды.

Қуарып қапты піспегің,
Құлазып қапты көгенің.
Ірің бопты ішкенің,
Желім бопты жегенің.

Далаңбай менің далам-ай,
Дәнің ұшқан, қауызың - бар.
Ақымақ болған баладай
Аңырайған ауызың бар.

Аңырайған сол аузың
Аңқаюмен өте ме,
Нұқығаны заманның
Аз болды ма шекеңе?!

1998.

• • •

Шалқыған кеше төре бүгін ғарып,
Жүр дей ме мына заман тілімді алып,
Сырымнан сыпсыңдайды сыншы ағайын,
Онсыз да тұр жүрегім сығымдалып.

Барады сығымдалып ет-жүрегім,
Бұл құлақ не сұмдықты естімедің?
Тәңертең жазық жатса қас-қабағым,
Жабыңқы жауар бұлттай кешке реңім.

Күйініп күлдей болып келем үйге,
Ұғатын бір пенде жоқ, мен не күйде?
Өкпені өсекке орап бұрқыратып,
Өлеуреу де өнер ме, япырай, - бұл не?

Ес болса, есе қайда, намыс қайда,
Жалына замананың жабыспай ма?
Тарланын тәуекелдің таңдап мініп,
Әркім өз талайы үшін алыспай ма?

Есесін кім қайтарар ерінгеннің,
Телміріп езуіне көрінгеннің,
Жеті мүше сау тұрып, сауға сұрап,
Сандалардай қайдағы көрім келді?

Апырай, қайдағы бұл көрім келді,
Жыбырлап жоғарғы еріні, төменгі еріні,
Баққанша бақырайып басқа ауызды
Бел буып төкпей ме екен маңдай терді?!

Неғайбыл арам дәулет басқадағы
Қызғаншаққа ақ адал ас болары.
Өнбесті ойлап, келмеске келеке боп,
Кеше ғана кешпеп пе ек масқараны?

Қиын ғой, кетсе ақылды кесір билеп,
Жармасып бір-біріне тілін түйреп.
Онсыздағы тағдырдың тар соқпағы,
Иттің дәрет ізіндей ирек-ирек.

Аз болғандай арттағы сол бұралаң,
Көп бүгін де із баққан, қол бұраған.

Көз сатқандар жем болып сөз сатқанға,
Көп бөскенге құл болар көп жылаған.

Сөз азайтпас шер менен шемендерді,
Көбейтпесе көңілде көбеңдерді.
Пақыр жұрт қой аңсайтын батыр, ерді
Кемел ел керек қылмас кемеңгерді.

Шіркін-ай, бола алсақ қой біз де сондай,
Баба бағын байлаған ізге қонбай,
Көз жасы емес, көк терден көл жасасақ,
Көктемгі бақ тұрар ед күзде солмай.

1998.

АЛПЫСҚА АЯҚ БАСҚАНДА

"Алпыс, алпыс" дегені осы ма еді,
Қалтаңдаған талтақ бұт мосы ма еді.
"Бір кең сарай" деп жүрген дүние шіркін,
Құлазыған қойшының қосы ма еді?

Жайнақтаған жаз жайлау көшкені ме,
Ойнақтаған от дәурен өткені ме.
Көкжиекті бұлыңғыр мұнар қымтап,
Күңгірттеніп күз шіркін жеткені ме?

Бұлтарғанға қоймас ол ұрынған соң,
Құла дүзге көшкендей Қырымнан соң,
Белгілі ғой келешек, көштің басы
Көң сасыған қораға бұрылған соң...

Не болыпты бізге оны ұқпастай боп,
Өте шықты дүние түскі астай боп.
Сумандаған суырдай сусыл жылдар,
Інге кіріп алмақшы шықпастай боп.

Басы қылаң дүниенің соңы шылаң,
Жан мен тәнге салатын талай лаң.
Бұлғақтаған бұла күн өткеннен соң,
Көзден бұл-бұл ұшады былаң-сылаң.

Былаң-сылаң өткенмен бұл антұрған
Тірлік дейтін түртіншек лаң тұрған.
Қай-қайданы еске сап елегіздіріп,
Арт қимамай, алдың қинап, алаң қылған.

Қиналғанға қыңқ етпес қиын дәурен,
Былтырғыдай бола алмас биыл дәурен.
Дәме безіп, дәт бекіп, көңіл мұқап,
Беймәлімге бой ұрар тиылды әурен.

Осы болар ойсырап тоқтасқаның,
Опыныш ошағынан от басқаның.
Қашық емес қасына көшер күнің
Көктебеде көлбеген көп қасқаның.

Біз қалмасақ, қалмайық - дүние қалсын.
Бізден соң да талайлар күйіп-жансын.
Арман қуып, арды ойлап, алас ұрып,
Аймаласып, айқасып, сүю қалсын!

Бәрі қалсын тірліктің, бәрі қалсын,
Барар жерге алдымен кәрі барсын.
Жаратқанның жарлығын екі етпейтін -
Жарық күнді қимаған әні қалсын!

1998.

ТҮС ПЕН ЖОРУ

Алпысыншы жылдар. Жазушылар Одағы. Үшінші қабат үстегі.
Сол жақ қанат. "Қазақ әдебиеті". Қоңыржай бөлме түптегі.
Алпамса ақын. Талдырмаш сыншы. Тамақ үсті. Түс кезі.
Екеуара әңгіме. Сөйлеген бала. Тыңдаған жігіт.
Көлгірсіген ешкім жоқ.
Көңілдің көлін ит жаламаған. Мінездің де тік кезі.
Сондағы мынау айтылған гәп бүкпесіз:
Созылып кеткен соғыстың сорығып біткен көз жасы,
Сор маңдай со жаз, со қысты ұмытпаспын өз басым.
Маңғыстау маңғаз маңдайын көк теңізге тірейтін,
Шап беріп ұстап шаужайын көк өгіздей ірейтін.
Үшкіл түбек үскідей ұшынтып кірер ұшында,
Үш аппақ қия - үш дүлей - үмсына тоқтар тұсында:
Шыттай аппақ Шытша мен Өнез жұққан Өнеже
Едірейген есердей еңгезердей Ембіге
Шыбындаған жылқыдай шұрқырап барып бас ұрар
Өкпе тұста өлкейек созыла біткен Қапы бар.

Аждаһаның аузындай айқара ашып аранын,
Көк желкеннен төнетін күдірейтіп қабағын.
Сол Қапының езуі - үріккен жылқы сияқты үйме-жүйме әулие.
Қай кезде қалай орнаған қай шайхы, қай әмбие -
Шаруам не - шалдықтым, шарапатынан дәм еттім,
Арып-ашып бардым да, аруағына тәу еттім.
Көне қорым... Күнтейде көне сайғақ күн жеген...
Жылт-жылт етіп тал шырақ маздап шықты түнменен.
Арқардың арса мүйізін айқара құшып алдыма ап,
Ақар-шақар тауларға қараумен болдым абдырап.
Ұшпа таудың басынан, жоқ үрейлі үңгірден,
Айдын сордың қасынан, жоқ құмайттан - кім білген,
Шу-шу етіп бөрі ұлып, шәу-шәу етіп түлкі үріп,
Селт етпейтін секпіл тау сездіріп бақты мың құлық.
Ши бөрі шулап, айлы түн, аңылжыған кеңістік,
Қапталдан қалың бұтаны қаптатады "неміс" қып.
Шырқ айнала қоршап ап, "қолыңды көтер" дейтіндей,
Көтермесең қолыңды, көтеріп ұрып жейтіндей...
Зәрем қалмай барады зәнталақ мынау елестен,
Ай даланың аңынан адам жаман егескен
Бұндайды кім ойлаған, бұндайды бұрын кім білген,
Құлақ шулап барады абыр-жабыр, күңгірден,
Атып тұрып орынымнан, жөнелер ем алысып,
Белден тартқан мешелдік жібермейді жабысып.
Мешел аяқ... Құяң бел... Аш-жалаңаш мешеу күн.
Қарсы алам деп тап болды жұмыстан қайтқан шешемді.
Жалаң аяқ жүгіріп көбік қарда көктемде,
Тобанаяқ боп қалдым, қабыныпты өкпем де.
Мешелаяқ мелшиген... Аш-жалаңаш мешеу күн
Шығартпай қойды шетіне шұбалған дерт-кеселдің.
Сол түнде де көзіммен көрер таңды атырдым,
Қалғып кетсем-қас біреу қара саннан ойыққа мұздай суға
батырды.

Шаққа жеттім шалғайда шаңға бөккен шатпама,
Шалқалай түсіп сұладым, жаныма дерт батса да.
Айқасыпты кірпігім, ұйықтап кеткем "құр" етіп,
Үй сыртында кісі тұр... көкшіл шапан, ...сұр етік...
Бып-биязы күлгені... Оң жақ үзік түргені...
Шып-шырайлы жанары... Шырадай маздақ нұрлы өңі...
Көзін маған тіктеді... Көңілін де бүкпеді...
Жыбырлатып саусағын: "Келіп кет, бері шық!", - деді.
"Бері кел, - дейді, - балақай" "Шығып кет, - деді,- сұраймын.
Қорықпа, - дейді, - қошақан! Мен келіп тұрған құдаймын."
"Құдай-ай!", - дедім барлығып, қалыпты даусым қарлығып,

Шырт ұйқыдан ояндым, уайым-қайғы қалды ұмыт.
Қарғып тұрдым орнымнан, атып шықтым есіктен:
"Кешіре гөр, тәңірім, шақырғанда кешіксем!" ...
Айдалада қараша үй, маңайында жоқ ешкім,
Күлімдеген күн көзі дейтіндей: "Елес емеспін!"
Әлгі бір нұрлы биязы өң күн болып көкке шыққандай
Көтерілді көңілім - аянын хақтың ұққандай.
Содан, міне, келемін, қара жерді нық басып,
Белгілі әлі сол түстің өлмей естен шықпасы.
Айтқанымда бұл кепті марқұм Мұқағалиға,
Қоңыр даусы күмбірлеп, қайтарып еді кәлима.
"Байқа, - деген, - бауырым... Түскен ғой көктің назары...
Сарқылмас, - деген, - сауығың... Баянды екен базарың..."
Көлдария көкем ғой... Тарылмайтын сағасы-ай!
Жоруың жақсы екен ғой... Аузыңа май, ағатай!

1999.

...

Тауық тағы таң атпай айқайлады,
Тарап кетті тәтті ұйқы балқаймағы.
Көзімді ілмей төсекте дөңбекшимін,
Түседі де ойыма қай-қайдағы.

Үлкейгем бе, күніне жүз ойланам,
Ажал шіркін кіжінген ұдай маған,
Жебеп бақты әрдайым ата-бабам,
Оң қарапты әуелден құдай маған.

Құдай маған әуелден қарасқан-ды,
Қарасқасын - тірлікке жарасқамды,
Жараспасам - шалқайып жүрер ме едім,
Тастайтындай төңкеріп бар аспанды.

Жүрер ме едім шіреніп, басқа болсам,
Соры аумаған маңайдан қасқа болсам,
Жетер ме едім бұл күнге, жетпес пе едім,
Жауқазындай жайнамай жастай солсам.

Солатындай басымнан шақ өтіпті,
Алды-артыма қара ертпей, тақ етіпті.
Бұл дүниеден із-түзсіз өтер ме едім,
Сабырымды сарқылмас саба етіпті.

Сабырымның сабасын сарықпаппын,
Сабырға еріп ақ жүріп, анық бастым.
Сағат сайын санамды сабыр билеп,
Ауыз ашсам, "сабыр" деппін, жалықпаппын.

"Сабыр!Сабыр!" - айтарым сасқанда да,
"Сабыр! Сабыр!" - айтқаным тасқанда да .
Сабырды ойлап, сақ жүріп, сақтап қалған,
Тағдыр талай құрылған қақпаннан да.

Сасқанда да сақтаған сабыр, сабыр...
Тасқанда да сақтаған сабыр, сабыр...
Сабыр сақшым болмаса, кім біліпті
Әлдеқашан жұтар ма еді аран қабыр.

1999.

...

Дәл есімде: ол жылы сегізде едім,
Үйге сыймай жаз бойы елегізгенім.
Көз ашсам, көк жиектен көш іздеймін,
Түсінбеймін әлі күнге - неге іздедім?

Шет кеттік, мен бесікке түспей тұрып,
Әкем де өткен, соны ойлап, іштей құрып,
Үлкендер артта қалған ауылды аңсап,
Дастан қылып шертетін бітпейтұғын.

Біреу келсе ойда-жоқ ол тараптан,
Ата-бабам аңызын мол таратқан,
Керуенші кешігіп келмей қалса,
Ертелі-кеш еңкейіп жол қаратқан

Ол жылы да етердей бізді есалаң,
Керуенші кеш келді күзге таман.
Жетпей қоймас деген ғой мұрадына
Көңілдегі күдерін үзбесе адам.

Арман қылған жаз бойы алас ұрып,
Мінгесейін артына қалашының.
Мимырт басқан түйеде қалғып келем,
Көзге-басқа қонақтап қара шыбын.

Қара шыбын күн бойы ызыңдайды,
Көшбасының көйгөйі бұзылмайды.
Изең-изең жүрістен жалыққанда
Құрт жегендей құйымшақ тызылдайды.

Бара жатыр бозарған дала қалып,
Сазы кеуіп сазарған сала қалып,
Иретілген иірмек көш келеді,
Сегіз жасар сергелдең баланы алып.

Сегіз жасар сергелдең нені іздейді,
Көншітетін көңілді жөн іздейді.
Бабаларым жайлаған жер іздейді,
Бауыр аңсап балқыған ел іздейді.

Сегіз жасар сергелдең сенделеді,
Көз алдына көлбеңдеп ел келеді.
Еміс-еміс естіген елесті аңсап,
Желбеңдейді, жас көңіл желденеді.

Иірмек көш изеңдеп күн асады,
Түтеп тұрған түнеріп түн асады.
Бұйдадайын шұбалған бұралаң жол
Ұлан ауру сықылды ұласады.

Ұласса да, сабырды сарықпайды,
Сағыныштың тарланы тарықпайды.
Самарқаулау сары атан өркешінен
Қыран құсы қиялдың қалықтайды.

Самарқаулау сары атан көш соңында,
Сарнап жүрген сары сона өш қомына.
Маса талап тастаған масаң бала
Маужырасын мамыра кеш соңында.

Маубас бала мажырап маужырасын,
Жұлдыз көмген түнгі аспан жаудырасын.
Ай батқанша аялсыз келе атқан көш
Аяң үсті көз жұмып қалжырасын.

Қалғиды көш - Қаратау солда қалсын,
Шаңқан орда Қамысбай оңда қалсын,
Қарақұдық алдынан қарғын орған
Ишан кеткен аран сай соңда қалсын.

Жадау керуен жабыссын жал басына, -
Көзден ұзап кетердей болғасын ба? -
Әлдеқайдан шуылдап ши бөрі үрсін,
Жұрт селк етсін - бір мызғып алғасын ба...

Селк етсін де, издесін бірін-бірі, -
Бұл қырсыққа қай сайтан іліндірді? -
Соңғы түйе үстінде ешкім де жоқ -
Жер жұтты ма ол мойыны жұлынғырды?

Абыр-сабыр болсын да, издесін кеп,
Бірін-бірі жетелеп түзге сүйреп.
Ай батқан соң айдала су қараңғы,
Көз бітелген көш салған із кесуге.

Жар жағалап, аяқты еппен басып,
Сенделген жұрт, естері кеткен қашып.
Арғы бетте шоқ-шоқ от жылтырайды,
Ши бөрі жүр - ғапылдан еткен нәсіп.

Көшбасының көзіне сол іліксін,
Иықтағы мылтықты бір сіліксін.
Тарс еткен де - бақырып сайдың түбі,
Оқыс үннен ойсырап, жұрт үріксін.

Үріксін де, сай жаққа жүгірсін кеп,
Түнек құзға биіктен үңілсін кеп,
Дауыс берсең - жауап жоқ. Тас қараңғы.
"Аман болса жарар", - деп түңілсін көп.

Түңілердей мен сонда жайда екенмін.
Аш бөрілер аңдыған сайда екенмін.
Ши бөрілер кешірек шуылдаса -
Бір құдайға белгілі қайда екенім...

Қарғын жүріп, бір кезде ишан кеткен
Сол аран сай бүгін де жермен жексен...
Менің ғана кеудемде сол бір аран
Жұтып қоятындай боп жатыр көптен.

Елсіз сайдың ен бойы толы аң болған,
Тағы аузына тап қылмас тобам болған.
Кейін білдім - күнгей жақ қара дөңге
Мәңгілікке мекің ата-бабам қонған.

Қамыспайды қала қып самсап жатқан
Аруақтар мені аяп, қам сап жатқан,
Қағып алып қанды ауыз қасқырлардан,
Жарамды да жазыпты қан саулатқан.

Ұйықтамаппын мен сосын үш күн, үш түн,
Ісіп кеткен күлбіреп күп боп үстім...
Содан аман келемін, аруақ қолдап,
Құздан құлап талай мен, көкке де ұштым.

Бұл дүниенің ғапылын мол аңғардым,
Сонда да ұмыта алар емеспін сол аңғарды.
Жым-жылас боп жер жұтып кеткен сайда
Қазылмаған менің де молам қалды..

Еске түссе, ет жүрек сығымдалып,
Өткен күнге қайтемін бүгін налып,
Таусылмаған сол түні жарығымның
Атып тұрса бір таңы күлім қағып.

1999.

•••

Әлділер де туыпты,
Әлсіздер де туыпты.
Әлін білмес әлектер
Әр дауды бір қуыпты.

Әлдіге де жан керек,
Әлсізге де жан керек,
Әлін білмес әлекке
Әйтеуір бір лаң керек.

Әлділер де ұғысты,
Әлсіздер де ұғысты.
Әлін білмес әлектер
Әркіммен бір жұлысты.

Әлді де оттан үрікті,
Әлсіз де оттан үрікті.
Әлін білмес әлектер
Әр отқа май бүрікті.

Әлді де тастар жалғанды,
Әлсіз де тастар жалғанды,
Әлін білмес әлектер
Әуреге салар қалғанды.

Әлдіден де көз қалар,
Әлсізден де көз қалар.
Әлін білмес әлектен
Әрпіл-тәрпіл сөз қалар.

1999.

•••

Бұл дүниеге қай ақымақ келеді деп ең сұранып,
Көрер жарығың - көрпе астында көңілшектіктен түскен бұқалық,
Аяр тағдыр, айда, сосын екі тепкі, бір қамшының астына ап,
Ойдан-қырға шапқылатар ойран-ботқанды шығарып.

Өзге желік жаратқан соң жарылқай қоймас өзге ерік,
Көрге түспей көз ашылмасын келе жатыр көз көріп.
Өзінді өзің туа алмайсың, өзіңе де бітпей өз көңілің
Өкінумен өте шығарсың, кетпесе дүние өзгеріп.

Өзгере қоймас... Өмір саған қаптырмай тынбас өмірем,
Тула мейлің тұлыныңды тұтып, елжіреп мейлің емірен.
Тас бауыр тағдыр тас шайнатып, талақты тарс айырып,
Табанға салып, тапап, таптап, тайып тұрар жөніне.

Көнесің бе, көнбейсің бе - көкешім, осы көресің...
Не өндіремексің өзеурегенде - өл деген күні өлесің,
Өзіңді өзің тумаған соң, өзіңді өзің, өлтіріп не мән табарсың.
Өз мойныңды өз қолыңмен өзгеге жұлып бересің.

Ей, аласұрған адам пақыр, осындай сенің көресің...
Көресің солай... Көнбесең де, көнесің.
Көнгенмен, бірақ, көкейде жүрер бір мақсат:
Озбыр тағдыр таяғына жықса да, аяғын құшпай өлесің.

Айтары оның, сен де мендей бетқаратпас безер бол,
Кездескенді кесірткедей тапап, кенедей жайпап езер бол.
Түйетінің бұдан: сергелденіне көнсең де, семсерін алма қолына,
Өзгеге қорлық қылмас үшін өзің қорлыққа төзер бол.

Төзбес болсаң, төбелес іздеп, жеңдет боп сен де кеткенің,
Өштестік уы жегі боп жеп, жемтігің боп - жеткенің.
Әділет азу қайрар болса, әбілет болып кетпекші,
Адал жүрсең - арман боп алдың, өкініш - болмақ өткенің.

Ей, бауырым-ай, қай дүниенің де - тозақтың нағыз түнек төрі,
Тірлік деген - жәй әншейін есігіне кірер өткелі.
Серуен құрып, серілік қылар сейіл бағы деп пе едің?
Ендеше, бауырым, орыны жоқ өкініш пен өкпенің.

1999.

...

Өктем түспек өзге ықпалы өзеурегенмен өзім деп кіл,
Өз қолыңмен өз мойныңды буыңдыра салар өзге пиғыл.
Ешкім де жоқ бұл дүниеге өзі кеткен, өзі келіп,
Таптырғанды өзге желік, сап қылмақшы өзге ерік.

Өз қолынан келер азға өзге пейілдің берері аз,
Сосын қайтып бола қалмақ пенде риза, дүние мәз.
Арман-адыра, мақсат-мақұрым, ой-опасыз, көңіл-запы,
Туу-бекер, тұру - мәнсіз, өлім-аян, өмір - ғапыл.

1999.

• • •

Біз туып, жер басқалы апыл-тапыл,
Мүйіз дескен дүние сатыр-сатыр,
Қиянкескі қымқуыт түрін көрдік,
Орнамады демесең заман ақыр.
Өтті-кетті балалық жалап-сұқтап,
Өлдік-өштік, күн кештік жылап-сықтап.
Жастық өтті жаутаңдап жалтақ-жұлтақ,
Егделікті еңсердік қалтақ-құлтақ.
“Бітті заман, - деп жүрсек, - етекбасты”,
Қақсал уақыт қайтадан етек шашты.
Қайта қаулап барады апыр-тапыр,
Қайырылар ешкім жоқ - өкір, бақыр.
Қолдан қағар табылмас - опыр, жапыр.
Сарапшы жоқ - тантықты судай сапыр.
Тәртіп тұл, тәр адыра, тәрік үстем
Ертелі-кеш жер мен көк шатыр-шатыр.
Ол емес қаһар төккен Исырапыл,
Шарт та шұрт шатақтасқан шәртік-шапыл.
Бодандықта боз өкпе кілең пақыр,
Бостандықта өпірем өңкей батыр.
Бас іздеген балталар шақыр-шұқыр,
Тақ іздеген бөкселер тапыр-тұпыр,
Бақ іздеген шеңгелдер сатыр-сұтыр,
Жақ іздеген жылпостар жапыр-жұпыр,
Билік қуған даңғойлар арсыл-гүрсіл,
Айқас, айтыс, анттасу апыл-құпыл.
Жұт қыстың бөрісіндей шуылдасып,
Өршіп кеткен үнде саңқыл, көзде жарқыл.
Қарақшылар қосындай олжа үлескен
Өлеурескен күнде қаңқыл, түнде сарпыл,
Ши бөрідей жабылған жабағыға
Ауыз арс-арс, азу тіс сақыр-сақыр.
Талай баба қан кешкен арман көріп,
Талай ұрпақ баз кешкен жалған көріп,
Тәуелсіздік абайсыз қалған келіп,
Ел орынына елірген егес көріп,
Өпірем көмей, өлермен өңеш көріп
Қайда тап болғанына айран-асыр.
Күйкілікті күйттеген нәпсі емес,
Ынсап жеңбей, тиылмас бұл сұрапыл.
Жағаласқа сарп боп көрер жарық,
Өңмеңдеумен өтер ме дүние ғапыл?!..

1999.

•••

Жерде атыс. Тарс-тұрс. Құстарға да оқ тиеді.
Көшеде айқас. Сарт-сұрт. Жайрағандар сүйегі.
Үйде егес. Түзде төбелес. Қалшылдаған иегі.
Шіркін дүние қым-қуыт. Білегі көкке білеулі.
Еліріп алған ес шіркін білмейді өзге тілеуді.
"Төбелес", - дейді. - "Төбелес!" Төбелестен өңге жөн емес."
"Ерегес", - дейді. - Ерегес. Келмесе болғың келемеш."
Күрес, - дейді, - өмірді. Тыныштық, - дейді, - өлімді.
Өлу үшін буып белінді, өтесің аңсап көмуді.
Тап келгенге төнуді, шап бергенді жеңуді,
Қайтарам деп кегінді қара көрге енуді.
Қара жер тапап төсінді, қайтарар әбден өшінді -
Тияр ең сонда бөсуді, жияр ең сонда есінді.
Есіңе түсіп не сұмдық, өзінді өзің шошынтып,
Табар едің сабаңды, ұстар едің жағаңды,
Таныр едің тобаңды, талқандап бұзып молаңды,
Шығып қайта жарыққа: "Сап-сап!", - дер едің халыққа.
1999.

•••

Заманға айтпай, маған айттың бар зәріңді, ақын дос,
Тепсінісіп шығатынға, - дедің бе екен, - тақым бос,
Тепсініскен бабаларың тентіресіп кеткен-ді,
Ойқастамай, ойласайық, одан да, бауырым, ақыл қос.

Ей, бауырым, мен де өзіндей жұмыр басты адаммын,
Сен сияқты мен де емгенмін аппақ сүтін анамның,
Сен сияқты мен де далмын ертеңін ойлап баламның,
Сен сияқты мен де аң-таңмын кей ісіне заманның,

Мен де өзіндей қырда туған қара борбай қазақпын,
Мен де өзіннен кем тартқам жоқ кермек дәмін азаптың.
Сор тұзақтың торын әлі түгел сыпырып болғам жоқ,
Қуанғанмен туды ма деп қазақ үшін азат күн.

Ей, бауырым, мен де өзіндей басы қатқан пендемін,
Пенделікті мен де өзіндей әлі күнге жеңбедім.
Пенделіктен қамығамын құмға сіңіп, тәрік боп,
Кете ме деп өмір бойғы өзек үзген еңбегім.

Ей, бауырым, мен де өзіндей көп нәрсеге аң-таңмын,
Ашу буып әзер сиям кейде ішіне қаңқамның,
Аң-таң болып аңырғанды айдалаға лақтырып,
Кеткім де келер кесір дүниені біржолата талқан қып.

Талқандайық, ешкімге де керек болмаса бұл жарық,
Талқандайық, талқанына болар екен кім қарық?
Талқаны шыққан тұл даланы талақайға салғанда
Болмаймыз ба бәрісібір сен ғарып та, мен ғарып.

Таусылмайды шамалы да бұл ыза мен бұл арман,
Орнағанша қу далада жайқала өскен ну орман,
Ол үшін тек балтаңды алып бәйтерекке кіжінбей,
Жөн шығар-ау қауғанды ұстап өз шыбығыңды суарған.

1999.

ТҮНГІ КӘЛИМА

Жарық өшті - қараңғы көмді жалғанды,
Тәубәңа кел - ұмыт қиял, арманды.
Әніңді тый көйкөйлеген зарланды,
Өкіне бермей көксеп өткен -кеткенді,
Қанағат қыл қалғанды.

Қайдан білесің - серпіле қоймас бұл түнек,
Дәуренің, бәлкім, біткелі тұр ма сетінеп,
Осы түнде кетерсің, бәлкім, шетінеп,
Құтыла алмассың бұлқынып,
Қорқыта алмассың жұлқынып,
Көз сұғын безеп,
Тырнағын кезеп,
Төбеңнен төнсе
Ажалдың тажал бұлты кеп.

Бостан-босқа көзіңнің жасын бұла қып,
Кетпеймісің қай-қайдаға лағып,
Алаға қояр бар ма еді соңғы сұрағың,
Аладан не еді ақырғы рет сұрарың?

Алаға сонда ақырғы қояр сұрағым:
- Қала ма орынында мына жер мен мына күн?
Аладан сонда ақырғы рет сұрарым:
- Қалса орынында мына жер мен мына күн,
Жалынамын, жаппар ием, өзіңнен,
Қарағайсың шарапатты оң көзіңмен
Қасіреті асқан қасқа маңдай қазаққа,
Көнтері боп көндігіп алып азапқа,
Көншімей жатқан көңілі бостан азатқа,
Ұшырата көрме масқара мен мазаққа,
Саппастардың сөзіне ертіп сабылтпа,
Тантықтарға ерітіп,
Әумесерлерге табынтпа,
Тапсынтам деп жүріп,

Тап қылма қайта тамұққа,
Қанағатты білгізбей,
Қағынан жерінтіп, қағынтпа,
Бекіткенше буынын нық,
Ұстата көр туын тік.
Соған кәміл сеніммен
Кетуге жазса, дәл қазір.
Қорықпаймын өлімнен.
Тәубә, тәубә, уа, тобам!
Тәубә, тәубә, жасаған!
Тұрса бекем туған жер,
Болса есен туған ел,
Қалса бүтін тұяғым, -
Тұрса түгел босағам, -
Осы ғана өзіңнен
Жалбарынып сұрарым,
Құдіреті мол құдайым!
Бисмаллаһир рахманир рахим!
Құл Нула Аллаһу ахәд.
Аллаһус сәмәд.
Ләм йалид, уә ләм йулмәд,
уә ләм иакул ләһу кфуән ахад.
Қул ә 'узу би раббил фәләқи
Мин шару ма халақа,
Уә мин шару ғасиқин изә уақаба,
Уа мин шаррин нәффәсәти фил' уақади,
Уә мин шарри хасиддин иәә хасәд
Бисмиллаһир рахманир рахим!
Кул ә' узу би раббин нәс, мәликин нәс,
Иллаһин нәс,
Мин шаррил уәсуәсил
Ханнасил ләзи иуассуйсу
Фи судурин нәси
Минл жиннәти уән нәс.
Әумин!

1999.

АҚШ ҒИ

Дүрүнөлүк Ғылымдар

Журнал

ЖАРИЯЛАНБАҒАН

ӨЛЕҢДЕР

Ғылым тармагы
Авторын билдирүү
Өзүнүн автордук укугун сактау
Бул журналда жарыяланган

Мазмуну автордук укугунан
Тасуу менен келишим менен
Өзүнүн автордук укугун сактау
Бул журналда жарыяланган
Күндөзү 1998-жылдан

Бул журналда жарыяланган
Мазмуну автордук укугунан
Өзүнүн автордук укугун сактау
Бул журналда жарыяланган

Ғылым тармагы менен
Авторын билдирүү менен
Өзүнүн автордук укугун сактау
Бул журналда жарыяланган

Ғылым тармагы менен
Авторын билдирүү менен
Өзүнүн автордук укугун сактау
Бул журналда жарыяланган

АҚТЫҚ ӘН

Ғарифолла Құрманғалиевке

Әлім де менің таусылды,
Ақау шалды даусымды.
Шөгіп бара жатырмын
Мүжіліп біткен тау сынды.

Көріп тұрсың қалпымды:
Арғымақ едім аршынды,
Жүйрік деп бізді кім айтар
Қарық қылған халқымды.

Қурап қалды домбыра,
Барады семіп қол мына.
Барады сөніп көз мына.
Қыз ойнақта жүргендей,
Құлпырып тұр дүние.

Құлпырып тұрған бұл жалған,
Қыз секілді бұлданған.
Менсінбес, енді не күтсін
Біз секілді мұңдардан.

Үсті-бастан сән кетті,
Басқаға көшіп дәм кетті.
Біз шырқаған айдайды
Басқа бір көмей әндетті.

Қызғалдақ көңіл семгендей,
Сезім де қалған сеңделмей.
Опырайып отырмын
О дүниеден келгендей.

Сарқылып біткен бұлақтар,
Босап қалған қынаптар.
Есен жүрер ме екен тек
Тыңдаған бізді құлақтар.

1985.

...

Байғұс жұртым, не түрін сен көрмедің
Бұл ғасырда аударма-төңкерменің?!
Сөйте тұра бір он жыл бастыққанша,
Ауыз баға тұрғанды жөн көрмедің.

Жағаласып жан-жақтан құлаш-құлаш,
Тіл безуге құмармыз. Рас па? Рас!
Рас болса, соны әбден малданып жүр,
Тайтаңдасқан бақ қуып тантиқ-тыраш.

Сорымызға билер көп безектеген,
Жөнелмекші жетектеп кезекпенен.
Теліге еріп, тентекке кезек беріп,
Қай қиқарың бар еді мезі етпеген?!

Мезі қылған егес те, ереуіл де,
Ереміз деп кекқұмар кер езуге,
Кек қайтпаған, бақ қайтқан, бастар ұшқан -
Қақ-сұқ отын қаузаудың керегі не?!

Қыл арқан ғой қызыл тіл бұ халыққа,
Матап келген мандытпай - ұғалық та!
Ауыз азат болғанмен шықпас мүйіз,
Азат бастар қылғынса бұғалықта!

Көп ерем деп көңілшек қазақ қасқа
Таққұмарға бақ қуып бажақтасқан.
Қарқалазы болып бір көрген емес,
Азап тілеп алмаса азат басқа...

Азат ақыл болмаса, азат ауыз -
Азаттықты мерт қылар нағыз жауыз.
Соны ұқпай сойқан тіл соңына еріп,
Желпінем деп жел жұтқан болма қауыз.

1998.

• • •

Япырмай, мұнша шешен, мұнша батыр,
Көрінбей баяғыдан қайда жатыр?
Қит етсең, қиқу салып шыға келер,
Орнатып көз алдында заманақыр.

Қазақтың бұдан жаман заманында
Көрмеп ек ауруын да, аманын да.
Келмейтін бірі жуық маңайыңа,
Ет сыздап, шөңге кірсе табаныңа.

Жатқанда тектен текке топтан қуып,
Шықпап ед жаны ашитын дос пен жуық.
Бүгін де құдай оңдап, қатарға енсек,
Бәрінің көзі аларған, жүзі суық.

Жүргендей мен кенеліп, ақ та, көк те,
Сыртымнан сыбап жатыр тектен-текке.
Бауыр мен жүрегі бар біреуі жоқ,
Ауыз ашса ар жағында қап-қап өкпе.

Көрмеппін салмақ салып еш біріне,
Тимепті тілім сиық-кеспіріне.
Аты - астында, қасында - қатындары,
Өршеленер мұншама өштігі не?

Жабылардай көргендей түзден өлік,
Кетіп пе едік соншама құзғын болып?
Құдай қайтып жарылқар жүрген жұртты
Қызғанышқа мұншама тізгін беріп?

1998.

• • •

Кешіп келем,
Кешіп келем,
Кешіп келем -
Кеше берем
Шаң жуытпас шаңқанбоздың өзі болсам да неше жерден.
Қиқулайтын демеушімнен
Күңкілдейтін күндесім көбін
Әуелден де жете білгем.
Өсектен өңге не күтерсің,
Кенедей боп өріп жүрген
Кіл кеңкелес кещелерден?...
Кеше бергем,
Кеше бергем,
Кеше бергем...
Күңкілі мол күндерменен
Арпылы көп айлар жылжып
Өте берген, өте берген.
Найсап нақақ шаң-тозаңы
Сауырға қонып,
Қабат-қабат
Өсе берген, өсе берген.
Өскен сайын бұрынғы өңім
Бұлдыр тартып,
Өше берген, өше берген.
Енді, міне,
Өзімді өзім
Танымастаймын,
Сімсік сыпсыңға құлақ ассам,
Жаманға налып жаным күйгенде,
Кетсе екен деймін құлап аспан.
Жұрт айтатын құбыжықтан
Құтыла алмастаймын, тура қашсам...
Бұл дүниеде жан жоқ екен
Дәл мендей боп,
Өз басына өзі лаң асқан.
Жексұрын жұрт-ай,
Жемір ниет кіл қырт-ай,
Жақсы ойлап қайтсін біреу жайлы.
Өзі құбыжық өзгені де
Құбыжық қылмай тұра алмайды.
Өйтпесе, өңкей шайтан-шабыр
Бір күн де өмір сүре алмайды.
Қаңқуы жоқ қара жерді

Қара ниет нәмәрт өңкей
Бір күн басып жүре алмайды.
"Сен - періште, мен - періште, ал анау..." деп,
Иығын қомдап,
Миығын майлап,
Бірін келіп бірі алдайды.
"Жақсы - мен" деп айтпа оларға,
Айтақты айғақ жеңген емес.
Кісәпірлік кісілікке
Сенген емес,
Көнген емес.
Жөніңді біл,
Жөндемді бол,
Бекем болсын жүген-ноқтаң.
Тізгіндеп бақ өзінді өзің,
Өзінді көндірі,
Өңгені емес.
Көніп келем,
көне берем...
Көнбістікпен көзімді ашқам.
Аулақ болғай абыржыр күн
Ашу жеңіп, төзім қашқан.
Найсап қайтпек обалыңды,
Оған жала, таба керек.
Ақылы аз ұқпас бұны,
Кешпей тұрып өзі бастан.
Бәріне төз,
Бұл дүние -
Дарақыға дарқан,
Дегдар үшін -
Әуелден де көр зымыстан.

1998.

•••

Даңғаза ер, дәукес-дана, есер-көсем
Бастаса, кетпес жерде кетер де есең.
Кесірлі ел атанарсың кесапаты мол,
Бөсе бер, бұл сөзімді бекер десең...

Сен едің: "Қалжаңа қарап қатын ал", - деген,
Енді өзің сол ақылды сатып ал менен.
Су аяқ сұғанақтарың сумаңдап жүр:
"Дау қуып, жетекке ермей, жатып ал", - деген.

Жетісерсің жетекке ермей жер құшақтасаң,
Есікте еңсеңді жықпай, төрде ұсақтасаң,
Дау салып, жау қашқан соң, қатын ер боп,
Періден айырылып қап, тері пышақтасаң.

Кешегі кесепатта бөгеді кім?
Көптен күш асыра алмасаң, сөгеді кім?
Енді, міне, керін келтіріп жүрмегейсің
Байғұстың етегіне бидай салсаң,
Қоқайы тұрып кетіп төгедінің...

1999.

АҚЫН

Бекболат Тілеухановқа

Алтай ма, Арғанаты ма, Алатау ма,
Хан тау ма, қатпар-қатпар Қаратау ма,
Көкше ме көк моншақтай көлге сүңгіп,
Қақ бұлтын қаптай көшкен дара сауған.
Ор тау ма, одырайған Орда тау ма -
Оқшаулап ертелі-кеш жаңбыр жауған.
Маң төбе, Жалғыз төбе, Жарты төбе -
Маңқиған алды қошқар, арты көбе,
Ақсай ма, Қызылсай ма, Қарасай ма -
Саялап, сай түбінен тапсаң пайда,
Жар бұлақ, Қасқыр бұлақ, Қасқа бұлақ -
Жөңкілген жолындағы тас та құлап,
Мың бұлақ, Мың су алмас, Мың жылқы ма -
Үзігін үйлерінің мұң жұлқыған.
Ақкөл ме, Қара көл ме, Қызыл көл ме -
Өлмейтін ұл қаталап, қызы шөдеп,
Шилі ме, Шиелі ме, Шілікті ме -
Шідерін ұстатпайтын бүліктіге,
Бөрілі, Бұғылы мен Бөкенді ме, -
Бөпедей мәпелейтін бөтенді де,
Қарғалы, Қарқаралы, Қайыңды ма -
Аңдайтын айтпай біліп жайыңды да,
Шынжырлы, Шыңғырлаулы, Шыңғыстау ма -
Шыдайтын сыр алдырмай шын қыстауға,
Өсекті, үлеңті мен үлкейек пе -
Айтпайтын қас пен досқа өңкей өкпе,
Баянкөл, Баянаула, Баянды ма -
Бақ бітер биі білгіш, байы оңдыға,
Шәулі ме, Шәуілдір ме, Шәуешек пе -
Ел шықпас үйір жұрттан қауесетке,
Қазбайыр, Қызылайыр, Қазықұрт па -
Жүретін үлкенінің назы жұртқа,
Нарын ба, Найзашағыл, Нарқызыл ма -
Алтыннан алқа таққан бар қызына,
Сары құм, Сары кеңгір, Сары су ма -
Жалықпас жорға мініп жарысуға,
Торғай ма, Тоқырауын ба, Тоғұзақ па -
Тоймайтын той жасауға тоғыз апта,
Елек пе, Ешкіқырған, Ебелекті ме -
Елейтін көлбеңдеген көбелекті де?
Ұшқан ба, Ұштаған ба, Ұялы ма -

Ұйықтасаң түс боп енер қиялыңа,
Маңғыстау, Мамытқұмақ, Майтөбе ме -
Ойнатар оқыс бассан жәй төбеңе,
Бұлдыртты, Бұланты мен Бұланды ма -
Әуелден ән қуалап, жыр аңдыған,
Мойынты, Мойылды мен Мойынқұм ба -
Ел жиып, ес кеткенше ойын қылған.
Сартоғай, Сарышаған, Сауырың ба -
Әйтеуір, қазақтың бір ауылында
Ұл сүйіп, ұрпақ көріп, ұрын барған,
Қыз қалап, үкі қадап ырымдалған,
Келін кеп, кебеже ақтарып, кебіс салып,
Құдалар құйрық асасып, бата жасасып,
Тон киіп оқа, зермен жұрыңдалған,
Жолына жұлынып тұрған жүйрік байлап,
Қолына құлқыны құрыған құс ұстатып,
Құтылған қилы ырым-жырымдардан,
Той жасап, ұланасыр жиын жинап,
Алқалы айдын топта сиын сыйлап,
Ас беріп, асар жасап, атақ шығарып,
Есерлер сәл нәрседен шатақ шығарып,
Қойқандап қоқайланып жуан ауыл,
Дуылдақ дауды басып дуалы ауыз
Ел бітіп, егес тынып, ес оралып,
Белбеуі берген серттің бес оралып,
Мәз-мәйрам мәре-сәре қызған шақта
Қыр қылып қыржыңқабақ қызғаншаққа
Тыңдатар тырп еткізбей тылсым елді
Алыстан атышулы жыршы келді.
Қорқыт па, Қодан ба әлде Сыпыра ма, -
Мәшһүр жан мәлім елге, сыпыраңа,
Ербиген есті сөзге құлақ аспай
Есерді ескек желдей жыпыра ма,
Шәлкіз, Асан Қайғы, Қазтуған ба -
Айтқыштар айыр тілді аз туған ба,
Жоқ әлде Доспамбет пен Жиёмбет пе -
Жырына жұрт жүрегін жиі емдеткен,
Бәлкім ол Марғасқа мен Ақтанберді -
Ауызда айтар сөзі қақтан келді,
Үмбетей, Тәттіқара, Бұқар ма еді -
Диюдай дүйім елді жұтар демі,
Көтеш пе, Шал ақын ба, Шортанбай ма -
Шер-шемен олар айтса ортаймай ма,
Мұрат пен Әбубәкір Кердері ме -

Желкелеп жеткізе айтар жер-жеріңе,
Кемпірбай, Шөже менен Дулат ақын -
Қаныңды он бойдағы тулататын,
Жоқ әлде Абыл, Ақтан, Нұрым ба еді
Қырымнан жыр құлатқан Мұрын ба еді,
Қалнияз, Аралбай мен Қашаған ба -
Біз түгіл, сыры жұмбақ жасағанға,
Бәлкім ол бала Ораз бен Балқы базар -
Сөзіне салмай қалмас халқы назар,
Сарыбас, Ізім шайыр, Майкөт пе еді -
Сайысса, сирек тойдан жәй кетпегі,
Жоқ әлде Сүйінбай ма, Түбекпенен -
Қызыл сөз қызыл шәйдай шүмектеген,
Жамбыл мен Құланды аяқ Құлмамбет пе
Ажарын асау ойдың жүдетпеген.
Шабынып шар бурадай шабыт буған
Шашубай, Иса әлде бұл Нұртуған,
Нұрқан, Нартай, Тайжан мен Нұрпейіс пе -
Жүретін олар бар да жыр пейіште,
Әйтеуір, аузы перен әйгілі ақын,
Көргенде төбесін жұрт той қылатын,
Келді де, кермеге жұрт атын байлап,
Түскені асты-үстіне "апырайлап",
Жол беріп жиылған ел қақ бөліне,
Думанның шықсын алып тақ төріне.

Сосын ақын ақтарды,
Шатынатып аспанды,
Шайқалдырып асқарды,
Қақыратып шатқалды,
Шаршы тойға шашу қып
Маржан сөзді шашқан-ды.
Қымсына тыңдар қыз күліп,
Ұмсына тыңдап ұл күліп,
Қысыла қымыз ұсынған
Кермиықтардың ішінде
Не барын жатыр кім біліп?!
Көздерінде тұр бүлік,
Көңілдерінде жүр күдік,
Оны аңдайтын шама жоқ,
Тасқын басып кеткендей,
Топан сөздің сазына
Шұлғыдық та мүлгідік.
Ойды билеп серілік,

Бойды буып перілік,
Қос пернені қыдықтап,
Сөз бастады ақын ерініп,
Кербестідей керіліп,
Көмейден әуез төгілді,
Күн жауғандай көрініп,
Естілер отыр емініп,
Есерлер тұр елігіп,
Шерлілер отыр егіліп,
Күні қайтқан кәрінің
Жүйкесі кетті сөгіліп,
Арман қуған арландар
Анадайдан айқайлап,
"Әй, пәлі," - деп қояды,
Астағы атын тебініп.
Барады жыршың желігіп,
Ителгідей шүйіліп,
Қаршығадай түйіліп,
Қаптаған қалың жиынға
Қанатын қағып төнгенде
Кім білген кетер нені іліп?
Қақсаған қызыл домбыра
Қасқа маңдай қақпағын
Қарс-қарс қасып қаққанда
Желіндей жібір езіліп,
Жүзімдей кетер үзіліп,
Ойнақтап тұрған ақ маңдай
Көз тастаса сүзіліп,
Ойқастай жүйрік шапқандай,
Шырқата түсер аспандай,
Асқақтай даусы шыққанда
Аласарып тау қалар,
Арбала бұғып бау қалар,
Алшиып тұрған маңғаздар
Маңқиып тұрған бастарын
Топқа тығып сауғалар.
Қызыл шәйдің үстінде
Қызара бөрткен ауыздан
Қызына шыққан дау қалар,
Қызып алған жыршыңыз
Қызыл алған қырандай
Қанатын жая самғанар,
Жырдың әсем кәусарын,
Күмпіп жатқан құдықтан

Бесті бие сабасын
Бүтіндей бүрген бүрмемен
Құлаштай тартып қауғалар.
Қаумалар жұртың қарық боп,
Дүние кетер жарық боп,
Саңқылдаған сабазың
Шаңқылдаған сұңқардай
Шабына сөйлер шалық боп,
Шалқыған айдын шалқарда
Шаңқая жүзер балық боп.
Аңқая аузын ашқан ел
Алдында тұрған жыршының
Сері екенін де біле алмай,
Пері екенін де біле алмай,
Жын екенін де біле алмай,
Жан екенін де біле алмай,
Тобаға ойын жеткізген,
Жораға сөзін өткізген
Пір екенін де біле алмай,
Түсе қалып аспаннан,
Түртіп ойнар көңіліңді
Нұр екенін де біле алмай,
Шалжия тыңдар шалт болып.
Аңқылдай сөйлер ақының,
Босатып әбден тақымын,
Бөсіп бір бөсіп кеткенде
Ойлап басын ауыртпас
Не боларын артының,
Шабынар шабыт шарықтап,
Қаңқылдар дауысы қалықтап,
Жоқ сөз қайсы, жөн сөз не? -
Бір Алла алар анықтап.
“Пай-пайлаумен” түс те өтті,
Айқайлаумен кеш жетті,
Тамсанумен таң да атты,
Сандалкер жырау санлақтай
Жырменен әлем шарлатты-ай,
Айғыр болып ақырып,
Буыршын боп бұрқырап,
Бұқа болып өкірді,
Боз інген боп та зарлатты.
Ақылдың көзін аршыды,
Батылдың көңілін жаншыды,
Пақырды демеп тұрғызды,

Байғұсқа гүрзі ұрғызды,
Соқырдың жанын маздатты,
Наданның түнек көңіліне
Жарқыраған шам жақты,
Сан ғасырдың қоймасын
Асты-үстіне қопарып,
Бай төріне күл шашып,
Хан төріне шаң қақты.
Сонда бір жан болсайшы,
Тежеген дүлей саңлақты.
Апта жатты, ай жатты,
Жырдың ақбоз дүлдүлін
Үшқан құстай парлатты.
Білмейді қанша күн өтті,
Білмейді қанша түн өтті
Өлеңді сабаз үдетті.
Қолдағы қоңыр домбыра
Қаруы емей жыраудың
Дойырындай дыраудың
Талайдың қисық бастарын
Орынына қойып түзетті.
Талайдың қоңы тыз етті,
Талайдың шабы шым етті,
Талай жүрек елжіреп,
Көңілге талай гүл екті.
Сұнқылдаған сұнқарды
Біреу сырттай баба етті,
Біреу сырттай аға етті,
Біреу сырттай бала етті,
Бәрі өзіне дана етті,
Бәрі өзіне пана етті, -
Бәрі де содан дәметті.
Әсіресе, арулар
Қиыла қарап біреуі,
Бұйыға қарап біреуі,
Сиына қарап біреуі,
Бұйыра қарап біреуі
Шөкелей қарап біреуі,
Көкелей қарап біреуі,
Бөпедей қарап біреуі,
Мәпелей қарап біреуі,
Шекелей қарап біреуі,
Төтелей қарап біреуі,
Қысыла қарап біреуі,

Қымсына қарап біреуі,
Ұмсына қарап біреуі,
Ұсына қарап біреуі,
Ұшыға қарап біреуі,
Ұғына қарап біреуі,
Сұғына қарап біреуі,
Бұғына қарап біреуі
Салып бақты әлекті.
Ұқтыруға ол епті,
Ұғынуға бұл епті,
Жұлқыntyп бақты жүректі.
Топ ішінде бұл мықты,
Топтан былай кеткесін,
Сыйланар шақ жеткесін
Су құйған боп біреуі,
Шәй құйған боп біреуі,
Шам әкелген боп біреуі,
Дәм әперген боп біреуі,
Ас әкелген боп біреуі,
Бас әперген боп біреуі,
Біреуі құман әкеліп,
Біреуі сүлгі әперіп,
Біреуі табақ көтеріп,
Біреуі жолын күткен боп,
Біреуі терін сүрткен боп,
Біреуі төсек жайған боп,
Біреуі жастық салған боп,
Біреуі көрпе жапқан боп,
Біреуі шамды сөндіріп,
Ерінге ерін төндіріп,
Жабуға түндік таласып,
Іргенің көзін санасып,
Жеңінен саусақ сұғысып,
Демінен сырын ұғысып,
Жұрт көзінше ағалап,
Жұрт жоқ жерде жағалап,
Әйтеуір ебін келтіріп,
Кетуге әуес жанасып.
"Құрбыжан", - деп қиылған,
"Құрдасжан", - деп жымыған,
"Ағатай", - деп епсінген,
"Жездетай", - деп тепсінген,
"Шөлдедің ғой", - деп мөлиген,
"Терледің ғой", - деп көлиген

Ұстады қанша білекті?!
Өзі келген өңдінің
Қаншасын аяп түнетті.
Талай білек ұмтылды,
Талай көрпе жұлқынды,
Шыбын-шіркей шақпасқа,
Құрт-құмырысқа шықпасқа,
Шаң мен тозаң баспасқа
Көлегейлеп тігілген
Масаты масахананың
Талайы босқа жыртылды.
Бетінде періште жымыған,
Ішінде пері ұлыған,
Түлкідей кіріп ініңе
Түрткілей сипап бүріңді,
Тындырмаққа дымыңды,
Жым-жылас қып жымыңды,
Сүлдері әбден құрыған,
Нұр сәуле болып торыған,
Сұлулардың торынан
Қашқаннан не бітеді,
Көп үшін туған жан болып,
Қимай қинап қайтесің
Бір мығзитын ұйқыңды.
Айтылмай іште кететін
Бұл да бір тылсым дастан ғой,
Білмейді қанша том болды?
Не болса да, оң болды,
Анар төсті арулар
Аяққа кеп жығылар,
Алма ұрлаған баладай
Бауырыңа тығылар,
Бал жинаған арадай
Асты-үстіңе сұғынар,
Жырау сондай шоң болды.
Не де болса, оң болды.
Ғайып перен, қырық шілтен
Болмаса, басқа пенденің
Аттамағаны жоқ шығар
Абайсыз солай оң жолды,
Бір Алла өзі кешірсін,
Кітабы жоқ заманда
Ақынның сөзін өлтірмес,
Атына кір келтірмес,

Өнердің туар өренін,
Өлеңнің үзбес өзегін
Амалдың өзі сол болды.
Түнде салған төсектің
Таң атқанша жан-жағы
Шұбырған айдын жол болды.
Бойынан шырын шалқыған,
Исінен жұпар аңқыған,
Демінен денең балқыған,
Ажары күнді тамсатқан,
Базары жұртты аңсатқан
Балдай тәтті өлеңнен
Бал сораптап нәр татқан
Арадай гулер түн бойы
Аран дәме арулар
Қай күнде де бұл түзде
Сан жетпестей мол болды.
Жасырғанмен, амал не,
Қыспақшы болсаң оң қолды,
Кеспейсің ғой сол қолды.
Сол түннен болған талғақтың
Таңдағанын талматсын.
Содан өрбір толғақты
Пір Пәтима анамыз,
Аруағына қолдатсын.
Өлеңнің өртін өрбітер
Алаудың отын мол жақсын.
Жә, қоялық бұл жақты,
Жиылған жұртқа барайын,
Күтіп қалар кіл жақсы!
Еліріп отыр ақының
Тілімен шәрбәт сапырып,
Көзінен таңды атырып,
Сөзімен жауды жапырып,
Демінен тарап барады

Талай-талай көкіректі
Тас бүркеп алған қапырық.
Көмейден шыққан сұңқар жыр
Көк аспанды шүйіп жүр
Көкжиекте шарқ ұрып,
Жал басынан ат шықты,
Зымырандай атылып,
Айқайды естіп, ағызды -
Жырауды жатқан сияқты
Тағы бір ел тойға шақырып...
Ертесіне думан тарады,
Түн асқан аттай жараған,
Маңайға шүйіп қараған
Маңмаңкер мінген маң жырау
Айғыр топтың ішінде
Алысқа беттеп барады.
Қол былғап қалған ауылдың
Қошаметші жиыны
Алты қыр асып кеткенше
Тарамай тұрды базары.
Алты қыр асып кеткесін,
Айнала мұнар шөккесін,
Анталап тұрған көп жанар
Үзді білем күдерін
Аударды әрең назарын.
Жарқылдаған көп сұлу
Кірбің шалып қабағын,
Кіржің торлап ажарын,
Қармаққа түскен балықтай
Демін әзер алады,
Лүпілдетіп тамағын.
Мұңайып жатыр кең өлке,
Тарамай тұр қапырық.
Ұзара түсті көлеңке
Өлеңнің күнін батырып,
Қарабайыр тірліктің
Қарбалыссыз таңдарын
Қайта-қайта атырып.
Қоңыр дөңнің басында
Қоңырқайлау ауыл тұр
Күнімен сона ызыңдап,
Түнімен байғұз шақырып.

1997

БАТЫРЛАР

Айдаланы айнала жау алқымдап,
Бұл қазаққа бұйырмапты салқын бақ.
Боз даланың боз баласы ат мінсе,
Жау қуалар жауар бұлттай жалтылдап.

Жаттың көрсе жалпылдаған жалауын
Қарс жабар қар жауардай қабағын.
Қашқан жауын қарыс қадам аттатпай
Қақшып түсер қадай көздеп садағын.

Көк нөсердей себелетіп жебені,
Көктей отап көкірексіген немені,
Көзін тұздай құртып қашан тынғанша
Көк желкеден әзірейіл боп төнеді.

Тексіз жаудың тентіреген тентегін,
Тезектей қып шығарғанша жентегін,
Тепкілейді басыменен қайғы қып
Тидырғанша елге тиер селтеңін.

Бұл дүние тыныш тұрар қайда заң? -
Қолы босап көрген емес найзадан.
Бауырға алып балбыраған аруды
Балдай татып сүймегелі қай заман?!

Толықсытып жар құшатын күн қайда?
Бұл құшқанда бұғанасы сынбай ма?
Сынса сынсын - сыр білдірмес сұлудың
Сарғайғаны батып тұр-ау шымбайға!

Қиыла бір қарайтыны-ай жанжардың,
Қылпып тұрған жүзіндей боп қанжардың.
Бес қаруды белден шешіп лақтырып,
Ақ төсіне төнер ме еді заңғардың!

Құртпай көзін астамсыған дұшпанның,
Күні алыс қой күлімкөзді құшқанның.
Күн-түн күткен күпті сәті жетпей тұр
Емексіткен езуіндеі мыстанның.

Он бесінде туған айдай жар қалды;
Оны ойласа - ойы ойран боп сандалды,
Аймаласқан аққудайын асыл жар
Қалай басып жүреді екен жалғанды?!

Аунақшыған ақ сазандай жалған-ай,
Төбеден кеп төніп тұрған толған ай.
Толған айдай толықсытқан қалқаны
Қас-қағым сәт сонша келте болғаны-ай!

Тағдыр бірақ соны-дағы көп көрді,
Жар тапқанға жау шапқаны дөп келді.
Қарғып мініп қазан атқа қаңтарған,
Түн қойынына түре сүңгіп кеткен-ді.

Сол кеткеннен, келеді әлі құйғытып,
Еркек туса, бола ала ма үйкүшік,
Жапан түздің жалпылдаған бұтасы
Жаутаңдайды бұдан, әне, сый күтіп.

Күтсе күтсін - жаудың басы жетеді;
Қыл мойнынан қия тартып өтеді,
Қаңбақтай боп қалбаң қаққан шақша бас
Қау бұтаға бір-ақ сүңгіп кетеді.

Бұта да көп, бұл дүниеде жау да көп,
Жаудың басы домаласын сауға боп,
Иығында тұрса болды өз басы,
Қақшып түспей алды-артынан жауған оқ.

Зая кетпей жардың төккен көз жасы,
Сол бір күнге аман жеткей өз басы.
Айқара ашық қара түнде ақ құшақ,
Жанған от боп қайта тағы маздасын.

Құшсын жарын, құшағын қайта жазбасын,
Жалындасын, лапылдасын, маздасын.
Қайран ердің қайратынан қара жер
Қаймыққаннан қақ айырыла жаздасын.

Қақыраса қайратынан қара жер,
Жар төсегі, жаннат төр боп қала гөр.
Сағыныштың сатырлаған нөсерін
Саумалдай жұт, сімір әбден, қана бер.

Сімір, сімір - қансын әбден құмарын,
Мәңгі тұрмас мына түн мен мына күн,
Сел сағыныш қандыра әбден суарсын
Махаббаттың мәңгі жасыл шынарын.

Қандырғанша қайран жардың жерігін,
Қандай жігіт баса алмақшы желігін,
Жауды қойып, аң қуалап кетеді,
Кебін киіп тентіреген телінің.

Таудан таңсық, ойдан оқшау қалдырмай,
Талғақ жардың тамсанғанын қандырмай,
Жау іздеген жаубасарың кешегі
Шарлап шығар шатқалы мол сан қырды-ай.

Аждаһаның айыр тілін суырып,
Ақ аюдың ащы өтіне жуынып,
Жолбарыстың жонын тіліп боршалап,
Қабыланның қара өкпесін қуырып,

Қандырған соң қайран жары жеңсігін,
Қақшып салып қаны қатқан жемтігін.
Бес қаруын қайта байлап беліне
Атқа қонар ақ сауытқа жең сұғып.

Ақ сауытқа жең сұғар да, ат қояр
Ата жауы алдан тосып лап қояр.
Құлай қоймас, қолдай: қойса аруақ,
Қолдамаса - қалың жауда қап қояр.

Қапы соқса, жау найзасын еншілеп,
Қаймықпастан шап бергенін женшімек.
Мерт тапса да, дерт тартпастан кетеді,
Артта бар деп бойда қалған бершімек.

Жарық көрсе, бойда қалған бершімек,
Тумай жатып, тұлпар таңдар еншілеп.
Әке кегін қайтаруды армандар:
"Ат жалынан тартатын күн, келші!" - деп.

Ат жалынан тартып мінер шақ келіп,
Ата жауға тұтқиылдан тап беріп,
Ақ тушадай алып ұрып астына,
Екі езуін екі айрыр қақ бөліп,

Қолқасына қолақпандай қол сұғып,
Қос уысын қара қанға толтырып,
Қандырған соң қайнап келген ызасын,
Қалың жауды қуып шығар ол түріп.

Қай қиқуға қарсы шабар қыңбастан,
Атой салар түмен бастап, мың бастап.
Әке кегін қайтара алған қайсарға
Елі ерер шын табынып, шын қостап.

Бұл даланың еркек кіндік түлегі
Серт қуалап мерт табарын біледі.
Арманы жоқ артта қалған жесірі
Жеңсігіне жесе арыстан жүрегін.

Марқұмдардың ол тілегі келіп жүр,
Жесірлердің жеңсіктерін беріп жүр.
Ай даланың аңы құрып кетсе де,
Арыстан жүрек ақиықтар өріп жүр.

Арыстан жүрек ақиықтар қаптасын,
Айқай шықса қоя берер ат басын,
Маң далама аңсары ауған ата жау
Көз салса да, қол салуға батпасын.

17.10.99.

АУДАРМА ӨЛЕҢДЕР

ЖАПОН ПОЭЗИЯСЫНАН

ИССА

...

Байғұс құс жауы тор құрған
Қамығады, қараса
Көбелекке шарқ ұрған.

...

Күн ертең терек кесілмек,
Аңқау торғай басына
Ұя сап, түлек өсірмек.

КЮДО-САКИ-НО ДАЙДЕДАЙДЗИН

Жел жұлып ұшып жапырақ,
Суықтан гүлдер суалып
Қар жауған жоқ...
Ағарған -
Қарттық жалған шашым ғой.
Жапырақ емес семетін,
Қызыл гүл емес өлетін,
Дүниеден өшетін
Мына менің басым ғой.

САЙГЕ-ХОСИ

Бұл жалғанды қой, тегі,
Суалған гүлдей солмақ жұрт.
Әп-сәтте өшіп хабарым,
Мен де семіп қалармын.
Амал не, өзге тағдырды
Қайдан іздеп табамын?!

ИСИКАВА ТОНУДОКИ

Тағат таппай тосып жүрмін өлімді -
Шипа ғой сол жазатын бар жараны.
Жүрек сыздап, жүрек сыздап барады...
1959.

ДАҒЫСТАН ӘНІ

(Әфенді Капиев кітабынан)

Көрімнің топырағы сорығады,
Сен мені ұмытасың, асыл ана.
Бауырлар мені аңсаудан торығады,
Шөп шығар қабірімнің басына да.

Тоқтатар әйелім де зарлы үнін,
Достар да тарар тағдыр сапарына.
Жалғанда ұмытпас тек жалғыз ұлым,
Жатқанша өзімнің кеп қатарыма.

04.1959.

ЛЕРМОНТОВТАН

Жексұрын қып тілдей берсін жұрт бізді,
Біздің жұмбақ татулықты ұға алмай.
Асау жаның ширықты да, жіпті үзді,
Қосағыңа тіркеп қойған бұзаудай.

Бұл дүние әулиесі алдында
Тізе бүгіп жалбарынып жатпадым.
Өзім де одан сүюдің де, зардың да
Өзіңе ұқсап еш нышанын таппадым.

Мен де өзіндей айқай-шуды үдеттім,
Көзіме іліп, еш адамды аңдамай.
Ғұмыр сүрем қамы үшін тек жүректің
Сырласамын есті, ессізді талғамай.

Бағаламан бұл жалғанның қызығын,
Тек әйтеуір кісі танып үйрендік.
Біз бұзбаспыз сыйласудың құзырын
Өзімізді арандатпас күйге ендік.

Жұрт ішінде жатпап едік білісіп,
Жарасып ек, тарасармыз, қиын ба?!
Жүрдік қой тек қуанышсыз сүйісіп,
Шерсіз, зарсыз алыстармыз қиырға.
1959.

ҚАНЖАР

(Расул Ғамзатовтан)

Абдырадым, қанжар, сені ап төрімнен,
Қынабыңнан әзер-әзер суырдым.
Ешкім сені көрген емес белімнен.
Жұлдызы емен жанжалы көп дуылдың.

Қалған екен, ақ алмасым, шаң басып,
Соны сүртіп, саған маза бермедім.
Тентек жүзің кеңірдекке жармасып,
Кісі түгіл құс өлтіріп көрмедің.

Босқа тұрдың. Соны ойласам, мүжілдім,
Қызыл қанға оты шауып қай-қайдың.
Кейде сынап лыпылдаған жүзіңді,
Сақал-шашқа ұстара қып байқаймын.

Маған басқа тыныш қару тиіпті,
Сендей емес қылпылдаған, құбылған.
Көзім неге ақ жүзіңмен сүйісті,
Несіне онда суырамын қыныңнан.

Дәмем бар ма қиқу салар бір шақтан,
Ондай күннің естілмейді хабары.
Момын жауын ағыл-тегіл бұршақтап,
Сыртта ақырын әйнегімді қағады.

Сонда неге сақтадым деп, апыр-ау,
Анда-санда аңқау жыршы аңырар.
Тіл бітсе егер, дер ең сонда: "Бәтір-ау,
Бәрісібір бойында тау қаны бар".

1959 ж.

1 желтоқсанда аударылды.

ГЕЙНЕДЕН

Тағдыр мынау жемістің
Қайсысын маған арнаған:
Анасы - ару келісті,
Қызы да одан қалмаған.

Анасына ауса ынтам,
Кербез көрік мас қылып.
Балбырай піскен балғын тән,
Тамсантады жас қылық.

Көңілге түсті қайғы шын:
Есектен жоқ айырмам,
Қос маяның қайсысын
Тапарын білмей аңырған.

1960.

САЛАУАТ ЖЫР

(Гейне)

Мен - ақ семсер, мен - жалын!
Түнекті түрдім жалтылдап,
Шатырлаған шайқастың
Алдында жүрдім жарқылдап.
Жайрап қапты жан-жағым, жеңіске жеткім - самғадым,
Жеңіске жеттім самғадым, жайрап қапты жан-жағым.
Дуылдап өңшең дабылдар таратса жеңіс хабарын,
Естіледі құлаққа қосылған оған қаралы үн,
Қуануға, налуға уақыт жоқ бірақ та, -
Күркіреді аламан,
Құтырды шайқас жаңадан.
Мен ақ семсер, мен жалын!

1960.

ӨМІР ҚАҒИДАСЫ

(Гейне)

Көп болса егер қазынаң,
Көбейеді бағыңа.
Аз болса егер, азынан
Айырыласың тағы да.

Жоқ болса, одан көр тәуір,
Тірлікке тек жараған,
Аз да болса, әйтеуір
Бірдемесі бар адам.

1960.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТЕН

УА, АҚСАҚ ТЕМІР-ХАН

Менде қалған еркек кіндік екі түмен,
Сенде болса жиырма екі.
Боғдыханның маған тартқан сыйымен
Қытай Му чин қияң жолда терлепті.

Алтын өрнек қос кілем мен қос қазан,
Меруерт тойнақ алмас қылыш тағы бар.
Сен кепсің де, Алматауым боп тозаң
Орнында тек шаңы бар.

Еркек көрсең қосыл алып сапыңа,
Екі-ақ түмен қапты менің қолыма.
Му Чин дәруіш тап болды-ау деп қапыда
Аза қылды менің мынау сорыма.

Кәрлендім де,
Жаһанамның түбіне оны жібердім,
Тентек Темір, шық енді өзің айқасқа.

НҰРЛЫ ТҮНДЕР

Сендей-сендей ақсақтарды нан қыла да білемін
Сен темір болсаң,
Ақ алмас қой мынау семсер ай қасқа.
Екі қанжар жата ала ма бір қын — жаңғыз ұяда,
Екі батыр, сірә да
Жер бетіне сия ма?!
Көк найзаны бір былғайын

Сенің жоның майлы еді,
Көк семсерді бір сүртейін
Сауыр терің
Мақпалдан да, басқаңнан да
Жайлы еді.
Құйын болып құйылып кеп бір күні
Қара құрым қамалыңды қара күл қып көтермін.
Алма мойын ару қызың Бұлбұлды
Күлге жығып, көпке күлкі етермін.
Жоқ!
Енді бос сөз бұның бәрі.
Адыра қалған Алматауды
Талақ қылып кетемін.
Талшық етіп егіп тары
Жарлы ауылда бір жақыбай
Жабығумен өтемін.

АРҒЫМАҚ

Қыпшақтардың ой-хой, құба жондары-ай,
Жер тарпыа тұлпарын айт, тұлпарын!
Шар айнадай сауырына қомдап ай,
Арғымақ жүр
Көк шалғынға-көк кілемге
Сүртіп мүйіз ұлтанын.
Берші менің тақымыма біреуін,
Жеті қиян жер түбіне асайын.
Арғымақтай аласұрған жүрегім
Шапшып-ақ тұр,
Оны қалай басамын.
Атылайын арғымақтың жалына,
Соңымда тек сақ-сақ күліп дос қалсын.
Балғын шалғын айналып көк жалынға
Нөкер болып артымда ақ шаң топтансын.
Шаппай тұлпар кісінеме атпын деп,
Шабайықшы шаң қоңдырмай етіне.
Шабайықшы көп жыл тыныш жаттың деп.
Момын қырдың былш-былш ұрып бетіне.

КУМАН ЖЫРЫ

Уа, баба!

Кездессе айқас-қате жер,

Сонда мені желеп-жебеп жата көр.

Жапан түзде жаңғыз өскен бәйтерек,

Иір мойын бұтағында бір күні

Қыл шылбырға қылша мойын ілінер.

Қорамсақта көп-ақ әлі жай-жебе,

Тұлпарымның тынбас бір сәт дүрсілі,

Соңғы айқаста ең соңы боп сүрінер.

Әне, әне жұлдық ақты аспаннан,

Адал жарға ант берместен аттанбан.

Антты аттасам — мойын міне, бас міне,

Жан жарымды сүйдім аппақ қолынан,

Үркітпеймін аққу түгіл үкіні.

Уа, аруақ,

Балатонды сілтеп бер,

Аттанайын,

Қап қоймайын

Жолымнан.

Кетем маңып енді қайтып келмеске,

Тастап артқа

Көк тайғақта

Көп кесе боп көрінер

Көп із жосып,

Жаңбырдан соң

Су ішсін деп,

Сонда дұшпан

Өзім құсап

Өңеші кеуіп өлмеске.

Жатсын алда даңғыл жол тек,

Жатсын алда ұлы жол.

Жолсызда атым

Шаба алмайды

Бауырлатар құмы мол.

Әне ағып түсті менің жұлдызым,

Шешемін де шалбарымды

Көмілем,

Шағып құмды басқа үйіп.

Жатам ұйықтап,

Жатамын сақ

Тасбақадай тас түйін.

ЖАЗ, ТҮН ОРТАСЫ, АУЫЛ, ЕСЕКТЕР...

Алау оттың алақ-жұлақ
Жалынындай жалт-жалт етіп,
Ой түседі, ой қашады:
Албырт еркек алабұртып
Тар төсекті сындырғаны,
Ару қыздың қалған үркіп
Аяқ асты шыңғырғаны...
Биші жігіт қолындағы
Ақ семсердің жалтылдағы.
Жас тоқалдың қойындағы
Аксақалдың алқынғаны.
Атағымды ұмытпасаң —
Қарғыс болып жабысады.
Қас жауымның атын айтсаң,
Қаса дос боп табысады.
Көресің бе, қара мұнда,
Бақыт өзі билеп тұр ғой.
Кесе толы шарабында
Күміс сыңғыр күйкеп тұр ғой.
Ендік, бойлық құшақтасса, —
Тау құшады қасқа дала,
Құмда қалған қу бастарша
Теңкиеді тас бақалар.

Қапалансаң, тыңдашы бір
Қырдың желін тұрған есіп.
Түнгі ауа мұндасып тұр,
Сені, мені жырға қосып.
Өзіңді бір көрсем дедім,
Көрсем дедім — көз ілмедім.
Көк өгіздің үй сүзгенін
Келе жатқан өзің дедім.
Ұйқы деген қараң қалып,
Таптырмады төсек тағат.
Қолыма дәу таяқ алып
Келейінші есек сабап.

Пай, пай, шіркін шырағым.
Сымбатыңа болайын.
Қаз мойыны қайқайып
Бұрқылдайды-ау бурадай.

Қарашы алған деміне,
Таудың ақ сел тасқыны
Тең келе ме шеніне.
Жаудың өті қолымда,
Қуып келіп жылқысын
Қараны берсе, қайтарам.
Қап-қара жүрек секілді
Домалай біткен сауыры-ай.

Жүз бұрымды сұлулар
Бетін жартып жылайды,
Олардың мамық кеудесін
Қорқыныш пен құшарлық
Қосарлана тырнайды.
Жаспын өзім қызу қан,
Жарлымын және қызыл сан,
Жалықтым ит тірліктен.
Қабырғасын күйретіп
Ханды көрсем құл етем,
Кеудесіне бір теуіп
Ахыретсіз-дәретсіз
Аласына жөнелтем.
Баданасыз, басқасыз
Көк семсерім жалаңдап
Көк теңізге жетемін.
Берсең бердің қолыңнан,
Бермесең егер жолыңнан
Қаңтарулы қара атқа
Қарғып мініп кетемін.

ҚЫЗ ҚУУ

Жетсейші қуып, жігітім,
Жігітім, қуып жетсейші.
Жүректе өрттей үмітім,
Жетсейші қуып, өпсейші.
Аяма, бас қамшыны,
Аяп атты не керек?
Салса жүрек бар шынын,
Жетер еді-ау жебелеп.
Қалды қараң үзіліп,
Жетті қуып сумаң жел.
Көріп жатыр сол қызық,

Сондық болды бұраң бел.
Кеудесе де бас қойды.
Қойды-ау мына ит аймалап.
Атың неге қап қойды,
Мазақтайды ай қарап,
Мазақ болдым тағы да,
Талды қолым тізгіннен,
Жара салды жаныма
Құрып кеткір қу халық,
Құрып кеткір қу халық,
Құрып кеткір қу халық,
Нағыз батыр жігітке,
Нағыз батыл жігітке,
Нағыз асыл жігітке
Тұлпар деп тұғыр мінгізген.

ҚЫР ҚАЗАҒЫНЫҢ ҰЛЫ РИШАД*

Алтын зерлі телпегімді қап алып,
Көзімдей көр, бүгін-ертең аттанам.
Әкең сенің сырт айналды сазарып,
Әлде осылай түсе ме еске жас заман.

Ару ана жанарынан от тамған,
Мәз-мәйрам боп жатыр о да, қараймын.
Ришаджан аумай қапты испаннан,
Француздан туған ұлы адайдың.

«Небраска штатына жүрсеңіз,
Пай-пай, шіркін, далалары дала-ақ қой.
Жантақ, аптап... Бір жүйрікті мінсеңіз,
Шапсаңыз кеп сауырға шаң жолатпай».

Қырындай бір құлшына ұшқан жем іздеп,
Бал-бұл жанып алабұртқан бала әсем.
Жаз болса, жұрт жөнкіледі теңіз деп,
Ришадтың есі-дерті дала екен.

Сомбрероны лақтырып, телпекті
Шекеге сап, бас қамшыны сауырға.

* Ақын бұл өлеңін өзіне Америкада жолыққан қазақ баласына арнайды.

Қара шашты қақпақыл қып жел кетті,
Қарама, ызғыт, алда құз ба, бауыр ма?

Айда, бала, қарлықсаң да қиқула,
Ақын жаны аттан бетер елірді.
Жылады әкең шыдай алып тұрсын ба,
Жанымдағы мұз еріді, жел үрді.

Небраска штатына барар ем,
Туған қырым кетпей қойды түсімнен.
Онда осындай құбақай сұр даламен
Шауып-шауып шапағатты түсінгем.

Адайымның даласына аттанам,
Шіркін, оның жантақ аптап, аязы-ай!
Құйындатар шаң да табам, ат табам,
Енді еліме аттанам
Ештеңеге қарамай!

МӘМБЕТ БАТЫРДЫҢ ДАР АЛДЫНДАҒЫ ДУҒАСЫ

Біссімілә, біссімілә!
Айқаста жортып айшылық,
Кеңірдектен кекке малшынып,
Шайқас десе елірген
Ер едім-ау. О тоба-ай!
Ер үстінде туып ем,
Бұралқы иттей бұғаулы,
Күлкі боп күллі шаһарға
Жер үстінде келемін.
Оп-оңай бәрі, оп-оңай!
Қанды көбік ат тері,
Қалың қол қаһар ұраны —
Есімнен бәрі шығыпты.
Таң ата мені қақ бөліп,
Қоламтаға шығады.
Қалың қол жыққан айбыным,
Қалың жұрт ыққан айдыным —
Бәрі де енді ұмыт-ты.
Қайқандаған қатындар
Қаһар да енді жоғалды.
Қаймақшыған ашу бар
Қайқы қылыш мен едім,

Өне бойын тот басқан
Қу қаңылтыр боп алды.
Әзәзіл жүрек абжылан,
Абжылан емес,
Жүрегім —
Жұлмаға түскен лашын.
Енді қайтып бүремін?!
Шайқас та ұмыт атқыған
Айналаға жылы қан.
Долы өрт те ұмыт шапшыған,
Алланы да ұмытам.
Шығарам бәрін есімнен,
Ұлы ызаға булығам,
Бар пәтуам — бұл дұғам.
Уа, аруақ!
Әнеки,
Шөлге шөккен ай тұрды,
Түйелер өріп барады
Бағытқа алып шағылды,
Ақ буыршын жараулы
Ақ інгенге шабынды.
Қазанда сүт шыжылдап,
Қызыл жалын жалайды.
Іші пысқан төбеттер
Бірін-бірі талайды.
Жатырмын мен бүгін де
Зымыран зындан түбінде
Көңілге көп ой қоралап.
Тас төбемнен қолыма
Жарты күлше жарық ай
Келе жатыр домалап.

МАХАМБЕТКЕ

Шарт сынған шатақ кескінді
Жұртың да біліп айтыпты:
Желкеден сұққан көк сүңгі
Бақайдан бір-ақ қайтыпты.
Содан соң айтқан жырыңнан
Алланың өзі айқыпты.
Тай қазанға тақ тойып,
Құнан қой мен құнанды
Сыпырып сипап кетіпсің.

Алтын тақты қақ бөліп,
Алпауыз жан лаңды
Алшыдан салып өтіпсің.
Жарайсың, ата Махамбет!
Шүйіріп шүңірек көзіңді,
Қарқылдап тұрып күліпсің
Шалғалы жатып тамақтан.
Аллаға мың да рахмет
Түсінсін деп өзіңді
Ақын қылып жаратқан.

БЕТПАҚ ДАЛА

Бедірейген тыр жалаңаш Бетпақта
Ел көзінен ұялатын бет қап па?!
Астымда атым аштан әбден бұралып,
Кегежектеп кейін тарта береді,
Тізгіннің де болмай қалды дегені.
Бетпақ дала.
Жол дегенді атама,
Жазған қазақ жарылған ба қападан,
Құла, дүзді кезе берген шиырлап,
Тайпақ ерде тайпаң жүріс жиі ырғап.
Жүз жол жүрсең, жүзін де шөл матаған, —
Қалған мұра атадан.
Тас бауыр көк қыздырғандай табанды,
Тас төбеңнен таскөмір боп шағады,
Есуас шөл есіңді алып барады,
Топ-топ түскен тұяқтардың ізінде
Аппақ саздан аппақ жалын жанады.

РОССИЯ

Біздің мекеніміз қашан да қатар адымдапты.
Бұл мені де, сені де бүйірге батып тыншытпапты.
Сен мені хазар дедің, қайсақ дедің, маңғұл дедің, ақыры
қазақ атадың-ау, әйтеуір.

Сенің емін-еркін өмірге құлшынған жандарың атағымды
алды. Мен сенің бура тірсек мығым жылқыларыңды өз жы-
лқымдай ала дедім, құла дедім. Қалаңа Сарытау, Самара деп
ат тақтым. Арбалы аттан шығарып, Арбатыңды Арбат атап кет-
кен де мен. Мен саған жүрек жұтқан ержүрек ерлеріңнің

делебесін қоздырар ұран бердім: «Ур-ах!» («Аруақ»). Осы бір қаһарлы қиқумен өзің тәуелсіздікке жеттің, осы бір қаһарлы қиқумен өзгені тәуелді еттің.

Россия!

Бір жұтым су аңсап, кенегесі кепкен далама Еділдің ылайсаң селі боп ақтарылды. Батпан тастар тұңғиық тереңге батып, шаң-тозаң мен шөп-шалам қалқып су бетіне шықты.

Алайда Еділдің етек-жеңін кері жиып алуы-ақ мұң екен, қайыр құмның орнына тебін салған көк майсаны көрдік.

Сен ХХ ғасырдың бостандығы үшін феодалдық ғасырдың бостандығына қол салдың.

Сенің зеңбірегің от шашқан көмейіне ілесіп, Пушкиннің өлені келді.

Бұл бір қар аямаған қатігез жеңісіміз болды. Сенің де, менің де.

Россия!

Біздің қыр жолдарындай көл-көсір ұзақ, қыр бұлағындай мөп-мөлдір төбе-құйқаңды шымырлататын сап-салқын әндерімізде де бірге әуендеп, бірге қалықтады.

Біздің тәніміз туысқандар зиратының бәрінде де қатар жатыр.

Саған келген аштық та, маған келген аштықтан айырып алғысыз.

Сәт сағаттарымыз да солай.

Күннің күннен аумайтыны сияқты бақытымыз да ұқсас. Өйткені, ол ортақ.

Россия.

Москва түбіндегі үйлердің сабаны салбыраған ыс-ыс, күйе-күйе төбелері, көкаяз картоп пен сыштима сырмақ кеудешіктер, шекпен шұға мен шетке жүк таситын вагондардағы қап-қап бидай. Нағыз бебеу қаққан бос құрсақ, жылдарда, Германия қолы өзіңді тонап, Германия етігі өзіңді талап жатқан тұста, сен Еділ бойымен Қостанайдың аш балаларының аузынан жырып, орта қап қара ұныңды Тельман революциясына жөнелтумен жаттың.

Сен жұртқа қан базар сахи болсаң да, өзіңе қан шықпас сараң болдың. Сен, кәрі жампоз, мынау әлемде өзіңе істеген игілігің өзгеге істелген зорлық екенін жақсы білесің. Адамзат жарының ең асыл қасиеттері бүгінгі күннің үрдіс саясатына айналғай!

Россия!

Сені талайлар билепті, мені талайлар қорлапты. Біреулер менен тартып алынған феодалдық бостандықты сенің ХХ ғасырдағы бостандығың етпекші болды.

Сені Азия деседі. Сонда мен төбем көкке жетіп, масайрап қаламын. Сенің үнінде көне жырлардың балауса әуендері сайрап-ақ тұр.

Азия! Анам Азия!

Сені қорлайтындар сенен қорқады да. Олардың мені ұнатқаны сені де ұнатқаны.

Сен бір үлкен қаланың төбесінен күн кетпейтін шет пұшпағысың, сенің саяң — тозаң басқан теректер, сенің сусының — кейде шапшыған, кейде қақсыған арықтар. Сай-сайынның бойында шашылып жатқан тағы өрік. Аузын арандай ашып әбден қаталаған сандуғашың сайраса алқызы лала гүлге бір тамшы су тамызар ма еді, деп тамсанады. Тіпті бөрі екеш бөріңе дейін қарнын сықап тойынып алған соң аузын ашып, көзін жұмып, гүл ажарын мадақтайды.

Мәдениеттің ұлан-асыр қос мұхитының қақ ортасында көпір боп көсіліп, бір жер жатыр. Ол бағы мен бағзыны, болашақ пен болашақты табыстырып, қауыштырып тұрған көпір.

Россия!

Сенің тәж кимеген падишаларыңның аттары әсем мен абзалға деген ақ омырау адал махаббаттары үшін күллі әлемге машһүр болды. Бұл сенің аруағыңды асырып ұлы атаңдырды, тіліңді де, жеріңді де молайтты.

Россия!

Сұлу әндей сынғырлап-ақ тұрған есім! Көмейімдегіні айтқызыбай танып отырған сырлас досты көргендеймін. Біз кемісі жоқ кемелдікті іздеп шарық ұрамыз, оны ойлап шығарған да өзіміз. Біздің бүгінгі ойымыздың сипатына қарап ертеңгі шындықтың сымбаты бой түземек.

Менің бүгінгі жақсы лебізім — ертеңгінің жарым ырысы, келмек күннің керемет шындығы. Мен дәйім мынау табиғатта әлде қандай бір абзал құбылыс жүріп жатқанын сезім отырамын. Ол бір көл-көсір кеңпейіл құбылыс; Менің ойымның кеңпейіл болатыны да сондықтан.

Россия!

Мен сан соғыста қаза болған әкейлердің айта алмаған, айтуға үлгіре алмаған, айтқысы келген барша сөзін жұртқа жар сап, жария еткім келеді.

Жер бетіне «Уралап» санды шапалақтауға әрі кеш, әрі ерте. Бірақ:

«Бейбітшілік жасасын!» деп қанша айтсақ та көп емес.

Күллі мекен біздің ылғи да қатар шырқаған әніміздей ылғи да қатар адымдаған.

Россиям менің!

АБЫЛАЙ ХАН

ХАЛЫҚТЫҚ ҚАҺАРМАНДЫҚ ДРАМАЛЫҚ ДАСТАН

ҚАТЫНАСУШЫЛАР

Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай — қазақ ханы
Көмей Әулие, Кейуана (Бұхар) — халық жырауы
Диуана (Ораз Аталық) — дәруіш

Лама Доржы
Сыбан Доржы — ойрат тайшылары
Дауашы
Әмір Сана

Топыш — Қалдан Шеріннің қызы
Күлпаш — Қалдан Шеріннің кіші әйелі

Дәулетбай — бай

Қабанбай
Едіге
Шотана
Олжабай
Тұрсынбай - қазақ шонжарлары
Малайсары
Бекболат
Ботахан
Жақай
Жанақ
Биікше
Әбілмәмбет — қазақ сұлтандары
Шығай
Шарыш — ойрат батыры
Жасауылдар
Елшілер
Шабармандар

Оқиға XVIII ғасырда өткен

БІРІНШІ КӨРІНІС

САЙЫС

*Көкшетау өңірі. Жаз басы. Думандатқан жастар.
Сахнаның оң жақ шетінен кеудесін самалға тосқан
Көмей Әулие (Кейуана) көрінеді.*

КЕЙУАНА:

Пай-пай, сайын далам-ай,
Манаурап жатқан тау анау,
Балбырап тұрған бел анау,
Мөддіреп жатқан көл анау,
Жүлгеден жидек тергізіп,
Жотаға малын өргізіп,
Жазыққа ауыл қондырып,
Жадырап жатқан ел анау,
Жарқырай шыққан жаз мынау,
Жақсылығы молайғай,
Көңілден кірбің арылып,
Көкейде уайым жоғалғай.

*Әлдеқайдан алақтай басып Диуана көрінеді.
Сахнаның екінші бетіне барып тұрады.*

ДИУАНА:

Пәтшу, мына дүние
Балбырай қапты,
Албырай қапты,
Үлбірей қапты, -
Бәрін де ертең қау шалады.
Пәтшу, мына жұртты-ай!
Уана қапты,
Қуана қапты,
Жадырай қапты,
Жамырай қапты
Бәрібір ертең жау шабады.
Жаз шықты дегенше,
Жау шапты десейші!

Кенет тасыр-тұсыр дыбыстар шығады.

Әне, айтпадым ба,
Тасыр-тұсыр!

Таңқ-тұңқ!
Дүрс-дүрс!
Дүнк-дүнк!
Тағы да дабыл қағылды,
Тағы да дүние қағынды.
Үсті түседі астына,
Асты шығады үстіне,
Әрлі-берлі сабылады,
Бір-біріне шабынады,
Арбасады, айқасады,
Шайнасады, шайқасады.
Қырқысады,
Жұлқысады,
Бірін-бірі құртысады.
Сосын келіп
Аңырайды-ай кеп,
Маңырайды-ай кеп,
Еңірейді-ай кеп,
Мөңірейді-ай кеп,
Ах-ах!
Уһ-уһ!
Еңк-еңк,
Кеңк-кеңк!
Пай-пай!
Бай-бай!
Ойбай,
Қап-Қап!

(Кенет сахна сыртына көз тігіп)

Өй!
Мынауы қалай?
Жау болса, бұның туы қайда,
Ызы-қиқы шуы қайда?
Найзалары қайда шошаңдаған?
Дулығалары қайда қоқаңдаған?
Қылыштары қайда салаңдаған,
Сардарлары қайда санқылдаған,
Сарбаздары қайда сартылдаған?
Бұл неғылған ұбырған-шұбырған,
Қызылды-жасылды бұл не нөпір?
Қалмақтар ма қашып келе жатқан?
Қазақтар ма босып келе жатқан?
Астафыр ала!

КЕЙУАНА:

Тәуба-тәуба! Қызылды-жасыл киініп алған,
Қызы бір бөлек, ұлы бір бөлек -
Шоғыр-шоғыр жиылып алған,
Жорға мінгендер көп, тайпалта басады,
Құйғыта жөнелмей, аяңдап барады,
Әр жер-әр жерге тоқтап, аялдап барады.
Мынау - тойға бара жатқан думаншыл халық қой?

ДИУАНА:

Сұбхан-алла! Сұбхан-алла!
Түркістанда Хожа-Ахмет,
Бұхарада Бахуадин- пірәдария!
Бұл қазақты жын ұрған ба?
Елдері жаудан босамай жатып,
Тойлары несі желбеңдескен,
Бес қаруларын белден шешіп,
Делқұлыдай делбеңдескен?!
Әй, мынау Атығай-Қарауылға не көрінген?!

КЕЙУАНА:

Берем десе жасағанның
Жақсылығы көп екен,
Сия алмай сайын далаға
Қашқаннан соң берекем,
Тығырықтан жол іздеп,
Әз Төлеге барып ем,
Ай маңдайы тоқпақтай,
Қос жанары жұлдыздай
Жолбарыс жонды бір жігіт
Атымды баптап,
Құманымды ұстап,
Шықпай қойды маңымнан.
"Сары Арқа туған жерім ед,
Атқосшы қылып әкет", - деп,
Аттанарда шаужайыма жабысты.
"Тумаса да, туғандайым," - деп,
Әзер қиды Әз Төле.
Жолда Атығай -Қарауыл,
Дәулетбайға соғып ем,
Жата қалып жалынды:
"Жорық сайын жаудан өліп бар балам,
Тұяқсыз қалуға айналдым,
Алсам да талай жас иіс,

Бірінен перзент сүймедім,
Атқосшыңды маған қи,
Бауырыма басып, бала етем".
"Бас билігі өзінде
Сұра, - дедім, - өзінен".
Көнген болды-ау ат қосшы,
Тегін емес бұл жиын...

ДИУАНА:

(Өзімен-өзі)

Бәлду-бәлду пәтуасыз дүние!
Сол баяғы оқиға
Шығар емес әлі естен,
Ен қиянда жүр едім,
Аруақтарға дұға қып,
Қалың қырғын орынына тап болдым.
Жусап жатқан кіл өлік,
Жайрап жатқан дүние-мал,
Тұл боп қалған ту жатыр,
Таланған болды тағы да
Қазақтың бір сұлтаны...
Пәледен машайық қашар деп,
Тайып тұрдым аулаққа,
Ертеңіне таңертең
Астымдағы есегім
Қайшылайды құлағын,
"Тағы қандай пәле," - деп,
Тайып бара жатыр ем,
Еңкідеп біреу жылады.
Қайрылмасам, қатыгездік болар деп,
Жуық бардым қасына.
Күң боп киінген бір әйел,
Көзінің жасын көлдетіп,
Айтып берді бар гәпті.
Әкесін түзде өлтіріп,
Анасын жаулар ап кеткен,
Баланы бұлар қалыпты
Басқыншыға көрсетпей.
"Шығарма, - дедім - тісіңнен,
Естімесін бұны ешкім", -
Қолындағы шарана
Қоржыныма салынды,
Өзіне есек мінгізіп,
Жаяу-жалпы ай жүріп,

Шашқа жетіп, бір сартқа
Жалшылыққа тастап әйелді,
Жаныс Қарабайға жеткіздім
Қоржынымдағы баланы.

“Өрістегі Күніңнің
Жолдан тапқан олжасы”, -
Дедім-дағы алдына
Тастадым дәруіш дорбасын.
Ел ішіне тараттым
Бір қаңқудан соң бір қаңқу,
Бір-біріне тимесін деп әлегі
Күтуші мен баланы
Бірін-бірі көрместей қып
Екі айырып жібердім.
Содан бері сол олжама
Сұқтанбаған қазақ жоқ,
Әбілмәмбет сұлтан да,
Төле би де Сұңғыла,
Тамсанса да, білмеді
Жұмбақ құлдың жөн-жайын.
Баланың іші сезеді
Тегінің тегін емесін,
Түйе бағып жүргенде
Талай диуана жіберіп,
Шындықтың шет-шебірін
Құлағына жеткізгем.
Өзім де алыс кетпеймін,
Ылғи жүрем маңайлап.
Арқаға Көмей Әулие
Алып барады дегенде
Көк есекке мініп ап,
Керуенге ілестім,
Зікір салып, бай-байлап.
Енді, міне, бұлар мәз
Ойда жоқтан ұл сүйіп,
Ойда жоқта той-тойлап.

КЕЙУАНА:

Той боп жатса, топқа кірмей болмайды,
Қуанышқа құтты болсын айтайын.

ДИУАНА:

Бүлк етпейді оң қабағым,
Жырпылдап тұр сол қабағым,

Болып кетпей соңы ойран,
Тыныш бітсе ед мына думан.
Көңіліме күдік кірді -
Неғылған шаң сонау бір шаң?
Алыстан дауыс

Жау! Жау!

ЖІГІТ:

Жау дей ме, ойбай,
Бұл не сұмдық, уа жасаған!

Бейтаныс жігіт орнынан атып тұрады.

ЖІГІТ:

Жау көрінсе - жарақ қайда?
Ат дайын ба, әкежан?

ДӘУЛЕТБАЙ:

Көріспей жатып, көзден ұшпай,
Сабыр етші, садағаң болайын.

ДИУАНА (аптығып):

Жау дабылы қағылғанда,
Той дабыры тоқырар болар,
Тараңдар, түге, даурықпай!

КЕЙУАНА:

Безді ме тағы береке,
Бүлінді ме мереке,
Тағы да түнек түсті ме?!

Сахна қараңғылана береді. Жан-жақтан жылтылдап шырақ көтергендер көбейеді. "Жау, жау" - деген үрейлі дауыс күшейе түседі. Самсатып самала көтерген қаһарлы топ сахнаны кесіп өтіп, екінші жағына барып, сап түзеп тұрып алады. Шымылдық сыртынан самала көтеріп, шашыраңқылау шыққан екінші топ бірте-бірте ұйысып, қарсы бетке барып сап түзейді. Самалалар көбейген сайын сахна жарығы күшейеді. Бір жақтағылардың - ойрат, екінші жақтағылардың қазақ екендігі аңғарылады. Ойраттардың алдында Шарыш, қазақтардың қанатында Әбілмәмбет хан ілгері тұр.

ШАРЫШ:

Мен - кәдімгі Шарышпын,
Азуы алты қарыспын.
Қарсы келген дұшпанды
Табанға таптап жаныштым.
Шуылдаған көп қазақ,
Сен - бұйдалы боз тайлақ,
Мен бурамын шабынған,
Сыртыңда тұрмын шырпынып,
Омыртқанды опырып,
Жамбасыңды жапырып,
Шоңқайтқалы кеп тұрмын,
Қырық бүгіп тізеңді
Тоңқайтқалы кеп тұрмын,
Ит мүжіген асықтай,
Омпайтқалы кеп тұрмын.
Бітті, бітті сайраның,
Шықты, шықты ойраның,
Кәні, қылмақ, қайраның?
Аха-хай,
Оха-хай,
Пай-пай.

ЖОҢҒАР ҚОЛЫ:

Ха-ха-хай!
Оха-ха-хай!
Кеп тұрмыз,
Тап осылай деп тұрмыз,
Пай-пай-пай!

Диуана топқа араласады.

ДИУАНА:

Ойбай-ай, ойпырмай,
Айтқаны-ай оңдырмай,
Жер қылды-ау, көр қылды-ау,
Ей, қазақ,
Көріп пе ең бұны ойлап?!
Жын ойнақ, жын ойнақ!

ӘБІЛМӘМБЕТ:

Уа, халқым,
Бұл не қорлық,
Бір күн тумақ,

Бір күн өлмек,
Неғып тұрмыз сілейіп?

ШЫРЫШ:

Ха-ха-ха!
Кәрі бура,
Әлі жүр ме ең күркідеп,
Жер тәңірімсіп зіркідеп.
Жөн болады енді білгенің,
Жағаламай өңгені,
Жел беттегі орысқа
Ық беттегі шүршітке
Жібермейтін жем қылып
Ағаласаң жоңғарды,
Жолыңды құдай оңғарды,
Алсаң тілді алғаның,
Алмасаң - міне, арқаным,
Тақ басарыңды талтайтып,
Жау басарыңды жалпайтып,
Ел ұстарыңды еңкейтіп,
Сөз ұстарыңды сымпитып,
Бастарын қырқып алам да,
Көздерінен тізіп ап,
Алтын тақты Қалданның
Алдына апарып саламын.
Қайсы, қазақ, қалауың?

ЖОҢҒАР ҚОЛЫ:

Аха-ха-ха!
Еһе-һе-һе!
Қайсы, қазақ, қалауың?
Айт, кәнеки, жауабын!

ӘБИЛМӘМБЕТ:

Жақтыға сөз бермейтін
Жарықтық Көмей Әулие,
Айта аламыз Бұған не?

Ортаға Кейуана шығады.

КЕЙУАНА:

Е, ежелгі дүние,
Ертеден таныс қылығың,
Қосақтасып жүретін

Қызығың мен бүлігің,
Бірдегі аяқ бірде бас,
Бірдегі бас бірде аяқ,
Көкіректегі у - көзде жас,
Көкісе дұшпан - жүрме аяп.
"Алаш" ұранды қазағым,
"Арқар" ұранды төрем-ай,
Естідің жаудың мазағын
Аруақ Бұған көне ме-ай!

ХОР:

Жоқ! Көнбейді Бұған аруақ,
Көнбейді Бұған ел қазақ.

КЕЙУАНА:

Жер ұйықты жайлаған,
Бұғыдай тауда ойнаған,
Бұғынып, сірә, көрмеген
Киліккен жауға көлденең
Буырыл бұлақ басынан
Бұландай тұнық су ішкен,
Тарғыл таудың тасынан
Тарынбай ырзық айырған,
Тажалдың бетін қайырған
Тарғыл қабылан үйсiнiм,
Сынбай тұр қайтып қабырғаң?

ХОР:

Қайысса да қабырға,
Сөгілмейді іргеміз.
Ғазауат айтар күн туса,
Исі алашпен біргеміз.

КЕЙУАНА:

Аспандай шексіз арғыным,
Жұлдыздай жиі қыпшағым,
Киіздей қалың керейім,
Наймандай ну жынысым,
Тау тасқынды тарақтым,
Ұлан-асыр уағым,
Қоңыраттай қалың ел
Төскейдегі шуағым,
Астамсыған дұшпанның
Асып-тасқан ғайбатын

Естімей тұр ма құлағың,
Естісең қайтып шыдадың?

ХОР:

Шыдамның шықтық шетіне,
Шарыштың көріп тайраңын.
Шырт түкіріп бетіне,
Шығарамыз ойранын.

КЕЙУАНА:

Еділдің бойын ен жайлап,
Жайыққа жасыл ту байлап,
Оралға орда қондырған,
Алшандаған Алшыным,
Естімей қайтып жатырсың
Есер жаудың тантиғын.
Тұл құйрықтан ту байлап,
"Тұлпарлап" ұран айқайлап,
Тұтқиылдан тисеңші.
Төбеден төнген дұшпанның
Басын бүтқа исейші.

ХОР:

Тізе қосса алты алаш,
Саламыз жауға жағалас,
Астам жауды қуамыз,
Құйрығын түріп жалаңаш.

КЕЙУАНА:

Алламен аттас алты алаш,
Бар ма еді саған тайталас,
Тұрсын қандай кеп естіп,
Бізге келіп тап бұлай,
Зіркілдердей бұл жоңғар
Құдаймен қашан теңесті?

ХОР:

Шүйліккенге шүйлігер
Иліккенге илігер,
Сөз асырып басынан,
Қазақ қатын емес-ті.
Елдескенмен елдесіп,
Белдескенмен белдесіп,
Есе жібермес егесте.

Ұрыс барда тұрыс жоқ
Доғарайық кеңесті.

ШАРЫШ:

Үйтіп, қазақ, пәлденбе,
Әлдекімсіп әлденбе,
Кең далада кердеңдеп
Өз-өзіңнен желденбе!
Зордың зоры іргенде,
Шеңгелін салып бүргенде,
Келтірер көктен бұтыңды, -
Көрермін сонда күшінді?
Доғарсаң, доғар былшылды,
Өзім түсем сайысқа,
Кесілсе басым - шәйітпін,
Артымдағы мол жоңғар
Істей жатар білгенін!
Кәні, айтыңдар,
Ортаға шығар қайсың бар?

ЖОҢҒАР ҚОЛЫ:

Иә, иә, қайсың бар,
Айтыңдар?

КЕЙУАНА:

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Текестен Сатай, Ер Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Сеңкібай,
Қасқараудан Молдабай,
Тізе берсем ерлер көп
Қатардан жақсы қалдырмай,
Жауабын берші өздерің,
Сайысқа шығар қайсың бар,
Бұл сырттанға алдырмай?!

ДАУЫСТАР:

Мен бармын! Мен бармын!

ШАРЫШ:

Шошаңдаған көп сақал,
Жігіті жоқ, кілең шал,
Бақыртып теке соятын
Қасапшы емес, батырмын.
Жас ноян бар ма араңда,
Шыға алатын сайысқа?

ДИУАНА:

Жылқысында жоқ тарлан,
Итінде де жоқ арлан,
Бұл қазақта іс қылсаң,
Жол тимейді шалдардан.
Ха...ха...ха...
Қатырды-ау,
Масқараға батырды-ау.

ХОР:

Болдық қой масқара,
Арланар жас бар ма!
Бар болса, қайда жүр,
Шықпай ма ортаға?!

Ортаға бейтаныс жігіт шығады.

ЖІГІТ:

Жас керек болса, мен бармын.

БІРЕУ:

Ай, мынауың кім?

ЕКІНШІ БІРЕУ:

Бұрын-соңды көрген емеспін.

ҮШІНШІ БІРЕУ:

Өй, мынау әлгі Дәулетбайдың
Көйлекшең тапқан ұлы ғой.

ТӨРТІНШІ БІРЕУ:

Ажал айдап жүр ме қасқаны...

ШАРЫШ:

Бүріп алып желкеден,
Бір сіліксем қайтер ең?

ЖІГІТ:

Әуелі көр сайысып,
Белгілі болар әуселең...

ХОР:

Жарадың, жарадың,
Бар бол, қарағым.
Бар бол, бар бол,
Иә, аруақ, жар бол!

ШАРЫШ:

Иә, аруақ!

(Жігітке)

Арғы бабам Қалдаман,
Жәңгірді салған омқадан,
Бергі бабам Ер Көдек,
Уәлибақты қуған желкелеп,
Әкем де семсер Алдаспан,
Абылайды дарға асқан,
Содан қалған бес қару
Талайдың мойнын қырыққан,
Қиянға қашқан Уәли
О да тапқан өпірем
Өзім салған құрықтан.
Қашпаса, бала, үрейің,
Кәні бермен келе қал,
Желкеңнен алып бүрейін.
Кәні!

ЖІГІТ:

(Шарышқа)

Міне! Иә, аруақ.

Шарыш пен бейтаныс жігіт ортаға шығады. Жұрт екі жарылып, сайыскерлерге дем беріп тұрады.

ДИУАНА:

(Сайысқандарды шырқ айнала билеп жүріп, әндетеді. Оған хор қосылады.)

Сарт-сұрт! Соқ, соқ.
Тарт-жұлқы! Шоқ, шоқ!
Көтер! Төңкер!
Жайрат! Күйрет!
Серпі! Серме!

Сілкі! Болма, болма!
Алп-алп, алып бас,
Арыстандай арпалыс,
Жолбарыстай жұлмалас,
Қабыландай қармалас...
Болма... Көнбе!
Берме! Берме!..
Тойтар! Қайтар!
Итер! Ырғыт!
Сырғыт! Сүңгіт!
Ішегін үңгіт!
Құрсағын ақтар,
Жүректен түйре!
Иле! Иле!
Көнбе! Көнбе!
Өкшенді көтер!
Кеудеден итер!
Тарт, жұлқы бауынан,
Салаңдаған ауынан,
Уыста, ұста!
Ұста, жіберме,
Қылтадан ілік,
Уыста әбден, сілкі!
Жұлмала, жұлқыла,
Сілкіле, сілкіле,
Көзін алақтат,
Тілін салақтат,
Арыстандай ақырт,
Текешіктей бақырт!
Олай, былай!
Солай-солай!
Е, міне, жарадың!
Жарадың, қарағым!
Жар болды аруақ,
Жар болды құдай!

Бейтаныс жігіт Шарышты лақтай бақыртып, төбесіне көтеріп, сахна сыртына алып кетеді. Бір топ дүркірей қуанып, екінші жақ күңірене жылап қоя береді. Әлден соң жұлынған басты тұлымшағынан ұстап, Диуана ортаға шығады. Соңынан бейтаныс жігіт келеді.

ДИУАНА:

Алақай, алақай!
Баршаңа таныс,

Бақырауық Шарыш!
Сүйрейін, сілкейін,
От бар ма, үйтейін,
Жарады ноян!
Жамағат, оян!

ҚАЗАҚ ЖАҒЫ:
Алаш, Алаш!
Аруақ, Аруақ!
Жарадың, сабазым!

КЕЙУАНА:
Кім болдың, қарағым?

ЖІГІТ:
Әбілмансұр қойыпты есімімді,
Бал мен удан бұйыртты несібемді,
Құрсақтағы күнімнен қуғын көріп,
Күдік-күмән тербетті бесігімді.
Таптым, міне, іздеген ұшпағымды,
Елең етпей қысталаң-қыспағыңды,
Көк шыбыңды көзіңе үймелеткен
Қынадай қып қырармын дұшпаныңды!
Ақ батаңды, ата жұрт, берсең болды,
Жатырқамай соңымнан ерсең болды,
Ел деп туған ер болса, ер соңымнан,
Көкте құдай жар болғай, көрде Абылай!
Абылай! Абылай!
(Жүгіре басып шыға береді)

КЕЙУАНА:
Абылай!
Абылай деді ме жас ноян?

ЖҰРТ:
Қайдағы Абылай?
Абылай қашан өлгелі!

КЕЙУАНА:
Өң бе, түс пе, япырмай, бұл не жұмбақ?
Іздегенім келді ме, құдай қолдап?
Сөзі түзу жан екен, жолын оңғар,
Көкте тоба, жерде елі, көрде аруақ!

ХОР:

Баста өзің, жас ноян!
Қудық жауды соңынан!
Абылай! Абылай!

Бірінші көріністің соңы.

ЕКІНШІ КӨРІНІС:

АРБАСУ

Зындан. Тас түнек қараңғы. Шарышты жеңген жеке батыр - Әбілмансұр жапа-жалғыз.

ӘБІЛМАНСҰР:

Асқақ ұстап алаштың ала туын,
Ата жауды Алтайдан әрі асырдым.
Абылайлап Арқадан бір саңқ етсем,
Тиылып еді қайда дау, ала сүргін.
Әттең, дүние-ай, дәуренім келте болды-ау!
Бақыт құсы басыма ерте қонды-ау!
Ерте қонып, қадірін білмей қалып,
Жендет қолы қапыда желкеге ұрды-ау!
Желкелетіп жендетке болдым қапа,
Желпідеген жел көңіл бермеді опа,
Іште кетер арманым - қайран елім,
Қайта көрер болды ғой жәбір-жапа.

Қараңғы төрінен әлдекім сақылдап күледі.

ДАУЫС:

Иә, бәлем, солай ма екен?
Сенің де, міне, басың кешті
Бабаларың киген кепті.
Хо-хо-ха-ха... Еһе-Еһе!

ӘБІЛМАНСҰР:

Бұл кім өзі?

ДАУЫС:

Арғы бабаң Жәңгір,
Жүрісі - әңгір-дәңгір,

Айқастан соң айқас,
Шайқастан соң шайқас,
Қаралай жүріп дерт тапты,
Қаршадай баладан мерт тапты.
Хо-хо...Ха-ха... Ehe-ehe!

ӘБІЛМАНСҰР:

Не деп тұр мынау?

ДАУЫС:

Одан туған Уәлибақ
Босына өлді ел ақтап.
Тәукеге тиді тәж бен тақ.
Хо-хо...Ха-ха... Ehe-Ehe!

ӘБІЛМАНСҰР:

Қап мынаны-ай?!

ДАУЫС:

Бергі бабаң Абылай -
Алағай да былағай,
Асу-ату,
Зобалаң-топалаң,
Қуғын-сүргін,
Құмар еді тұзаққа,
Жатқан шығар тозақта.
Ха-ха... Хо-хо...

ӘБІЛМАНСҰР:

Қап, мынандай зұлымның
Үзер ме еді жұлынын!

ДАУЫС:

Одан туған Уәлі
Айдалада сұлады.
Артындағы аруын
Тауып інкәр дәруін
Әбілпейіз иемденді,
Асырап одан өнгенді.
Одан да өтті дүние,
Тағына болды жау ие.
Тоз-тоз болған торпағы
Шартарапта жортады.
Хо-хо... Ха-ха.

ӘБІЛМАНСҰР:

Кім болсаң да көзіме бір көрінші.

Екінші жақтан басқа бір дауыс естіледі.

ЕКІНШІ ДАУЫС:

Сап-сап батыр, сап батыр!
Қиын да ақыл тап, батыр!
Алды суық ақиқат
Қасқая шыдап бақ, батыр.
Қазаққа сен келгенсің
Мойныға іліп сауғанды,
Анаң анық болса да,
Әкең күмән әуелден,
Тегіңе жұрт таңқалды.
Хан есігін қармалап,
Бай түйесін қырға айдап,
Би жылқысын Сырға айдап,
Сабылып жүрген Сабалақ,
Жолыңды құдай оңғарды.

ӘБІЛМАНСҰР:

Біреуі аз болғандай
Сұңқылдайды мынауы...

ЕКІНШІ ДАУЫС:

Шарыштың басын қиған соң,
Жорықтан жорық қоймадың.
Қызыл қаннан көл жасап,
Тереңіне бойладың.
Жаттың басын доп қылып,
Жақынның көзін шоқ қылып,
Ажалыңмен ойнадың.
Қалмақ ілді сұқына,
Қазақ ілді қырына -
Қоймадың оны ұғына.

ӘБІЛМАНСҰР:

Бұның да тілі ащы екен.

ЕКІНШІ ДАУЫС:

Қалдан салды сүзіткі
Қазақ салды іріткі.
Ұлытауда аң қуып,

Алаңсыз ұйқы соғам деп,
Тұзаққа басың ілікті.
Шайтанға болдың түрткі,
Дұшпанға болдың сіліккі.
Бабанның қалай өлгенін,
Атаңның не көргенін,
Әкеңнің қайтып сөнгенін
Аңқау басың ұмытты.

ӘБІЛМАНСҰР:

Қап, мыналарды-ай,
Көрінбейді-ау көзіме.

ДАУЫС (*тап қасынан шығады*):

Міне, менмін. Тап қасында тұрмын.
Атасың ба, шабасың ба?

Ғайыптан Диуана пайда болады.

ӘБІЛМАНСҰР (*аң-таң қап*):

Тұрғанда жаның қан қақсап,
Қайдағыны қазбалап,
Қайдан шықты бұл найсап?

ДИУАНА:

Өзіңмен бірге кірдім,
Көкірегінде жүрмін.
Шамданар болсаң - шоқпын,
Шамырқансаң - отпын,
Күмәндансаң - бармын,
Күмәнсіз болсаң - жоқпын,
Хо-хо... Ха-ха...
Еһе-һе... Ке-ке...

Қараңғы қойнынан Кейуана шыға келеді.

КЕЙУАНА:

Сап, сап батыр, сап батыр!
Алша мойның талша боп,
Алма басың шаққа тұр.
Сынап бағар ата жау,
Шыдап бағар ер жігіт..!
Жау ордасы кіл майдан
Сабыр тап та, сапқа тұр!

Қараңғы қоюлана түседі. Кейуана мен Диуана өз-өзінен ғайып болады. Әлдеқайдан аяқ дүсірі шығады. Шегелеп басып, бірте-бірте жақындай түседі. Дыбыс күшейген сайын келе жатқандар айқындала береді. Жарақты жасауыл. Алдындағы екеуі ақ киінген. Беттерінде перде. Одан кейінгі екеуі қолдарына табақ ұстапты. Жасауылдардың бәрі де қап-қара перде жамылып, қап-қара киініпті.

АҚ КИІНГЕНДЕРДІҢ БІРІ:

Жеті күн жер астына сен түскелі,
Содан бері аузыңа дәм түспеді.
Мінеки - хан сарқыты сары балдан,
Құлын бар құрсағынан жарып алған.
Шырын бар миуа бақтан сауып алған,
Ал мынау - абақтының қара суы,
Қазанда қайнай-қайнай шыққан буы,
Ішінде жалғыз кесім май салынған
Аштықтың қайтара алса қаһарлы уын...
Таңдап көр - бірер шұқып татып ал да,
Атауың шығар, бәлкім, қапы қалма,
Қаралай дар тұзақта қылғынғанша,
Қақалып өлген дұрыс шекер-балға.

Табақ көтерген екі жігіт тұтқынның қарсы алдына барып тұрады.

ӘБІЛМАНСҰР:

Хан сыбағам желінер
Қонтайшының төрінде.
Хан сарқытын татпаймын
Мынау қапас көрінде.
Зынданның асы қара су,
Қайырын берсе - нәр болар.
Қорлықта ішкен шекер де у,
Бір алла өзі жар болар.

(Қара су құйылған табақты қолына алып, ішіндегі сұйығын төбесіне көтеріп? ішіп салады. Табақ түбінде қалып қойған бір кесім майға қарап):

Сорпа ішінде май шіркін
Үрлесем кетпес неме еді,
Қара суда қашқақтап
Қанша өпсем де келмеді.
Бұйырғанға өкпе жоқ,

Бұйырмасқа зорлық жоқ,
Мә, ендеше, барып тұр.

Қолындағы табақты лақтырып жібереді. Екі ақ киімді бастарын шайқайды. Біреуі тіл қатады.

БІР АҚ КИІМДІ:

Тарқамапты ашуың,
Басылмапты көкірек.
Ашуды да тарқатар,
Көкірек те басылар,
Ем табылса күштірек.

Жасауыл шығып кетеді. Түнек ішінен шылп-шылп дыбыс шығады. Сахна төрінен жақпар тастың астындағы аңғар үңгір көрінеді. Аңғар іші көл, құрақ. Содан еңгезердей жолбарыс су жалап тұр.

ӘБІЛМАНСҰР:

Мен осы қайда тұрмын?
Не де болса,
Рахмет тағдырға,
Қор болғанша жендетке
Аң патшасы таласын!
Келе ғой, мыш-мыш,
Қолыма бір түс!

Жолбарыс тұрған орнынан тырп етпейді. Әлдеқайдан тасыр-тұсыр дыбыс шығады. Жолбарыс құлағын жымып, өз-өзінен ғайып болады.

Уа, тоба,
Бұл не сонда -
Өң бе, түс пе?
Қан шеңгелді тарғыл мысық,
Тап бермеді, болды ғайып,
Кетті ме әлде аспанға ұшып?

Сахна қайтадан тарғылданып қоя береді. Манағы ақ киінген екеу қайта көрінеді. Оларға ілесіп, тарғыл ала киінген қырық жендет көрінеді. Олар да беттеріне перде іліп алыпты. Қолдарындағы семсерлерін жалаңдатып, Әбілмансұрдың алдына кеп тоқтайды.

АҚ КИІНГЕН БІРЕУ:

Қонтайшыдан жарлық болды,
Қарашыдан жабдық болды,
Сіздің меймананыз толды.
Қырық жендет келді,
Қырық семсер келді,
Біреуінен - ажалыңыз,
Жазмыштан осындай бұйрық болды...
Айтарыңыз болса, айтып қалыңыз.

ӘБІЛМАНСҰР:

Жендет арыздасар бастасым емес,
Бақұлдасар достасым емес,
Қонтайшымен бұл дүниеде тілдеспесек,
Ол дүниеде тілдесерміз.

АҚ КИІНГЕН ЕКІНШІ КІСІ:

Біліп келіңдер, - деген - даты бар ма?
Датың болса, айт - қапы қалма!

ӘБІЛМАНСҰР:

Мұнда мен тілдесер кісі жоқ.
Дат та тиесіге айтылады.

АҚ КИІНГЕН БІРІНШІ АДАМ

(Жендеттерге):

Ендеше, кәні, бастаңыздар.

Қырық жендет семсерлерін сермелеп, Әбілмансұрды шырқ айналып, билей жөнеледі. Бірінен соң бірі кеңірдегіне әкеп семсер кезеген қаһарлы би. Әбілмансұр міз бақпай тұра береді.

АҚ КИІНГЕН БІРІНШІ АДАМ:

Сары қасқа текедей
Тесірейе қарауын,
Дәнеңе жоқ қаперде,
Қабағын да қақпайды,
Жүрегі тас па, мүйіз бе,
Қашар емес түсі де.
Тас болса, егер жібітелік,
Мүйіз болса, ерітелік,
Жә, доғарыңдар!
(Жендеттеріне)
Кеттік!

Қырық жендет алыстаған сайын алакүңгірт сахна қайтадан қоюлана түседі.

ӘБІЛМАНСҰР:

Көрсетері бар екен қандай тағы да?
Азабынан гөрі, мазағы батты-ау жаныма...

Сахна төрінен ырғала басып, қызғалдақтай қыздар тобы шығады да, алқа қотан тұра қалады. Бастап келе жатқан алтын Үкілі ару тұтқынға тіл қатады.

АЛТЫН ҮКІЛІ АРУ:

Салқын белде самал құшқан сал жігіт,
Сан сұқсырды келдім ертіп,
Қалағанын құшағыңа, ал, жігіт.
Бұл дүниедегі о дүниеге кетпейді,
Дар алдында құмардан қанып қал, жігіт!

Сайқалдана күліп, тұтқынды шыр айнала билей жөнеледі. Оған ілесіп, нөкерлері де билейді. Әуелі киімшең билейді. Бірте-бірте көкіректен бастап жалаңаштана түседі. Ақыр аяғында көбелек қанатындай көлеңдеген дембелше де шешіледі. Ең соңында анадан туған қалыптары құтырынған биге басады. Бірінен соң бірі кеп тұтқынға жанасып, біресе аймалап, біресе еміреніп, біресе менсінбегендей кекірейген - мың құйқылжып, мың құбылған сайқалдар биіне сазара қарап Әбілмансұр тұрады. Алтын Үкілі ару сақ-сақ күліп қоздырма тіл қатады.

АЛТЫН ҮКІЛІ АРУ:

Аққу мойын аршын төске
Асылсайшы, аңқау жігіт.
Анаң берген қос емшекке
Бас ұрсайшы, аңқау жігіт.
Қыздың төсі-қызыл жалын,
Құшпайсың ба, аңқау жігіт,
Қыз ерінінің шекер балын
Жұтпайсың ба, аңқау жігіт.
Бедіреймей көкке қарап,
Иілсеңші, аңқау жігіт,
Сұнқарсың ғой, көп аққуға
Шүйілсейші, аңқау жігіт.

Тұтқын сірескен қалпы тұра береді.

Жә, түсіндім бұл сырға,
Көп қаншықтан сырттан да
Сырт айналып кететін,
Тұрсың ба әлде арбалып,
Жоғалыңдар, тәйірі!
Бұл сырттанмен бұл жерде
Өзім қалам оңаша.

Қыздар жерге жатқан киімдерін қармай-қармай, билеген қалыптары қаша жөнеледі.

Енді, сабаз, маған қара,
Меруерт алқа!
Бүкіл елде біреу ғана,
Өзің түсін,
Ішің білсін.
Мынау құшақ:
Кірсең - жұмақ,
Қашсаң - тозақ.

Арбай-аймалай жөнелген аруды тұтқын жігіт шынтағымен тіреп, кері итереді. Анадай жерге барып сылқ ете қалған сылқым қыз долданып орнынан тұрады.

Адыра қал, айғырсымақ,
Бір тамшы дымың бұйырғанда,
Қазаққа тұзақ ұл табар ем.
Қинадың ғой, қимадың ғой,
Қимағаныңды ертең дар басынан,
Қызыл қаншыққа жұлқылатам.

Долдана басып шығып кетеді. Әбілмансұр сахна төріне үңіле қарап тұрып қалады. Қараңғы төрінен аққудың балапанындай ақ көйлекті қыздар шығып, тұтқынды шыр айналып, әндете жүріп, билеп қоя береді. Алдында - күміс Үкілі ару.

АҚ КӨЙЛЕКТІ ҚЫЗДАР:

Қырда өрген қиқар елік ек,
Қиырға кеттік айдалып.
Жау қосақ боп келіп ек,
Жүрміз жіпсіз байланып.
Хабар жетпей ел беттен
Көңіл де әбден торықты.
Көздің жасы көлдеткен

Жылай-жылай сорықты.
Шетке кеткен шерменде
Туған ел бізді ұмытты.
Бұған да көңіл көнгенде
Көрсетті мынау сұмдықты:
Жау беттегі айбарым,
Дабылы жеткен алыстан,
Арытты-ау бізді аужарың,
Аранға түскен Арыстан.
Қорлық өтті сүйектен
Қиналдық-ау, ой, ала-ай,
Қанатымен су сепкен
Қарлығаш құрлы бола алмай...

КҮМІС ҮКІЛІ АРУ:

Жә! қайдағыны айтып қақсамай
Жөнеліңдер түге!

Ақ киімді қыздар сылбыр басып шығып кетеді.

Жайсаң аға, бері қара,
Мойынымдағы жақұт алқа!
Жалпақ елде екеу ғана -
Бірі - осы. Неге екенін өзің түсін.
Атам - шүршіт. Әжем - қазақ.
Нөкерлерім - жаңағы.
Дала десе бұрады ішім.
Жасым - уыз. Құлын шағым.
Басым - бұла.
Қол тимеген тұлымшағым.
Бүгін - анық. Ертең - күмән.
Көрер жарық - арты тұман.
Іште кетер жоқ па еді арман?
Аман қалсаң - жауда да бір бар ма тірек?
Қапы кетсең - жер үстінде қалды ма тұяқ?
Жақсының ізсіз өшпегі,
Жүйріктің тұяқсыз кетпегі -
Тірлік кешпес күпірлік.
Күпір болмаңыз, аға.
Ұят-ай, не деп барам,..
Аяғыңа бас ұрамын!..

Әбілмансұрдың аяғына жығылады. Тұтқын сілейіп тұрып қалады. Кенет селк етіп оянып, оң қолын күміс Үкілі

арудың маңдайына қарай ұмсына береді. Сахнаны күмістей бұлыңғыр қаптап, қыз бен жігіт соған сіңіп жоқ болады. Өң мен түстей бір сәт. Буалдыр сұйыла түседі. Батыр жалғыз тұр. Анадайда кердеңдей басып келе жатқан екеуге аңырая қарайды.

ЕКІНШІ АҚ КИІМДІ АДАМ:

Жазаға қимас жан екенсің,
Жалынғанға көнбессің,
Азғырғанға айнымассың.

БІРІНШІ АҚ КИІМДІ АДАМ:

Қапаста емес, шайқаста
Жолығардай сабазым-ай.
Дарға емес, тажға лайық
Алтын басың
Қыл арқанда қылғынады-ау!

ЕКІНШІ АҚ КИІМДІ АДАМ:

Бұйрық тәңірден,
Үкім қонтайшыдан,
Не боларын кім білген?

Екеуі де кері бұрылып, шығып кетеді. Олар көзден таса бола, бір жақтан - Диуана, бір жақтан - Кейуана әлдене айтқалы оқтала береді. Әбілмансұр оларды көріп қап, сүк саусағымен аузын басады.

ӘБІЛМАНСҰР:

Таждың маңы - тас зындан,
Дымың болсын ішінде.
Билік маңы - кіл жұмбақ,
Түсінсең де, түсінбе!

Диуана мен Кейуана құптағандай бастарын изеп екі жаққа ығыса береді. Сахна бірте-бірте қараңғылана түседі. Сәлден кейін қайтадан жарық түседі. Самаладай тақ ордасы көрінеді. Тақта-Қалдан қонтайшы. Жан-жағы жоңғар жайсаңдары.

ҚАЛДАН:

Өлер Шарыш өлді енді.
Одан күдер үзгем-ді.
Өлтірген кім?

Текті ме әлде тексіз бе?
Тексіз болса - қалмақтың
Тірілей жерге кіргені.
Текті болса - ендігі
Қандай болмақ дәурені?
Көрдіндер ғой - не дейсіңдер!?

ЖАСАУЫЛ:

Қара суды қағып салып,
Май ауызға түспеген соң,
Көкке атты тостағанды.

ҚАЛДАН:

Тексіз болса тоң майға,
Салар еді шеңгелді.
Сен не дейсің, Лама Доржы?

ЛАМА ДОРЖЫ (бірінші ақ киімді адам):

Жолбарыстан қаймықпады.
Семсерден де сескенген жоқ.

ДАУАШЫ (екінші ақ киімді адам):

Ерлігінде күмән жоқ.
Өрлігі де жетерлік.

ТОПЫШ СҰЛУ (алтын Үкілі ару):

Таудан да шалқақ маңдайы.
Ешкімді көзге ілмейді.

КҮЛПӘШ СҰЛУ (күміс Үкілі ару):

Намысын қолдан бермейді.

ҚАЛДАН:

Күн сабылып орыс тыным бермейді.
О да: "Босат!", - дейді оны.
Түн сабылып шүршіт тыным бермейді.
О да: "Босат!" - дейді оны.
Қара борбай қазақтың
Не дейтіні белгілі.
Жеркіндік пе сол неме?
Неге дәрі бәріне?!
Көрейік, әкеліңдер!
Мен араларыңа барып отырайын.
Кіріп келгенде, бос тақты көрсе,

Тексізге бәрібір:
Босағасына жайғасады,
Ал тектілігі рас болса,
Ойына ой қашады...

Қалдан тағынан тұрып, көптің ортасына барып отырады. Жасауылдар Әбілмансұрды айдап әкеледі. Ол босағаға сәл кідіріп, жан-жағына бір қарайды да, бос тұрған таққа беттейді. Екі жасауыл жолын бөгейді.

ӘБІЛМАНСҰР:

Тақ бос тұрмас болар.
Бос тақтан кие қашады.
Бос тақты иемденген
Ел-жұрттың сауабын алады.

Қалдан тағына бет алады.

ҚАЛДАН (жолын бөген):

Тағзым қайда, тәр қайда?

ӘБІЛМАНСҰР:

Тақтайға тағзым жүрмейді,
Тақсырға тағзым жүреді.

ҚАЛДАН:

Тақсыр емей мен кіммін?

ӘБІЛМАНСҰР:

Таққа мінген тақсыр,
Тақтан тайған пақыр...

ҚАЛДАН:

Пақыр тақсырға қол көтерсе не болады?

ӘБІЛМАНСҰР:

Заман азып, заң тозады.

ҚАЛДАН:

Ендеше Шарыш қайда?

ӘБІЛМАНСҰР:

Оның жөнін тәңір біледі.

ҚАЛДАН:

Қанын арқалаған сен не білесің?

ӘБІЛМАНСҰР:

Қан арқалаған жоқпын,
Қанға қан төктім.
Жанға жан қидым.
Тақтан аударғам жоқ,
Аттан аудардым.
Ғайыпта өлтіргем жоқ,
Сайыста өлтірдім.
Өзі мойындаған күнәсі үшін жазаладым.
Жазалыны жазалағанды жазғырмас болар
Ол менің алдымда құныкер.

ҚАЛДАН:

Қалайша?

ӘБІЛМАНСҰР:

Төрт қаруы бойында
Төрт бабамның қаны бар.
Ешкім зорламай өзі айтты.
Естіп тұрып, қалай аман жіберем?
Менің орнымда өзің болсаң қайтер ең?

ҚАЛДАН:

Отырып сөйлесесің бе?
Тұрып сөйлесесің бе?

ӘБІЛМАНСҰР:

Өз айтқаның жөн болсын...

Қалдан жанындағыларға бас изейді. Олар жылысып шыға береді. Жылысып бара жатқандармен бірге сахна да жылжып, басқа бір жайдың ішіне жетіп тоқтайды. Оңаша сұхбатхана. Қалдан мен Әбілмансұр екеуден-екеу.

ҚАЛДАН:

Елінде қой көп пе?

ӘБІЛМАНСҰР:

Көп...

ҚАЛДАН:

Ендеше, қойшы өтірікші, қой ұры.
Еліңнің өріске, суатқа таласқан
Ұсақ жанжалы басылмас.
Елінде сиыр, жылқы көп пе?

ӘБІЛМАНСҰР:

Көп.

ҚАЛДАН:

Жер емшегін ембеген
Жерге мықтап орнықпас.
Жердің қадірін білмеген
Елдің қадірін білмейді.
Бірақ, елдікке ұмтылмаса да,
Теңдікке ұмтылады.
Шабан мінген қойторы да
Бәйге алсам деп ойлайды.

ӘБІЛМАНСҰР:

Ие, аласа тақтың үстіндегі
Асқаралы алтын таж
Қолапайсыз көрінері рас.

ҚАЛДАН:

Төбеге шықпаған тауға шыға ма?

ӘБІЛМАНСҰР:

Қышымаған тақымға тұлпар бұйыра ма?

ҚАЛДАН:

Тауда тарлан ойнай ма,
Бағлан ойнай ма?

ӘБІЛМАНСҰР:

Тарлан ойнаса - жарместігінен ойнайды,
Бағлан ойнаса - білместігінен ойнайды.

ҚАЛДАН:

Тар жерде теке тіресе ме?

ӘБІЛМАНСҰР:

Теке тіреспейді, текешік тіреседі.

ҚАЛДАН:

Тірессе не болады?

ӘБІЛМАНСҰР:

Екеуі де бөріге бұйырады.

ҚАЛДАН:

Көп азая ма,
Аз көбейе ме?
Осал нығая ма,
Мықты әлсірей ме?

ӘБІЛМАНСҰР:

Құм жиылып тас болмай ма,
Тас сұйылып құм болмай ма?

ҚАЛДАН:

Көбею мен күшеюдiң басы не?
Азаю мен әлсіреудiң басы не?

ӘБІЛМАНСҰР:

Жұғысу мен суысу.

ҚАЛДАН:

Тау сыртында тау тұрса - қайтеміз,
Жау сыртында жау тұрса - қайтеміз?

ӘБІЛМАНСҰР:

Жақын тауға шықпай болмайды,
Жақын жауды ұқпай болмайды.

ҚАЛДАН:

Ішінде кетіп бара жатқан арман жоқ па?

ӘБІЛМАНСҰР:

Арманым - түзге түнедім.
Ғайыптан қолға түстім.
Жалғыз жолға шықтым.

ҚАЛДАН:

Еліңді әлі бір мекенге орнықтыра алмапсың,
Жауда емес, аңда жүріп
Қолға түстім деп өкінесің.
Жалғыз едім, ізім қалмас деп қорқасың.

Дұрыс.
Ант берік пе, пейіл берік пе?

ӘБІЛМАНСҰР:

Қылғындыруға қыл арқан дұрыс,
Жалғасуға жібек арқан дұрыс.

ҚАЛДАН:

Пейілдестіктің желімі қайсы,
Жалғастықтың желісі қайсы?

ӘБІЛМАНСҰР:

Астан артық желім болар ма?
Кіндіктен артық желі болар ма?

ҚАЛДАН:

Ендеше ас әкеліңдер!..

Қолына алтын кесе ұстаған Топыш сұлу мен күміс кесе ұстаған Күлпәш сұлу, олардың соңынан шұбатылған алтын оқалы сүлгіні бірге ұстаған Сыбан Доржы, Лама Доржы, Дауашы көрінеді.

Ахиреттің алдында да ас ұлы.
Қалаған кесеңнен дәм тат.

Әбілмансұр екі қызға көз тастайды. Топыш қомсына, Күлпәш қымсына күлімсірейді. Тұтқын сыр білдірмеген қалпы әуелі Күлпәштың қолындағы кесені қолына алып дәм татып, иесіне сыпайлықпен қайтып береді де, дереу Топыштың қолындағы алтын кесені алып, басына бір-ақ көтереді. Бәрі аң-таң. Қалдан үнсіз отырып барып, тіл қатады.

Ас болсын!

Күміс кеседен дәм татқаның -
Пейіліме ырза болғаның.

Алтын кеседен дәм татқаның -
Ырысыма ортақтасқаның.

Екі дүниеде де алдыңнан шықсын.

Мен де үшеу боп келіп ем.

Біреу боп кетер түрім бар.

Бауырымның соңы - Шарыш.

Бір өзің мен бір құдайға мәлім,

Ол да опат болды.
Өз бауырымнан үш терек,
Үлкен әйелден - Сыбан Доржы,
Кіші әйелден - Лама Доржы.
Күлпаш ханым - Ежен ханның қызы.
Ол келе жатқан керуенді
Қазақтар тонап әкетіп,
Бір қысты қырда қыстап келді,
Некеміз енді қиылады.
Топыш - жаңғыз қызым.
Дәмдес болдың, екі дүниеде тани жүр.
Ағадан қалған бала көп,
Шарышыма тұяқ ермеді.
Жегідей жейді сол мені.
Өзімнен де сенімді.
Қидың ғой оң қолымды,
Ойдың ғой оң көзімді.

ӘБІЛМАНСҮР:

Білмей қалдым, алдияр.
Жалғыздықты жауыма да тілемеймін.
Қай үкіміңе де пейілмін.

ҚАЛДАН:

Бар! Бара бер!

Үй-ішіндегілер аң-таң.

СЫБАН-ДОРЖЫ:

Сонда кесім не болды?

ҚАЛДАН:

Сабырларың жетпесе - қазір айтайын,
Сабырларың жетсе - кейін біле жатарсыңдар.

(Үй-ішіндегілер түгел шығып кетеді. Қалдан жалғыз).

Дігірлеген дүние-ай,

Дінкелетіп келеді...

*(Көкірегін ұстап, мүдіріп
барып, қайта сөйлейді).*

Үйістіп жүріп, көз жұмсақ,

Өкініштен басқа не қалмақ?

Жау-жағалас күн кештік.

Жеңілмедік, жеңбедік.
Аздар айқастан тиылмаса,
Көпке кетер жем болып.
Кетісерге - кекшіл көп,
Келісерге - есті жоқ.
Сол жоғым табылды ма деп тұрмын.
Басына азаттық берсем,
Іргеме тыныштық келер ме екен?
Басымызға ертең іс туғанда
Ту сыртымнан тұра ұмтылмай,
Қолтығымнан демер ме екен?
Не де болса, нар тәуекел...

ҮШІНШІ КӨРІНІС.

НАР ТӘУЕКЕЛ

Ұлы жиын. Қызық думан.

ХОР:

Шырқа, шырқа, ағайын,
Шырқайтұғын күн бүгін
Көңілден кірбің жым-жылас
Тарқайтұғын күн бүгін,
Көздің жасын жаратқан
Көре қалған күн бүгін,
Көп жылаған қазаққа
Бере қалған күн бүгін.
Ғайып болған ақ Сұңқар
Қайта оралған күн бүгін,
Өшкен үміт шырағы
Қайта жанған күн бүгін.

Думаншыл топтың ортасында мәз-мәйрам боп Дәулет-бай тұр.

ДӘУЛЕТБАЙ:

Ризамын, жаратқан,
Жоғалттым деген жалғызым
Көзіме қайта көрінді.
Менің ұлым боп кетіп еді,
Елдің ұлы боп оралды.

ЖАРШЫ:

Әлеумет, түгел құлақ сал,
Әбілмәмбет ханымыз
Әмбеге айтар сөзі бар.

Соңдарына көлдей ақ киіздің шетінен ұстаған ел жақсыларын ертіп, Әбілмәмбет пен Әбілмансұр көрінеді.

ӘБІЛМӘМБЕТ:

Армысыздар, ағайын,
Тілекті құдай беріп тұр,
Сағындырған сабазың
Елге оралып келіп тұр.
Қалың жұртым қуанған,
Абылайлап ту алған
Әбілмансұр сұлтанға
Елімнің қиып жартысын,
Жерімнің қиып жартысын,
Өз алды орда тіккізіп,
Хан сайлағым келіп тұр.
Бұған халқым не дейді?

КӨПШІЛІК:

Дұрыс, дұрыс. Міне, жөн!

ӘБІЛМӘМБЕТ:

Жөн десеңдер, әлеумет,
Алдыңа жаям ақ киіз.
Кәні, Абылай!
Оң аяқпен атта үстіне,
Жолыңды алла оңғарғай!

Абылай ақ киіздің үстіне шығады. Киіздің шетінен ел жақсылары жабыла ұстап, аспанға көтереді.

АБЫЛАЙ:

Ризамын, ағайын.
Көкірегімде жан барда
Аманаттарыңды ақтауға
Ант етемін, ант етемін!

ХОР:

Ханның бағын зор қыл!
Халықтың тілегін оң қыл,

Іргеміз тыныш болсын,
Берекелі ұлыс болсын!
Әумин! Әумин!

ЖАРШЫ:

Ал, халайық,
Қапы қалмайық,
Хан талапай!

ХОР:

Алақай, алақай
Хан талапай!

Ханды ел жақсылары төбелеріне көтеріп, оргасына беттейді. Жұрт хан көтерілген ақ киізді тәбәрік қып үлестерін алып жатады. Сахна шырқ айналады. Сары Арқа. Салқын бел.

КЕЙУАНА:

Дуылдаған той өтті.
Одан қанша жыл өтті.
Ызы-қиқу азайды.
Жиын-думан көбейді.
Дүние неткен кең еді,
Өзіміз жүрдік тарылтып,
Көкжиектен шаң шықса,
Жау шықты деп дүрліктік.
Енді, міне, ерте-кеш,
Елшілер келер ағылып,
Саудагерлер сабылып,
Арқа-жарқа ағайын
Алдынан шығар сағынып.
Тәңірім осы төрінен
Жүрмесе екен жаңылып.

Сахнаның екінші шетінен Диуана көрінеді.

ДИУАНА:

Жер бетінде ел-ақ көп екен,
Жалпылдаған ту-ақ көп екен,
Быддырлаған, шүлдірлеген
Біз түсінбейтін тіл-ақ көп екен,
Бәрінің аузында: "Абылай".
Құдайдың атын құбылтып айтса да,

"Абылайға" жаңылмайды ешбірі.
Әне бір шаң!.. Міне бір шаң...
Киік қой десең, керуен боп шығады.

КЕЙУАНА:

Жаман хабар жаушы болмай,
Жақсы хабар елші болса болғаны.
Шаңқылдаған шапқын келмей,
Бәйпендеген керуен келсе -
Замананың оңғаны.

ДИУАНА:

Абылай да ақ семсерін төрге ілді,
Шаңыраққа тіреу қылды найзасын.
Ертелі-кеш елшілермен пыш та пыш,
Асырмақшы айласын.
Жатып алып қатын алып жан-жақтан...
Кіндігімен тығындамақ
Жалпылдаған жұрт аузын...
Атығай, Қарауыл алты қатын ап берді.
Нұралы да "қызымды ал" деп шап берді,
Қырық бұрым шашын тарап сарт келді.
Бәрін шетке ысырып сап,
Қалмақ Топыш иемденді қақ төрді
Бүйте берсе, бір көрпеден өріп,
Бір төренің шашбауын көтеріп,
Жүрмесек қайтсін бір күні?!

КЕЙУАНА:

Қуанбасаң, қиналма оған!

ДИУАНА:

Әй, қайдам!
Әбілмәмбет әуелгі кез
Әукесі түсіп, бауырсынып жүр еді,
Қалдан қарқалазы қып жібергенде,
Бұзылды бірден реңі,
Бел астында отырып,
Қойды төбе көрсетпей.
Әбілқайыр өлгелі,
Барақ кетті тентіреп...
Қалдан қарап жатқан жоқ,
Бәрінің де құртып отыр діңкесін:
"Түркістанды саған берсем,

Өйтесің де бүйтесің!"
Апта сайын ат шаптырып Абылайға
Айтары сол ерте-кеш.
Бел аса сап,
Әбілмәмбет сұлтанға,
Айтары сол - басқа емес.
Жем беттегі Нұралы,
Қарнақтағы Барақ,
Түркістанда Сейіт
Алған сондай уәде.
Бәрі бірдей дәмелі.
Сәмеке де ала алмаған,
Әбілқайыр көре алмаған
Бас тақытқа ие болмақ бәрі де.
Шүршітпенен болғанынша бір жақты,
Бәрін бірдей көз сүзгізіп бір таққа,
Тырп еткізбей ұстап отыр тұзақта.
Абылай да асырмақ боп әдісті,
Әр тараптан бір шығарып дабысты,
Аңдап отыр аңысты.
Жаубасарларды дауға салып,
Бәрін бірдей елшілікке жұмсап,
Әр тарапқа бытыратып жіберді.
Енді, міне, бір-бір керуен жетектеп,
Сондарында бір-бір елші дедектеп,
Келіп жатыр тұс-тұсынан ағылып,
Жау жыққандай сабылып.

КЕЙУАНА:

Жау тиылса, дау тиылса болмай ма,
Шайқастан да шайлығытын кез болды.
Абылайға әзір өкпе жүрмейді,
Оқпен сынаған батырды
Бақпен сынап көрейік.

Сахна айналып, Кейуана мен Дууана алыстай береді. Ортада ханның сары ала шатыры. Қақ төрге алтын тақ. Тақта алшия жайғасқан Абылай хан манаурап ойға батқан. Шатыр іші буылдырланып, бір түрлі күміс реңге көшеді. Тақ сыртынан сыланып, күміс торқа киінген Күлпаш шыға келеді.

КҮЛПАШ:

Арыстаным, армысың?

АБЫЛАЙ:

Күлпашсың ба, қайдан жүрсің?

КҮЛПАШ:

Сағыныштан сарғайған соң
Тәуекелге бел байладым.
Жеттім, міне.

АБЫЛАЙ:

Жетсең, неге жақындамайсың?
Есік аттағасын, кілт тоқтағаның не?

КҮЛПАШ:

Ұрлық қылған адамдай екем,
Қимылдауға қысыламын...

АБЫЛАЙ:

Қысылатының қалай...

Баяғы тар қапаста да
Ағыл-тегіл ақтармап па ең
Ақ пейілдің дариясын?!

КҮЛПАШ:

Сол дарияның бергі бетінде мен қалып,
Арғы бетке сен шықтың,
Қайығыңа отырғызып басқаны.

АБЫЛАЙ:

Тақ пен билік, бақ пен дәулет
Тарылтпаса, кеңейтпейді ноқтаны.
Тәңірі мен тағдыр бұйрығы,
Сені емес, басқаны әкеп қосқаны.

КҮЛПАШ:

Ондай ноқта өз басымда да бар,
Шылбыр болып шырмап алып,
Тұсап тұрған сол аяқты.

АБЫЛАЙ:

Баяғыда қидың қалай
Шылбыр емес кісенді?

Көр зынданда сені құшқан
Қас-қағым сәт —
Ауық-ауық ұйқы бұзар
Алыс қалған түс енді.

КҮЛПАШ:

Түс емес ол, арыстаным,
Сонда бойға біткен титтей бершімек
Қазір көрсең - дәл өзіңдей,
Атан жілік кісі енді.

АБЫЛАЙ:

Не дейсің, Күлпаш,
Қалдан бұны біле ме?

КҮЛПАШ:

Білетінін, білмейтінін білмедім,
Атын қойып, тұсауын кескен өзі.

АБЫЛАЙ:

Аты кім?

КҮЛПАШ:

Әмір Сана деп қойды.
Сары Арқаға қол бастап емес,
Жол бастап барар
Құтаяқ осы болсын деп.

АБЫЛАЙ:

Қол бастап емес, жол бастап дедің бе?

(Күміс торқа киінген Күлпаш сұлу жылыстап шығып кеткен жаққа қарай дауыстап тіл қатады).

Тоқта! Қайда барасың?

(Өз даусынан өзі оянып кетеді).

ТОПЫШ:

Неге айқайладыңыз, алдияр?
Үрейлі шықты даусыңыз.
Шошып оянғаннан саусыз ба?
Көріп пе едіңіз, жаман түс?

АБЫЛАЙ:

Өң мен түстің айырмасы болмай тұр,
Бәрі де бір бас қатырар шытырман.

ТОПЫШ:

Ендеше қуан, жақсы хабар әкелдім!

АБЫЛАЙ:

Қай тараптан ондай хабар шықпақшы...
Орманда тұр орыс қайрап балтасын,
Қыр басында шүршітің тұр кезеніп,
Жал астында жоңғар жатыр дүрлігіп,
Күнгеіңде Нәдір-шах
Нар үлектей күркірейді күні-түн,
Жақсылыққа жайлы тарап
Қайдан табылды, ханымым?

ТОПЫШ:

Алыстан емес, жақыннан...

АБЫЛАЙ:

Жақыннан қалай жайлы хабар келмекші,
Ерлерің жүр есіріп,
Билерің отыр мысқылдап,
Төре біткен төбеме ойнақ салып жүр,
Төрт тараптан түртпектерін көбейтіп?!

ТОПЫШ:

Сонда не дейді?

АБЫЛАЙ:

Ақсақ-тоқсаққа, таз бен сақауға
Шаруа табылды. Енді сауымызға
Тап дейді бір ермекті.

ТОПЫШ:

Ермегі несі?
Күллі елге ермек табылар ма?
Еңбек тап демей ме одан да?!

АБЫЛАЙ:

Жоқ. Басқаларға еңбек керек,
Біздің жұртқа ермек керек.
Түркістаннан басқа кенттің

Бәрін дерлік қайтардым.
Сауда жасауға арланады.
Ұзын аққан Есіл менен Ертістің,
Көлденен аққан Торғай менен Нұраның
Бәрін жаудан босаттым,
Егін салуға қорланады.
Балқаштың бос айдыны,
Қорғалжын мен Көкшетауда сексен көл,
Баянтауда Сабынды көл, Шойынкөл,
Тарбағатайда Зайсан көл -
Бәрі жатыр мөлдіреп,
Ат суармаса, аяқ-қолын салмайды,
"Балық ауландар!" - десем,
"Бақаны да бақ дерсің-ау" деп бұлданады.

ТОПЫШ:

Сонда олардың неге ауып жүр аңсары?

АБЫЛАЙ:

Жау сағынады,
Дау сағынады.
Тыныштықтан іштері пысады,
Шаруаға құнттары жоқ.
Той жасауға - әйелдері күнде бір ұл таппайды.

ТОПЫШ:

Күнде жұмыртқа табатын
Тауық алмай, қатын алған
Өз обалдарың өздеріңе
Демейсің бе саппастарға...

АБЫЛАЙ:

Мен олай десем,
Олардың қалай дейтінін
Білесің бе?

ТОПЫШ:

Жоқ. Білмеймін.

АБЫЛАЙ:

Біз білмейтінді білмейтін болсаң,
Біз істемегенді істемейтін болсаң,
Істе дегенге тіл алмайтын болсаң,
Несіне хан болдың, қаңғыбас төре,

Қалқима қалпақ киюге ме?
Талай жерде
Тарпа бас салды өзіме

ТОПЫШ:

Ендеше, қалағандарын неге қылмайсың?

АБЫЛА:

Қалағандарын қылсам, тағы да қанды қырғын,
Байы өлген қатынның бажылы мен
Баласы өлген қатынның қарғысын да
Ести-ести естен тана жаздадым.

ТОПЫШ:

Сонда қайтпексің?

АБЫЛАЙ:

Ұрымталына іс үйретіп,
Ұғымталына сөз үйретіп,
Ұйтқылы жұрт қылам бұл елді.

ТОПЫШ:

Жан-жағың толы жат пен қас,
Жармаспай ма қолыңа?

АБЫЛАЙ:

Жат бөгесе - жанын алам,
Қас бөгесе - қанын алам,
Ел бөгеп, еңсені түсіріп тұр ғой...

ТОПЫШ:

Елдің өзі еңсеңнен басса,
Емін қалай таппақсың?

АБЫЛАЙ:

Ел жолында еркек тоқтымын,
Құрбандыққа шалам басымды.
Өлімнен қорқып көргем жоқ,
Алайда аңқау жұртымды
Жатқа есесін жібермес
Іргелі ел қылып, үлгерем деп,
Ғұмыр мен жігер тілеймін
Күні-түні құдайдан,
Үлгермесем тәңірден

Ізімді басып, ісімді алға апарар
Алғыр ұрпақ сұраймын.

ТОПЫШ:

Ұрпақ дейсің бе, хан ием,
Ендеше күткен хабарыңды әкелдім.
Асқа пейілім шаппайды,
Мен талғақпын.

АБЫЛАЙ:

Талғақпын дейсің бе?
Неге талғайтыныңды білесің бе?

ТОПЫШ:

Анық білмеймін.
Өмір бойы тісім тимеген
Бір мақұлықтың етін жегім кеп,
Аузымның суы құрып жүр.

АБЫЛАЙ:

Ол сонда қандай аң?

ТОПЫШ:

Аңның етіне емес, адамның етіне
Ауып тұрғаны аңсарым...

АБЫЛАЙ:

Тәйт әрі! Тағы боп кеткенсің бе?

ТОПЫШ:

Талғақ қатын тағыдан
Асқан жыртқыш емес пе?
Сөзіме құлақ ас!
Ажал аузында жатқан әкеме
Қол ұшыңды бермеп ең,
Қайтар соның есесін?

АБЫЛАЙ:

Қолтығынан демемесем де,
Сыртынан найза сұқпасқа
Серт бергенмін әкеңе,
Сол сертімде тұрдым —
Сыртынан найза сұқпадым,
Жауына туын жықпадым.

Әкеңді шауып алам деп,
Келгенде Қоқан қоқиып,
Қолымды оған қоспадым,
Қоқанды шауып алам деп,
Әкең келді қоқиып, -
Діндеске дінкем құрыды,
Азғырса да баспадым,
Ойрат пенен қазаққа
Ортақ жаудың біреуі
Одырандап күш көрсетсе,
Ойланбай барам көмекке!

ТОПЫШ:

Сондай сәт келді ендеше,
Есіл әкем өкінішпен өтті енді,
Артындағы ел тағы дауда қалып тұр,
Менің жалғыз бауырымды
Тоқалдан туған томар бастар
Аяғынан шалып тұр.
Соларды жүндей түткілеп,
Қуырып жесем жүрегін,
Бір ұл туып берер ем.
Қазақ пенен ойратқа
Ортақ қорған болғанын
Тірі жүрсең көрер ең?

АБЫЛАЙ:

Тоқалдан туғандарың кім?

ТОПЫШ:

Таққа мұра - Сыбан Доржы.
Бір емшекті еміп ек.
Таласатын - Лама Доржы.
Күннен туған Күйіншік
Жарым шүршіт, жарым қазақ
Ұл туды дейді сұлу Күлпаш.
Ол есінде бар шығар
Зынданыңа талай бас сұққан.
Екеумізді сорлы әкем
Қатар қойып таныстырған,
Сонда сенің қолың маған,
Көзің оған ұмсынған.

АБЫЛАЙ:

Әкең менен бір тәңірдің қалауын
Аяқа басқан жерім жоқ.
Ендеше бұндай бопсаның
Айтылатын жөні жоқ.

ТОПЫШ:

Бопса емес, қолқа салып тұрмын
Күлпаштың атын атап едім,
Күмілжіп қалды ауызың,
Әлде мен айтқан қылыққа
Тұр ма құлқың құламай?

АБЫЛАЙ:

Өзі келіп ұрынбаса,
Ешкімге ор қазбасқа
Құдайға берген антым бар.
Күмілжісем сол екі пәтуа
Еске түсіп тұрғаны.

ТОПЫШ:

Мен сұрап тұрғам жоқ па?!
Қалдан Шерінің кіндігінен шықпай,
Жерден шықсам,
Жолатар ма ең маңыңа?!

АБЫЛАЙ:

Сен - қазақтың ханшасы,
Жоңғар - қалың ел,
Қолқа салса- ханы бар емес пе,
Олардың пиғылын білмей тұрып,
Ортаға киліккенім
Орда бұзар іс болар.

ТОПЫШ:

Салмай-ақ қой бұлталаққа,
Жаным ашымайды де ойратқа.
Сырттан жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр!
Қалмақ тайшысы Дауашы!

АБЫЛАЙ:

Дауашы дейсің бе?
Ол неғып жүр?
Ойда-жоқта жол шықса,
Жүрмеген шығар тектен тек?!
Кірсін, жібер ендеше!

Жасауыл кетеді. Дауашы кіреді.

ДАУАШЫ:

Алдияр! Есіңізде бар шығармын,
Мен Дауашы деген тайшымын,
Жанқаста көрген жан деп келдім,
Жаным үшін арымды
Сала қоймассың саудаға?

ТОПЫШ:

Не болды сонша таусылып,
Қонтайшыңа бармай,
Мұнда келіп қол жайып,
Не көрінді саған?

ДАУАШЫ:

Сөзіңе құлдық, ханшайым,
Әкең өлгенді де естіртіп ем,
Тағы да сабыр сұраймын.
Сыбан Доржы мерт болды,
Есенгіреп ел қалды.
Сендерден тілеп бір қайран
Мені осында жіберді.

ТОПЫШ:

Сыбан Доржы мерт болардай,
Соғысып еді кімдермен?

ДАУАШЫ:

Шайқаста емес ханшайым,
Өз үйінде, өлең төсегінде
Мерт болды ағаң.

ТОПЫШ:

Айтпадым ба, алдияр,
Тағы да қапы қап тұрмыз.
Қалың жоңғар ел қайда,

Жүгенсізін тыймай ма?
Басқа басқа болсын-ақ,
Бөлесі ең ғой әкемнің,
Сен неғып алдын алмадың?

ДАУАШЫ:

Бөлтіріктер бөлеге
Өлсе де, жолын берер ме?
Тақ бұйырған немеге
Ақыл айтсаң көне ме?
Қара жер хабар бермесін
Ағаң аңғырт іс қылды,
Көпті көзге ілмеді.
Жанашырды жау көрді,
Уайым айтсаң, дау көрді,
Орынсыз асып-тасам деп
Зұлымдыққа жем болды.
Өшіккендер орнына
Лама Доржыны жөн көрді.

ТОПЫШ:

Не дейсің, бұған хан ием,
Өзінді көрден құтқарған
Орданың шықса ойраны?

АБЫЛАЙ:

Сені ел жіберді ме, жоқ өзің бе,
Мұнда жеткен шапқылап?

ДАУАШЫ:

Ел дегенің не өзі?
Қаңқылдаған қара тобыр ма?
Олар бұған мәз-мәйрам.
Елің әлде естияр шөкім шоғыр ма?
Олар отыр үрейлі:
"Жоңғардың бағы осымен
Біржола ауған жоқ па?!", - деп,
Мені солар жіберген.
Таққа таласар дегенді
Қырып жатыр қынадай,
Жайсаңдардың ендігі
Бар үміті Әмір-Санада
Соның маңына топтасып,
Зұлымнан өш алмақшы.

АБЫЛАЙ:

Әмір Сана дейсің бе?

ДАУАШЫ:

Қалдан Шеріннің кенжесі,
Туған Күлпаш сұлудан
Көкірегі ойлы, көзі отты.

ТОПЫШ:

Ол да тоқал емізген томар бас.
Оған сенген ойрат оңалмас.

ДАУАШЫ:

Арамзаны құртуға
Ант бере алған жалғыз сол.
Ол болмаса егер де,
Жанын баққан жайсаңдар,
Жағын сауған зарғылар
Жаңа қонтайшыны қолпаштап,
Әкең Қалдан Шеріннің
Сөзі түгілі өзін ұмытар түрі бар.

ТОПЫШ:

Қасиет қашқан қараң ел
Әкем қадірін білмеді,
Ағам қадірін білмеді,
Тағын құлға қор етті.
Қырылып қалсын қынадай,
Оларға бола бас қатырма, хан ием!
(Жылап шығып кетеді).

АБЫЛАЙ:

Сонда не демексің, тайшы?
Не айтып еді жақсыларың?

ДАУАШЫ:

Қол беріп көмектесіп,
Әмір Санаға тірек болсын,
Тіпті өзі келсін деді.

АБЫЛАЙ:

Өзім барсам - өлімін сатқандық болады,
Қол жіберсем - қол сұққандық болады
Көмегім дайын,
Амалын табуға ақыл қос.

ДАУАШЫ:

Өзің барсаң - желкенде орыс,
Маңдайыңда - шүршіт,
Көздерінің сұғына қаласың.
Көмек берсең -
Бүгін жарты ойратқа зобал төндіресің,
Ертең түгел ойраттың сауабын аласың.

АБЫЛАЙ:

Ендеше көмекке кімді жұмсайын?
Барақтан туған Шығай мен
Малайсарыға сөз салсам ба екен?

ДАУАШЫ:

Шығай мен Малайсары
Жоңғарға қанық екені рас
Бірақ, қай тарабыңның сойылын соғатындарың
Бір тобаның өзі біледі -
Одан да Уақ, Керейдегі Қайыпқа айт,
Әмір Санамен өрістес,
Бірақ өрелескен жері жоқ еді.
Арғында Олжабайға айт -
Орда бұзар арыстан ғой,
Салсын лаң қонтайшының басына
Найманда Қабанбайға айт,
Шыңғыстан жылысқанда
Арттарыңда қалған Алтайды
Өздеріңе бұйыртамы десей,
Қала қоймас аянып.

АБЫЛАЙ:

Келген ізіңмен кері қайт
Сауалыңның жауабы
Ілесе барар соңыңнан.

ДАУАШЫ:

Дат, алдияр!

АБЫЛАЙ:

Датың болса, айт!

ДАУАШЫ:

Ұмытып барады екем,
Күлпаш ару өтініп еді қиылып,
Абылай пана бола алса,

Әмір Сана бала бола алады
Абылай бел бола алса,
Ойрат ел бола алады.

АБЫЛАЙ:

Жә, жолыңнан қалма!

Дауашы шығып кетеді. Абылай ой үстінде. Сахнаның бір шетінен Күлпаш тіл қатады.

ТОПЫШ:

Қасиет қашқан қалың ел,
Өздеріне сол керек!
Қырылып қалсын қынадай,
Оларға бола басыңды қатырма!

КҮЛПАШ:

Абылай, пана бола алсаң,
Әмір Сана бала бола алады,
Абылай, сен бел бола алсаң,
Ойрат та ел бола алады.

Сырттан жасауыл кіреді. Екі елес жоғалады.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр Қоқаннан елші кеп тұр.

АБЫЛАЙ:

Кірсін.

Қоқан елшісі кіреді.

ЕЛШІ:

Алдияр!
Қоқанның қаһарлы бегі
Ердене би жіберді,
Мынадай кеп айт дегені:
Ақ бота би айтып еді - көнбеді.
Әбдікерім бек айтып еді - ермеді.
Әбдірахман хан айтып еді - құлағына ілмеді.
Бұл жолы да сөзді аяқсыз қалдырса,
Күллі мұсылман Абылай ханды
Ойраттардың қанжығасында деп біледі.
Біржола күдер үзеді.

АБЫЛАЙ:

Ендеше Ердене биге айта бар:
Қазақтың көрген төмпеші де аз ба еді?
Қоқан қолын созды ма?
Бұхар бетін бұрды ма?
Хиуа сертте тұрды ма!
Іргем әлі дүрбелең,
Әлі бұлдыр ертеңім,
Ойлануға мұрша бер!
Ойрат - жабылар жау емес,
Жабылар жау табылар.
Одан гөрі көбірек
Одан гөрі ірірек,
Сонда ағайын қол созса,
Қазақ қолынан қақпайды.

ЕЛШІ:

Құп, тақсыр!

Шығып кетеді.

АБЫЛАЙ:

Жасыл тумен жасқайтындар көбейді.
Қысылғанда - қолын берген бірі жоқ.
Қыспақтан шықсаң - дігірлейді ірі боп.

ЖАСАУЫЛ :

Қырғыздан елші келіп тұр!

АБЫЛАЙ:

Келсін!

Қырғыз елшісі кіреді.

ЕЛШІ:

Алдияр тақсыр! Хан ием,
Алатаудың басынан,
Аспанда күннің қасынан,
Бір атадан шөнтectes,
Бір енеден емшектес,
Егізіңнің сыңары,
Көңіліңнің құмары,
Айырқалпақ қырғыздың
Айырықша сәлемін
Жеткізгенше асығам.
Түптеп келсек, тектес ек,

Дұшпаны ортақ кектес ек,
Жиын күнде жақтас ек,
Қиын күнде тілектес ек,
Тәңір бүгін беріп тұр,
Одырандаған ойраттың
Бағы бүгін қайтып тұр,
Бәсі бүгін кеміп тұр,
Төмен түсіп еңсесі
Есін жимай тұрғанда
Ойы қырға ұласып,
Көшін жимай тұрғанда
Екі жақтан шап беріп,
Шаңырағын қақ бөліп,
Туын жығып тастайық,
Уын сығып тастайық.
Бағы қайтқан дұшпанның
Басын солай жаныштайық.

АБЫЛАЙ:

Аптықпа, ағайын, аптықпа,
Хабар болсын өзімнен,
Манаптарға сәлем айт,
Ақылдаспай атқа мінбесін,
Ұтырын білмей іс қылсақ,
Ұтылыс болар тапқаның.

ЕЛШІ:

Түсіндім, хан ием, кебіңе,
Жеткіземін манап, бегіме,
Қол жайып бата берсеңіз,
Қоқиып тартам жөніме.

АБЫЛАЙ:

Жолың ақ болғай!
Еліңе бақ қонғай!

(Қолын жайып, бетін сипайды).

Қырғыз елшісі шығып кетеді. Іле-шала жасауыл қайта кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр!
Үйсін Төле би
Суыт шабарман жіберіпті.

АБЫЛАЙ:

Алып кел.

Төле би шабарманы кіреді.

ШАБАРМАН:

Алдияр!
Шаштан келдім.
Үйсін Төле биден
Шұғыл хабар әкелдім.
Лама-Доржы үсті-үстіне шақырып,
Үрғага барып, жаңа ғана оралды.
Бидің айтуынша, бұл қонтайшың
Онша ұзаққа бара алмас,
Ойрат іші шартарапқа шапқылап,
Жақтас іздеп жатыр дейді шарқ ұрып.
Арқаланып сонысын
Не күнгейден, не теріскейден
Кіруі мүмкін қалың қол,
Алдын алып қалмасақ,
Қосақ арасы бос кететін күн туар.
Кезең келді кеңес құрып, іс қылар.
Соны дереу айт деп еді Төле би...

АБЫЛАЙ:

Төле айтса тегін айтпас,
Менің де сондай күдігім.
Қабырғаммен кеңесіп ап,
Жауабымды берермін.

ШАБАРМАН:

Құп тақсыр!..

Шабарман тағзым етіп, шығып кетеді. Сахнаның екінші шетінен Топыш ханым кіреді. Қолында беті бүркеулі табақшасы бар.

ТОПЫШ:

Хан ием, сүйінші бер!

АБЫЛАЙ:

Жемтігін ілген қырандай
Жайраңдап қапсың.
Табылды ма жеңсігің?

ТОПЫШ:

Табылғанда қандай!
Мінеки!

Табақшаның бетіндегі бүркеуді жұлып алып, ханға көрсетеді.

АБЫЛАЙ:

Бұл не?

ТОПЫШ:

Не болушы еді- жүрек қой?
Адамның жүрегі.
Зұлым Лама Доржының
Қараулық ойлап мерт қылып,
Қақ жарыла жаздаған
Қара талақ жүрегі.

АБЫЛАЙ:

Бұл өзі қалай болды?

ТОПЫШ:

Анадағы Дауашыны
Тосып тұрдым жолынан.
Таққа өзің ие бол,
Батыр қонтайшы ұрпағы,
Сен тұрғанда талас жоқ
Өзгенің үз күдерін, -
Деп қатаң тапсырдым.

АБЫЛАЙ:

Ол не деді?

ТОПЫШ:

Үндеген жоқ.
Жауабын, міне, жансызбен
Отырған жоқ па жіберіп?!

АБЫЛАЙ:

Әке тұқымын тақтан тайғызып,
Несіне мәзсің мұншама?

ТОПЫШ:

Кегім қайтты!
Біреуінің көзін құрттым.
Екіншісі де көп ұзамас.
Әмір Сана әлі тірі.
Қашып кеткен.
Қайда екені белгісіз?
Ұстап алсақ, болар еді құба-құп.

АБЫЛАЙ:

Елің сонда не болмақ?

ТОПЫШ:

Ел емес, маған сен қымбат.
Сенен тамған бір тамшы
Ойрат пенен қазақты
Падишасыз қалдырмас.

Саңқылдап күліп, сылаң басып, шығып кетеді.

АБЫЛАЙ: *(аң-таң)*

Мына пері не дейді?
Қайда жатыр көмейі?!
Қазақ пенен қалмақты
Бір тақымға бастырмақ?
Оған қазақ көне ме,
Оған қалмақ көне ме,
Бір-біріне илікпей,
Бет-бетіне шалқайып,
Шайқас салып жүргенде
Екеуінен де зор шығып,
Екеуін де еңкейтіп,
Салса, қайтпек табанға?
Соны ойлайтын жан бар ма?

Есіктен жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр!
Ресей патшасынан елші
Келіп тұр.

АБЫЛАЙ:

Алып кел!

Ресей елшісі кіреді.

ЕЛШІ:

Тақсыр хан!
Патша ағзамнан кеп тұрмын.
Қызылжардың жәрмеңкесіне шақырып,
Өзіңізге арнап салған көк үй бар,
Көрсеніз көз тойғысыз.

АБЫЛАЙ:

Рахмет!
Тірлік жазса көрерміз.

ЕЛШІ:

Патша ағзамның тағы бір өтініші
Қалдан Шерін өлгелі
Бір топ қалмақ қашқыны
Қазақ арасында жүр деп естиміз.
Арасында Әмір Сана бар.
Сол кісінің қайда екенін
Хабардар болсаңыз, тақсыр,
Біз хабарсыз қалмайық.

АБЫЛАЙ:

Әмір Сананы өзім де көрген емеспін.

ЕЛШІ:

Егер хабарласа қалса,
Бізге де айтарсыз.
Не жақын жердегі
Орыс қамалына әкеп тапсырарсыз.
Патша ағзам тек жоңғардың емес,
Қазақтың жағдайына да
Қатты алаңдап отыр.

АБЫЛАЙ:

Жарайды есте болсын,
Патша ағзамға біздің де
Алаң көңілімізді айтарсыз.

ЕЛШІ:

Құп, тақсыр!
(Шығып кетеді.)

АБЫЛАЙ:

Ақпатшаның Әмір Санаға
Емешегі неге үзілді?
Әлде ол да қалмақтың
Ендігі тізгін ұстарын
Сол ғана деп санай ма?

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр! Ханбалықтан
Боғдыханнан елші кеп тұр.

АБЫЛАЙ:

Кірсін де!

Елші кіреді.

ҚЫТАЙ ЕЛШІСІ:

Алдияр ханы қазақтың
Аспан асты елінің
Падишасы Боғдыхан
Аса құрмет тұтатынын білдіріп,
Аспан асты елінің
Ардақты Сайыпқыраны
Атағымен марапаттайды.
Соны өз аузынан естіртуді
Маған тапсырды.

АБЫЛАЙ:

Аса мәртебелі атақ беріп,
Аса ұлық ылтифат көрсеткен
Боғдыханның биік құзырына
Мың мәртебе рахмет.
Қазақ сыйға сый, сыраға бал.
Жорасын қатты ұстанатын жұрт.
Адал көрші, түзу дос
Болуға берік сендіреміз.

ЕЛШІ:

Бізде де оған шүбә жоқ.
Алайда бүгін қазаққа
Төңіректен түрткі көп
Боларын қатаң сақтандырамыз.

Әсіресе, ойрат тараптан,
Ойраншылдар көбейді.
Егерде Қалдан Шеріннің
Әмір Сана баласы
Хабарласып жатырса,
Біз білмей қалып жүрмейік.

АБЫЛАЙ:

Ойрат жәйі ойландырып тұр бізді,
Әмір Сананың қайда қалай жүргенін
Біле алмай, біз де алаңбыз.
Боғдыханның алаң көңіліне
Біз де жақсы түсінеміз.
Соны биік құзырына
Бізден мағлұм етерсіз.

ЕЛШІ:

Құп, тақсыр.
(Шығып кетеді).

АБЫЛАЙ:

Бұлардың да ойы белгілі.
Не әлгі Әмір Сананың
Аспандап кетті бағасы,
Не бұрын ешкім көрмеген
Тәлкекке түсті бір басы.
Не де болса, бұл іске
Кіріспесе қазақ болмайды.

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Әбілмәмбет хан мен
Шығай сұлтаннан шабарман келді.

АБЫЛАЙ:

Кірсін!

Жасауыл шығып кетеді.

Бұл екеуі неге
Ат шаптырып
Алабұртып жүр екен?
Шабарман кіреді.

ШАБАРМАН:

Алдияр хан!
Әбілмәмбет хан мен Шығай сұлтан
Дұғай сәлем айтады:
Араласпасын ойрат ісіне
Аралассақ аласапыранға түсеміз.
Әсіресе, қашқындарын жолатпасын,
Қанша дегенмен қалмақ оңай жау емес,
Басымызға зобалаң тілеп қайтеміз дейді.

АБЫЛАЙ:

Ақыл қосқандарына рахмет!
Аралассақ - ақылдасармыз.
Бар, солай де?

ШАБАРМАН:

Құп, тақсыр?
(Шығып кетеді).

АБЫЛАЙ:

Маған араласпа дегені,
Өздерінің белгілі болды көмейі.
Кел, жасауыл, тағы кім келіп тұр?

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Қонтайшы Дауашыдан елші келіп тұр.

АБЫЛАЙ:

Алып кел!

Ойрат елшісі кіреді.

ЕЛШІ:

Алдияр!
Төрт ойраттың төбе тағының иесі,
Дауашы қонтайшы жіберді.
Халқымның қалауымен
Ел тізгінін ұстадым.
Қалданға берген сертінде тұрып,
Абылай хан қолдаса,
Қолтығымнан демесе,
Қазақтың көңілі бүтін,

Іргесі тыныш болатынына сөз берем. III
Олай болмаған күнде,
Басқа тараптан қолдау
Қамдастыруға мәжбүрмін.
Ол үшін - ойраттың қашқын-пысқынын
Паналатпай, өзіме қайтарсын, —
Деп мәлімдеуді маған бұйырды.

АБЫЛАЙ:

Мен Қалдан Шерінге серт бергем жоқ.
Сөз бергем:
Ойраттың басына күн туса,
Қол ұшын бер деп шақырса,
Бас тартпаспын дегенмін.
Сол сөзім сөз.
Ал қашқан-пысқан дегеннен
Алдыма келген өзінен басқа кісі жоқ,
Жансауғалап келер адам болса,
Ел деп пана сұраса,
Елдігімізді істерміз.
Бірақ, енді ондай мүсәпір
Маған емес, қазаққа келеді.
Қазақ не айтса - сол болады.
Осы сөзді бұлжытпастан айтып бар.

ЕЛШІ:

Құп, тақсыр!

Елші шығып кетеді.

АБЫЛАЙ:

Дауашы өз жымын өзі аңдыған
Жолбарыстай жымысқы екен.
Әлгі шүршіт пен орыс та
Осының айтағымен кеп жүрмесін.
Бірақ, ол екеуі - кәнігі жыртқыш
Бір өлімтікке таласпас.
Таласса, сол өлімтікті баққан
Құзғынға жаны ашымас.
Ол екі елшіні қайдам,
Әбілмәмбет пен Шығай сұлтан
Соның айтуымен шабармандарын
Шапқылатып отыр.
Әуелі сол екеуіне сөз салдырып,

Ізінше өзі елші жіберді.
Қазағыңның өзінің аузын
Әрі-сәрі қылып,
Әр тараптың түленін түртіп үлгерді.
Жасауылдың басы
Тағы да түр жылтыңдап,
Тағы кімді жіберіп,
Тамырымды басқалы жатыр екен.

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр!
Уақ, Керей елінен
Қос шабарман келіп тұр,
Ералы сұлтан, Қайып би
Тарғыл Алтай тауынан
Ұзақ уақыт саят қып
Олжалы боп оралыпты.
Сонда атып алған
Нысаналы бұғыны
Сыралғы ғып,
Бұзбай-жармай
Сізге жіберіпті.
Өзіміз алып кіреміз,
Ешкімге ұстатпаймыз деп,
Екі шабарман
Есік алдында тосып тұр.

АБЫЛАЙ:

Кірсін!
Сыралғы болса-көрейік,
Сауалғы болса-естиік,
Олар не дейді-білейік.

ЖАСАУЫЛ:

Құп, тақсыр!

Салаңдаған бұғыны екі жағынан ұстап, екі шабарман кіреді.

БІРІНШІ ШАБАРМАН:

Алдияр тақсыр!
Мені Керей мен Уақ Ұлысбегі
Ералы сұлтан жіберді.

АБЫЛАЙ:

Иә, сұлтан не дейді?

БІРІНШІ ШАБАРМАН:

"Қапы қалмас тұс осы", - деді.

ЕКІНШІ ШАБАРМАН:

Мені Уақ Керейдің биі
Қайып мырза жіберді.
"Мынау олжаны,
Қанаттыға қақтырмай,
Тұмсықтыға шоқтырмай,
Хан қолына тапсыр", - деді.

АБЫЛАЙ:

Бәрекедді!

ҚОС ШАБАРМАН:

Екеуінің айтқаны:
"Нысаналы жануар ғой.
Өзінен басқаға ұстатпасын,
Пышағына абай болсын", - деп
Қайта-қайта өтінді.

АБЫЛАЙ:

Жарайды, бара беріңдер.

Екі шабарман шығып кеткен бойда, бұғы денесі қимылдап, салаңдаған мойын тұсынан біреу басын қылтитады.

БЕЙМӘЛІМ АДАМ:

Алдияр!
Мен бұғы емеспін,
Адаммын.
Алдыңызға келу арман еді,
Жеттім білем ақыры.
Анам әрдайым айтатын:
"Менің ақ сүтіме қандай сенсең,
Оның ақ пиғылына сондай сен", - деп.

АБЫЛАЙ:

Сен - Әмір Санасың ба?

БЕЙМӘЛІМ АДАМ:

Иә!

Абылай ұзақ тесіліп қарайды.

Сенбей тұрсыз білем?

Мен - Қалдан Шеріннің ұлымын.

Анамның аты - Күлпаш.

Айтатыны - Абылай азат болғалы

Қазақ пен қалмақ тыншыды.

Аз бенен Аз достасса,

Көптің өзі сескенер,

Көп тұрғанда Аз бенен Аз алысса,

Екеуін де бір мықты

Бір қанжығаға бөктерер

Екенін ұққан екі ақылды Әмірші,

Әкең мен қазақ Абылай.

Басыңа күн туса, соған бар,

Жолыңды бір оңғарса, сол оңғарар деп еді.

АБЫЛАЙ:

Күлпаш...

Аз көрсе де, көп ұққан

Сұңғыла екен-ау сабазым.

Бар ма өзі жер бетінде.

ӘМІР САНА:

Жуықта ғана жоқ қылды

Лама Доржы зынданда...

АБЫЛАЙ:

Солай ма?

Зынданда зарығып отырып,

Алған болды-ау есіне.

Бірақ, өзін емес, ұлын айтып,

Кіріп еді түсіме.

Қап, бір хабарын білсемші,

Қандықол қатыгез жеңдетті,

Желкеден алып, бүрсемші.

(Сахнаның екінші шетінен Топыш кіріп, кідіріп қалады).

Әттең, әйел болса да,

Қатерлі іске бас тігіп

Қапаста мені тауып ед,
Қапыда қалдым, білмедім,
Қатерде қолым бермедім.
Кел бермен,
Маңдайыңнан иіскейін,
Қос жайсаңнан қалған бір тұяқ
Жақсы болды-ау көргенім.

(Әмір Сананы бауырына басып, маңдайынан иіскейгі).

ТОПЫШ:

Иә, бұны білмей қалдық қой,
Білгенде - шашу шашар ек.

АБЫЛАЙ:

Топыш, сен қайдан жүрсің?

ТОПЫШ:

Қасындағы жарыңа
Қайдан жүрсің?" — деп, хан ием,
Жақсы түс көрген тәтті ұйқыдан
Әлі ояна алмай тұрмысың?
Бұл сауалың қызық болды, хан ием.
Өткенде де - өңім мен түсім
Бірдей шытырман деп айтып ең.
Шытырманың шырғалаңға
Айналмаса - жарады.
Елші үстіне елші,
Жаушы үстіне жаушы
Жаңбырша жауып барады.

АБЫЛАЙ:

Жаушы келсе де,
Жау тиісіп жатқан жоқ қой.

ТОПЫШ:

Жаушы көбейсе, дау көбейер,
Дау көбейсе, жау көбейер
Көрінгеннің көз-басын иіскелеп,
Көңілшек боп кетіпсіз-ау, алдияр.

АБЫЛАЙ:

Бұл - сенің де жатың емес,
Әкеңнен қап тұрған жалғыз тұяқ!

ТОПЫШ:

Әкеден, гөрі шешесінің қадірі астам білем,
Әкесін естірткенде
Тапжыла қоймап едіңіз,
Шешесін естірткенде
Түсіп кетіпті ғой ұнжырғаңыз.

Әмір Сана апасының алдына барып тізе бүгеді.

ӘМІР САНА:

Топыш әпкем Сіз екенсіз ғой,
Мен - бауырың Әмір Санамын.

ТОПЫШ:

Әкем дүние салғалы,
Ағам мерт болғалы
Ел Ойратта бауырым жоқ,
Қалғандарың - кіл өкпе...

Жалт бұрылып шығып кетеді.

ӘМІР САНА:

Бұрылып та қарамады артына
Бауырына санамады бұл апа...

АБЫЛАЙ:

Жә, абыржыма,
Қатыгез дүниеде бауыр да қатыгез.
Дауашымен неге кетістің,
Сенімен біргемін деп еді ғой,
Неге бұлай ірге бөлістіңдер?
Әлде араға тақ түсіп,
Ауызға алалық кірді ме?

ӘМІР САНА:

Солай шығар, шамасы.
Мұнда аттанарда
Сөз мәні дұрыс еді.
Қайтып барғасын бұзылды,
Лама Доржыны маған айтпай өлтірді.
Боғдыханға маған айтпай сөз салды.
Қырық сан қытай іргемізге келгесін,
Арқаланып алды да,
Бәрімізге салды қиғылық.

АБЫЛАЙ:

Қырық мың қытай дейсің бе?

ӘМІР САНА:

Ол тек шолғыншылар ғой,
Жүз сан әскер үш лекке бөлініп,
Ханбалықтан жылжыды дейді бері қарай...

АБЫЛАЙ:

Дауашы сондай есер ме ед,
Олар келсе, бұйыра ма оған тақ?..
Елінің күні не болмақ?

ӘМІР САНА:

Орыстың да аузын алмақшы.
Алтайдың теріскейін орысқа беріп,
Күнгеіін қытайға беріп,
Екі мықтыға сүйеніп,
Тәңіртауды қуалап
Батысқа ауыз салмақшы.
Бықыған екі көп елге
Ел керек емес, жер керек,
Тілегендерін беріп, құтылып,
Кеңге өзі шығып алмақшы,

АБЫЛАЙ:

Онысына ойрат көніп тұр ма?

ӘМІР САНА:

Ойрат одан хабарсыз.

АБЫЛАЙ:

Бұнысына сен өзің
Неге қарсы боп жүрсің?
Қазаққа жаның ашып па,
Әлде арғы жақтағы
Көптен үрейің қашып па?

ӘМІР САНА:

Қазақ пен қалмақ үш ғасыр
Алысса да, ала алмады бір-бірін,
Енді екеуі екі тараптан
Жаланған көпке
Күш біріктіріп, қарсы тұрмаса,

Қызыл итке жем қылады
Қызғанып келген жер-суын.
Дауашы соны ойламай,
Көпті өзі ауыздандырып алмақшы,
Шеттен жырып дәндеген көп күні ертең,
Ортаға қол салмақшы.

АБЫЛАЙ:

Жарайды, жаратқан ие жар болсын,
Ең әуелі басыңды арашалап қала алсақ,
Ойласа жатармыз ар жағын.
Жасауылды шақырады.

Жасауыл Әмір Сананы ертіп шығып кетеді.

АБЫЛАЙ:

Қапы қалсақ бұл жолы,
Қазақ сазға отырады бір жола,
Осы жолы қайран тапсақ - болғанымыз,
Таба алмасақ - бордай тозғанымыз.
Үлгере алсақ, Дауашыны жоқ қылып,
Орынына өз адамымызды қоямыз.
Екі ара дау-дамайды
Біржолата тиямыз.
Үлгермесек - Ертіс судан әрі асып,
Алтайдан алам сыбаға,
Сөйтіп қонтайшы тағына
Таласар жол қалдырам,
Тап осы жолы тағы бір айдын асырсам,
Қазақты қойып,
Жағалай мұсылман баласын
Жалғастыққа шақырам.
Әйтпесе, мынау азу білеген өңшең көп
Шыр айнала шырмап алар тор құрып,
Тыңдаса - айтқанымды қылғаны,
Тыңдамаса - өз обалдары өзіне.
Көкіректегі осы ойды
Қазақтың салам алдына.

Сырттан аптығып жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр, сыртта бір топ адам.
Түстері суық. Жүрістері суыт.
"Ордаға жібер, - Жібермесен,
Саламыз, - дейді, - зобалаң!"

АБЫЛАЙ:

Шындайын деген екен бұлар.
Ендеше, біз де белді бекем буайық.
Басшылары кім? Жібер маған!

ЖАСАУЫЛ:

Құп, тақсыр!

Жүздері қату Ботахан мен Жақай кіреді.

БОТАХАН:

Алдияр хан!
Аспа-таспа, айтқанға көн.
Көнбесең - көппін. Бәрібір көндірем.
Су толқыса жар сүйейді.
Жарды құлатса - оны кім сүйейді.
Су - сен. Жар - ел.
Ел: көп сөзді қойсын.
Қашқын Әмір Сананы
Өз қолымызға берсін.
Ойраттың қаһарын өзіміз қайтарамыз, - дейді.

ЖАҚАЙ:

Иә, бұныңды қостамайтындар
Қалың қолмен атқа мінбек,
Бір қашқынға бола
Халықты апшытып қайтесіз?

АБЫЛАЙ:

Халық айтса — қазақ айтады.
Ал, сендерге мұнша желігіп не көрінген?
Әлде Дауашы уәде еткен
Тарғыл шоқылы тау менен
Ақтылы-құлалы жылқы ма,
Тыныш күнде бүйтіп
Дүрліктіріп жүрген?

БОТАХАН:

Аса бермей, абайлап сөйле, алдияр,
Бақ деген бір қу таяқ қой,
Ол сүйеніш болу үшін де
Ерен іс керек, ересен құт керек.
Сонша пәлсінердей, қазақты
Қандай жарылқай қойып ең.

Сені тақ мінгізіп тасытса,
Қазақ тасытқан шығар.
Тасиын деген екенсің,
Індігештей Үргенішке сыймай,
Қашып келген жалаң бұт сарт.
Енді Сары Арқаға сыймадың ба?
Сыймасаң - бұтыңды қайта жалаңаштап,
Қалың қазақ өзі-ақ асар
Тумай жатып өзің қашқан
Қанды тұзақ дар ағашқа!

ЖАҚАЙ:

Әй, Ботахан,
Тап осыны айтып тұрған
Айналдым-ау аузыңнан,
Сендей жүрек жұтқан
Ұлды тапқан
Құт құрсақ қатынның
Айналмассың ба ауынан!

АБЫЛАЙ

(өзімен-өзі):
Жаман болды бұлардың
Әуелден де пиғылы.
Қиында ілік шықсын деп,
Іздеп келген қиғылық.
Көнсем, шығып желкеме,
Аттаттырмас адымды,
Көнбесем, найзасын тіреп кеудеме,
Жөнелмекші даурығып.
Дадан тайсаламын деп,
Шығартпайын басыма,
Не де болса, көріп алдым.
Әй, жасауыл,
Біреуің емес, бәрің кір!

Жасауылдар самсап кіріп келеді. Абылай алдында тұрған Ботахан мен Жақайды қолыменен меңзейді.

Мына біреуін кісендеп,
Оңаша апарып қамаңдар.
Ана біреуін ат-көтіне өңгеріп.
Ауылына қайтарып,
Әлгіндегі өзі айтқан,
Қатынды іздеп тауып ап,
Иіскетіңдер ауынан.
Әкетіңдер!

БОТАХАН:

Кісенді сағынып қалыпсың,
Қалың ойрат қайта салар қолыңа,
Қыл арқанды аңсасаң -
Қалың елім қарап жатпас,
Асар ертең мойныңа.

ЖАҚАЙ:

Кісен түгіл, жіп жолатпас ұлына
Жасаған бұл зорлықты
Кешіре қоймас ел қазақ.

Екеуін жасауылдар сыртқа алып кетеді.

АБЫЛАЙ:

Не де болса, тәуекел!
Бәрібір шие байланған бұл түйін
Қылышпен кеспей шешілмес.

Сахна шырық айналады. Хан орда қалтарысқа кетеді. Сахнаның бір шетінде Кейуана, бір шетінде Диуана.

ДИУАНА:

Дүрлігіп кетті дүние.
Ана жақ - ту,
Мына жақ - ту,
Ту да ту.
Ана жақ - ду,
Мына жақ - ду,
Ду да ду.
Қосылып жатыр
Шуға шу.
Қосылып жатыр Туға ту.
Сыбыр-күбір,
Пыс та пыс.
Жыбыр-жыбыр,
Пыш та пыш.
Шонжарлар жүр,
Шоқыдай боп шоңқиып.
Батырлар жүр бұрқ-сарқ,
Бурадай боп қомпиып,
Пысықтар жүр,
Қол-аяғы сып та сып,

Үйден-үйге,
Топтан топқа.
Табақ тасып,
Сөз тасып.

КЕЙУАНА:

Қиқарлықтың түбі қайыр болса еді,
Ұйтқан ұйтқы қалмаса екен төгіліп,
Түр әңгіме бұзылып,
Түр қабырға сөгіліп...

*Сахна шыр айналып, қайтадан хан оргасы көрінеді.
Қақ төрге - хан әкесі Дәулетбай және Керей Тұрсынбай-
мен сөйлесіп отыр.*

ДӘУЛЕТБАЙ:

Мынау қандай кеп боп кетті, хан ием,
Елдің ішін ыза кек жайлап барады,
Хан болсаң да, бекер қамшы үйірдің,
Құқайға көнбес асау ел ғой қазағым.

АБЫЛАЙ:

Өртті өртпен бөгейін,
Қыздыра бермей бықсықты.
Тәуекелге мініп ем,
Соңы осылай боп шықты.
Сонда қазаққа ханнан гөрі
Қадірлі ме тентек-телісі?

ДӘУЛЕТБАЙ:

Ей, балам-ай, қазақ ханын
Ұл деп ұлықтамай,
Құл деп жұмсаған жұрт еді.
Ондай елге әке болмай-ақ,
Ұл болсаң да жетеді.
Рас, рас...
Толып жүрген тентек пенен телі бар,
Бірақ, байқа - есерді де
Есіртетін елі бар.

АБЫЛАЙ:

Көке, әбден қашып тұр ғой үрейіңіз
Көп пе сонша екеуінің жақтасы?

ДӘУЛЕТБАЙ:

Көп қой, балам, аз айқай сап
Дүрліктіріп жүре ме?
Артында қорған тұрмаса,
Хан үстіне кіре ме,
Қайтып үрей қашпасын?
Екеуінің де елі бар
Пайғамбар мен машайығың болмаса,
Адамның тапқан не дүлділі мен сүлейін,
Батыры көп - қорықпайды жауыңнан,
Билері көп - қорықпайды дауыңнан.
Ордаңа қол әкелмесін,
Қол әкелсе ордаңа,
Тап боларсың бұдан гөрі зорға да.

АБЫЛАЙ:

Ендеше олардың делебесін қоздырмай,
Дуылдатып қол ертпейін соңыма,
Сылаңдатып ту ұстамай қолыма,
Бір амалын табайын,
Болған кепті өзім жайып салайын,
Не дер екен ағайын?

ДӘУЛЕТБАЙ:

Сөйткенің дұрыс,
Садағаң кетейін.
Жар болсын тек жасаған.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

ЖОРЫҚ

Сахнада дабырласқан жұрт. Бәрінің де бес қаруы белінде. Үндері қату. Әлдеқайда қауырт бет алған.

ТОП БАСШЫСЫ:

Мынау - Жолды өзек.
Осы арада осы маңайдан
Қосылатындарды тосайық.
Сосын Ордаға жетіп,
Ат басын бір-ақ тірейміз.

БІР КІСІ:

Әне біреулер кімдер?
Неге іркіле береді?
Қай ауылдың жігіттері?
Қаралары аз ғой.

ЕКІНШІ КІСІ:

Екі адамын бізге жіберіп
Қалғандары тұрып қалды.

БІР КІСІ:

Әне біреу солаңдаған
Керей Тұрсынбай емес пе?
Қасындағы кім?

ЕКІНШІ КІСІ:

Бұл екеуі неге жаяу келеді?

БІР КІСІ:

Қыртым білген бе?
Тұрсынбайдың жаяу тұлғасының өзі
Атқа мінгендей ғой.
Қасындағы кім болды?

ЕКІНШІ КІСІ:

Ойбай, мынау Сабалақ,
Айтпақшы хан.

БІР КІСІ:

Айдалада жаяу қаңғып
Ханға не көрініпті?

ЕКІНШІ КІСІ:

Сол. Анық сол.
Соның өзі.
Қап, бәлем, түстің бе
Қолыма.
Бауырымның қол-аяғын кісендеп,
Қапасқа қамаған сенсің ғой.
Қорлығың өтіп еді,
Көрсетейін көрімді.

(Иығындағы мылтығын алып, көздей бастайды. Ту сыртынан біреу жүгіріп шығып, мылтықтың аузына кеудесін тосып тұра қалды).

ЖАНАҚ:

Тоқта!
Тал түсте мылтық оқтап,
Кісінді өлтірген жоқ қой.
Не көрінді, Биікше?

ЕКІНШІ КІСІ:

Кісі өлтірмесе,
Сүйегіме дақ салды.
Тұр былай!
Қолымды бөгеме!

ЖАНАҚ:

Сүйегіңе дақ салса,
Тілге келіп, кінәлас.
Сөзге келмей, сілейте салатын
Кәпір емессің ғой.

Сол екі ортада Абылай мен Тұрсынбай көрінеді.

АБЫЛАЙ:

Апырай, мылтық ұрған кім десем,
Қозған Биікше мерген екен ғой.
Қанды ауызың қақшып түсер,
Бұл даланың аңы мен жауы таусылып,
Тек мен қалған екенмін ғой.
Мылтығыңның аузын қырсық бассын,
Бір Түйе әкеп байлаңдар.
Ал кеудесін тосып,
Оқты бөгеген кім?

БІРЕУ:

Күлік Жәңкенің баласы -
Жанақ батыр.

АБЫЛАЙ:

Жәңке дауда жүрмей,
Арашада жүретін еді.
Баласы өзіне тартыпты,
Түйе бастаған тоғыз байлаңдар.
Жәңке ақ демеген жерде
Ас өтпесін,
Жәңке дұрыс демеген бәйгеге
Ешкім ат қоспасын.

Жыл өткенде қаралы үйдің найзасын
Жанақ сындырсын.

ШОТАНА БИ:

Алдияр, билігің кейін бола жатар,
Әуелі жұрттың қабағына көзіңді сал.

АБЫЛАЙ:

Апыра-ай, Жолды өзекке бұл сенгір
Қашан бітті деп жүрсем,
Отпан шоқыдай ожырайып тұрған
Олжабай батырдың өзі ғой.
Бар жақсының бәрі осында жүр.
Туу, елде атқа мінбеген
Кім қалды?
Бәріңді сырттарыңнан өзімсініп,
Көппін ғой деп жүруші ем.
Сөйтсем, бекершілік екен-ау.

ШОТАНА:

Оның себебін, Алдияр,
Бізден емес,
Өзіңнен сұра.

АБЫЛАЙ:

Мұнша қаһарға мінетіндей
Айыпты болсам - алдарыңдамын.
Жазалағыларың келсе - қолдарыңдамын.
Бірақ, әуелі айтар датым бар.

ЕДІГЕ:

Хан қарадан дат сұрамас-ты.

АБЫЛАЙ:

Тақ бере алған көп
Дат та бере алатын шығар.

ЕДІГЕ:

Ендеше, айт, алдияр.

АБЫЛАЙ:

Датымды тыңдасандар,
Аттан түсіп,
Алқа қотан құрайық.

Сахна шырқ айналады. Айдаладағы жолды өзекте бес қаруы беліндегі қалың жиында алқа қотан мәжіліс қызып жатыр.

АБЫЛАЙ:

Алдына салдым, аршыдым,
Көңілімнің бар шынын,
Кеудені қойып, басқа шапшыған
"Тәйт", - деді деп тентекке,
Құлақ аспасаң, өзің біл.
Құлақ ассаң - пәтуасын өзің айт!

БЕКБОЛАТ:

Белгілі ғой, бәрі де,
Жау бөлтірігін сонша қымтап,
Өз арысың аузын ашса,
Аяққа - кісен, қолға - арқан,
Жағу үшін жан-жаққа
Елін қылмақ күл-талқан.

ТҮРСЫНБАЙ:

Қиын кезде қиғаш тартпай,
Қисын іздесең қайтеді.

ШЫҒАЙ:

Қисынды қиынға ұластырып,
Қырсықтырып тұрған өзі ғой.

АБЫЛАЙ:

Бәйтеректің дінгегіне біткен
Көлденең иір бұтақтай
Балақтан шалып қайтесің?
Қырсықтың тілі қыршаңқы,
Қыршаңқылық емес пе,
Қисықты жүрген өрбітіп?

ШЫҒАЙ:

Кімнің қайда біткенін
Қазбалай беріп қайтесіз,
Сізден селкеу шықпаса,
Табылмас бізден шикілік.
Қазақ айтса, қасқайып,
Кергуменен келіп ең,

Ойнастан туған ұл айтса,
Ойраннан қалған құл айтса,
Тап бермексің ойратқа,
Бір жағында орыс тұр,
Бір жағында шүршіт тұр,
Тап бергенде, шап беріп,
Қайтпексің, баудай жайратса?
Баяғыдан бергі осы ма
Қазақты қарық қылғаның?
Қара түнде қара күңнің
Не істейтінін кім білген?
Әйтеуір бірде зынданда
Қасыңа барған қатынның
Етегі үшін дымданған
Еліңді оққа тікпексің?

АБЫЛАЙ:

Е, жау қайтарып ем - көрмедін,
Дау тойтарып ем - білмедін.
Ізгілік ойлап іс қылсам,
Індетіп тұрып іздейсің
Іріткісі мен ілмегін.
Тек қуалап, кек қуу
Қашаннан бергі ермегің?

ШЫҒАЙ:

Ата-текті сұраған
Аталыға ар емес,
Өз аузынан шықпаса,
Өзгені құлаққа ілмеген
Ханның жолы сара емес.
Сара болса жолыңыз -
Қашқын Әмір Сананы
Қайтарыңыз еліне.
Түбі даулы ұл үшін
Түбі шикі іске салмаңыз
Он сан баулы алашты.

АБЫЛАЙ:

Сай құрлы сая таппаса,
Сауға іздеген саяққа,
Абырой ма екен алашқа?

ЕДІГЕ БИ:

Ханын қинаған қара оңбайды,
Хан қисайса - ел оңбайды.
Халық қадірін білмесе,
Хан тартпақшы жазасын,
Хан қадірін білмесе,
Халық тартпақшы сазасын.

ТҰРСЫНБАЙ:

Ханын талаған көктесе,
Көктемес пе еді көп ойрат,
Бірін-бірі бас салып,
Жатырған жоқ па ел жайрап.
Ойратқа бүгін жүрмесе,
Ойдағыдай ықпалың,
Ертеңдері сенің де
Ғажап емес ықтауың.
Пайымдайық та айтқанын.

АБЫЛАЙ:

Пайымдасақ, жұртым, айтқанды
Тақты қисаң - істі қи,
Тәжді қисаң - сөзді қи,
Дарқан кезде - тең сұра,
Қиын кезде - жөн сұра,
Құлым емес, ұлым де,
Өзім тізгін ұстатқан,
Әйтпесеңіз, ал енді
Тайрақтатып төбеме
Шығаратын жайым жоқ
Тентегің мен телінді.
Олар ұл боп, мен құл болсам,
Қалай келсем, дәл солай
Табармын өз жөнімді.
Тақты арға айырбас
Ететұғын мен емес,
Пәтуанды, жұртым, өзің айт,
Бейпіліңе етпей келемеш.

Жұрт тынып қалады.

ОЛЖАБАЙ:

Ерлігіңе, хан, дауым жоқ,
Қапияда, бірақ, қинайсың.
Ақылыңа да дауым жоқ,
Алқалы жиын жимайсың.
Тар жерде талқы жасатып,
Кеңінен кеңес құрмайсың.

АБЫЛАЙ:

Апырай, батырым-ай,
Талайыңмен талай жорықта бірге боп,
Бір торсықтан малта ішіп,
Бір табақтан ет жеп ек,
Сендердің бұлай дегенің
Кісі қадірін кісі біліп
Болмасы рас екен ғой.
Ел деп еміреніп,
Жер деп желпідегеніміз
Қабақ баққаннның қасында
Ештеңе емес көрінді-ау
Он сан баулы қазаққа?!
Онда сөзді қор қылып,
Сөз бұйдаға салмайын,
Айыпты десең тағыңды ал,
Жазалы десең - жанымды ал,
Белгілі болды аужайың!

ДИУАНА:

Біліп ем-ау, іс насырға басарын,
Қой көтере алмас семіздікті
Көтере алмай бұл қазақ
Асарын да тасарын.
Қап, бәлем, хан ием,
Қара ауыздан қармап айт,
Жалмауыздай жалмап айт,
Сөз асырсаң басыңнан,
Хан емес, қатын болмақсың,
Абыройың ашылған.

КЕЙУАНА:

Ей, Абылай, Абылай,
Абылай, ханым, бұл қалай?
Алтын таққа міндім деп,
Алтын тажды кидім деп,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Басына мұнша көтерген
Еліңе жаулық сағынба,
Сөз тыңдамай, апшисың,
Шу асаудай шапшисың,
Ши жүгірсе шабыңа!
Әкеңді түн дегені,
Шешенді Күң дегені
Неге батты жаныңа?
Тар құрсағын жаншытқан
Шешеміз Күң болмаса,
Тар төсекте табысқан
Әкеміз түн болмаса,
Айдай жұрттың алдында
Нұр боп түсер құрсаққа
Періште ме ек, пері ме ек?!
Үргеніштен сен келмей,
Қоқан жақтан мен келмей,
Бар тараптан бас құрмай,
Ел түтер ме қазақтың
Далиған мынау жеріне?!
Арыңа тиді ел сөзі,
Жаныңа тиді ел көзі,
Арыма да, налыма,
Болған кезде ел тірек,
Жауыңа тидің күркіреп,
Елден саяқ іс қылсаң,
Алады бұлай сілкілеп.

АБЫЛАЙ:

Аяқтыға жол бермес,
Ауыздыға сөз бермес,
Ардақты Көмей әулие,
Сөзіңе құлдық, айт бәрін,
Іште құлта қалмасын.

КЕЙУАНА:

Иә, менің жасым тоқсан үш,
Бұдан былай сөйлеуім
Маған да болар ауыр күш.
Айт десең, ханым, айтарым:
Өлетұғын тай үшін,
Көметұғын сай үшін,
Бізден де өтер бақ үшін,
Сізден де қалар тақ үшін
Қылмаған дұрыс ерегес,
Бұл қылықты қоймасақ,
Құдай бергенге тоймасақ,
Жан-жақта қолы ұзын бар,
Көреміз содан теперіш,
Көпке шапсақ, көз жұмып,
Боламыз тағы келемеш,
Сай суындай сарқырап
Сатырлаған көп келсе,
Басың кетсе бытырап,
Сөзің кетсе шашырап,
Ел деп ешкім елемес!
Ел болам десең сен, алаш,
Хан ұстасаң, билік бер,
Киліге берме аузына,
Шүйліге берме алдында,
Томағасын сыпырмай,
Сұңқарыңды қинама,
Тұсаулы шауып бәйге ал деп,
Тұлпарыңды қинама,
Аяқ-қолына ерік бер,
Кеудесіне желік бер,
Сынамақ болсаң еріңді,
Қиын жерде сеніп көр!

ҚАБАНБАЙ:

Әй, сабазым, жарадың,
Сен айтпай бұны кім айтар,
Хан ием, Бұған құлақ ас,
Сен ұқпасаң, кім ұғар.

АБЫЛАЙ:

Айтпаса, Көмей ақын ба?
Ұқпасам, ұлық болам ба,
Қинасан да, жөн қина,
Жөнге кім бар көнбейтін,
Қарт бурадай қария,
Тақымдай бер, тақымда,
Мен емес, бүкіл ел көнсін
Ащы да болса, ақылға.

КЕЙУАНА:

Ащы айтсам, жөн дедін,
Жөнге дұрыс көнгенің,
Жөнін айтсам, хан ием,
Төрт тарабын еліңнің
Таразыдай тең ұстап,
Айқара құшақ ашпасан,
Өзіңнен өрген шөжені
Өзгелерден бөліп ап,
Өзгешелеу баптасан,
Өзіңмен бірге жүздескен,
Тілегінді тілескен
Өзегі жұқа дос жаран
Көмегіне сүйеніп,
Кеңесіне құлақ аспасан,
Құпияда ой-айла,
Жарияда ой-ақыл,
Қиынның жолын көппенен
Бірге ойлап, бірге таппасан,
Ер бытырап, қырт болар,
Ел бытырап, жұрт болар,
Арты шауып насырға
Жаз ішінде жұт болар,
Астағы-тақ, баста бақ,
Бір күні о да зып болар,
Кім айтса да, құлақ ас,
Ашуыңа қарамай,
Ақтара айтып салатын
Ақ көкірек ағайын
Іздесең, ертең табылмас.
Жақынмен іштес жан болмай,
Халқынмен іштес хан болсаң -
Асылдығы тегіңнің.

Ауырға шыдап, ащыға төтеп бере алсаң,
Молдығы ақыл кенінің.
Тыңдасаң бұны - сен мәртсің,
Тыңдата алсақ - біз мәртпіз,
Доғара тұрсын осымен
Толғаулы сөзін бұл қартың.

АБЫЛАЙ:

Түнде көрер түсімде,
Күндізгі ойлар ойымда
Елім менен жеріме,
Азың менен көбіңе
Қылаудай жоқ қиянат.
Сенсеңіздер - жан пида,
Сенбесіңіздер - міне, бас.
Сенсеңдер - тап осы түс
Тәуекелге бел буам,
Заман қилы, жол ирек
Ойласарға орын тар,
Ойланбай бірақ іс қылман,
Жүгіңді артсаң, мықтап арт
Орта жолда қалдырман.

КЕЙУАНА:

Осы болсын пәтуа!
Қалған харекетті хан ойлар,
Тарасайық жарасып.

ЖҰРТ:

Дұрыс! Сол дұрыс!

Жұрт орнынан тұра бастайды. Сахна айналады. Хан оргасында жалғыз тұр.

АБЫЛАЙ:

Сәуегей Көмей әулием
Қасқайтып айтты тоқтамды,
Жетпіске жетеу не істемек,
Жеңілді, бірақ жік салды.
Дау өшкенмен шоқ қалды.
Не де болса, бұл шешім
Садақты кере тартқызып,
Оқшантайдан оқты алды.

Аран тұрса да - тек алға,
Қайтарға жол жоқ боп қалды

Көлеңдей басып Топыш кіреді.

ТОПЫШ:

Айтқаның келіп,
Атқаның тиіп,
Мәз боп тұрсың, хан ием,
Ойрат та бірақ өр халық,
Отыра бермес омалып,
Олар да қылар амалын.

АБЫЛАЙ:

Тәйт, тәйірі, тантымай,
Андағы елің, мұндағы ерің
Онсыз да орға түсіп тұр,
Не шығармақсың егестен?

ТОПЫШ:

Сабыр, алдияр, сабыр.
Бөлтірік деп,
Бөрі асырап жүрмеңіз.
Уақ, Керей Әмір Сананы
Сұлтан қоймақ өзіне,
Ағасының басы даулы боп,
Ералы қайтпақ еліне,
Көп алшынның шебіне,
Қалмақ бетке қалқан қылам деп қалмақты.
Сау басыңызға
Сақина тілеп қайтесіз?
Қалдан Шерінге
Мұрагерді басқа емес,
Ендігі жерде мен табам.
Менен туған шарана
Хан болады ойратқа!
Пәлеліні паналатпай елден қу,
Әйтпесе, өзім
Қарастырам бір амал.

Сайқалдана басып шығып кетеді.

АБЫЛАЙ:

Сыртта - лаң, іште - жылан,
Шытырман мен шырғалаң.
Алға тартсаң - аяғыңнан
Қияға тартсаң - етегіңнен
Жармасып жатқан жады өңшең,
Ойыңды ойран, ақылыңды айран
Етуге құмар бәрі де.
Бола қоймас дегендерің.
Алған беттен айнымаймын,
Қара жерді түп-түгел
Қаран су жайлап алса да,
Абыржыма, ақылым,
Қажыма, қайсар қайратым,
Иілме басым, иілме,
Қанша батпан салса да!

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Әмір Сана келіп тұр.
Бір ауыз сөз өзіңізге
Айтуға рұқсат сұрайды.

АБЫЛАЙ:

Кірсін! Айтсын! Алып кел!

Әмір Сана келеді.

ӘМІР САНА:

Армысыңыз, алдияр!
Басым түсті саудаға,
Сізді де салдым әуреге.
Кешегі жиын қиқуы
Менің де жетті құлағыма,
Бәрібір бұлар бұл жерде
Мені тыныш қоймайды.
Одырайып орысы келер,
Қиылып қытайы келер,
Ойсыратам деп ойраты келер,
Басыңызға түсер шырғалаң.
Қашқанменен енді мен
Жер бетінен пана таппаспын.

Қытайға бере көрмеңіз,
Садақаға шалар басымды.
Берсеңіз - орысқа беріңіз,
Бір жағынан сізді ойлап,
Бір жағынан ойратты ойлап,
Өз ықпалын етсем деп
Саудаға салар басымды.
Саудалы басқа сауға табылар,
Үмітсіз сайтан деген ғой.
Тілегіңізді тілермін,
Үмітіңізді үзбеспін.
Осыдан басқа амал жоқ.

АБЫЛАЙ:

Әкең берген аманат бар.
Анаң қылған аян бар.
Жетім қалған құлындай
Кімге жетелетіп жіберем,
Ешқайда да тырп етпе.
Елдің сөзі осындай.

ӘМІР САНА:

Елдің серті сағым ғой,
Түсте бар да, кешке жоқ.
Сағымға иек артпайық.
Түнде жортқан қорқау көп,
Қолды қылса біреуіне,
Жаманатыма сіз қаласыз.
Одан-дағы орыс сұраса -
Ойланбастан көніңіз.
Оқтын-оқтын артымнан
Сұрау салып жүріңіз.

АБЫЛАЙ:

Қара ормандай халыққа панамын-ау деуші едім,
Тұрымтайдай саған сая таппадым.
Құдай пана болмаса,
Адам сая бола алмас,
Қайда жүрсең, аман жүргей, қарағым.

Екеуі қоштасқалы құшақтаса бергенде жасауыл көрінеді.

ЖАСАУЫЛ:

Орынбордан елші кеп тұр, хан ием.

АБЫЛАЙ:

Ойда-жоқтан дөп басады-ау сабаздар.

ӘМІР САНА:

Абыржымаңыз, хан ием,
Қара ормандай халық қой,
Бірі болмаса, бірінің көзі қырағы,
Орыс та ойратқа өз ықпалын
Жүргізер жан іздейтін шығар,
Ойланбастан көніңіз.
Қалмақты ел қылуға
Екеулеп қам жасармыз.

АБЫЛАЙ:

Серт осы.

*Екеуі бір-бірін бауырларына басып, ұзақ тұрады. Со-
сын барып, құшақтарын ажыратып, жасауылға тіл қатады.*

Орыс елшіге келсін де!

Елші кіреді.

ЕЛШІ:

Алдияр тақсыр,
Ақпатшаның тапсырмасымен
Әмір Сана тайшыны
Ұлы Ресей құзырына беруіңізді сұраймын,
Марқұм Қалдан Шеріннен қалған көз
Тек содан ғана пана табады.

АБЫЛАЙ:

Оны Әмір Сананың өзі айтсын.

ӘМІР САНА:

Ақ патша саясына алса,
Бұндай ұлы шарапаттан
Бас тартпауға әзірмін.

АБЫЛАЙ:

Әмір Сана тайшыға
Ойрат емес қазақ та
Сұраушы болады артынан.
Шарапаты мол падиша
Бұны дұрыс ұғарына
Еш шүбәм жоқ.
Дұғай сәлем айтыңыз.

Абылай мен Әмір Сана қол алысады.

ЕЛШІ:

Айтып барам падишаға.
Енді кетуге рұқсат етіңіз.

АБЫЛАЙ:

Рұқсат!

Елші Әмір Сананы ертіп шығып кетеді. Абылай қалшып тұрып қалады. Жасқана басып кіріп келе жатқан жасауылдың аузына аңырая қарайды.

ЖАСАУЫЛ:

Алдияр!
Қонтайшы Дауашы тағы да
Елші жіберіпті.

АБЫЛАЙ:

Жіберсе, жіберсін. Кірсін де!

Ойрат елшісі кіреді.

ЕЛШІ:

Алдияр тақсыр!
Төрт ойраттың төбе ханы
Атақты Дауашы қонтайшы
Әмір Сана тайшыны
Елі ойратқа қайтаруды
Тағы өтініп сұрайды.
Ол өтініш орындалмаса
Өткен-кеткен ойрат-қазақ бітімі
Түгел күшін жояды.

АБЫЛАЙ:

Қазақ халқы ұйғарымын паш еткен,
Әмір Сана енді ойратқа қайтпайды.
Ойрат егер өз білгенін істесе,
Қазақ та қарап қалмайды.
Түсінікті ме?

ЕЛШІ:

Түсінікті.

Ойрат елшісі шығып кетеді. Топыш ханым жымсыя күліп кіріп келе жатады.

ТОПЫШ:

Дұрыс істедіңіз, хан ием,
Тәңір өзі қолдаса,
Ойраттың да тізгінін
Өз қолыңызда ұстаңыз.
Шаршасаңыз ішімдегі шаранаңыз
Ие болар күні ертең.
Ұрыс бар да, тұрыс жоқ.
Әлгі шабарман жеткенше
Қонар болғай ел атқа.

АБЫЛАЙ:

Иә, нар тәуекел.
Қайда жүрсің, жасауыл!

Имене басып, жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ:

Мен мұндамын, хан ием.

АБЫЛАЙ:

Бар, жар шаш, жиылған ел тарамасын,
Жарым бар жұртқа жариялайтын!

ЖАСАУЫЛ:

Құп, тақсыр.

Жасауыл шығып кетеді. Сахна шыр айналады. Иін тірескен шгі-жақсылар. Жер қайысқан халық. Ортаға Абылай шығады.

АБЫЛАЙ:

Ау, халайық, халайық,
Алатауда - Ақарыс,
Сары Арқада - Жанарыс,
Еділ-Жайық - Бекарыс
Қазаққа біткен шартарап,
Одан арғы алты Алаш,
Одан да арғы ағайын,
Жар шашамын, құлақ ас.
Талауға түсер малың бар,
Таласқа түсер жерің бар,
Тағдырдан талқы көп көріп,
Талықсып жатқан елің бар,
Есесі кетер ұлың бар,
Етегін шашар қызың бар,
Үзігі тесік үйің бар,
Іргесі ашық төрің бар,
Қайраңдаған қайықтай,
Қалтақтаған Күйің бар,
Көремісің, әлеумет!

ӘЛЕУМЕТ:

Көреміз, көргенде қандай!

АБЫЛАЙ:

Сол Күйіңді білетін,
Сорлы санап күлетін,
Сыртыңнан тұзақ құратын,
Жалақтаған жауың бар,
Жағаңнан алып тайталас,
Аяқтан шалып бақталас,
Быт-шыт қылған басыңды,
Пыш-пыш қылған сөзіңді
Бітпейтұғын дауың бар -
Білемісің әлеумет?

ӘЛЕУМЕТ:

Білеміз, білгенде қандай!

АБЫЛАЙ:

Сол дауынды тимасан,
Айылыңды жимасан,
Жаманның жолын кеспесең,
Жақсыңа тізгін қимасан,
Тілекке тілек қоспасан,
Көптен теңдік ала алмас,
Аздан елдік көре алмас,
Аяқтыға жол болар,
Азулыға жем болар
Кер заманға кезігіп,
Боларсың тіпті бұған зар.
Сеземісің, әлеумет.

ӘЛЕУМЕТ:

Сеземіз, сезгенде қандай!

АБЫЛАЙ:

Теңдіктің тезі теңселме,
Еркіндік жолы егесті,
Бақыттың жолы - бәсеке,
Ырыстың жолы - бейнетті,
Азаттық жолы - азапты
Төземісің, әлеумет!

ӘЛЕУМЕТ:

Төземіз, төзгенде қандай!

АБЫЛАЙ:

Төзең егер, әлеумет,
Зорлықты жеңер ынтымақ,
Қорлықты жеңер ар-намыс,
Шығарар тардан тәуекел,
Тәуекелге бел байлап,
Қазақтың қайсар намысы,
Болмасын деп қара жер,
Жойқын жаудың жолында
Жойылмасын деп қайран ел,
Азаттықтың қамы үшін,
Болашақтың бағы үшін,
Ұлы жорық бастаймын,
Айналайын, әлеумет
Бастай алмасам - маған серт,

Қостай алмасаң - саған серт,
Қазақтың қайран даласын
Жағасы жайлау ел қылам,
Қара сирақ баласын
Басқалармен тең қылам,
Кеткен кегін қайтарып,
Іргесін тыныш, төрі кең,
Мерейін биік, бағын зор,
Ырысын шалқар көл қылам.
Осы жолда, әлеумет,
Тайсалар болсам - маған серт,
Тайқып кетсең - саған серт
Еремісің, әлеумет!

ӘЛЕУМЕТ:

Ереміз, ергенде қандай!
Сертке серт!

АБЫЛАЙ:

Ендеше, халқым, атқа қон,
Туыңды ұста! Тарт алға!
Құдайым бізді бастасын
Арманы биік ақ жолға!

ӘЛЕУМЕТ:

Алла әумин десін! Әумин, Әумин!

Топ ішіндегі Диуана Кейуананың қасына барады.

ӘЛЕУМЕТ:

Алла, Әумин десін! Әумин! Әумин!
Біріміз қалмай түгел атқа қонайық!

*Бес қаруын асынған қалың қол жан-жақтан самсап шығып,
әуелі сахнаны лық толтырады. Сосын зал ішін керней бастай-
ды. Көрермендердің өзі сол қалың дүрмекке араласып кетеді.*

ДИУАНА:

Мынаны қара!
Елдің бәрі еліріп алған,
Бес қаруы белдерінде.

КЕЙУАНА:

Тәуба, тәубә!
Ұранға ерер ұлтың болса,
Ұлтаныңның түгелдігі.

ӘЛЕУМЕТ:

Біз дайынбыз, алдияр!

Хан тағынан тұрып, аршындай басып, айбынды топтың алдына барады.

АБЫЛАЙ:

Садаған кетейін, жамағат,
Ат басын бір сәт ірке тұр!

ДИУАНА:

Мұнысы несі, тәңірім-ау,
Аттанбай жатып,
Ат басын іріккені қалай?

КЕЙУАНА:

Асығыстың ақылшысы - сайтан,
Сабырдың пірі - Жаратқан хақ тағала!
Сабыр ет, сабазым,
Бір ойлағаны бар шығар...

АБЫЛАЙ:

Уа, халқым, басым құрбан жолыңа,
Бірің қалмай, ергелі тұрсың соңыма.
Сонда қайда бұрғаным дұрыс ат басын?
Батысқа ма, шығысқа ма
Қайсысын дейсіз оңтайлы?

ДИУАНА:

Жағаласқанға жау табылмай тұр ма,
Жанжалдасқанға дау табылмай тұр ма?
Күмілжитін несі бар?

КЕЙУАНА:

Жағаластан жаған кетер,
Жанжалдассан - баған кетер,
Өш қуаласан - бастағы бақ пен дәулетке сор.
Кек қуаласан - кейінгі ұрпақ пен әулетке сор,
Атқа қонарда ақылдасқанның не айыбы бар?

АБЫЛАЙ:

Жағалай жатқан ел де көп,
Шетінен тисең - жау ылғи!
Жаныңды жеген шер де көп,
Шетін түртсең - дау ылғи!
Қайсысын қуып,
Қайсысына тиісіп,
Қайсысының бетін қайырсам,
Бар мүддәң бітіп, бар ұпайың түгенделеді?
Ал, айтыңдаршы, ағайын!
Қайсысын барып шабайын?!

Жұрт дағдарып қалады.

ДИУАНА:

Айтарын жұрт айтты ғой;
Өзің шеш те, өзің баста!

АБЫЛАЙ:

Ендеше, халқым, құлақ ас,
Көкейде көптен жүретін
Менің де айтар датым бар.

ӘЛЕУМЕТ:

Датың болса, айт, алдияр!

АБЫЛАЙ:

Қазаққа тоба әуелден жомарт,
Елдің бағын жері ашады дейді.
Ұланбайтақ жер сыйлапты,
Жердің бағын елі ашады дейді -
Бола аламыз ба сондай ел?

ӘЛЕУМЕТ:

Бола аламыз! Болғанда қандай!

МАЛАЙСАРЫ:

Бола алмасақ, неге тудық анадан
Тас емшекті жібітіп,
Тар құрсақты кеңітіп?!

АБЫЛАЙ:

Сөзіңе құлдық, ағайын,
Қара жер қара аруана,
Мейірі түссе, иітін.
Сырын білмей, сырттан иемденсең,
Өзің ембей,
Емізесің өзгеге!

ОЛЖАБАЙ:

Қара көрге түгел түсіп кеткенше
Туған жерге тигізбейміз ешкімді,
Сол үшін тудық ат мініп,
Сол үшін жүрміз найза ұстап!

АБЫЛАЙ:

Найза ұстасақ - қол қысқа,
Найзаға емес, қайлаға иіп қара жер,
Күрзі емес күрек күпті болып жүр,
Қан төккенді емес, тер төккенді
Қарқ қып жатыр жер-ана.
Соған қарағанда,
Білекке емес, білікке
Сенетін заман келгендей.
Білекке сенер заманда -
Ешкімге есе бермедік,
Білікке сенер заманда -
Қапы қалып жүрмейік!

ӘЛЕУМЕТ :

Не істейік ол үшін,
Айт, алдияр, іркілмей?

АБЫЛАЙ:

Айтар датым, ағайын:
Кетісе берсең - дұшпан көп,
Келісе білсең - дос та мол,
Өзгелерге қол салмай,

Өзімізді қолға алып,
Жұрт істегенді істесек,
Жұрт ұмтылғанға ұмтылсақ,
Жұрт жеткенге жетер ек,
Ешкімге есе жібермей,
Терезе тең боп өтер ек!

ДИУАНА:

Не дер екен бұған ел?

КЕЙУАНА:

Ел дейтінін деді ғой.

ӘЛЕУМЕТ:

Алдияр!

Ақылын тап та, амал қыл.

Артыңнан ерер біз бармыз.

АБЫЛАЙ:

Иә, жұртым,

Амалы көптің алары көп деген!

Ендеше, өзіміз жайлаған жердің сырын
білейік,

Оның ырзығын іске жаратудың жөнін білейік,

Жарық жалғанның бізге әлі қараңғы жері көп,

Ешкімге есе жіберместің

Найзадан басқа да айласын білейік!

Білікке білік қосқан да бір,

Білекке білек қосқан да бір,

Екеуі де қапы қалдырмайды.

Қапы қалмайық, жамағат,

Ендеше, бұл - ең шешуші жорық,

Бәріміз де бір ауыздан

Дейміз бе: "Нар тәуекел!"

ӘЛЕУМЕТ:

Тәуекел! Тәуекел!

Тәуекелге бел будық!

*Залдың ішін жұрт бұрынғыдан да керней түседі.
Топ ішіндегі Диуана Кейуананың қасына барады.*

ДИУАНА:

Ау, Көмей әулие,
Езуіңізге ие бола алмай,
Жадырай қапсың жасарып.
Сен күлетін де күн бар екен ғой.

КЕЙУАНА:

Иә, жұрт алдында Кейуана болсам да,
Оңашада Диуана боп,
Тентіреп кете жаздағам,
Тығырықтан жол таппай.
Сол жолды Еліме
Тауып берер Ер тапсам,
Қуанбайын мен неге?
Өзің неге жылап тұрсың?
Сен де жылай алушы ма ең?

ДИУАНА:

Оңашада Кейуана боп,
Таба алмай дауа күйікке,
Ел алдында Диуана боп,
Қайтаратынмын ызамды.
Асыл туған Ерімді
Ардақтайтын аялы Ел табылып,
Қуанғаннан, тия алмай тұрмын
Көл-көсір мынау көз жасын.

ӘЛЕУМЕТ:

Біз түп-түгел осындамыз!
Әміріңді айт, Алдияр!

АБЫЛАЙ:

Тәуекелге түгел бел бусақ,
Алған беттен айнамайық,
Тарт алға!

*Абылай алға түсіп, қара нөпір жиыңды бастай жөнеледі.
Хор мен оркестр салтанатты мадақ жыр айтады.*

ХОР:

Қыспақты көп көрген қазақпыз
Көрсек те көнбедік - ғажалпыз.
Ен дала, еркіндік перзенті
Әуелден бостанбыз, азатпыз.
Бостанбыз, азатпыз әу бастан,

Өжетпіз, өткірміз алмастан,
Бермейміз жатқа дес, жауға есе,
Жайрайды жағаға жармасқан.
Ежелден өрбіткен бір негіз,
Жүп жазып көрмеген іргеміз,
Емшектес, еншілес, кіндіктес,
Бөлінбес бүтінбіз, біргеміз.
Ақ арман жүректе жүрді ұдай,
Өлмей де, өшпей де, мызғымай,
Сол арман жолында жан пида,
Қазаққа жар болғай бір құдай.
Ел қазақ, еркін бас, алға бар,
Садаға арға - жан, жанға - мал,
Ар менен азаттық жолында
Бола гөр, алла жар, алла жар!..

ШЫМЫЛДЫҚ.

КАРЛО ГОЦЦИ

ТУРАНБИКЕ ХАНШАЙЫМ

*Театрға арналған бес перделі
трагикомикалық қытай ертегісі.*

Қатысқандар:

- Турандот** — Қытай ханшасы, Алтаумның қызы.
Алтаум — Қытай императоры.
Әділма — Татар ханшасы, Турандоттың жақсы көретін күңі.
Зелима — о да Турандоттың күңі.
Скирина — Зелиманың шешесі, Барақтың әйелі.
Барақ — Хасан деген атпен жүрген, Калафтың бұрынғы ұстазы.
Калаф — ноғайлықтың ханзадасы, Теміргің баласы.
Темір — Астарханның патшасы.
Ысмайыл — Самарқан ханзадасының бұрынғы ұстазы.
Панталоне — Алтаумның хатшысы.
Тарталья — бас ұлық.
Бригелла — паж бастығы.
Труффальдино — Турандот сарайындағы азбан құлдардың бастығы. *Жендет.*

- Қытай Диуанындағы жеті ғұлама.**
Сарайда қызметкер көп күң.
Азбанқұлдар.
Сарбаздар.

Оқиға Пекин мен Пекин төңірегінде өтеді. Кейіпкерлердің татарша киінген Әділма, Калаф және Барақ пен Темірген басқасы тегіс қытай киімінде.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Әр жерде кекілдері жалбыраған түріктердің басы шаншылған істік: найзалар андаған Пекин қақпасының алды.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Шымылдық сыртынан Калаф шығады, одан сәл кейін қала қақпасынан Барақ шығады.

КАЛАФ

Құшақ жайып қарсы алар жан
Пекиннен де табылғаны-ау!

БАРАҚ

(қаладан шығып келе жатып)

Сенейін бе, сенбейін бе,
Кімді көріп тұрмын мен?
Калаф ханзада ма, япырау.
Ол тірі ме еді?

КАЛАФ

(Аң-таң боп)

Барақ!

БАРАҚ

Асыл текті ханзадам...

КАЛАФ

Сен осында ма ең !

БАРАҚ

Сіз осында келдіңіз бе? Сіз тірі екенсіз ғой!

КАЛАФ

Жап аузыңды, ұстап берме, өтінем.
Ал, айтшы өзің, мұнда қалай тап болдың?

БАРАҚ

Алдиярым, Астарханның түбінде
Қарақұрым қалың жауға шыдамай,
Қолыңыз кері қашқанда
Жұртыңызды зар қақсатқан тонаушы
Хорезмнің сұлтаны
Опты келіп ой-қырды.
Жарақат пен қасірет қоса қабат жайлаған
Жазған құлың Астарханға тығылды.
Сонда естідім Темір патша,
Мына сіздің әкеңіз және өзіңіз
Мерт болды деп ұрыста.
Көз жасымды көл қылып,
Хан сарайға жүгірдім.
Құтқармаққа Әлмазаны, асылзада анаңызды,
Жолым бірақ болмады,
Кедергі бермей кеулеген
Хорезмнің асып-тасқан сұлтаны
Астарханға қалың әскер қаптатты.
Енді мынау жау жайлаған шаһардан
Қашпас шара қалмады.
Сүйтіп, төрем, елден ел асып, жерден жер асып
Хасан деген қызылбас болып ақыры
Пекинге де жеттім-ау.
Осында бір сор-азапты әбден татқан
Жесір қатын жолықты.
Ақылды да, ақшаны да аяғам жоқ,
Алмас, асыл бәрін сатып
Түзеп бердім күй-жайын.
Іші жылып кетті білем,
Тұрмыс қостық екеуміз.
Бірақ, әлі жұбайыма да
Жөнімді дұрыс айтқам жоқ.
О бейшара Барақ емес.
Қызылбас Хасан деп жүр мені.
Сүйтіп сонда тұрып жатам,
Баяғы дәулет жоқ баста.
Бірақ, бүгін өшкенім жанып,
Өлгенім тіріліп, жоқ болды деп
Күдер үзіп жүргенде
Туған ұлдай мәпелеген
Асыл тектім, уа Калаф ханзадам,
Сізді көріп жарылды ғой жүрегім.
Енді менен бақытты жан бар ма, сірә!

Айтыңызшы, ханзада,
Қалай жеттіңіз Пекинге?

КАЛАФ

Барақ атама менің атымды.
Анау сол бір қырсық шалып
Қара басқан қазалы күн
Астарханға қайтқанбыз.
Сарай барып, асыл заттың бәрін де алып,
Әлмаза, Темір — ата-анам,
Үшеуміз де қашқанбыз.
Жұрт көзіне көрінбей
Тас жастанып, мұз төсендік.
Шөлді кездік, тау жайладық,
Көрген азап шегі жоқ.
Қап тауында қарақшыға кез болып,
Әке-көке әрең зорға құтылдық.
Аш жаттық та, шөлдедік те
Не бейнеттің көрдік бәрін, не керек.
Бірде анамды болдыртқан,
Бірде арқалап кәрі әкені
Жүре бердік, жүре бердік.
Өзін-өзі өлтірмекке оқталған
Талай шықтым кәрі әкемнің үстінен.
Анам аштан бұралып, өлім қақы жатқанда
Тірілтіп алдым сан рет.
Сүйтіп жүріп жеттік Жайық қалаға.
Мешіттің қыр көзін бағып,
Беттің арын бес төгіп
Көрінгенге қол жайдым.
Көшенің бойына, дүкеннің маңына
Түсіп қалған бейсаубат
Қатқан-құтқан нан болса.
Теңге болса жоғалған,
Теріп алып жалғадым
Ата-анамның өзегін.
О күн де бізге көп болды —
Хорезмнің рақымсыз сұлтаны
Бір пәлекет хабар шашты тағы да.
Мүрдемізді таппаған соң еш қайдан.
Нанбай қойған, өлді деген.
Басымызға бәс тігіпті.
Кім апарса — қазына алады қарайған.
Елші салған патшалардың бәріне,

Түр-түсіміз екжей текжей айтылған.

Білесің ғой сен өзің

Тәжі тайған патшаның

Қара сіңір кедейден де

Су жүрек сорлы боларын.

Ол бейбақтан тәж бен таққа

Келер қандай залал бар!

Бізді іздеуге жарлық берген

Жайықтың та патшасы —

Құдай сақтап, шалып қалды құлағым.

Ата-анама жетіп кеп

Жасырын деп жалындым.

Екеуінің де көз жастары көл болды,

Пейіл болды екеуі де өлуге.

Досым, өзің білесің ғой, ондайда

Қанына қарайған адамды

Көріп айтып тәңірінің

Басу оңай емесін.

Ақыры біз қаштық-ау

Жаңа тозақ, жаңа азапты

Тағы да талай көрмекке.

БАРАҚ

(көзіне жас алып)

Жетер осы, асыл тектім,

Тілімдеме мен бейбақтың жүрегін.

Темір патшам жұбайымен, ұлымен

Сонша қорлық көрді де.

Елден асқан көмеңгер,

Елден асқан мейірбан,

Елден асқан ержүрек

Асылзада әулет те

Тап болды де со күнге.

Айтыңызшы, патшамыз бен жұбайы

Бар ма мынау дүниеде.

КАЛАФ

Бар, Барақ, бар. Екеуі де тірі. Тыңда

Атадан асыл туғанның да

Күлді-көмеш күн кешер

Кер тағдырын айтайын.

Талағы тірі талмақшы емес тауқыметтен,

Патша да пақыр күдіреттің алдында,

Жазмыштан озмыш жоқ деген,

Тобаның айтқанына жүрсе,
Салғанын көтерсе бұл пенде
Жетпекші ғой мұратқа.
Сүйтіп Кейқуат патша билеген
Хорасанға тап болдық.
Ата-анамды өлтірем бе,
Хан сарайға бардым да,
Қара жұмыс істедім.
Ұнатты ма, аяды ма
Онысын әлі білмеймін.
Салушы еді көз қырын
Патша қызы Әділма.
Қырағы қыздың жанары
Таныды-ау деймін тегімді.
Бір күні соның әкесі
Әлденеге бұлқан-талқан болды да
Боғдыханы Пекиннің Алтауммен жауласты.
Түтеп тұрды жұрт аузы
Сан тарапқа сабылтып
Сол соғыстың себебін.
Білерім тек жалғыз-ақ —
Талқандалды Кейқуат.
Ойран болды әулеті,
Суға кетті Әділма.
Қорықтық та мынау жаңа ойраннан
Хорасаннан безіп шықтық біз тағы.
Жалаңаяқ, жалаң бас зорға жеттік Барласқа.
Тағы несін айтайын,
Сүйтіп төрт жыл асырадым
Ата-анамды, әйтеуір
Жүк кеткен жоқ арқамнан,
Мұң кеткен жоқ жанымнан.

БАРАҚ

Жарар осы, ханзадам,
Көріп тұрмын үстіңізден сән киім,
Тастаңыз сол тауқыметті,
Айтыңызшы ал енді,
Оңғарылды қалай ғана жолыңыз?

КАЛАФ

Жолды айтасың ба? Тында онда.
Барластың патшасы Әлімгер
Қаршығасын жоғалтты.

Мен ұстап ап, Әлімгерге апардым.
Кім екенімді сұрады.
Бүгіп қалдым сырымды.
Қап көтеріп, жүк тасыған
Қара табан жалшы едім дедім.
Рахымы түсіп патшаның
Ата-анамды алды Жебеуханаға.
Қайыршы мен ғарыпты
Бағатұғын сол үйде
Ата-анама бөлек күтім жасалды.

(жылап жібереді)

Солай, Барақ, патшаңыз бен ханшаңыз.
Жайлап жатыр ғарыптардың мекенін.
Байғұстар да зәре жоқ.
Біліп қойса бір күні
Асады-ау деп дарына.

БАРАҚ

(жылап)

Керең болғыр құлағым
Не естіп тұр, о тоба!

КАЛАФ

Сонда маған Әлімгер
Әмиян ұсынды мына бір.
(қойнынан әмиян шығарады)

Ат мінгізді астыма,
Шапан кигізді үстіме.
Ата-анаммен жылап тұрып қоштасып:
«Бағымды сынап көрейін,
Я бетпақ дүниеден бейбақ қалпым өтейін,
Не болмаса, ақыры дегеніме жетейін,
Әйтеуір, мынау өрім-өрім күйіммен
Көздеріне көрінбей», —
Дедім-дағы жол шектім.
Тізгініме жабысты,
Бірге жүрмек болды олар.
Бірақ, көкте тәңірім
Ілескенін қаламады олардың.
Нәлет айтып Хорезмдегі залымға,
Атағымды жасырып,
Боғдыханның сарбазына кіруге
Келіп тұрған бетім осы Пекинге.
Тәңірім жебеп тағы да,

Тисе билік қайтадан
Қайтарамын кегімді.
Барақ, мынау қалаңда
Қара нөпір халық көп —
Жатқан жоқ па той болып?
Қорқып едім мен мұннан
Табылмас деп баспана.
Әне бір үйдің әйелі
Қайырымды жан екен,
Алып қалды атымды.

БАРАҚ
Әйелім ғой ол менің!

КАЛАФ
Солай ма? Ашылыпты онда бағын,
Сүйкімді адам екен бір.
(Кетуге ыңғайланады)
Оралармын соңыра. Мұнша жұртты жинаған
Пекиндегі бұл не той?
Оны да бір көрейін.
Содан кейін Алтаумға жолығып,
Соғысуға сен үшін
Рұқсат бер деп сұрайын.
(Қала қақпасына бет алады)

БАРАҚ
Тоқта, Калаф
Көрмей-ақ қой сол пәлені,
Ол бір сұмдық оқиға.
Қатыгез тағдыр, ханзадам,
Қан майданға кепті айдап.
Естімеген бір пәле.

КАЛАФ
Ол немене өзі?

БАРАҚ
Жалғыз қызы Алтаумның
Туранбикені білмеуші ме ең.
Айдай ару болса да,
осыншама зұлымдықты істетіп,
Қан қасап қып қан қақсатып,
Жатқан жауыз сол өзі.

КАЛАФ

Хорасанда сондай бір
Естіп ем бейпіл әңгіме.
Айтушы еді Кейқуаттың баласы
Пекин барып, душар бопты
Адам көрмес ажалға,
Алтауммен соғыс содан шықты деп.
Қара халық қашанда
Мемлекет құпиясын білмек боп
Қайдағыны қаулатады да жүреді.
Ақылы дұрыс адамдар
Онысына күлгенмен,
Құлағына ілмейтін,
Айта бер, Барақ.

БАРАҚ

Алтауымның қызы Туранбике
Ажарын дәл бере алмай
Жазылған талай қыл қалам.
Оның суреті тарамаған
Астана жоқ жер жаһанда.
Сол Ханшайым тас жүрек
Еркектерді ит етінен жек көред.
Құда түсіп сол қызға
Болды босқа арам тер
Талай елдің патшасы.

КАЛАФ

Сандырақ.
Хорасанда естігенмін бұны да,
Сөзің аузыңда айт, Барақ.

БАРАҚ

Жоқ, сандырақ емес, шындық бұл.
Турандот – тақтың мұрагері емес пе,
Әкесі байғұс құдаласып талаймен
Тажды әулеттен күйеу іздеп көріп ед,
Қыңыр қызы қыстырмады құлаққа.
Байғұс әке өліп-өшіп сүйетін
Жалғыз қызын жылатып қалай ұзатсын.
Талай-талай соғысты да сол үшін,
Бәрін де соның жеңгенмен
Жасы болса кеп қалды,
Бір күні барып қызына

Сөз салыпты былай деп:
«Күйеуге шық, немесе
Мынау байтақ еліңді
Соғыстан сақтар жолды тап.
Өзім болсам қартайдым,
Сөз беріп ап сені айтқызған патшаның
Талайының көңілдерін қалдырдым,
Анттан тайып артынан.
Енді менің тілегіме құлақ ас,
Жанымдай жақсы көргенмен
Күйеуге шық, болмаса
Соғыс болмас жолды айт.
Сосын мейлің, осы мынау дүниеден
Қайтып өтсең — өз еркің».
Қыңыр қыз қырық құбылды,
Тулап та көрді бір ауық,
Жылап та көрді бір ауық,
Болмаған соң бәрі де,
Ыза буып ауырды,
Аузынан қалды ажалдың.
Қайтпады патша райдан.
Сонда барып сайқал қыз
Әкесіне дат қылды.
Тыңдаңыз енді тілегін
Сол сұмпайы перінің.

КАЛАФ

Ести-ести құлақты әбден сарсытқан
Сол баяғы ертеке те.
Ол болса өзім айтайын.
Ханшайым дат қылады
Жар шаш деп мынау жаһанға
Егер анау алқасында Диуанның
Өншең дана ортасында мүдірмей
Үш жұмбаққа бұл айтқан
Жауап берген Ханзада егер табылса,
Соған берем қызды деп,
Сол болады мұрагері тақтың деп.
Ал егер де таба алмаса шешуін
Басын шауып алам деп
Ант қыл дейді тобаға.
Осы шығар айтпағың,
Әбден мезі етіп болған ертегі.

БАРАҚ

Иә, осы.

Ертек болса құба-құп қой, құдай-ау,
Ертек болмай тұрған жоқ па сор болып.

Хан кейіді ханшайымның датына,

Бірақ анау сайқы сайқал өлекшін

Біресе жалынып-жалпайып

Біресе орғып, шалқайып,

Біресе ауырып жанталасып,

Көндірді көңілшек әкені.

Берілді ақыр сол бұйрық.

Қыздың ойы белгілі:

«Кім бар дейсің жүрген бүйтіп өле алмай,

Оңдай адам табылмас,

Алда-жалда табылса,

Айыптамақ ханды кім,

Айтпадым ба жарлықта

Ант қылғанын тәңірге.

Ант берілді жар шашылды.

Жақсы боп жатса арты оның,

Айтпас па едік ертек деп».

КАЛАФ

Сендім сөзіңе. Жарлық айтылды,

Ал, бірақ, соған желігіп

Өлімге барар ханзада

Табылар ма екен дүниеде.

БАРАҚ

Көрмейсің бе, аналарды

(Қабырғадағы шаншылған бастарды көрсетеді)

Міне мынау зұлым қыздың

Жұмбағына жауап таппай

Жусап қалған боздақтар!

КАЛАФ

(таңырқап)

Сұмдық екен.

Сонда анандай зымиянға

Үйленем деп жан пида еткен

Жанықастар да бар болған-ау!

БАРАҚ
Калаф, қарғам,
Суретіне көзі түссе ханшаның
Ай дидарын бір көрсем деп
Пейіл болады өлімге де.

КАЛАФ
Сондай да есер болады екен.

БАРАҚ
Есерің де, данышпан да
Естен танар оны көрсе.
Бүгін әне бүкіл халық
Самарханның ханзадасын
Қалай шаппақ, көрмек соны.
Ондай сұлу, ондай есті
Жайсаң жігіт көрген емес,
Бұған дейін бұл Пекин
Зар илейді Алтаумның өзі де,
Ал енді анау зымиян қыз
Күледі дейді миығынан.
(Құлақ тосады. Дабыл естіледі)
Естисің бе? Өне азалы күй тартылды,
Қазір енді шабады,
Тез кетпесем бұл арадан,
Шымырлайды төбе құйқам.

КАЛАФ
Ел естімеген әңгіме екен.
Сонда табиғат анамыз
Бұл секілді не өзі жұртты сүймейтін,
Не рахымды білмейтін
Жаратқан-ау жүрегі мұз әйелді.

БАРАҚ
Әйелімнің қызы бар бір —
Туранбикенің күңі.
Соның кейде айтқандарың тыңдасаң —
Естіген құлақ нанғысыз.
Бұл Туранбике шынында да
Ұрғашы барыс сияқты.
Ұшынып туған пәлекет.
Өзі сондай менмен, өзі сондай асқақ
Осыншама өршеленіп жүргені де
Астамдығы көрінеді.

КАЛАФ

Тап мынандай құбыжық
Диюлардан болмаса исі адамнан қалай ғана кезікпек.
Әкесі болсам мен егер,
Ондай қызды отқа асып қақтар ем.

БАРАҚ

(қала жаққа қарап)

Анау көз жасына етегі толып
Еңіреп келе жатқан
Менің досым Ысмайыл —
Өлген Ханзаданың ұстазы.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Әлгі екеуі мен Ысмайыл

ЫСМАЙЫЛ

(қаладан жылап шығып келе жатып)

Жан досым-ау,
Ханзададан айырылдым.
Зұлпұқары зұлматтың
Жалмағанша жайсаңымды,
Қимадың ба мына менің мойнымды.
(өксіп жылайды)

БАРАҚ

Соңдай тозақ ортасына
Жіберіп жүрсің қалай ғана.

ЫСМАЙЫЛ

Досым-ау, қасіретім әкетіп тұр
Бетке салық айтып тағы
Ауыртпашы жанымды.
Қарызы жоқ ханзаданың мойнымда,
Тар болды уақыт,
Патшаға хабар салуға.
Бастық емес ұстаз деген
Құл емес пе ханзадаға,
Айтқан тілді алды ма?
(жылайды).

БАРАҚ

Құдай салды, көнесің де.

Бекем бол тек.

Ғұлама кісі сонша күйрек болар ма.

ЫСМАЙЫЛ

Қалай ғана жұбанайын,

Жанындай жақсы көруші еді,

Қалдырмаушы еді қасынан.

Қоштасар да айтқан сөзі

У тікендей тырнап барад кеудемді:

«Жылама, — дейді ол маған,

Мынау тас бауыр ханшаны

Құшпай тірі жүргеннен

өлгеннің өзі мың артық.

Әкеме мен айтпай кетіп қалып ем,

Кешіре көрсін онымды.

Айтар едім, жібермей ме деп қорықтым.

Көрсет деді сосын мынау суретті.

(қойнынан сурет шығарады)

Көргеннен соң мынандай асқақ аруды,

Оның өзі-ақ кеткенімді кешіріп,

Жылар дейді өзіңменен қосылып.

Соны айтты да мынау нәлет атқырды

Жүз қайтара сүйді кеп.

Сосын барып тосты басын балтаға

Шыққыр көзім шығып кетпей шыдады-ау,

Қан бүрқ етті, қақшып

Түсті мойнынан,

Ханзаданың ыршып кеткен калласын

Жалаңдаған қу жеңдет

Қағып алды қолымен,

Одан әрі тұра алмай

Безіп шықтым қаладан.

(Суретті лақтырып тастап, аяғымен таптайды).

Нәлет атқыр, жат осылай.

Уа, құдай, түсірсең егер қолыма

Туранбикені тап осылай таптар ем.

Патшама не деп барамын.

Қайтып көрмес Самарқан менің қарамды,

Жапан түзде жалғыз зарлап өлемін.

(Ашынған күйі кетіп қалады)

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Барақ пен Калаф

БАРАҚ

Естідің бе, ханзадам.

КАЛАФ

Естідім — бірақ қайранмын

Сиқыры бар соншама

Бұл не қылған сурет?

(Суретке тап береді)

БАРАҚ

(оны тоқтатып)

О тоба! Не істемексіз ханзада?

КАЛАФ

(жымшып)

Көрейін дем ем көп айтқан

Соншама сиқыр сұлуды.

(суретке жабысады)

БАРАҚ

(әзер тоқтатып)

Жо-жоқ, асыл ханзада,

Бұл сиқырды көргеннен

Пері соққан көп жақсы.

Көрсете алман мұны мен.

КАЛАФ

Жібер енді.

(оны итеріп тастап, суретті алады)

Дұрыс па есің өзіңнің,

Талай-талай аруларды көргенбіз,

Естен танбақ түгілі

Көз салғам жоқ көбіне.

Ажары асқан арудың

Өзіне бүлк етпегенде

Не істер деп ең бұл сурет?

Қойшы әрі. *(Күрсініп).*

махаббат емес — мақсатым.

Менің ойым басқада.

(суретке қарамақшы болады)

БАРАҚ

(жабысып, суретті қолымен қалқалайды)

Жалынамын. Қарамаңыз, ханзада!

КАЛАФ

(оны итеріп тастап)

Кетші әрі, есуас! Не көрінген өзіңе?

(Суретке әуелі таңырқап қарайды.

Бірте-бірте тесіле түседі)

Барақ, не көріп тұрмын мына мен?

Осындай нәзік жүзбенен

Осындай тұнжыр көзбенен

Мынандай ару ханшайым

Қатыгез деуге қанқұйлы

Қайтып ауыз барады?

БАРАҚ

Қу құлағым, керең болып қалсаңшы,

Естігенше бұл сөзді ханзаданың аузынан.

Асыл тектім, Туранбике бұдан да сұлу, бұдан да нәзік,

Оның айдай ажарын жеткізе алар шебер жоқ,

Ол рас, шындықты қайтып айтпаймын.

Ал, бірақ, осынау залым сайқалдың

Менмендігін, өрлігін, мекерлігін тас жүрек

Қан ішпесе қанбайтынын ындыны

Көрсете алар табылар ма қыл қалам!

Уа, мырзам, жітір әрі

Зәл-зәллаһи пәлекетті.

Жұта берме залым көріп заһарын,

Қап жүрерсіз уланып.

КАЛАФ

(суретке сүйсініп)

Қорқытпа босқа. Уа, мынау

Керме қас, уыз жанар, күлкі тұнған қызыл ерін,

Уылжыған жырын лебіз

Бәрін құшып сімірген жан,

Сонда қайтып болады арман?

(үнсіз қалады, сосын әлденеге бел буып)

Ал, Барақ, мен кімін, ол аузыңнан шықпасын,

Бақ сынайтын шақ осы.

Я мынау он сегіз мың ғаламдағы

Ең сұлу қыз бен ең ұлы тақты

Түсіремін қолыма.

Я мынау итсілікпе тірлікпен
Қоштасамын біржола.
Онсызда әбден бітіп едім мезі боп.
Екінің бірі.

(Суретке қарайды)

Уа, періште үміт,
Сенің сиқыр жұмбағыңа
Құрбандық боп шалынуға әзірмін.
Өзің жебе! Айтшы, Барақ,
Ең болмаса Диуанда әлгі,
Ажалымның аузыңда тұрып,
Көре алам ба ай дидарын
Бұл секілді перизаттың?

Қамалдың ар жағындағы берекесіз соғылған зарлы дабыл үні бірте-бірте жақындай түседі. Калаф та тыңдап тұр. Қамалдың ішкі жағынан қолынан қан тамшылаған қытай жендеті көтеріледі; ол найзалардың біріне Самарқан ханзадасының басын шаншады да, қайтадан ғайып болады.

БАРАҚ

Әуелі анаған қараңыз да,
Қайтыңыз мынау райдан.
Әне ыстық қан саулаған
Ханзаданың басы әлгі
Ал, жаңағы ғайып болған
Жендетіңіз сіздің де:
Осыншама сұмдық өлім
Шошытпай ма, япыр-ай.
Зұлым қыздың жұмбағына шешу жоқ,
Асыл тектім, сіздің асыл басыңыз
Ертеңгі күн ілінеді анау найзаға.
(Жылайды)

КАЛАФ

(басқа қарап)

Бақталайсыз бейшара! Кебіңді сенің кимекке
Құлшынтып тұрған не сиқыр?
Барақ, жаназамды осы қазір шығармақ па ең,
Доғар енді жылағанды.
Ал, сынадым бағымды. Айтпа ешкімге
Менің аты-жөнімді.
Бәлкім көкте тәңірім өзі

Бастап тұрған шығар бұған.
Мені мұнша азаптаудан жалығып,
Ата-анамды қуантамын бірауық
Деп тұрмасын кім біліпті тобаның.
Ал, егерде жолым болып,
Жұмбағын түгел шеше алсам,
Қарызың кетпес мойнымда.
Қош тұр, Барақ.
(Кете береді)

БАРАҚ

(оны тоқтатып)

Жоқ, кідірші. Ұлым менің ... Тәңірім-ай...
Әй, бәйбіше, келші бері, көмектесші.
Мынау менің жас досымның
Турандоттың жұмбағын
Шешемін деп көңілі кетіп тұрғаны.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Әлгі екеуі мен Скирина

СКИРИНА

Не дейді, тоба!

Әлгі менің жас мейманым емессіз бе?

Ажалға сонша құлшынғандай

Не көрінді басыңызға?

КАЛАФ

Қайырымды бәйбіше,

Мені мұнша құлшынтқан

Мынау аппақ ақ дидар.

(суретті көрсетеді)

СКИРИНА

Кім беріп жүр сізге бұны,

Бұл жексұрын суретті?

(жылайды).

БАРАҚ

(жылап)

Осылай болды ойда жоқта

КАЛАФ

(босанып)

Хасан, қайырымды бәйбіше, менің атым

Және мынау әмиян – сізге сыйым,

Қайырын көргізсін тәңірім.

(Қалтасынан әмиян шығарып, Скиринаға береді)

Көрсете алар ықыласым осы ғана.

Ал егерде, жағдай келсе,

Мынау азғантай қаражаттың

Шетінен қайыр, берерсіздер.

Тілегімді тілей жүрсін

Қайыр алған қарып-қасыр.

Қолдаушы бол, көкте тәңірім,

Ал, қош тұрыңдар.

БАРАҚ

Уа мырзам...

СКИРИНА

Тоқта, балам, тоқта, кідір...

Есімің кім? ... Айтшы, Хасан

Өлім іздеп дедек қаққан

Мынау жомарт жас жігіттің

Аты кім?

БАРАҚ

Қайдағыны сұрамашы.

Ол шешеді жұмбақтарын

Үзе алмай тұрмын үмітімді.

Жүр, кеттік, бәйбіше.

Таратайық бұл алтынды

Қарып пенен қасырге

Көкте тәңірім жебесін,

Жаназасын шығаруға жазбасын.

(үйіне кіріп кетеді)

СКИРИНА

Алтын емес, қолда бардың

Баршасын да шашармын

Мынадай боздақ жолына.

Күйеуім байғұс қадірлейтін

Бір әзиз жан білем:

Шалам бәрін садақаға,

Үш жүз шөже, үш жүз балық

Қапелі ием Берджингузге
Ал қалған әмбиеге —
Барлық күріш, бар миуа.
Қабыл қылсын тілегімді
Қамқор ием Конфуций да!

ШЫМЫЛДЫҚ.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Екі жағында екі биік есігі бар Диуан залы. Біреуі Туран-дот ханшайымның сарайына, екіншісі оның әкесі император сарайына бағышталған.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Труффальдино, Бригелла, азбан құлдар-бәрі қытайша киінген. Труффальдино азбан құлдарына залды жасаулауға әмір беріп жүр. Қытайы талғамда біреуін сахна жаққа, біреуін оған қарама-қарсы екі тақ орнаттырады. Диуанның сегіз ғұламасы үшін сегіз сәкі қойғызады. Өзі көңілді, ән сап жүр.

Бригелла кіріп, бұл ненің қамы екенін сұрайды.

Труффальдино император мен ханшайым ағзам қатысатын Диуан мәжілісі шақырғанын айтады. Тәңірі жарылқап, жол оңғарылып тұр. Тағы да басын алдырғалы бір ханзада келіпті.

Бригелла осыдан үш сағат бұрын біреуі өлген жоқ па еді дейді. Осындай тағылыққа мәз боп тайраңдап жүрген Труффальдиноны сөгеді.

ТРУФФАЛЬДИНО

Ханзадаларды басыңды балтаға шаптыр деп зорлап жатқан ешкім жоқ. Өз обалдары өздеріне т-с. с.

Ханшайым ағзам ханзадалардың жаны жаһанамға жөнелтілген сайын сый береді. Сол үшін де қуанады.

БРИГЕЛЛА

Өз басы бұндай масқараға қуана алмайды. Ханшайымның мұнша қатыгездігіне төбе құйқасы шымырлайды. Онан да тезірек күйеу тауып, мына масқарасын тыймай ма, т. с. с.

ТРУФФАЛЬДИНО

Ханшайымдікі дұрыс, күйеуге шығып жын ұрып па, т. с. с. Некеде не шапағат бар, Іш пыстырар бірдеңе, т. с. с.

БРИГЕЛЛА

Труффальдино бұлай демеген де не дейді, т. с. с.
Азбан құлдың неке несін алыпты.

ТРУФФАЛЬДИНО *ашуланып:*

Некеден неге қорықпаймын, некелескендер көбейсе, жер бетінде Бригелла сияқтылардан аяқ алып жүре алмас ең.

БРИГЕЛЛА *ашуланып:*

Ал-ақсүйек т. с. с. Труффальдинодан не оңған сөз шығушы еді; анасы күйеуге шықпаса, шұнақ құл өзі қайдан шығыпты, т. с. с.

ТРУФФАЛЬДИНО

Бригелла өтірікті соғып тұр. Оның анасы күйеуге шықпаған, ол өзі нұрдан жаралған.

БРИГЕЛЛА

Оңдашы ойнастан туған шығарсың.

ТРУФФАЛЬДИНО

Ол — азбан құлдар бастығы. Паж бастығы. Бригелла аяғына оратылмай, өз шаруасын білсе екен. Бірақ Пажадрды да қайдағы бір неке-мекені айтып, жолдан аздырып жүрген шығар.

Бұлар дауласып болғанша, азбан құлар залды жасаулай береді. Шеру үні шығады. Бұл Диуанға келе жатқан Алтаум, оның нөкері, ғұла малар. Бригелла ізет білдіріп шығып кетеді, ал Труффальдино мен азбан құлдар ханшайымның шашпауын көтеруге кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Шеру тартып әуелі нөкер, сосын сегіз ғұлама, сосын Панталоне, Тарталья кіреді. Бәрі де қытайша киінген.

Алтаум — Қытайдың асыл киімін киінген сыйлы қария. Ол келгенде барлығы да құлдық ұрып, тағзым қылады. Алтаум шығады да, жолында тұрған таққа отырады. Пан-

талоне мен Тарталья екеуі екі жағына барып тұрады. Ғұламалар өз орындарына жайғасады. Шерудің үні өшеді.

АЛТАУМ

Уа, игі жақсы құлдарым,
Қап тауындай қасіретті
Қашанғы тартам мына мен.
Жастайынан жардан ұшқан
Жаңағы бір ханзаданың
Жаназасын атқарып ем,
Сол тауқымет аз болғандай
Тағы келді біреуі.
Сорыма біткен сұмырай қыз!
Бұл сертіме тұрамын деп
Конфуцийге ант бергенше
Тілім неге кесілмеді?
Ол антымнан енді қайтып аттармын!
Қызымның анау отырысы
Қасарған жерден қан алып
Отқа түскен көбелектей
Өліп-өшкен өңшең бойдақ
Келіп жатыр, келіп жатыр.
Мынандай сұм кесепатта
Қол ұшыңды бере алатын
Қайсың бар?

ПАНТАЛОНЕ

Алдияр тақсыр, не ақыл айтарымызды білмей аңтарылып тұрмыз. Біздің елімізде бұндай заңға бола тобаға ант қылмайды. Ондай заң да шығарылмайды. Онда мынандай ханзада біткен алақандай суретке ғашық боп, ару қыздың дидарын бір көру үшін басын балтаға тосты, соның бәріне де жібімей, еркек атаулыдан теріс айналған сіздің қызыңыз Турандот ханшайымдай тентек қыз шықты дегенді көрмек түгіл, естіген емеспіз. Мен байғұс кездейсоқ кесепаттан елімді тастауға мәжбүр болғанша баянсыз пәни ойламаған жерден сіздің хаттыңыздай мәртебелі орыннан бір-ақ шығарғанша, мен қытайда үш күннің ішінде алып кететін топалаңға мыңда бір ем ұнтақ бар көрінеді дегеннен басқа, мұнда мұндай салт, мұндай ант барын, мұндай бозбала мен мұндай қыз бала да болатынын білген емеспін. Осы оқиғаны Венецияға барып айтсам: «Суайт мырза, мұныңды балаларға айт», — деп желкелерінің шұқырын көрсетер еді.

АЛТАУМ

Тарталья, әлгі бейбақ ханзаданы

Барып көріп шыға алдың ба?

ТАРТАЛЬЯ

Барып шықтым, алдияр. Ол осында, сарайдың шеттен келген меймандар түсетін бөлмесінде жайланып жатыр. Мен оның сымбатты тұлғасына, әдемі өңіне, арғы-бергіні барлаған ақылды сөзіне қайран боп кеп тұрмын. Өмірімде тап мынандай сүйкімді адамды көрген емеспін. Сүйсінгенім сонша, сондай сұлу, сондай жас ханзада мұнда қасаптың малындай қыршынынан қиылғалы келді-ау деп қабырғам қарс айрылып тұр. *(Жылайды)*.

АЛТАУМ

О, қасірет, қасірет!

Берілді ме әлгі

Көктің түсіп рахымы,

Залым қыздың сауалына

Жауап тапсын жас жігіт

Деп шалынған құрбандық?

Одан дауа болмай тұр ғой, әй бірақ.

ПАНТАЛОНЕ

Алдияр құрбандық айтудан қамы жоқ. Көкке жүзі өгіз, күнге жүз жылқы, айға жүз доңыз шалынды. *(Жүзін аударып)*. Бірақ, мынау хан сарайдың үлде-бүлде құшқанасының қызыл қасабынан не қайырым бар дейсін.

ТАРТАЛЬЯ

(жүзін аударып).

Сол құрбандыққа осы доңыз ханшайымның өзін шалсақ, мына азаптан құтылар ек.

АЛТАУМ

Ханзаданы кіргізіндер ендеше

(Нөкердің бірі шығып кетеді).

Райдан қайт деп көрейін.

Қасіреттен ауызыма сөз түспей,

Мүдіріп қалар кезім болса,

Онда Диуан ғұламалары,

Онда жайсаң уәзірлер,

Өздерің демеп жіберіндер.

ПАНТАЛОНЕ

Оған жетіліп болдық қой, алдияр. Аузымызды қанша ауыртқанмен, пайда жоқ, өңшең бір күрке тауықтай кеңірдегін пышаққа төсеп тұрған біреулер.

ТАРТАЛЬЯ

Білесің бе, Панталоне, ол алғыр жігіт, байқадым. Үмітімді үзе алмаймын.

ПАНТАЛОНЕ

Немене? Мынау иттің жұмбағына жауап табар деп пе едің? Кешірерсің, төреміз.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Әлгілер мен күзет қоршаған Калаф. Калаф тізесін бүгіп, бас иіп тағзым етеді.

АЛТАУМ

Басыңды көтер, батыл жігіт.

Калаф тұрып, тағзым етіп, ақсүйекке тән асқақ қалпы залдың ортасына, екі тақтың арасына барып, көрушілерге бетін беріп тұрады.

(Калафқа зер сала қарап ап — қасындағыларға)

Жігіттің шын жайсаңы емес пе?

Қайтып қана қайыспасын қабырғам!

Әй, бақытсыз, елің қайдан?

Алдияр патша, ата-анаң кім?

КАЛАФ

(Сәл ыңғайсызданып ап, зиялы ізет қылады)

Алдияр, рұқсат болса,

Аты- жөнімді айтпасам деп ем.

АЛТАУМ

Тегің менен сүйгіңді жасырып,

Қалай менің қол созасың қызыма?

КАЛАФ

(маңғаз)

Бұл сөзім хақ, сүйегім ақ.

Ақ патшаның ұлымын,

Тәңіріне жазып, тылсым кетер күн болса,

Тегім менен жөнімді

Өзім-ақ айтып берейін.
Тамырымда ханзада қан ақпаса,
Осынша ұлы әулетке
Қол созардай көрініпті маған не?
(тағзым етіп)
Атамасқа аты-жөнімді
Болар ма екен рұхсат?

АЛТАУМ

(қасындағыларға)

Сөзі қандай зиялы!
Ажалға қайтып қияйын.
(дауыстан)
Ал, ендеше
Бәрін шешіп жұмбақтың,
Қара сүйек біреу болсаң қайтпекпін.

КАЛАФ

(сөзін бөліп)

Сіздің жарлық хан тұқымға арналған
Тәңір жебеп, жеңіп шықсам осыдан
Қарасүйек жүзі қара болсам мен,
Ай балтадан аяйтұғын басым жоқ,
Шаптырыңыз да, лақтырыңыз ит құсқа.
Пекинде бір адам бар.
Сол айтар менің жөнімді.
(тағзым етіп)
Ата-тегім айтылмасын,
Өтінемін тағы да, сауғам болсын сұраған.

АЛТАУМ

Қабыл қылдым сауғанды.
Келбетің мен сөздеріңе сенейін.
Бірақ, сен де рахымды бол, ендеше
Мына тұрған биік тақтан қол жайып
Салатұғын қолқам бар.
Айбалтаға тоспа алтын басыңды,
Қайтшы мынау райдан.
Онсызда мен жарылқайын өзіңді,
Жартысын берем елімнің,
Жаман айтпай жақсы жоқ,
Көз жұмылып кететұғын күн болса,
Мен де бардың бәрі түгел сенікі.
Өтінбе тек, төк деп маған қаныңды.

Қапияда қателесіп бір рет,
Халқыма мынау болдым әбден қарабет.
Батыр жігіт, ая мені,
Көз жасымды төктірмеші мүрдене.
Маңдайыма сор боп біткен анау бір
Зымиян қыз бен сондай сұмды тудырған
Мына мені
Қарғысына қалдыра көрме халықтың
(жылайды)

КАЛАФ

Адияр тақсыр! Қасіретіңізге қайысады қабырғам,
Сіздей әке, мұндай зұлым қыз өсірді дейтін кім
Жалғыз қызын жақсы көрсе жанындай,
Дүниеге көрген жұрттың есі кеткен айдай
аузы, күндей көзі сұлу қызды сыйласа —
Онда тұрған не кінә.
Мейіріңізге рахмет мың да бір.
Менен басқа қайран жоқ.
Тәңірім мені Туранбикені құштырып
Бақытты етпек болмаса
Туранбикесіз көк тиындық құны жоқ
Ит тірліктен біржолата құтқармақ.
Я ажал, я Туранбике
Сөз осы.

ПАНТАЛОНЕ

Құлақ асшы асыл тектім, аяулым, қалаға кірерде қабыр-
ғадағы көп басты көрдіңіз ғой, содан аян болмады ма бәрі
де. Теке лақтай текке өліп, мына бізді зар еңіреткен не
мұрат? Біліп қой, ханшайымның айтатұғын жұмбағын, сіз
түгілі Чингарелло сәуегейдің өзі де шеше алмайды. Ша-
дыр ханшайым айтқан сөздің мәнісі кімнің шешімі дұрыс,
кімдікі бұрыс соны анықта деп қойған Диуанның мынау
талай кітапты тауысқан ғұлама біздердің өзіміз кейде жетіп,
кейде жетпейміз. Жұмбағы да жұмбақ сықылды емес.
«Қарны темір, ішегі бөз» — дегеннен не түсінесің: Ұдайы
бір соны жұмбақ шетінен. Егер өзі шешуінің не екенін
егжей-тегжейлі хат жазып беріп отырмаса, мына ғұлама-
лар да бастарының қайда қалғанын білмес еді. Балам, ба-
сың аманда барып тұр. Аяймын. Жақсылық тілеген адам-
ның айтқанына құлақ асар болар. Бүйтіп қасарыса берсеңіз,
сіздің басыңыздың қора сыпыратын қайыршыға берер
қарабақыр құрлы құны болмай қалады.

ҚАЛАФ

Кария, ақыл айтып, шаршамаңыз босына
Я өлім, я Турандот сөз осы.

ТАРТАЛЬЯ

Туранбике, Туранбике деп қасарыса беретінің не, қарағым-
ау. Түсінсенші жөн сөзге. Мұнда жұмбақ шешкенде бал құйыл-
ған тәтті миуаға бәс тігіп отырған ешкім жоқ. Басыңды тігіп
келдің ғой, ұқсаңшы. Басқа айтып жатар ақылым жоқ. Осы да
жетер. Басыңмен ойнап тұрсың, балам. Алдияр тақсыр сен үшін
күнге жүз жылқы көкке, жүз өгіз, айға жүз доңыз, жұлдызға
жүз сиыр құрбандық шалып алдына жығылып отырса, қасары-
са бересің. Тіпті дүниеде Туранбикеден басқа әйел құрып қал-
ған күнде де, мынауың үлкен ақымақтық. Кешір, әрине, ханза-
дам. Саған жаным ашыған соң, жарылып айтып отырмын. Бас-
тан айырылудың не екенін ұғасың ба өзің. Болмайтын іс қой
мынауың.

ҚАЛАФ

Көп сөйлеп кеттің сен тіпті.
Я өлім, я Турандот. Екінің бірі.

АЛТАУМ

Жанықас! Тат, ендеше
Құмар болсаң, қу ажалдың дәмін
(нөкердің біріне)
Келсін деп айт ханзадаға.
Жұтсын жаңа құрбанының қу басын.

Нөкердің бірі шығып кетеді.

ҚАЛАФ

(жан-жағына)
Тәңірі, тоба! Өзің қолда.
Көркін көріп, естен танып қалмайын.
Ақылымнан алжасып, жанталасып жүрегім,
Демім бітіп, талып түсер түрім бар.
(маңындағыларға)
Киелі диуан, таразысы тағдырымның.
Махаббаттан ғарып болып,
Көзсіз тұрған көбелегіңе
Мейірім қыл, кәріңнен қаш.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Барабан дабысы араласқан шерулі күй естіледі. Иығында қайқы қылыш Ятаганы бар Труффальдино мен әтектер шығады. Оларға ілесе тамбуран қаққан күңдер келеді. Одан соң бетіне перде жапқан екі күң көрінеді: біреуі татардың асыл киімін киген (ол – Әділма), екінші қарапайым қытайы киімде (бұл – Зелима). Оның қолында жабық хаттар салынған кішкене табақ. Труффальдино мен әтектер Алтаумның алдына барып маңдайларын жерге тигізе тағзым етеді де қайта тұрады. Күңдер қолдарын маңдайына апарып, тізелерін бүгеді. Үстінде асыл қытайы киім, бетінде перде, тәкаббар асқақ Турандот кіреді. Ғұламалар мен уәзірлер маңдайларын жерге тигізе жығылады. Алтаум тағынан тұрады. Туранбике қолын маңдайына апарып, әкесіне тағзым етеді. Сосын тағына барып отырады. Зелима сол жағына, Әділма оң жағына барып тұрады. Туранбике кіргенде тізе бүгіп, тағзым еткен Калаф қазір оның бетінен көз алар емес. Бәрі де орындарына барып жайғасады. Труффальдино өзіне лайық бірнеше күлкілі дәстүрлі қимылдар жасап, Зелиманың қолынан хаттары бар табақты алып, ғұламаларға таратады, бұндайдағы қытай салттарының бәрі тетеліп, тағзым етілген соң шығып кетеді. Осы үнсіз салттардың тұсында музыка шеру тартып тұрады. Труффальдино кетісімен Диуан залы жым-жырт бола қалады.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Алтаум, Қалаф, Панталоне, Тарталья, Турандот, Зелима, Әділма, Ғұламалар, нөкерлер.

ТУРАНБИКЕ

Шашылған бас шалқыған қан

Елең қылмай бірінде

Жұмбағымды шешемін деп

Өліміне өзеуреген

Жанықас жігіт қайсы әлгі.

АЛТАУМ

Қызым, міне алдында тұр.

(Диуан залында аң-таң боп тұрған Калафты көрсетеді)

Тозағыңды төндірмей-ақ,

Жараламай жан жүрегін

Шашы ағарған сорлы әкеңнің
Қол ұстасып қосыла салар
Жайсаң боздақ бұл өзі.

ТУРАНБИКЕ

(Қалафқа қарап қойып, Зелимаға сыбырлайды)

Зелима жан, шынымды айтсам
Мынау сынға келіп жатқан
Көп жігіттің еш біріне
Көзім түсіп, көңілім бірін
Көрмеп еді.
Аяп отырмын ал мынаны.

ЗЕЛИМА

(сыбырлап)

Жетер осы қырғаның да,
Енді бұған жеңілдеу үш жұмбақ бер.

ТУРАНБИКЕ

(маңғаз)

Мұны айтуға аузың қалай барады?
Жер жаһанды тітіреткен даңқымды
Желге ұшыр дегенің бе бұл сенің.

ӘДІЛМА

(Қалафқа тесіліп қарап отырады да, жүзін аударып әкетеді).

О тәңірім! Не көрінді көзіме
Мынау әлгі Хоросанда
Әкем Кейқуат тірісінде
Құл болған жігіт емес пе?
Ханзада боп шыққаны ма?
Жүрегім еріп жүре бергеннен
Сезіп ем-ау сонда бұнысын.

ТУРАНБИКЕ

Ханзадам, қайт райдан,
Тәңірім куә —
Мен тасбауыр деген лақап өтірік
Исі еркекті сүймейді, рас, суханым,
Сондықтан да қорғанамын олардан.
Жаман еркектің кез келгені
Талтаң басып жүргенде,
Емін-еркін жүрместей

Олардан нем кем болыпты?
Тасбауырлыққа тағы да айдап қайтесің,
Хан басыммен жалынам,
Қайт райдан, ханзада.
Көктің өзі көреген қып жаратқан, —
Сынамай-ақ қойсаң қайтты
Тәңірінің қиған маған сыйын сол.
Диуанның алдында аяққа баспан арымды
Жеңілер болсам осыдан,
Жүрмеймін мен жер басып.
Кештік етпейді әлі де,
Қайт райдан, ханзада,
Жұмбақ бермей-ақ қояйын.
Бұл сөзіме көнбес болсаң, осыдан,
Иманыңды үйіре бер ендеше.

КАЛАФ

Осынша әуез, осынша көрік,
Осынша ақыл, осындай жүрек
Қалай сыйған бір әйелдің басына.
Бұндай жанға, пида етпей,
Қу басыңды қайтпексің.
Қу екенсің, Туранбике,
Осынша ақыл-көрікпен,
Шалқаяр болсаң осылай
Жұртта қайтып ес қалсын?
Мынау бейбақ көкіректе
Біреу емес шыбын жаным жүз болса,
Жүзін де қиям сен үшін,
Атасы асыл Турандот

ЗЕЛИМА

(Туранбикеге сыбырлап)
Тәңір жарылқасын,
Жұмбағыңды айт жеңілдеу,
Бұдан артық таба алмайсың теңіңді.

ӘДІЛМА

(жүзін бұрып әкетіп)
Жігіттің неткен жайсаңы,
Арман, сірә, болар ма
Бұны құшқан әйелде.
Ханшайым кезде қалайша мен білмедім,
Бұл жігіттің асылзада екенін

Шіркін-ай, енді түссе қолыма,
Не де болса, тіктім басты осыған.
(Туранбикеге сыбырлайды)
Асылзадам, алтын бастың қадірі
Естен шығып кетпесін.

ТУРАНБИКЕ

(қысылып жүзін бұрып әкетеді)

Сонша жаннан жаңғыз бұған

Ет жүрегім елжіреді.

(бойын жиып)

Жоқ, қайдағыны қайдан ойлап отырмын.

(Калафқа қарап)

Ал, жанықас әзірлен.

АЛТАУМ

Қасарысып көнбедің бе, ханзадам?

КАЛАФ

Алдияр тақсыр,

Я өлім, я Туранбике —

Екінің бірі

АЛТАУМ

Ендеше,

Оқыңдар анау қорқынышты жарлықты,

Жігіт өзі естісін де, ақ жанынан түңілсін.

Панталоне қойнынан жарлық жазылған кітапты алып сүйеді, Әуелі көкірегіне басып, сосын маңдайына тигізіп, Тартальяға ұсынады; ол әуелі жергі сүйіп, құлдық ұрады, сосын кітапты қолына алып, дауыстап оқиды.

ТАРТАЛЬЯ

«Ханзада біткен Туранбикеге

Сөз салуға қақы бар.

Алқасында Диуанның

Ханшайым айтқан үш жұмбақты

Шешіп берсе үйленеді.

Шеше алмаса жер құшады

Балтасынан жеңдеттің.

Хан Алтаум бұл сөзінде тұруға

Конфуцийге ант етті».

Тарталья оқып болған соң, кітапты сүйіп, көкірегіне, маңдайына тигізіп, Панталонеге қайтарады; ол әуелі жерге жығылып, кітапты алады, сосын орнынан тұрып, Алтаумға ұсынады; Алтаум әуелі қолын көтереді, сосын оны кітаптың үстіне қояды.

АЛТАУМ

(күрсініп)

Уа, тақсірет заң! Сені бұлжытпай орындауға
Конфуцийге ант етемін тағы да.

Панталоне кітапты қойнына тығады. Диуан жымжырт. Туранбике орнынан тұрады.

ТУРАНБИКЕ

(салтанатты үнмен)

Айт ендеше, шаршамайтын, талмайтын

Қаласы жоқ, даласы жоқ бармайтын,

Көрсін қанша жеңіліс пен жеңісті

Бірін де елеп, назарын еш салмайтын,

Дидарына қараған жұрт үмітпен,

Дүниенің барша өзегін жібіткен,

Тең келетін ештеңе жоқ шеніне

Көріп тұрып, ұстамайсың қолыңа

Тапқыш болсаң таба қойшы, оным не?

(Отырады).

КАЛАФ

(Аспанға қарап, ұзақ ойланып қалады, сосын қолын маңдайына апарып, Турандотқа тағзым етеді).

Жұмбақтарыңыз болса осындай басқа да

Тентек ханша, болғаныңыз масқара.

Ендеше, шаршамайтын, талмайтын

Қаласы жоқ, даласы жоқ бармайтын,

Көрсін қанша жеңіліс пен жеңісті

Бірін де елеп, назарын еш салмайтын,

Дидарына қараған жұрт үмітпен

Дүниенің барша өзегін жібіткен,

Тең келетін ештеңе жоқ шеніне,

Көре тұрып, ұстатпаса қолыңа

Кешір ханшам, Күннің көзі болды да.

ПАНТОЛОНЕ

(қуанып).

Тарталья, тапты жігіт!

ТАРТАЛЬЯ

Иә, иә — дәл тапты.

ҒҰЛАМАЛАР

(Бірінші хатты ашып көріп, бәрі қосылып).

Тапты, тапты — Күннің көзі

АЛТАУМ

(қуанып).

Ұлым, көк қолдасын өзіңді

ЗЕЛИМА

(Жүзін аударып әкетіп).

Жебей көр, тәңірім.

ӘДІЛМА

(Жүзін аударып әкетіп, қобалжып).

О жаратқан,

Жар қыла көрме Турандотқа,

Онда өмірден баз кештім.

ТУРАНБИКЕ

(Жүзін аударып әкетіп, ренішпен)

Жеңбекші ме бұл мені,

Асырмақ па ақылын,

Жоқ, жеңдірмеспін ешқашан.

(дауыстан)

Тыңда есуас, тағы да айтам бір жұмбақ.

(орнынан тұрып, байсалды дауыспен)

Жаһанда бір ағаш бар,

Ондай ағаш басқа жоқ,

Одан асқан кәрі жоқ,

Одан асқан жас та жоқ.

Іші қара, сырты аппақ,

Жапырағы солмайды.

Басқа ағаштың басында

Жапырақ оңдай болмайды

Сонда барып таусылады

Адамның да ғұмыры.

Тапқыш болсаң, тапшы кәні,
Не демексің бұнымды?
(отырады)

КАЛАФ

(сәл ойланған соң, тағы да тағзым етіп)

Асқақ сұлу ашуланба,
Жауап әзір жұмбағыңа.
Өзі кәрі, өзі жас,
Сонда барып құласа
Мойындағы Ғазиз бас
Бітсе оған жапырақ
Іші қара, сырты ақ.
Қарасы — түн, ағы — күн,
Ханшайым, ғафу етерсің,
Жыл болды ғой — бұл ағаш

ПАНТАЛОНЕ

(қуанып)

Тарталья, тапты, тапты тағы да!

ТАРТАЛЬЯ

Дәл үстінен шықты ғой.

ҒҰЛАМАЛАР

(Екінші хатты алып, бәрі қосылып)

Дүп-дұрыс: жыл екен

АЛТАУМ

(Қуанып). Уа, тоба, жеткізе көр дегеніне

ЗЕЛИМА

(Жүзін аударып әкетіп). Тағы да жұмбақ бермек пе?

ӘДІЛМА

(теріскіне сыймай, бетін бұрып әкетіп)

Тағы айырылып қалам ба?

(Турандотқа сыбырлап)

Асылзадам, алтын басың қор болды,

Аттататын түрі жоқ.

ТУРАНБИКЕ

(сыбырлап, ызғармен)

Жап аузыңды

Мен жеңілгенше

Бұл адамзат құрып бітер,

Бұл дүние шіріп бітер.

(дауыстап)

Тыңда, есер есуас,

Қасарысқан сайын сен,

Қарайта түстің қанымды.

Жоғал енді. Әйтпесе,

Ақырғы менің жұмбағым

Ажалың боп табады.

КАЛАФ

Қаһарланба, ханшайым,

Қаһарыңнан қайта алман,

Бәрісібір,

Рахымыңнан қалар болсам мақұрым,

Бұл тірліктің құны маған көк тиын.

АЛТАУМ

Уа, ұлым, райыңнан қайттағы.

Сен де, қызым, бітір енді жұмбақты.

Саған, қарғам, бұдан артқан жұбай жоқ.

ТУРАНБИКЕ

(ашуланып)

Маған жұбай болмақ па бұл?

Айтам тағы бір жұмбақ,

Болсын заңның дегені.

КАЛАФ

Адияр тақсыр, қапаланбаңыз,

Я өлім, я Турандот —

Екінің бірі

ТУРАНБИКЕ

(ыза боп)

Өлім болса керегің, саспа өрем қабарсың.

(орнынан тұрып, байсалды дауыспен)

Айт ендеше, бір сұлу аң, төрт аяқты, қос қанатты

Ашуланса жан шыдатпас, аппақ, әділ махаббатқа

Дүниені тітіреткен. Өзі маңғаз, өзі асқақ

Төрт аяқпен көк мұхитты тепкілеген,
Тырнағымен тауды бұрып, бауырымен жер тіреген.
Байтақ қырға Феникс құс қанат қаққан
Көлеңкесі ырыс шашқан.

(Жұмбақты айтып болып, Калафты естен тандыру үшін бетіндегі пердесін жұлып алады)

Әуелі қара бетіме,
Жаңағы не аң?
Тапқыш болсаң, соны тап,
Таба алмасаң, өрем қап.

КАЛАФ

(Есі кетіп)

Неткен көрік, неткен ажар!
(Көзін басып, қалт тұрып қалады)

АЛТАУМ

(абыржып)

Сасқалақтап қалды-ау бұл
Ұлым, саған не болды?
Жина есіңді тезірек!

ЗЕЛИМА

(Қиналып). Шыдай алар емеспін,
Басым айналып барады.

ӘДІЛМА

(Жүзін аударып әкетіп):

Бозбала, болдың менікі
Күтқарады өзіңді
Менің адал махаббатым.

ПАНТАЛОНЕ

(абыржып):

Жи есіңді, қарағым! Қылар қайран бар ма бізде. Осы бала басын құртып ала ма деп зәрем жоқ.

ТАРТАЛЬЯ

Ұлық мансап болмаса, қашып шығып ас үйге, жүрегімді басар ем.

ТУРАНБИКЕ

Мерт болдың, міне, бейшара,
Өз обалың өзіңе

КАЛАФ

(есін жиып)

Туранбике, қапияда көзім түсіп ажарыңа,
Абдырап қалдым азырақ,
Жеңілгем жоқ бірақ та.
Уа, сен төрт аяқты аң, қос қанатты хайуан,
Жер мен суды түгел билеп
Әлемге айбат шегетін,
Он сегіз мың бұл ғаламға
Қанатың ырыс төгетін,
Ол сенсің, уа, жаңа Феникс,
Ашулансаң әділетке құмарсың,
Дәу де болсаң, бұл абзал аң —
Адриа арыстаны шығарсың.

ПАНТАЛОНЕ

(таңырқап):

Уа, көсегең көгергір, бұдан әрі шыдап тұрар дәрмен жоқ.
(құшақтауға ұмтылады).

ТАРТАЛЬЯ

(Алтаумға)

Уа, уа Аддияр!

ҒҰЛАМАЛАР

(үшінші хатты ашып, бәрі қосылып).

Адриа арыстаны. Дүп-дұрыс.

Халықтың қуанышты айқайы, көңілді музыка сазы естіледі. Турандот тағына талып түседі. Зелима мен Әділма оның есін жимақ боп әуре.

ЗЕЛИМА

Ол жеңді. Ханшайым, есіңді жи.

ӘДІЛМА

(Жүзін бұрып әкетіп).

Махаббатым, шынымен,

Тағы да опат болды ма?

АЛТАУМ

Озбырлығың бітті осымен, ал қызым,
Келші менің құшағыма, ханзада!
(Калафты құшақтайды).

Туранбике сол арада көзін ашып, тақтан атып тұрады.

ТУРАНБИКЕ

(терісіне сыймай).

Тоқтатындар. Жар бола алман бұл адамға,
Тығыз болып уақыт,
Қапым кетті бұл жолы.
Басқа уақыт белгілеп,
Тағы берем үш сұрақ.

АЛТАУМ

(сөзін бөліп).

Жетер енді, есуас қыз,
Ендігі сөзің мақұрым,
Қатал заңның орындадың дегенін,
Айт шешімін, уәзірлер!

ПАНТАЛОНЕ

Ғафу етерсіздер. Енді жұмбақ та, асқабақтай қырқыл-
ған бас та тиылсын. Мына бала шешті бәрін. Заңның дегені
болды. Енді дұрыстап тойды өткізелік. *(Тартальяға).* Со-
лай емес пе, бас ұлық?

ТАРТАЛЬЯ

Заң бұлжытпай орындалды.
Енді даулы ештеңе жоқ.
Ғұлама мырзалар, не айтар екен?

ҒҰЛАМАЛАР

Жұмбақ шешілді, дау бітті.

АЛТАУМ

Кәне кеттік храмға,
Бейтаныс жігіт сонда барып
Жөнін айтсын біздерге.
Ал, әулиелер...

ТУРАНБИКЕ

(жалынып):

Әкежан, тоқтаңызшы азырақ...

АЛТАУМ

(ашулы):

Тоқтайтұғын ештеңе жоқ. Іс бітті.

ТУРАНБИКЕ

(тізерлеп, етегіне жабысады).

Әке, мені сүйетінің шын болса,
Өлтірмесең бауырыңа біткен жалғызды,
Өзгерт мынау әміріңді.

Масқара болар жайым жоқ.

Өлейін мен өл десең,

Бірақ, мынау асқақтаған неменің

Бас ие алман алдында,

Жар болмаймын мен бұған,

Бас ұрғанша етегіне еркектің,

Көрпесіне кіргенімше күң болып,

Кебін киіп қара жерге кірейін.

(жылайды).

АЛТАУМ

(ашуланып):

Қасарған жерден қан алатын тағы қыз,

Тыңдамаймын сөзіңді.

Уәзірлер, жүр кеттік.

КАЛАФ

Басыңды көтер, байбатша қыз,

Тәңірісі жүрегімнің!

О, алдияр тақсыр, жалынамын,

Өзгертіңіз әміріңізді,

Қан жылатып біреуді

Тапқан бақтан не опа?

Мен емініп, ол тебініп тұрғанда

Махаббаттан қайыр не?

Ау, тас пен мұздан жаралған,

Тақсыретке біткен әлекшің,

Сенің-ақ болсын дегенің

Жұбайлықтан бас тартам.

Біліп қой, бірақ

Ит жыртқандай жырым-жырым,

Жүрегімді көрсең сен,

Аяр едің өзің-ақ.

Қанымды ішпей қанбас бұныңды,

Уа, алдияр, тағайында тағы сын.

Бәрісі бір, бұл тірлікте енді қандай опа бар?

АЛТАУМ

Әрі ырғасып, бері ырғасып
Бас қатырар дәнеңе жоқ.
Сөз бітті. Кеттік храмға
Енді ешқандай сынақ жоқ.

ТУРАНБИКЕ

(ашынып)

Кетсек кеттік храмға
Тәңірі алдында ант етем,
Қара жерді енді қайтып баспаймын.

КАЛАФ

Өлем дейді!

Адияр тақсыр, ханшайым,
Екеуіңізге бір тілек —
Ендеше ертең осында,
Диуанның алдында
Асау қызға мен де берем бір сауал.
Қайыр сұрап қол жайып,
Тамақ үшін бір асам
Арса болған арқа еті,
Борша болған борбайы,
Өліп-талып дегеніне жеткенде
Талағына тағы да кеп тай тепкен
Атасы Ханзада бар... кім, аты кім?
Айт ертең осы сарайда
Таба алмасаң осыны,
Обалына қала бермей бейбақтың
Көкірегіне теппесің.
Тауып кетсең егерде
Қанын іш те, басын жұт
Қайтар ма екен араның?

ТУРАНБИКЕ

Қабыл алдым тілегіңді, қаңғыбас!

ЗЕЛИМА

(жүзін бұрып әкетіп)

Басталды тағы тауқымет.

ӘДІЛМА

Жарқ етті ме жаңа үміт!

АЛТАУМ

Келісе алман мен бұған,
Мен тараптан пұрсат жоқ,
Бұзылмайды әмірім.

КАЛАФ

(тізерлеп)

Адияр тақсыр, аясаң меңдей пақырды,
Жұбат анау зар илеген қызынды,
Жұбат мынау қан жылаған бейбақты.
Тарқатпайын таққа мінген
Тарпаң қыздың басындағы базарын.
Елден асқан көреген қыз көрінед,
Айтып берсін жұмбағымның жауабын.

ТУРАНБИКЕ

(жүзін бұрып әкетіп)

Мынаған қайтып шыдармын
Табалап тұр ол мені.

АЛТАУМ

Алжасқанбысың? Не айтып тұрсың?

Оған біткен неткен ақыл...

Жарайды, сынасақ тағы сынайық,

Егер қызым жұмбағыңды шеше алса,

Берем басыңа бостандық.

Сен де жөнел жайшылықпен

Қашанғы мен зарлай берем.

(Калафқа сыбырлап).

Ер соңымнан...

Не істегенің бұл, есуас?

Тағы да шеру тартылады. Нөкерін, Ғұламаларды, Панталоне мен Тартальяны ерткен Алтаум мана өзі кірген есіктен шығып кетеді.

Турандот, Әділма, Зелима, Труффальдино, азбан құлдар мен күңдер тамбурын тартып есіктен шығады.

ШЫМЫЛДЫҚ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Ханшайымның сарайындағы бір бөлме.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Әділма мен оның сенімді күңі, татар қызы.

ӘДІЛМА

Жетер енді! Айтқандарың көкейіме қонбайды.

Өз көңілім меңзеп отыр өзгені.

Бейсаубат жүрген падиша

Меңдеп алды дерт болып

Менменсіген мекер қызға мына бір

Шыдай берем қашанғы?!
Міне, бес жыл кеудемді

У запыран жайлайды.

Байбатша қыз бастан асып сөйлесе,

Зығырданым қайнайды.

Төре нәсіл жаратылса Туранбике

Төмен нәсіл жаратылған мен бе екем,

Қашанғы мен күн кешемін күң болып?

Жетер енді,

Жеп болды әбден жегідей,

Осындай ма еді Әділманың ажары,

Сілтіден шыққан сүйектей

Қурап барам күн санап.

Қалған қайран сарп болады осы жол!

Махаббатқа бас тіктім,

Құтқарсын мынау күндіктен,

Не мынау ит тірліктен.

КҮҢ

Сабыр, сабыр падишам,

Өйтуге әлі ертерек.

ӘДІЛМА

(бүрк етіп):

Жоғал әрі! Тыңдамаймын сөзіңді.

Осы қорлық көргенім де жетеді

Шықпасын бұл тісіңнен.

Күң қолын маңдайына апарып, тағзым етіп шығып кетеді.

Әне, менің қас дұшпаным,
Ұят пен ыза қоса буып,
Есалаң боп қалыпты,
Қимылдайтын сәт осы,
Сәл кешіксең, құрыдық,
Тыңдайыншы не дер екен?
(Жасырынып).

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Туранбике, Зелима, біраздан соң Әділма қосылады.

ТУРАНБИКЕ

Зелима, шыдай алар емеспін,
Бағанағы масқараны ойласам,
Өзегімді өртеп барады өрт жалын.

ЗЕЛИМА

Падишам,
Бұнша сұлу, бұнша абзал
Бұнша ғашық жігітке
Бүлк етпей ме бүйіріңіз?

ТУРАНБИКЕ

Қайдағыны айтпа, әрі...
Айтуға да ұят-ау,
Осы жігіт көкірегіме
Бұрын-соңды мен білмеген
Бүлік салды тосын бір,
Қалтыратқан қаңтар ма әлде,
Жалындатқан жаз ба, жоқ па,
Біле алмадым, бойым дал-дал.
Жоқ, жоқ, не айтып кеттім мына мен.
Атарға әттең оғым жоқ,
Масқара қылды ғұламалар алдында.
Жер-жаһанға түгел жетіп ол хабар,
Есуас деп күледі-ау ел!
Не ақылың бар, Зелима!
Әкем ертең ғұламалар алдында
Шеше алмасам манағы айтқан жұмбағын,
Табан асты той жасатпақ түрі бар.
«Қайыр сұрап қол жайып,
Тамақ үшін бір жұтым
Арса болған арқа еті,

Борша болған борбайы,
Өліп-талып дегеніне жеткенде,
Талағына тағы да кеп тай тепкен
Ханзада бар... Атасы кім? Аты кім?
Айтып тұрғаны әрине өзі?
Бірақ, оның атасы кім, аты кім?
Білетұғын бір жан жоқ,
Патша мана дау біткенше
Айтпа деді оған аты-жөніңді.
Ал, мен болсам, қабыл алдым талабын,
Ендігі күнім не болмақ?
Не істемекпін, айтсаңшы!

ЗЕЛИМА

Бұл Пекинде бал салып,
Барлық сырды ашатын,
Балгерден көп нәрсе жоқ,
Соның бірін табайық.

ТУРАНБИКЕ

Хас наданды алдап жүрген
Қара жүрек көзбояушыдан
Қандай қайран болады,
Басқа ақылың жоқ па еді?

ЗЕЛИМА

Манағы жас ханзаданың
Өзіңіз екен есіл-дерті.
Басыңызға іс түскенде
Алдиярға бір сіз үшін дат қылды.

ТУРАНБИКЕ

Жоқты соқпа, Зелима!
Бұл жүрек деген... Жоқ, жоқ...
Айтпашы оны. Еркек итте пәтуа бар ма,
Аяр, арам шетінен.
Шындап сүйер бірі жоқ.
Көлгірсіп жүріп шөп салады көзіңе,
Алтын ноқта некені
Аяққа басып күні ертең,
Күңірсіген күннің де
Етегіне ереді.
Жоқ Зелима, аузына алма енді оны
Жегіден бетер жек көрем.
Байға тиіп, бағынышты болам ба,

Оны ойласам,
Естен тана жаздаймын.

ЗЕЛИМА

Падишам,
Жас болған соң асқақсыз ғой бұншама,
Әйтпесе, ертең ақша беттен нұр тайып,
Жылт қашса жанардан,
Топырлаған көп жігіт көзіңізден
Бұл-бұл ұшар күн келер.
Неге керек тап осы бір ерегес?

ӘДІЛМА

(тыңдап тұрған жерінен шыдай алмай сөзге араласып)

Кем нәсіл боп туғаннан
Кемел ақыл шығар ма?
Кешір, әрине, Зелима,
Талайларды тапап жеңген ханшайым
Қайдағы бір қаңғыбасқа
Қайтып қана жібереді қапысын.
Кеше көрдім мынау екі көзіммен,
Еркек біткен бір-біріне қас қағып,
Қарқ болып қалғанын.
Ханшайым айтқан жұмбақты
Қара күң айтқан нәрседей
Әжуалап әр сөзін
Қағытып жатты немелер.
Асылзадам, бұларына сіз түгіл
Мына мен зорға шыдадым.
Хан басыңызбен қаңғыбастың
Қанжығасына өңгеріліп
Қалай кете барасыз?

ТУРАНБИКЕ

(бұрқ етіп)

Насырыма тие берме,
Онсыз да қайғым жетерлік.

ЗЕЛИМА

Ерге шыққан көрге кірген емес қой,
Жер болатын несі бар?

ӘДІЛМА

Жап аузынды,
Саған не қалып жатыр еді.

Асылзадам асқақ жаны
Азап шексе батушы ма еді шымбайына сендейдің,
Көрмейсің бе, ертең ерте ханшайым,
Шешеді ғой әлгі жігіт жұмбағын.
Жұрт алдына жетіп барып,
Айта салса қайдағыны,
Білесің бе не боларын?
Қарқылдаған қара тобыр күлкісі
Құлағымды жарып барад қазір-ақ!

ТУРАНБИКЕ

(ызалы)

Әділма, сен біліп қой,
Таба алмасам аты-жөнін,
Қарналып өлем қанжарға.

ӘДІЛМА

Жоқ, ханшайым, айтпа ондайды,
Қайткенде де бір амалын табалық,
Бұл жұмбақты шешіп бармай болмайды.

ЗЕЛИМА

Ендеше, есті күңіңіз Әділма
Көбірек жаны ашитынын көрсетсін,
Жолды тапсын құтылар.

ТУРАНБИКЕ

Ақылыңды айт, Әділма,
Қайдан келген, аты-жөні кім?
Соның бәрін білмей тұрып
Жұмбаққа не жауап табам?

ӘДІЛМА

Бар демеп пе еді Пекинде сол
Аты-жөнімді білетін адам.
Асты-үстіне шығарсақ та қаланы,
Қақсақ-тағы қазынаның қамбасын
Сол адамды табалық.

ТУРАНБИКЕ

Бар қазына садаға,
Табылса екен сол адам!

ЗЕЛИМА

Содан қандай пайда бар,
Таба қалған күнде де,
Ханшайымның өзі емес
Біреу айтып бергені
Әшкере боп жүрмей ме?

ӘДІЛМА

Бәлкім бұны жеткізіп жүрер Зелима?

ЗЕЛИМА

(ашулы):

Жетер осы жерлегенің!
Ханшайым, босына ақша шашпаңыз,
Ханзадамен бітісіп, бас қосысар деп едім,
Олай болар түрі жоқ.
Күң болған соң күндігімді ұмытпайын,
Жаңа осында менің анам Скирина
Шешілді деп бар жұмбақ
Құттықтағалы келген-ді.
Сол айтады — ханзада
Ат басын сонда тірепті.
Өгей әкем Хасан да танитын боп шығыпты,
Аты-жөнін айтпапты бірақ анама,
Оған айттым жай-жапсарын сұра деп,
Қолдан келсе, аянбасқа серт қылды,
Менің адалдығыма күмән қашса көңіліңізде
Күдіктене беріңіз.
(Ренжіп кетіп қалады).

ТУРАНБИКЕ

Зелима, кел сүйейін бетіңнен!
Тоқта! Қайда барасың?

ӘДІЛМА

Бір амалды тапты-ау осы Зелима,
Бірақ, оның әлгі өгей әкесі
Ертең ерте не боларын естісе,
Өз еркімен айтар ма екен бұ жайды.
Бұндайда енді бір айла,
Ойламаса болмайды.
Мына жерден кетейікші тезірек,
Біреу естіп қап жүрер
Айтатын бір ақылым бар өзіңізге.

ТУРАНБИКЕ

Жүр, жүр досым. Әйтеуір әлгі қаңғыбас
Жеңбес үшін бәріне де әзірмін.
(Кетегі).

ӘДІЛМА

Ал, Махаббат, құтқар мына күндіктен,
Жер тарпыған жексұрын қыз Турандот
Еркіндікке енді өзі жеткізсін.
(Кетегі).

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сарай маңы. Калаф. Барақ.

КАЛАФ

Пекиннің күллі халқынан
Мені білер бір өзің.
Және біздің еліміз
Жер түбінде емес пе?
Құлағалы біз тақтан
Сегіз жылдан асыпты.
Өлді деп жүр бұл аймақ.
Бағың кетсе басыңнан
Даңқың да ұзаққа бармайтын.

БАРАҚ

Кешіріңіз, алдияр! Бірақ, бүгін қате істепсіз,
Ел құлағы елу деген.
Оның үстіне қара ниет қаһар төксе,
Қолынан келмес пәле бар ма. ханзадам?
Тап болса пәле басыңа,
Құлақ бітер мынау қара тасқа да.
Ажалға тігіп басыңызды
Алтын тақ пен ару қызға
Қолыңыз енді жеткенде,
Абайсыз айтқан бір ауыз сөзден
Қапы кетіп жүрмеңіз.

КАЛАФ

Көрмедің ғой Диуанды сен
Өзегімді өртеген
Шын ғашығым Турандоттың
Қалай-қалай тулағанын!

БАРАҚ

Жеңбеген қыздың қамын жеп

Қабырғаңыз қайысқанша

Жертүбінде кемтар боп

Жатқан байғұс ата-ананы

Ойламадыңыз ба, ханзадам?

КАЛАФ

Жер-жебіріме жете бермей

Түсінсеңші сен де бір.

Жұмсарсын дедім жолбарыс қыз.

Бәлкім менің кісілігім тас жүректі жібітер,

Тәубаға келер тентек сұлу.

БАРАҚ

Өйтетұғын Турандот па?

Дәметпестен дәметіпсіз.

КАЛАФ

Не де болса мендік енді

Ал, Кәнекей, аты-жөнім

Ауызыңнан шықпады ма,

Білмейді ме әйелің?

БАРАҚ

Адиярым, аузым берік

Айтқаныңызды екі еттім бе?

Бірақ, осы не екенін білмеймін.

Әлденеден секем ала беремін.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Сол екеуі, Панталоне, Тарталья, Бригелла, сарбаздар,

ПАНТАЛОНЕ

Шарқ ұрып жер көкті іздеп жүрсек мұнда тұр ғой!

ТАРТАЛЬЯ

(Калафқа)

Асылзадам, мынауың кім?

ПАНТАЛОНЕ

Зымқайым жоғалып ап, кіммен сөйлесіп тұрсыз?

БАРАҚ

(жалтарып кетіп).

Болар ма екен бір пәле?

КАЛАФ

Танымаймын. Ойда жоқта кез болдық.

Бұл қаланың тәрі қалай

Соны сұрап едім.

ТАРТАЛЬЯ

Кешірерсіз, жас жігіт, тым көңілшек екенсіз. Оныңызды Диуанда да байқап ем. Опық жеп қап жүрмеңіз.

ПАНТАЛОНЕ

Жарайды! Өткен іс өтті. Алдияр тақсыр, тұңғиыққа тіреліп тұрғаныңызды білесіз бе? Абайлаңыз, құрдымға құлап кетерсіз. *(Бараққа).* Ал, мұртты мырза, бұл ара сізге қол емес. Жөніңізді табыңыз! Алдияр, арнаулы сарай әзірленді, соған марқаба етіңіз. Бригелла, екі мың сарбазға ойда жоқта оқыс іс шыға қалса, сақадай сай тұруға жарлық етілді. Ал сіз пажыңызбен ханзаданың қақпасын күзетесіз. Ешкім кіріп кетпесін. Көз жазып қалып жүрмеңіз. Бұл патша ағзамның әскері. Ханзада, Патша ағзамның сізге қаны қатып қалыпты, араңдап қала ма деп зәресі жоқ. Егер ертең күйеу бала бола алмай қалсаңыз, байғұс шалдың мүрдем кетер түрі бар. Бүтінгі істегеніңіз шынында да балалық. *(Калафқа сыбырлап)* Құдай үшін, аты-жөніңіз тісіңізден шықпасын. Ал егерде алдияр тақсырдың құлағына сыбырлай салсаңыз, төбесі көкке жетіп қалар еді.

КАЛАФ

Патша ағзамға осылай да қызмет ете ме екен?

ПАНТАЛОНЕ

Табылған сөз!

Ал, Бригелла мырза, ендігі шаруа сізде.

БРИГЕЛЛА

Осы көкмылжыңдығыңызды қоймайсыз ба? Мен өз ісімді өзім білем

ТАРТАЛЬЯ

Бригелла мырза, абай болыңыз, әйтпесе бұндайда бастан айырылу онша қиын емес.

БРИГЕЛЛА

Жерге тастайын деп жүрген басым жоқ, оны сіз айт-
пасаңыз да білемін.

ТАРТАЛЬЯ

Атыңызды білгенше жарылып кетер түрім бар. Айта
қойсаңыз да, аузымнан шықпас еді.

КАЛАФ

Бекер ынтығасыз. Ертең естірсіз.

ТАРТАЛЬЯ

Жақсы айттыңыз, алдияр.

ПАНТАЛОНЕ

Алдияр тақсыр, қызыметіңізге құлдық. *(Бараққа)* Ал,
сіз мұртты мырза, сарайда бостан-бос сандалғанша, көше-
ге шығып сейілдесеңіз еді. Шаруаңыздан қалмаңыз.
(Кетегі).

ТАРТАЛЬЯ

Әрине. Жылпос неме білем, пішімі ұнамайды. *(кетегі)*

БРИГЕЛЛА

Ал, енді борышты қызметіме кірісуге марқаба етіңіз.
Сізді өзіңіз үшін әзірленген сарайға бастап барайын.

КАЛАФ

Бастаңыз, мен әзірмін.

(Бараққа).

Ал досым, сау тұрыңыз,

Көріскенше күн жақсы болсын.

БАРАҚ

Қызметіңізге құлдық.

БРИГЕЛЛА

Ызылып-сызылып жатар жер емес. Жүрелік енді.

(Нөкерге Калафты алып жүруге әмір етіп кетіп қалды).

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Барақ пен Темір.

Темір-әбден тауқымет тартқан қайыршы ұсқынында.

БАРАҚ

(Нөкермен кетіп бара жатқан Калафқа):

Жасаған ием жар болсын, ханзада

Тісімнен шықса, көмейіме құм құйылсын.

ТЕМІР

(нөкер арасында кетіп бара жатқанын ұят көріп):

Мынау кім? Менің балам ба?

Соңындағы күзет пе?

А, Хорезмнің сұмпайы сұлтаны

Сенің құрығың жеткен екен мұнда да,

Одан қалып көрген тірлік құрысын,

Бірге өлемін жалғызыммен!

(соңынан айқай салып жүгірмек болады)

Калаф! Калаф!

БАРАҚ

(семсерін суырып, Теміргі ұстай алады):

Үніңді өшір, кәрі албасты,

Әйтпесе, шыбын жанынды

Шырқыратып, жөнелтемін жаһанамға.

Кімсің өзің? Ана кеткен жас жігіттің

Біліп жүрсің атын қайдан?

ТЕМІР

(оны танып):

Тәңірім-ау, Барақсың ба?

Пекинде сен де бар ма едің?

Семсеріңді жалаңдатып

Жағасынан ұстадың ба,

Бағы қайтқан ханыңның?

БАРАҚ

(таңданып):

Сіз, сіз Темір емессіз бе?

ТЕМІР

Иә, мен Темірмін! Қу сатқын құл

Шап ендеше. Жалғыз балаң

Хорезмнің құрығынан құтыла алмай,
Қыл шылбырға басын ілсе,
Күні кеше есіктегі
Құлын саған қол көтерсе,
Өйтіп сүрген өмір құрсын.
Шап, кәне!
(Жылайды).

БАРАҚ

Көзіме не көрініп тұр?
Әміршім бе, япырау!
Сол, сол ғой.

(тізерлейді)

О, Алдияр, кешіріңіз,
Қапияда қару көрсетсем
О да сізді сүйгендіктен.
Ұлыңыз тірі қалсын десеніз,
Темір, Калаф – екі сөз
Аузыңыздан шықпасын.
Мен де мұнда Барақ емен,
Қайдағы бір Хасанмын.

(орнынан тұрып айналасына абыржи көз салады)

Ешкім естіп қалмады ма?
О Алдияр... Әлмаза ханым
Қайда қазір?
О кісі де Пекинде ме?

ТЕМІР

(жылаған қалпы):

О сорлыны айтпа, Барақ
Бархистағы қайыршылар үйінде
Бейнет әбден титықтатып,
Тағдырына жатып ұсынған қалпында,
Жалғыздың атын оншақты рет айтты да,
Алтын басын асылзадам
Қалтыраған мынау қолға сүйеді.
Мені уатпақ болып еді,
Тідесерге демі жетпей,
Көзін жұмды мәңгіге

БАРАҚ

(егіліп):

Бақытсыз падишам!

ТЕМІР

Сол қасіретке тап болған соң,
Я ұлым, я ажалым жолығар деп,
Осы жаққа жол тарттым,
Кірмей жатып Пекинге
Жалғызымды өңшең бір
Көк сүңгінің ортасынан көрдім ғой.

БАРАҚ

Тезірек кетелік бұл арадан,
Ханзада үшін қам жеменіз.
Бәлкім мынау атар таң,
Бағы шығар ашылар.
Әйтеуір, әлгі екі сөз
Аузыңыздан шықпасын,
Барақ демей мені де,
Айтарсыңыз Хасан деп.

ТЕМІР

Бұл не қылған құпия?

БАРАҚ

Осы арадан кетелік тез,
Сосын бәрін айтайын.
Тездетіңіз, алдияр.
(айналасына қарайды)
Мынау Скирина ма?
Турандоттың сарайынан шықты-ау, шамасы,
Пәле болды тағы да!
Әй, сен қайдан жүрсің бұл уақта?

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Темір, Барақ және Скирина.

СКИРИНА

Әлгі біздің жолаушымыз
Бар жұмбағын шешкеннен соң
Не күйде екен жолбарыс қыз
Соны да бір білейін деп,
Сарайына барып ем,
Зелимамен сөйлесіп
Желпінісіп қалғанымыз.

БАРАҚ

(ашуланып)

Шықылықтаған сауысқан қатын
Хан сарайға бармас бұрын шошаңдап,
Істің жайын білмедің бе алдымен.

Осыныңды біліп ем —

Еркек иттің ақылы

Ауызынан шыққанша,

Сумаңдаған қатын ит

Суға алдырар дүниені.

Онда барып не дедің?

«Зелимажан, бұл ханзада

Бізге түсті, таниды екен күйеуім», —

Деп соқтың ғой, рас па?

СКИРИНА

(ренжіп):

Ал айтқанда келер не пәле бар?

БАРАҚ

Жоқ, мойныңа ал, айттың ба, айтпадың ба?

СКИРИНА

Айттым. Ол атын біл деді. Мен уәде бердім. Онда
не тұр.

БАРАҚ

(кіжініп):

О есуас! Шын пәлеге енді жолықтық,

Құрыдық. Қашалық тез.

ТЕМІР

Бұ қалай, түк түсінсем бұйырмасын.

БАРАҚ

(абыржып)

Қашайық мынау қамалдан,

Қаладан тез кетелік.

(Қалтарыс жаққа қарайды)

Маған қашу енді кеш...

Туранбике, эне, азбан құлдары

Осылай салып келеді.

(Скиринаға).

О, күнәкар қу қатын,

Құрттың ғой ақыры.
Мен қаша алмаймын
Бол, сен жоғал,
Жасыр мынау бейбақты.

ТЕМІР
Жөндеп айтшы...

БАРАҚ
(Темірге сыбырлап)
Жақ ашушы болмаңыз.
(Скиринаға, асығып-үсігіп)
Ал, бәйбіше,
Әлгі істеген пәленің
Қайтсын десең қарымы,
Тығыл, түспе көздеріне,
Бірақ, үйге барып жүрме,
Басқа жаққа жөнел тез,
Мынау бейшара шалды да
Жасырарсың жаныңа.

СКИРИНА
Күйеуім-ау...

ТЕМІР
Бәріміз де бірге қашсақ қайтеді

БАРАҚ
Болмайды оған
Мені бұлар біліп қойды.
Мен қаламын. Кетіңдер тез!
(Қалтарыстың артына қарайды).
Кетіңдер тез тұрып алмай!

ТЕМІР
Неге бұлай апыр-ау...

БАРАҚ
(абыржып):
Құдай-ау, бұл не тауқымет!
(Қалтарыс бұрышқа қарайды)

СКИРИНА
Соңда менің кінәм не?

БАРАҚ

О, бейбақ басым-ай!

(Оларды итереді).

Кетіңдер тез! Атыңызды айтып жүрмеңіз!

(Қалтарыс бұрышқа үңіліп)

Есіл уақыт, есіл сөз

Босқа кетті бәрі де

Миғұла қатын, бейбақ шал,

Ұғынатын түрің жоқ,

Бірге қаштық ендеше!

(Қашуға оңтайланады).

Енді бәрі еш болды.

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Әлгілердің үстіне Труффальдино мен қару асынған азбан құлдар келеді. Труффальдино көкірегіне қару тіреп Барақты тоқтатады. Қамауға алуға әмір етеді.

БАРАҚ

Хасанды іздеп жүр ме едіңдер?

Ендеше, Хасан мен болам.

Труффальдино әңгірлеменіз деп өтінеді. Үлкен сый көрсеткелі келдім дейді.

БАРАҚ

Ханшайымның сарайына

Апарсаңдар, кеттік онда.

Труффальдино Барақтың басына қандай бақ орнағалы тұрғанын айта жөнеледі. Ханшайымның сарайына адам түгіл ұшқан шыбын кіріп кетсе, ұрғашы ма, еркек пе, алдымен сол тексеріледі, еркек болса инеге шаншып өлтіреді т.с.с. Мынау шал кім деп сұрайды.

БАРАҚ

Қаңғырып жүрген қайыршы шығар,

Кетпейміз бе, неғып тұрмыз?

Труффальдино ендеше бұл шалдың да бағы ашылсын дейді т.с.с. Мынау әйел кім деп сұрайды.

БАРАҚ

Ханшайым әкел десе мені әкел деді,
Байғұс шалдың зәресін ап қайтесіз,
Ал, мынау әйелді көріп тұрғаным осы.

*Труффальдино ашуланып: Барақты: суайтсың-деп сөреді.
“Бұл сенің әйелің, Зелиманың шешесі екенін білем”, – дейді.
Ханшайымның сарайында көріпті. Азбан құлдарға мына үшеуін
қамауға алып, ымырт қараңғыны пайдаланып, сарайға жеткізуге
әмір етеді.*

ТЕМІР

Айтшы, маған не істемек

СКИРИНА

Не боп қалды, айтсаңшы?

БАРАҚ

Маған нені істесе, саған да соны істейді, бейбақ,
Мен шыдаймын, сен де шыда.
Бағанағы айтқанымды ұмытпа,
Маубас қатын, жетістірдің енді сен?

СКИРИНА

Естен танар түрім бар,
Түк түсінсем бұйырмасын.

Труффальдино қаһарлы, қамауға алуға әмір етті. Бәрі кетеді.

ШЫМЫЛДЫҚ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Түн. Бағаналар самсаған атриум. Үстінде ақша толы табағы бар стол.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Туранбике, Барақ, Темір, Скирина, Зелима, азбан құлдар. Азбан құлдар Барақ пен Темірге белуарына дейін жалаңаштап, көйлекшең күйлері екеуін екі бағанға таңып тастаған. Бір жақта жылап отырған Зелима мен Скирина, екінші жақта терісіне симай тепсініп тұрған Туранбике.

ТУРАНБИКЕ

Тағы айтамын. Ақша анау тау боп жатқан
Алындар да айтындар. —

Бейтаныс жүрген ханзаданың
Атасы кім, аты кім?

Айтпасандар, менің мынау әпербақан құлдарым
Жондарыңнан таспа тіліп алады.

Әй, құлдарым, әзірсіңдер ме?

Азбан құлдар ханшайымға тағзым етеді де, қолдарына таяқ алады.

БАРАҚ

Скирина, не бүлдіргеніңді
Енді міне көрдің бе?

(Зорға).

Аранын ашқан Туранбике,

Мені де жұт ендеше,

Қорқатын мен жоқ дарыңнан!

Шұнақ құлдар, қапы қалмаң сендер де!

Ханзаданың атасы кім, аты кім —

Бес саусақтай білемін.

Тозағыңа лақтырсаң да,

Шығар ма екен тісімнен.

Қолдың кірі сияқты

Бүгін бар да, ертең жоқ,

Баянсыз һарам байлығыңа азбаймын.

Жылама бекер, бәйбіше,

Жарылқай алса көз жасың,

Жарылқа анау бейшара шалды,

Бар жазығы жазғанның

Менің досым болғаны

СКИРИНА

(Жалынып-жалпайып):

Жалынамын...

ТЕМІР

Азаптан тек ажал ғана құтқаратын бейбаққа

Керегі не көмектің.

Сен аман қал...

Әй, зәл-зәлаһи батшағар!

БАРАҚ

(Ышқынып):

Тәңірі жарылқасын! Жақ ашпаңыз,

Сіз айтсаңыз, сорлы ханзада құрыды.

ТУРАНБИКЕ

Сөйтіп, сең шал, білесің бе оларды?

ТЕМІР

Мен бе, зұлым қыз, білмейтұғын?

(Бараққа).

Айтып қойсам, досым-ау,

Не болады — айтсаңшы.

БАРАҚ

Мерт болады ханзада,

Қыл шылбырда қылғынамыз бәріміз.

ТУРАНБИКЕ

Айта беріңіз, ақсақал,

Қорқытып тұр бұл сені.

Әй, құлдарым,

Сөзіне мәрт батырды

Ал астына таяқтың.

Азбан құлдар Барақты ұруға оңтайлана бастайды.

СКИРИНА

Не жазып еді, жасаған,

Байғұс менің күйеуім,

Тоқтатындар!

ТЕМІР

Қара басқыр қақпас басым,
Қайда ғана тап болдым.
Не боп кетті дүние?
Әй, ханшайым,
Тірі қалса мынау адам,
Тірі қалса ханзада
Білмегіңді айтайын,
Ант бер бірақ,
Тұрамын деп сөзінде!
Не көрмеген бейбақ басым,
Қорқарым жоқ өлімнен,
Жалғыз маған төк кәріңді, кәнеки!

ТУРАНБИКЕ

Ханзада да, екеуіңіз де
Аман-есен қаласыздар.
Бұл сөзім сөз.
Алтын тәжді басыммен
Ант етемін Конфуцийдің алдында.
(Екі қолын маңдайына апарады)

БАРАҚ

(жан ұшыра айқайлап)
О, суайт қыз!
Тоқта, ақсақал!
Көлгірсіген бұл кәззаптың
Көмейінде у тұр ғой.
Антқа жомарт, Туранбике
Аты-жөнін естісем
Ханзадаға бейтаныс
Ханым болам деп ант бер.
Әділі де осы ғой.
Талақ етсең осыдан
Асылзада боздағым
Іш құса боп өледі.
Антыңды қыл тағы да
Айтқаннан соң екеуінің есімін,
Қояды деп ел біліп
Қылмысымды бүгінгі,
Біздей екі бейбақты
Тықпаймын деп зынданға
Жүрегің тұрса осыған,
Мен айтайын өзім-ақ.

ТЕМІР

(Түсіне алмай)

Бұл не жұмбақ шытырман,
Тап мынандай тірліктен
Өлімінің өзі артық қой, жасаған!

ТУРАНБИКЕ

(ызбарлы)

Сілем қатты, сөйлетем деп бұларды,
Кұрт көздерін, құлдарым,

СКИРИНА

Сауға, ханшайым, сауға!

БАРАҚ

Ал, ақсақал, көрдің ғой,
Бұ бейбақтың қандай жауыз екенін!

ТЕМІР

Бағы ашылмаған байғұс балам,
Жолыңа басым садаға,
Шешең байғұс көз жұмып ед,
Ердім соның соңына.
(жылайды)

ТУРАНБИКЕ

Балам дейді Тоқта-тоқта?
Сонда, сен шал, патшасың ба?
Әлгі бейтаныс ханзаданың
Сен емес пе әкесі!?

ТЕМІР

Иә, тас жүрек, ханшайым,
Мен де патша болғанмын,
Мен бір бейбақ әкемін...

СКИРИНА

Не естіп тұрсың құлағым!
Дәл мұнандай қайыршы
Қайтып патша болады

ТУРАНБИКЕ

(абыржып, жүзін аударып әкетіп)
Мұнша қорлық көріпті-ау бұл!

Бейтаныс жігіт әкесі, бейшара, падиша!
О, тәңірім! Нанайын ба, нанбайын ба?
Жек көрем деп, жек көре алмай,
Сенделтіп қойған ханзада
Осы шалдан туған ба?
Нені айтып кеттім тағы да...
Абыройымды айрандай төгіп
Масқара еткен дүйім жұрттың алдында
Хас жауымның әкесі мына шал?
Асығу керек, таң да атып қап жүрер...
(даусын көтеріп)
Ал, ақсақал, айт бәрін
Айтпасаң күтіп тұрмаймын.

ТЕМІР

Енді не істедім, жасаған

БАРАҚ

Сәл шыданыз, Туранбике!
Алдыңызда азбан құл емес патша тұр,
Тақ мінген әулет төлісің,
Дөкір кетіп сүйегіңе дақ салма!
Азаптар болсаң мені азапта,
Падишаның қадірлеңіз ақ шашын.
Ештеңені біле алмайсыз бәрібір.

ТУРАНБИКЕ

(ызалы)

Ақсақалды сыйлайын,
сенімен болсын ендігі іс,
Айтқалы тұрған адамның
Қақпақ болдың аузына.

Туранбикенің әмірімен азбан құлдар Бараққа ұмтылады.

СКИРИНА

Бағым ашылмаған мен бейбақ,
Менің сорлы күйеуім!..

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Әділма кіреді.

ӘДІЛМА

Тоқтаңыз сәл, ханшайым,
Естідім бәрін манадан,
Қасарысқан немелерді
Қаматыңыз хан сарайдың астына.
Алтаум патша осылай қарай келеді,
Ана ақша мен мына тұрған Скирина
Маған керек боп қалды.
Ханзада жатқан сарайдың
Күзетінің аузын алдым.
Кірейік те, сөйлесейік өзімен.
Айтқанымға құлақ асса ханзада,
Туранбикенің атақ-даңқы
Қала берер бәз-баяғы қалпында.
Скирина, күйеуіңді аясаң,
Ал, Зелима шешеңе жаның ашыса,
Екеуің де айтқанымды тыңдаңдар.
Ханзаданың аты-жөнің білсеңдер,
Қазынаға батасындар белшеден.
Асығалық кәнеки. Ал, ханшайым,
Көп ұзамай қуанып та қаларсыз.

ТУРАНБИКЕ

Сендім саған, жан досым,
Қанша алсаң да — қазынамды аяман.
Скирина мен Зелиманы ерте кет.

ӘДІЛМА

Кеттік, кәне,
Атыңды анау алып жүрсін азбан құл.
(*Жүзін бұрып әкетіп*)
Аты-жөнің біліп алсам осыдан,
Жеңілген соң ханзаданы,
Өзім құшып, өзім көрем қызығын.
Сосын, бәлкім, қашуға да көндіріп,
Кетер едік басқа бір елдің шегіне.

Әділма, Зелима, Скирина және алтын салған табақ көтерген азбан құл шығып кетеді.

БАРАҚ

Ал, қызым, ал бәйбіше,
Сатпаңдар мені.
Қарғыс атқан немелерге
Сендер де еріп, жүрмендер.
Уа, падишам,
Күніңіз не болар екен ендігі?

ТУРАНБИКЕ

Ал, құлдарым, мына екеуін
Зыңданға апарып, салыңдар?

ТЕМІР

Турандот қыз,
Істеріңді істе маған,
Баламды бірақ аяй көр.

БАРАҚ

Таптыңыз-ау, падишам,
Аяу күтер адамды.
Ханзаданы алдап соғып бұл залым,
Жасыру үшін қылмысын,
Шірітпек бізді зыңданда.
Тобадан қорық қанішер,
Көп асқанға бір тосқан,
Саған да туар зобалаң!

Азбан құлдар Темір мен Барақты алып кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Туранбике жападан жалғыз.

ТУРАНБИКЕ

Не істемек соңда Әділма?
Дегеніме жеткізсе екен, әйтеуір,
Онда осынау он сегіз мың ғаламда,
Туранбикеден даңқы асатын жан бар ма?
Ақылымды асырам дейтін ақымақ
Шыға қоймас бұдан соң.
Ертең ерте Диуанның алдында
Ханзаданы қуып шығып бір жола,
Ит терісін қаптаймын да басына.
(ойланып)

Бірақ, бұ да оңай емес мен үшін,
Абдырап бейбақ ханзада
Моншақ-моншақ жас төксе,
Қайтып шыдап тұрамын...
Әй, есуас, Туранбике,
Сен ойлайтын ой ма бұл?
Шиедей қып бетінді
Шешкенде барлық жұмбақты
Абыдырап па ед ол мана?
О, жасаған әлгілерге
Жар бола көр бір өзің!
Ертең анау асқақатаған немені
Қара бет қып қуғыза көр Диуаннан,
Құтқара кор неке деген пәледен,
Күң қып бізді көкгендеуді көкесейтін
Еркек деген есірімпаз жынысқа
Күлгізетін күнді туғыз миықтан!

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Туранбике, Алтаум, Панталоне, Тарталья, нөкер.

АЛТАУМ

(жүзін бұрып әкетіп, өзімен-өзі)

Хорезмнің қанқұйлы сұлтаны

Өлтірген ғой өзін-өзі.

Темірдің ұлы Калаф деген ханзада

Келді дейді Пекинге

Бақ талайын сынауға.

О, күдіреті күшті құдая,

Амал бар ма ісіңе?

ПАНТАЛОНЕ

(Тартальяға сыбырлап).

Алдияр тақсыр өзімен-өзі боп, қайдағы бір періні айтып, күбірлей береді осы, о несі?

ТАРТАЛЬЯ

Оған бір құпия жаушы келді ғой. Сиқыр пері болса болар.

АЛТАУМ

Ал, қызым, таң сарғайып келеді,

Сарайды кезіп сандалып жүрсің сен болсан,

Қанша басың қатқанменен
Шешілер ме екен сол жұмбақ
О жұмбақты ойланбай-ақ
Шешіп қойдым мына мен,
(хат көрсетеді)
Сен іздеген екі есім осы хаттың ішінде
Түр-түстері баяндалған бажайлап.
Алыстағы бір елден
Суыт жүрген жолаушы кеп жолықты;
Тілдегі де, көк сүңгілі нөкермен
Темір үйге қаматтым.
Ертең ымырт түскенше
Шықпайды ол сол үйден.
Не керемет жақсы хабар әкелді,
Жас ханзада төре тұқым боп шықты,
Бәрібір есіңе түспейді есімі.
Аты қашан шықпағалы олардың!
Қарашығым, ертең тағы
Боп жүрерсің масқара!
Қарқылдаған қара тобыр
Қақшандаған ханшайымды
Келеке қылмақ түгілі
Қанын ішсе көңілдері көншір ме?
Қайт райдан деп келді әкең.

Панталоне, Тарталья және нөкерлерге шығып кетуге әмір етеді. Бәрі де жерге екеттеп жығылып, тағзым етіп шығып кетеді.

АЛТАУМ

Намысыңды жырттар едім...

ТУРАНБИКЕ

Намыс! Рахмет, әке!

Ештеңе айтпа о жайлы,

Көмек күтпен ешкімнен,

Күллі Диуан алдында

Өз намысымды өзім жырттам.

АЛТАУМ

Ерегесе берме, еркетайым.

Басыңды босқа қатырма,

Біле алмайсың бәрібір.

Күйзелгенің көрініп тұр көзіңнен.

Жаңғыз әкеңнен жасырма,
Айтшы, біле алдың ба аттарын?

ТУРАНБИКЕ

Біле алдым ба, біле алмадым ба —
Диуанда ертең естірсіз.

АЛТАУМ

Қасарыспа, Турандот,
Қайдан білейін деп едің,
Білсең, кәне, айта қой,
Мен әлгі байғұс балаға
Білінді барлық құпияң
Бұл елден енді кет дейін.
Ал халыққа аңырған
Ханшайым жеңді жігітті,
Масқаралап құртуға
Аяды деп жар шашам.
Сонда өзінді тасбауыр деп
Зар илеген жұртыңның
Көңілі саған жібиді.
Әкең байғұс қалар еді бір жасап,
Тап осы жол қайтарма
Кәрі әкеңнің меселін.

ТУРАНБИКЕ

Білем атын...
Жоқ, біле алғам жоқ әлі мен,
Неге аяймын мен оны,
Аяп па еді ол мені.
Тауқыметті мен тартқан
О да тартсын Диуанда.
Аты-жөнін естісем,
Масқара етем гұламалар алдында.

АЛТАУМ

*(Дегбірсіздене бастайды. Бірақ, өзін өзі тежеп, сабыр-
лы сөйлеуге тырысады)*

Қызым-ау, сені қызартса
Өмір керек оған да,
Бостан-босқа дарға асылу оңай ма!?
Өліп-өшіп сүйеді екен өзіңді,
Туранбикем ашуыңды басып бір
Алды-артыңды ойланып көр оданда.

Бауырымнан жаралған соң
Қия алмаймын сені де.
Әуре болма білемін деп аты-жөнін,
Ол екі есім мынау хатта жазылған.
Мен айтайын, ертең ерте Диуанда
Айтып бер де, ханзаданы масқара ет
Жаңғыз басын пида етіп бір жолыңа
Жүргенінде ол байғұс,
Қайғырсын қара қан жұтып.
Бірақ саған бір тілек —
Сол азабын көрген соң
Жар болам деп қолың соз.
Осы арада бізден басқа бір жан жоқ.
Ант қыла алсаң осыған,
Осы қазір айтайын.
Екеумізден басқа ешкім
Естімейд те, білмейд те.
Дегеніңе жетесің,
Құдайдай көред ел сені.
Теңдесі жоқ тектіні жар етесің тағы да,
Бейнет асқан бейбақ кәрі әкесін
Қартайғанда қарқ қылып тастайсың.

ТУРАНБИКЕ

(Жүзін бұрып әкетіп, толқып)
Әке сөзі көкейіме қонады-ақ...
Басым қатты, не істеймін?
Немен тынар Әділманың айтқаны?
Ақылына еріп әкенің
Қор некеге көнем бе?
Одан асқан өлім бар ма?
Әкеге құлақ асқанда не қорлық түр?
Бірақ, жаңа Әділма,
Белін бекем буды ғой...
Жолы болып біліп қайтса қайтемін?
Масқара боп қалмаймын ба сонда мен?

АЛТАУМ

Неге осынша дағдардын,
Тоқсан толқып толғанатын несі бар?
Ол жұмбақты шеше алмайсың бәрібір,
Онан-дағы әкенді де тыңда бір.

ТУРАНБИКЕ

(жүзін бұрып әкетеді, әлі толқып тұр)

Жоқ, не болса да Әділманы тосайын,

Әкемнің де сезіп қалдым көмейін.

Ханзаданы таниды, біліп алған атын да,

Соған мені қосақтамақ азғырып.

АЛТАУМ

Қабырғаңмен кеңес, қызым! Өзің шеш.

Ашуынды бас. Ақылды тыңда.

Жөнге көш.

ТУРАНБИКЕ

(толқығанын басып)

Не де болса, нар тәуекел,

Ертең ерте Диуанда

Ғұламалар алдын көрем.

АЛТАУМ

Әке ырқына көнбеген де,

Масқараға бел будым де,

Өз бетіме өзім күлді шашам де.

ТУРАНБИКЕ

Болсын Диуан... Көріп алам бәрін де.

АЛТАУМ

(ашуланып)

Естіп ал, онда есер қыз,

Шеше алмай ол жұмбақты,

Боласың күлкі ел жұртқа

Диуаннан соң шіркеуде

Қара бет боп қара тобыр алдында

Қанжығаға өңгеріліп кетесің.

Саған бола титықтаған әкенің

Бірер сағат көншітпекке көңілін

Қолқа салдым, көнбедің.

Саған деген жүректе мұз жібімес,

Ал мен кеттім, есуас қыз!

(ашулы, кетіп қалады).

ТУРАНБИКЕ

Әділмажан, әкем кетті өкпелеп,
Енді мынау қияметтен
Құтқаратын жалғыз өзің
Сенде қалды бар үміт.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Сахна бірнеше есігі бар кең сарайға айналады. Ортасында Калаф тынықсын деп қойған шығыс сәкісі. Қараңғы түн. Қолдарына шырақ ұстаған Калаф пен Бригелла.

БРИГЕЛЛА

Алдияр тақсыр, таң болса ағарып қалды. Сіз сарайды дәл үш жүз он алты рет кезіп шықтыңыз. Шынымды айтсам, сілемді қатырдыңыз. Енді сәл таныққыңыз келсе, төсек міне.

КАЛАФ

(шаршаған)

Оның рас, уәзір,
Ойым он сан бөлініп,
Ұйықтай алар түрім жоқ,
Қалдырыңыз оңаша.

БРИГЕЛЛА

Мархаббатты алдияр, істеген жақсылығыңыз болсын, әлде қандай түс, елес көріне қалса, аузыңызға абай боларсыз.

КАЛАФ

Қайдағы түс, қайдағы елес?

Бұл немене тағы да?

БРИГЕЛЛА

О, жаратқан! Бізге сіз жатқан бөлмеге өліп бара жатсаңдар да ешкімді жібермеңдер деген әмір бар. Бірақ... біз басымызда билігіміз жоқ адамбыз. Патшаның аты патша. Патша қызы ханшайымның мінезінен өзіңіз де хабардарсыз... біз бір баста билігі жоқ жазғандар. Жауын-жуының арасынан болмай өту оңай ма? Төс пен балға ортасында төмпеш көрген тірлік қой... Сіңірі шыққан жарлымыз өңшен, қандай күйге тап боламыз деп қалтаға еріп кетер кездеріміз де болады.. Әй, біздің де күніміз күн емес.

КАЛАФ

(таңырқап)

Айтшы пақыр... Соңда менің
Басымда әлі қатер бар ма?

БРИГЕЛЛА

Олай дей алмаймын. Бірақ сіздің кім екеніңізді білгісі келетін әртүрлі әуесқой адамдар тым көп. Есіктің кілт салатын саңылауынан сып беретін перілер мен періштелер де табылар. Қысқасы, сақ болғайсыз, сақтанғайсыз. Түсінікті ғой? Біздің де басымызда ерік жоқ.

КАЛАФ

Уәйім жеме жүре бер,
Сақ болармын аузыма.

БРИГЕЛЛА

Жақсы, еңдеше. Құдай үшін мен осылай деді деп ешкімге айта көрмеңіз. Мына қылша мойнымның бар тағдыры бір өзіңізге аманат. Кім біледі алтын толы әмияннан бас тартатын адамдар да бар шығар. Бұ да бір қытықтаған сияқты нәрсе ғой. Біреу қытықшыл, біреу қылп етпейді.
(Кетегі).

КАЛАФ

Көңілімді кетті-ау әлгі күпті ғып,
Кім бар мұнда кіре алатын.
Бір пері емес, барлық сайтан
Жабылса да, жақ ашатын мен бар ма:
Туранбике түссе ойыма,
Сыймай кетем жер-көкке.
Не де болса, атып қалды мына таң?
Көз шырымын алмай болмас аз ғана.
(Сәкіге барып жатады).

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Калаф және қытай әскерінше киінген Скирина.

СКИРИНА

Ұлым...

(жан-жағына қарап)

Мырзам... *(сәл тоқтап).*

Дүрсілдеп барады жүрегім...

КАЛАФ

Бұл қайсың, Неге келдің?

СКИРИНА

Мен Хасан байғұстын әйелі Скирина едім
Қытай сарбазы боп зорға кірдім бұл үйге.

Әңгімем көп айтатын.

Зәрем кетіп барады,

Жылап жібермесем не қылсын.

КАЛАФ

Не айтпақ ең?

СКИРИНА

Біледі екен сізді деп,

Туранбикеге жеткізсе керек әлдекім

Күйеуім байғұс қашып кетті бір жаққа.

Қаһар қылды ханшайым

Хан сарайға келмекке,

Атыңызды айтып бермекке.

Тауып алмақ түгілі

Шыжғырса да тозаққа

Өлсем өлем өзіммен

Бірақ сізді айтпа деп

Ант қылды Хасан кетерде.

КАЛАФ

Жазған құлым-ай!

О, зұлым Туранбике!

СКИРИНА

Тағы бір айтар әңгіме:

Әкеңіз келді осында.

Анаңыздан айырылып,

Тұл қалыпты бүгінде.

КАЛАФ

Не дейді мынау? О, тоба!

СКИРИНА

Хасанға түсіп зобалаң,

Сіздің мұнда қарақұрым күзетпен

Жатқаныңызды естіп апты ол кісі,

Тап болды деп не күнге,

Еңіреумен естен танар түрі бар.
Хан сарайға мен де барам,
Қарашы кіммен бірге өлемдеп
Арпалысты қаншама?
Балаңыз жазып, қол қойған
Хат әкеліп берем деп
Әрең бастым әкеңізді.
Алаң болма, аманмын деп,
Қағаз жазып бермесеңіз,
Тыншығатын түрі жоқ.
Осы үйге өту үшін де
Қорлығым жоқ көрмеген.

КАЛАФ

Әкем келді, Пекинге,
Анам байғұс көз жұмды бұл дүниеден,
Дедің бе осы, Скирина?
Шының ба бұл?

СКИРИНА

Өтірік айтсам,
Өрем қабайын осы жерде.

КАЛАФ

Бейбақ анам,
Бейшара әкем.
(жылайды).

СКИРИНА

Асығыңыз, ханзада,
Сіз бір ауыз сөз жазғанша
Қайдағы пәле қайдан тап болады деп,
Құтым қашып барады.
Табылмас деп қағаз, қалам,
Алып, келгем мінеки.
(Калафқа ұсынады)
О байғұс шал баласынан
Хат алып, көңілін баспаса,
Хан сарайға жар салып,
Масқара қылар түрі бар.

КАЛАФ

Әкел тезірек қағазыңды,
(Жаза түсіп ойланып қалады).

Не істемекпін, дұрыс па есім?
(Сәл ойланып, қағазды лақтырып жібереді).
Скирина, жүгір, бар,
Әкем қазір Алтаумға жолығып,
Бәрін айтып, тарқатсын де мүдәсін.

СКИРИНА

(абыржып).

Не дейді?

Бір ауыз сөз жазбайсыз ба одан да?

КАЛАФ

Ағарып қалды атар таң,

Диуанның алдын көргенше,

Аты жөнім шыға қоймас аузымнан

Хасанға жар бола тұра,

Мені бүйтіп мерт қылуға

Қайтып дәтің шыдайды?

СКИРИНА

(онан сайын абыржып).

Қайдағыны айтасыз-ау, ханзада,

Тағы не пәле бұныңыз?

(жалтарып кетіп).

Әділманың желге ұша ма бар ойы?

(Дауысын көтеріп)

Жарайды. Әкеңізге айтайын

Бірақ, осынша қорлық көріп сіз үшін

Қияметтің қыл көпірін қырық өтіп,

Алдыңызға келгенде

Бұлай деп ойламап ем?

(Жүзін бұрып әкетіп).

Әділманың айласы

Алпыс түйеге жүк еді,

Асты-ау мынау одан да.

(Кетеді).

КАЛАФ

Әлгі қызметшінің айтып қойғаны

Мұндай абырой болар ма.

Жаңа осында Скирина

Әкең Пекинде, анаң өлді деп,

Ант-су ішті-ау, рас па екен.

Қайда барсаң қорқыттың көрі

Қазулы түр алдында.
(Екінші есікке қарайды)

ЖЕТІНШІ КӨРІНІС

Қалаф, Зелима.

ЗЕЛИМА

Ханзада, —
Туранбике мені жіберген,
Ханшайымның өзі жүрер жолменен
Зорға жеттім осында,
Өзіңізге, бір жақсылық айтқалы.

ҚАЛАФ

Қалай сенем бұныға?
Ханшайымның қара тастай жүрегі
Қайтып бұлай жібіп жүр.

ЗЕЛИМА

Оныңыз рас, алдияр.
Тасбауыр ханша жүрегін
Балқытқан бір өзіңіз.
Сенбейсіз бұған, әрине.
Рас, рахымсыз ханшайым,
Жек көрем деп жер тепкілеп бағуда.
Бірақ, сізге ғашық болып қалғаны
Көзі бардың көрініп тұр бәріне,
Бұл сөзімде болса өтірік зәредей,
Осы тұрған жерімде
Жерге сіңіп кетейін.

ҚАЛАФ

Болса болар,
Мынауыңыз жақсы хабар.
Аржағын да айт, кідірме.

ЗЕЛИМА

Ханшайым асқақ емес пе,
Апшыны қуырған асаулығы да сондықтан.
Манағы серттен шыға алмасын біліп жүр.
Ертең тағы Диуанда
Жер болса егер осыдан
Өліп кетер түрі бар.

Жер жастантып талай боздақ қыршынды
Жеңіп-жеңіп келгенде,
Ойда жоқта күлкі болу ел-жұртқа
Оңай дейсіз кім-кімге?!
Осы сөзде өтірік болса зәредей,
Осы тұрған жерімде
Жерге сіңіп кетейін.

КАЛАФ

Карғанатын не бар сонша?
Қарғыссыз-ақ сенейін.
Еңдеше, айт ханшайымға,
Ертеңгі Диуаннан бас тартсын
Сүйетіні шын болса,
Сөз бұйдаға сап,
Сүйрете беріп қайтеді,
Мүддесін көздеп елімнің,
Кәрі әкемнің дегеніне көндім деп
Жер-жаһанға жар салсын.
Абыройы, атағы
Сол күйінде қалады.
Келіп пе ең соны айтуға?

ЗЕЛИМА

Жоқ, алдияр, қанша айтқанмен әйел ғой,
Ханшайымның тілегені басқа еді.
Ертең Диуан алдында
Абыройымды төкпесін,
Аты-жөнін осы қазір айтсын деп,
Оған көнсе-жар болуға әзірмін,
Тақтан түсіп, тажымды өзім ұсынам.
Деп жіберді ханшайым.
Естіп қояр ешкім жоқ,
Ханшайым сізден қашпайды.
Жер қып алған жұбайдан
Қана ма мейірі еркектің
Еркек үшін дүнияды
Еркімен тиген ерке жарға не жетсін.

КАЛАФ

(жымиып)

Әлгі үйреншікті сөзіңді
Қоспадың ба бұған да.

ЗЕЛИМА
Ол не сөз ед, ханзада.

КАЛАФ
«Осы сөзде өтірік болса зәредей
Осы тұрған жерімде
Жерге сіңіп кетейін».

ЗЕЛИМА
Сенбейсіз бе онсыз-ақ.

КАЛАФ
Сөзіңе сенбей қайтейін,
Күдігім бар, бірақ, сәл.
Ханшайымыңа мынаны айт:
Қыстай беріп қайтеді,
Аты-жөнімді айтпаймын.
Сүйгеніме шәк келтірмес онсызда.

ЗЕЛИМА
(батылдық бітіп)
Дұрыс па есің, ханзада.
Мынау болса жауабың
не туарын осыдан
Білесің бе басыңа?

КАЛАФ
Не де болса көрермін!

ЗЕЛИМА
Қиылмақсыз ба қыршыныңыздан?
(Жүзін бұрып әкетіп)
Бүлк ететін түрі жоқ.
(Ашуланып кетіп қалады).

КАЛАФ
Қызық елес екен өңшең
Бірақ, әлгі Скиринаның
Жаңағы бір айтқандары
Шығар емес есімнен...
Байғұс анам... Сорлы әкем...
Шыдап бақшы сәл ғана,
Аз қалды ғой өзі де.
Не де болса бітеді енді осы азап.

Тынығайын азырақ,
(Сәкіге отырады)
Басым да әбден дал болды,
Ұйқы да енді құтыла алмас қашқанмен.
(Ұйықтап кетеді)

СЕГІЗІНШІ КӨРІНІС

Калаф ұйқыда. Труффальдино.

Труффальдино аяғының ұшымен басып кіріп, мына бейбақ ұйықтап қапты, бұ да құдайдың бергені де, енді екі әмиян алтын қалтаға өзі түсіп тұр дейді. Бір динарға белгісіз бір сиқыршыдан бір тылсым тамыр алыпты; оны ұйықтап жатқан кісінің жастығының астына тастаса, сол бойда сөйлеп қоя береді екен, не сұрасаң да айтатын көрінеді т.с.с. Ұрлана басып Калафтың қасына барып, жастығының астына қолындағы тамырды тығады, сосын кері шегініп, анадай жерге барып, әртүрлі күлкілі қылық көрсетіп тұрады.

Калаф сөйлеудің орнына, қол-аяғын қимылдатады. Труффальдино оны әлгі шөптің әсері деп біледі. Әр қимылының мағнасы бар шығар деп ойлап, Калафтың әр қимылын бір әріпке жорып, сол әріптерден қызық бір сөз құрастырады; енді дегеніме жеттім-ау деп мәз-мәйрам шығып кетеді.

ТОҒЫЗЫНШЫ КӨРІНІС

Калаф әлі ұйқыда. Бетіне перде жапқан, қолына шырақ ұстаған Әділма кіреді.

ӘДІЛМА
(өзімен-өзі)
Құртып болды-ау амалымды,
Біле алмасам да аты-жөнін,
Бұл сарайдан қашырудың
Қамын істеп көрейін.
Өзім құшам қалайда
О, махаббат, падишасы ақылдың,
О, құштарлық оянатын бейуақ,
Не кедергі кездесе де,
Жар боп жүрген жазмышым
Ең ақырғы басым тіккен
Осы сыннан сүріндірме!
Уа, жайсаң махаббат,

Шарафатыңды маған да қи,
Құтқара көр құлдықтан мынау!
(Калафтың бетіне жарық түсіріп, қарап тұрады)
Жан асылым жатыр ұйықтап,
Жүрек шіркін сен де тынық, дүрлікпей
Айналдым-ау кірпігіңнен.
Қайтып ашам көзіңді!
Уақыт зырлап барады,
Асықпасқа шара жоқ.
(Шырағын қойып, даусын шығара тіл қатады)
Бейтаныс жігіт, басыңды көтер!

КАЛАФ

Бұл кім тағы? Не іздеп келдің?
О, сабазым, маза берші аз ғана!

ӘДІЛМА

Ашуланба, асылзадам?
Сескенердей немене бар сонша бір?
Мен бір жүрген бейбақ әйел,
Есіміңді сұрап мазаламан ел құсап,
Шаруам жоқ кім екеніңде.
Өзім кімін, білесің-бе?
Құлағың сал, ханзада.

КАЛАФ

Неге жүрсің бейуақта,
Мені алдау оңай емес,
Асыл бикеш, ұмытпа оны.

ӘДІЛМА

(елжіреп)
Ханзада мұнша қатыгез болар ма,
Мен бе сені алдайтұғын?
Скирина мұнда келген шығар,
Сұрады ма хат бер деп?

КАЛАФ

Иә.

ӘДІЛМА

Сен, әрине, берген жоқсың

КАЛАФ

Иә. Ондай есуас мен емес.

ӘДІЛМА

Жарылқаған екен жасаған
Сұмырай күң келді ме анау,
Атыңды айт деп сұрады ма?

КАЛАФ

О да келді. О да кетті
Күр қол қайтты екеуі де.
Сен де солай қайтасың.

ӘДІЛМА

Секемшіл-ақ екенсің,
Тағар айыбыңды артынан тақ,
Сөзді тыңда әуелі.
(*Сәкіге отырады*)

КАЛАФ

(*қасына отырып*)
Жарайды, тілегіңді айт

ӘДІЛМА

Киіміме қара да,
Кім екенімді айтып бер.

КАЛАФ

(*оған қарап*)
Сөзің, жөнің тегің тектен емессің,
Ал киіміңе келгенде
Төмен етек күңсің бір.
Шама шығар шамам сірә
Мана Диуанда көргенмін,
Мүсіркегем сыртыңнан.

ӘДІЛМА

Бұдан бес жыл бұрынырақ
Есігімде жүргеніңде
Мен мүсіркеуші ем мына сені.
Бүгін мана Диуанда көргенде
Опық жедім, сол кез түсіп ойыма.
Сол уақта-ақ менің бейбақ жүрегім
Сезіп еді-ау сенің асыл сүйегіңді.

Қолымда қайрат бар кезде
Тигізіп ем шапағат.

Патша тұқым жас қызға
Не керегін сол кезде
Сездіріп ем көзіммен.

(Пердесін сыпырып тастайды)

Ал, қара, кәне? Мен кіммін?
Таныдың ба, жоқ па?

КАЛАФ

(таңырқап)

О тәңірім! Әділма ма?
Жұрттың бәрі өлді деп жүрген
Хорасанның ханшайымы Әділма?

ӘДІЛМА

Иә. Сол алтын тажды, алтып басты Әділма,
Бұғау киіп, күң болып
Отыр міне алдыңда
(жылайды)

КАЛАФ

Бүкіл ел боп жылау айтып,
Жоқтап жүрген Кейқуаттың сол қызы
Кісендеулі күң боп маған жолықты.

ӘДІЛМА

Тап солай!
Тында еңдеше,
Бастан қалай бақ тайғанын айтайын,
Менің сорлы ағайым
Тасбауыр ханша Туранбикеге
Есі кетіп ғашық болып
Түсті Диуан алқасына.
(жылайды)
Қалаға кірер қақпада
Оның да басы шаншулы,
Солай мерт болды сорлы ағам!
Бұ қасіретке қайтып қана шыдайын.
(еңкілдеп жылайды)

КАЛАФ

Естігенмен сенбеп едім,
Бүгін енді көзім жетті, шын екен.

ӘДІЛМА

Хас батыр, әкем Кейқуат
Шыдамай мұндай қорлыққа
Шар болаттай шарт сынып,
Пекин патша жеріне
Тұтқиылдан бас салды.
Сайқал тағдыр жер соқтырды қапыда,
Талқан болды әскері.
Алтаумның бір әулекі ұлығы
Әулетімізді түгел құртпақ болыпты.
Найзаға ұшты үш ағам,
Анам мен бізді, қыздарды
Өкіріп аққан өзенге
Өлтірмекке лақтырды.
Алды жұмсақ Алтаум
Көріп қалып бұларын
Құтқармаққа қылды әмір,
Опат болды бәрі де,
Тірі қалған жалғыз мен.
Хан Алтаум қара күң қып сайлады.
Қан сапырған ханшайымның қолына
Ақ сүйегім бор кемікке айналып,
Алтын басым босағаға байланып
Содан бергі жүріс осы.
Аспандаған ақ шаңырақ
Аяққа түссе ақ шаңдақ
Соның бәрін істеткен
Осы жауыз Туранбике қар..
(Жылайды).

КАЛАФ

(көңілі бұзылып):

Қасіретің қабырғама батады-ақ,
Хас асыл ханшайым.
Бірақ, басыңдағы алтын дәуренді
Қилы күнге тап қылған
Әуелі ағаң, сосын аңғал әкең де
Ұшықтыра түсіпті,
Алаңғасар іс қылып,
Аяғанмен, не келеді қолымнан?
Тәж беннен тақ тағы түссе қолыма,
Азаттық алып берейін.
Ал, қазір мынау әңгімен
Қозғап отыр көкейдегі көп шерді.

ӘДІЛМА

Аты-жөнім, ата-тегім аян болды өзіңе,
Қалтарыста бүгіп қалған сырым жоқ.
Көкейдегі ынтықты
Хан басыммен аузым барып айта алман.
Айта келдім, асылзадам.
Ғашық болам деп ғарып болған падишам,
Сұмырай қыздың көңілге алған сұмдығын.

КАЛАФ

Айт, Әділма,
Көңіліңе алған сөзіңді.
Көмейіңе ірікпе.

ӘДІЛМА

Айтармын-ау, бірақ сен
Жаңағы келген күндердей
мені де бір арбаушы
Әзәзіл санап жүрмесең.

КАЛАФ

Айтарыңды, Әділма тез айтсаңшы,
Не демексің мен сүйетін қыз жайлы?

ӘДІЛМА

(Жүзін бұрып әкетіп)
О, жасаған, жар бол өзің!
(Калафқа)
Тыңда еңдеше —
Жеңілген соң шамырқанып
Шатырлап тұрған Туранбике
Ататын таң саз бере
Жолықтырмақ ажалға.
Көрсетері осы, Ханзада,
Көңілің кеткен ханшаның.

КАЛАФ

(Зығырданы қайнап атып тұрады)
Өлтірмек пе? Мені ме?

ӘДІЛМА

Иә, сізді, асылзадам,
(орнынан бұ да ұшып тұрып)
Осы үйден шыға бергенде
Жиырма қанжар жиырма тұстан шап беріп,
Жайратып салмақ ойлары.

КАЛАФ

(тықыршып)

Онда айтайын күзетке...

ӘДІЛМА

(оны тоқтатып)

Не бітірем деп ең онымен,

Ханшайымның қан шеңгелі торлаған

Қанды қақпан аяғыңның астында.

Ол жауызға қарсы шығар қол қайсы,

Бекер әуре болмаңыз.

КАЛАФ

(өзін-өзі ұмытып)

Бейбақ Калаф! Қайда барсан

Құрдым қабір аран ашқан.

Жазған әкем Темір байғұс,

Жақсылыққа жеткізе алмай

Жер жабыспақ сорлы балаң.

(Бетін басып, есірік халде тұрып қалады)

ӘДІЛМА

(қуанып, жүзін бұрып әкетіп)

Калаф, Темірдің ұлы Калаф,

Жолым, мұндай болар ма!

Осы жолы дегеніме көнбесе,

Турандотқа бұйырмайды бәрібір,

Қимылдап қалар кез осы.

КАЛАФ

(Сол баяғы есірік халде)

Нәлет тағдыр... Бастан бағың бір қайтса,

Қалмайды екен көрсетпейтін қорлығың.

Өліп, өшіп сүйгендегі

Көретіні бұл болса,

Қырық нарға жүк болды ғой

Қырсығы бұл сорлының.

япырай, дәл мұнандай перизат

Болар ма екен осыншама қанішер?

(Жиренішпен)

Әй, ханшайым, сен де алдап тұрсың-ау!

ӘДІЛМА

Сенбесінді біліп едім әуелден,
Тыңда ендеше, бейсауат жүрген падиша,
Туранбике қыз шешпек болып жұмбақты,
Сарайында әрі-бері сандалды.

(қызынып)

Шеше алмасын білгеннен соң долы қыз
Құтырған иттей арсылдап жүр әркімге.

Ақша беті көк талақ,

Ауып кеткен көздеген,

Бағанағы Диуандағы сиық жоқ,

Енді көрсең естен танып қалар ең,

Басып мына ашуын

Жар болуға көніп қалар ма екен деп

Асылзадам, жатып келіп мақтайын,

Кетті бәрі заяға.

Жауыз ханша аярлыққа басты енді,

Онысынан іс шықпаса,

Анау азбал құлдарына өлтіртпек

Дүниеде бұрын-соңды

Бұндай зұлым тумаған

я қыздан, я ұлдан.

Өліп-өшіп сүйем деп,

Өлексе боп қалмақсың.

Саған да түсті ажалдың

Абжыландай құрығы.

Жаным ашып ескерткелі келіп ем,

Жаудай көріп, сыртқа тепсең қайтейін.

(жылайды)

КАЛАФ

Сүйтіп мынау патша қойған

Қалың нөкер ортасында

Қанға батып қала берем.

Бас пайда, олжа тұрғанда

Міндет еске түсе ме

Қызметші манағы

Солай демеп пе еді осы.

Құры бүйткен қу өмір,

Бақ іздеген бос далбаса.

Уа, тасжүрек Туранбике,

Өліп-өшіп сүйіп ем,

Не шарт салсаң — көніп ем,

Көргенім сонда осы ма?

(ызалы)

Құры, итшілік қу өмір,
Бағы құрсын бүйтіп босқа сабылтқан.

ӘДІЛМА

Асылзадам, бұл зұлматтан арашалар адам бар,
Алдыңда тұрған Әділма ол,
Жаным ашып жаңа осында келерде
Алтын беріп, аузын алдым күзеттің.
Сені ажалдан өзімді бұғаудан
Құтқармаққа бел будым.
Анау қалған елімде
Қазына бар тығылған:
Сорлы әкемнің адал досы Әлімгер
Құтқармаққа қол жіберген осында.
Ат дайын, ал, кәнеки, қашайық,
Әлімгердің әскерін ап,
Қайта орнатам тағымды,
Сосын саған кигіземін тажымды,
Міне басым, міне қолым — серт осы.
Егер мені қаламаса жүрегің,
Татарда не көп, сұлу көп,
Ең сұлуын құс қып қоңдыр қолыңа.
Сені ажалдан құтқара алсам,
Өзім бұғаудан азат болсам —
Басқа тілек жоқ менде.
Қайтарсаң қайтар ықласымды,
Басыңдағы қатерді бірақ ұмытпа.
Ал, ханзада шешімге кел,
Таң бозарып барады.

КАЛАФ

Аяулы, Әділма.
Басыма күн туғаны рас,
Бірақ сенімен бірге
Барласқа қашар жайым жоқ.
Хан Алтаум бұдан соң
Су аяқ сұм деп қалар.
Сені алып қашып қасыма,
Ықласын қайтып аттайын.

ӘДІЛМА

Ықыласын сен емес,
Турандот аттап отырған.

КАЛАФ

Аттай берсін ол мейлі,
Аттай алман мен бірақ.
Жүрегіме жүрер емес әмірім,
Сүйген жарым өл десе егер,
Өлімге де пейілмін.
Қаша бер өзің,
Мен осында өлемін.
Бұдан арғы өмірдің не мәзі бар.
Туранбикесіз бұл тірлікте жүргенше,
Соның, мейлі, ассын тағы мерейі.

ӘДІЛМА

Шының ба айтып тұрғаның?
Ендеше сен қыз сүйем деп
Көр соқыр боп қалыпсың!

КАЛАФ

Я ажал, я махаббат,
Басқа алаңым жоқ менің.

ӘДІЛМА

Білем, білем зұлым қыздың
Менен сұлу екенін.
Бірақ, аппақ пейілімді
Таптамас деп келіп ем.
Маңайыңа жуытпадың қайтейін,
Бір өзіңнің тірлігің
Жатсам-тұрсам көкірегімнен кетпейді,
қашайықшы, ханзада,
Ең болмаса, құтқарсайшы басыңды.

КАЛАФ

Әділма, енді сөз бітті.
Өлсем өлем осында.

ӘДІЛМА

Жақсылықты білмейтұғын
Бұнша неткен жазған ең.
Бір сен үшін онда мен де қаламын.
Барісібір мен азатпын,
Ол күн енді алыс емес.
Жасаған ием жар болса,
Бұл өмірдің дәмін талай татармын
(жүзін бұрып)

Тас түйін ыждаһатым,
Тайсалмас махаббатым
Жеңер түбі бәрібір.
Солай Темірдің баласы,
Калаф деген ханзада!
(даусын көтеріп)
Бейтаныс ханзада, хош бол!
(кетегі)

КАЛАФ

Бұл неткен түн қым-қуыт,
Жан-жағымнан қаумалаған әзәзіл!
Шапағатынан дәме қылған асылым,
Кесепатын аямапты басыма,
Бейшара анам, бұ дүниеден
Бағы ашылмай өтіпті.
Сорлы әкем мен жазған құлым басына
Төнген тағы заманақыр.
Өшкенім жанар, дегенім болар
Деп күткен мынау атар таң
Ахиретке аттанатын таңым де.
О, тас жүрек Туранбике
Бағанағы атыңды егер айтпасаң,
Басыңа зауал төнді деп,
Сұқақтаған сұмпайы күң
Білген екен бірдеңе...
Әне күн де шықты ұясынан
(жарық түсегі)
Қайғы еміп, қажығанмен не қайран,
Абжылан қыз, араныңды аш.
Сімір менің бейкүнә аққан қанымды.

ОҢЫНШЫ КӨРІНІС

Калаф. Бригелла, нөкер.

БРИГЕЛЛА

Алдияр тақсыр, сын сағат та кеп жетті.

КАЛАФ

(шамырқанып):
Солай ма? Еңдеше әлгі
Істе зұлым ханшайымның әмірін,
Қу жендет, міне басым, шапшы кәні,
Бүйткен өмір құрысын.

БРИГЕЛЛА

(таңырқап):

Ол қайдағы әмір? Не айтып тұрсың? Диуанға ертіп әкел дегеніне басқа ешқандай әмір естіген емен. Алдияр патша, сақалын тарап боп, Диуанға беттеді.

КАЛАФ

(буырқанып):

Кәне, барсақ барайық.

Бірақ, оның көре алмаспын қарасын

Тура келген ажалдан

Тайсалатын жай бар ма,

Кеттік ендеше.

(қылышын лақтырып тастайды).

Қажеті не қарудың.

Қаруы жоқ бейшараны бейкүнә

Мерт қылғанын, білсін енді зұлым қыз.

(ашулы шығып кетеді).

БРИГЕЛЛА

(аң-таң):

Бұны не дүлей соғып жүр? Ой, осы қатын оңбағандарды ма? Түні бойы ұйқы бермей, ақылынан алжастырған ғой. *(Қарауылға).* Әй, көзіңе қара! Баста кәне, Диуанға! *(Кетеді).*

Барабан дабылы шығады

ШЫМЫЛДЫҚ.

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Сахнада екінші көріністегідей Диуан. Сахна түбінде қытай тәңірісі мүсінделген михрап пен екі әулие; михрап залдан үлкен шымылдықпен бөлінген. Перде ашылғанда Алтаум төрге тақта, ғұламалар өз орындарына жайғасқан. Алтаумның бір жағында Панталоне, бір жағында Тарталья. Нөкер де екінші пердедегідей орналасқан.

БІРІНШІ КӨРІНІС

Алтаум, Тарталья, Панталоне, Ғұламалар, нөкер, сонынан Калаф қосылады. Калаф жан-жағына алақтай қарап, абыржып кіреді Алтаумға тағзым етеді.

КАЛАФ

(өзіне-өзі).

Қайранмын? Андаған ажал арасынан
Аман-есен қалай өттім? Қалай жеттім?

Қанжар салмақ түгілі

Қолы тиген бір жан жоқ.

Әлде Әділма алдаған ба?

Әлде тентек ханшайым

Ат-жөнімді естіп ап,

Өзгертті ме бұйрығын.

Ендеше құрыдым.

Мейлі мынау қырық аунақшып,

Ит жығыс түсіп, ит сілікпемді шығарған.

Көп күдік пен көп үміттен

Өлімінің өзі артық.

(Алтаум дағдарып тұрып қалады).

Балам, абыржыдың сонша неге,

Жеңімпаз деген желпініп кірмес пе?

Шеккен азабың,

Тартқан тауқыметің

Таусылады бүгін бәрі.

Бағың жанып, маңдайың ашылатын

Армаңды таңың атты, міне.

Туранбикедей жар таптың.

Өткен түнде үш дүркін ол

Диуанға келмеймін деп,

Күйеуге шығуға көнбеймін деп

Кісі салып тілек қылды.

Қабыл алмадым бірін де,
Енді абыржыр ештеңе жоқ,
Абыржыса қызым абыржыды,
Ал сен енді
Қасқайып тұрып қарсы ал оны.

ПАНТАЛОНЕ

Рас осы, алдияр. Менің өзім сарайының алдына барып ханшайым не айтар екен деп екі рет күттім. Асығып-үсігіп киініп, әлдеқайда жүгіріп кетті. Күте-күте тоңғаным сонша, жағымның жағыма тимей қалшылдап тұрғаны мынау. Абыржитын ештеңе жоқ. Кісі дегеніне жетіп бағы жанайын деп тұрғанда осынша салбырар ма?

ТАРТЕЛЬЯ

Таң алдында мен де барғам. Жарты сағат бойы жібермей жалынып-жалпайды. Қырсығып, қайдағыны айтып көнбей қойдым.

(Жүзін аударып әкетіп).

АЛТАУМ

Мұнша кешіккеніне жол болсын.

Диуанға тез жетсін деп

Кісі де жаңа жібергем.

Келмесе, күштеп әкеледі.

Еркелігін ендігі

Көтеретін жайым жоқ.

Әне, өзі де келеді екен.

Тым тұнжырап кетіпті-ау өзі.

Қысылғаннан қып-қызыл.

Көтер, балам еңсенді.

КАЛАФ

Мың да бір алғыс, алдияр!

Алайда, бейшара аруды

Еңіретіп құшам-ау деп

Еңсем түсіп тұрған жай бар.

Қинамас та ем қыз байғұсты

Онсыз, бірақ, бұл пәниден

Не опа табам, не қызық көрем.

Бәлкім, ханшайым, ертеңгі күн

Өліп-өшіп сүйетінімді көрген соң,

Көңілі бітер де көндігер.

Менен рахым күткен адам
Сарай маңын паналаған
Адамшы еркектер мен
Жас әйелді жағаламас
Ақылы өтер, арашасы жүрер
Бір өзі болар ханшайымның.
Дақ түсірмен махаббатқа,
Соңыма да сөз ерткізбен,
Соны көріп есті ханшам,
Кекті ұмытып, кетер сүйіп.

АЛТАУМ

Әй, құлдарым,
Тез бітіріндер жабдықты
Енді бұл үй ғимаратта
Қиылады жаңа неке
Тиылады баяғыдан бергі
Зар жылатқан тауқымет.
Жиылады халқым тегіс,
Есіктің бәрін ашындар.
Ұлан-асыр той жасандар,
Құрбандықты шалындар.

Сахна төріндегі шымылдық түріледі, михраб пен қытай әулиелері көрінеді.

ПАНТАЛОНЕ

Уа, бас ұлық, әне қараңыз, ханшайым келе жатыр.
Жылап келе жатқаны көш жерден белгілі боп қалды.

ТАРТАЛЬЯ

Нөкері де түгел қара жамылыпты.
Жаназаға ұқсап кетті-ау мына той.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Әлгілер, Турандот, Әділма, Зелима, Труффальдино, азбан құлдар мен күңдер. Қайғылы шеру тартылып, нөкерін ерткен Туранбике кіреді. Екінші пердедегі жөн-жосықтың бәрі істеледі. Туранбике тағына отырып жатып, әулиелер мен алтарьдың неге тұрғанына таңырқаған кейіп байқатады. Калаф сахна ортасында тұр.

ТУРАНБИКЕ

Бейтаныс жігіт, менің қара жамылғаным
Жағып барады-ау жаныңа.
Құрбандық та шалыныпты,
Иә, басыма менің күн туып тұр.
Кешегі істеген масқараңның
Қайтарам деп есесін
Амалым жоқ жасамаған.
Зая кетті бәрі де.
Енді міне тағдырдың
Дегеніне көнбес шарам қалмады.

КАЛАФ

О, Туранбике
Қасірет қамап, қабырғаңыз қайысып,
Көңіліңіз пәс болғанда
Көкірегі желденетін
Көркіме мақтан мен емес.
Бірақ, асыл тектім,
Ақ пейілін, адал көңілін
Жолыңызға салған асық жанның
Бақ орнатсаңыз басына,
Жан ауырып, жарадар болар несі бар.
Онан да сол бақытты
Бірге көрсек қайтеді.
Ғашықтарға жүрер болса кешірім,
Бұндай сөзіме сізден ғафу өтінем.

АЛТАУМ

Уа, балам, ханшайымның
Жөнге көшпес жайы жоқ.
Бүйтетін жөні баяғыда-ақ болған-ды.
Ақ некені қиялық,
Ал, шаттанып, қалайық!

ТУРАНБИКЕ

Сәл сабыр етіңіз,
Неке қашпас ешқайда.
Масайратып барып
Масқара еткенге не жетсін?
(орнынан тұрады)
құлағың сал, халайық!
Кәне, Темірдің ұлы Калаф,
Шық көзіме көрінбе!

Сұрағаның осы ғой.
Бар, ізде өзіңе басқа әйел!
Туранбике жеңсе, міне, осылай жеңеді.

КАЛАФ

(есінен тана жаздап):
Байғұс басым!

АЛТАУМ

(аңырып):
Тәңірім-ау, не дейді мынау

ПАНТАЛОНЕ

Қалай-қалай қырқып түсті қырсық қыз!
Солай емес пе, бас ұлық.

ТАРТАЛЬЯ

Берджингаузен?
Төбеден түскендей дөп жауап болды мынауы!

КАЛАФ

Құрыды, бітті бәрі де,
Өз басымды өзім жұттым мінекей
Сүйемін деп, махаббатты күйреттім.
Бүйтіп масқара болғанша
Кеше қателесем.
Онда мұндай тауқыметті тартар ма ем.
Сен, Алтаум, шартты бекер өзгерттің,
Аты-жөнім болғаннан соң әшкере,
Қу басымды қырыққанда жендет сұм,
Қызыңыздың қанар еді қан аңсаған ындыны.
(Жылайды).

АЛТАУМ

Калафжан, қан жылап тұр
Менің де кәрі жүрегім.
Кенет келген кесепат болды мұнысы?

ТУРАНБИКЕ

(Зелимаға сыбырлап):
Ет-жүрегім елжіреп,
Жидіп барад көкірегім.
Бұдан арғы қасіретке
Төзе алатын түрім жоқ.

ЗЕЛИМА

Онда бас и,
Халықтың да кете бастады тынышы!

ӘДІЛМА

(өзімен-өзі):

Өмір мен өлім өрелескен сағат бұл!

КАЛАФ

Өң бе, түс пе?

Ақыл-есім орнында ма осы менің?

Уа, безеріп біткен без бүйрек қыз,

Өліп-өшіп сүйген адам өзінді,

Өлік болып, баудай түсіп жатпаған соң алдында.

Ашығып тұр ма араның,

Міне, ендеше бұл пәниден

Баз кешкен Калаф ханзада

Көз алында үйіреді иманын.

Қанжарын суырып, қарналып өлмек болады.

ТУРАНБИКЕ

(шап беріп ұстай ап):

Жоқ, Калаф!

Таста бұны!

АЛТАУМ

Шыны ма екен мынасы?

Калаф (таңырқап)

Көксегенің өлімім емес пе, еді

Көрмейсің бе соны енді?

Әлде меңдей бақталайсыз бейбақты

Қу тірлікке қор қылмақ па ең?

Жақсылығың болсын, жарықтығым,

Жабыса көрме қолыма!

Шарапатыңызды маған емес

Әкем Темір Пекинде жүрген көрінеді

Соған істе, ханшайым.

Таж бен тақтан айырылып

Тақсірет тартқан тас маңдай бір сорлы еді,

Соған тисін шарапатың.

Ал, мен мынау сұм дүниені

Талақ еттім бір жола.

(Өзін-өзі өлтірмекке ұмтылады).

ТУРАНБИКЕ

Жоқ, Калаф, өлтірткізбен,
Өлмейсің сен. Сертіңнен без мен үшін!
Жеңілген мен. Басымды ием.
Ал, Зелима, бар да байғұс шал менен
Сөзіне мәрт құлынан
Сүйінші сұра, көңілін бас.
Сонда отыр анаң да.

ЗЕЛИМА

О, жасаған!
Қазір, қазір, барам, барам!
Шығып кетеді.

ӘДІЛМА

Құрыды бәрі, құрыдым мен.
Өлгеннен басқа шарам қалмады,
Барлық үміт, барлық арман
Адыра қалды мінекей

ТУРАНБИКЕ

Калаф, естіп ал енді,
Жеңе алғам жоқ мен сені,
Бүгін түнде ашынып тұрып
Әділмаға аты-жөніңді
Өзің айтып қойыпсың.
Маған мұны сол айтты.
Айдай әлем естісін,
Әділдікті аттап өтер жайым жоқ.
Сенің абзал жүрегің,
Айбының мен келбетің
Жеңді мені, жеңілдім.
Асқақ басың иілмей,
Асқақ өтер ер сенсің.
Жұбыңа алсаң, жұбайыңа мен әзір.

ӘДІЛМА

(өзімен өзі таусыла):
Бейбақ басым, сорладым.

КАЛАФ

Сен мендіксің бе?
О, дүние, не естіп тұрмын мен!

АЛТАУМ

(тағынан түсіп):

Қызым ... Құлыншағым

Сенен тартқан азабымды пәлен жыл

Кештім осы сөзіңе.

ПАНТАЛОНЕ

Той болады екен!

Ғұлама мырзалар, жол беріндер.

ТАРТАЛЬЯ

Кәне, кәне, ығысыңыздар.

Ғұламалар бәрі ығысады.

ӘДІЛМА

(жұлынып ілгері шығады):

Тас жүрек қыз, тайтаңда енді,

Масайра сен де, жексұрын жігіт.

Ал, ханшайым, біліп ал —

Хас дұшпаның мына мен.

Сен үшін емес бәрін де

Ханзаданы қолыма

Қоңдырмақ үшін істегем.

Бұдан бес жыл бұрын сүйгем оны мен.

Саған жақсылық қылған боп барып,

Бүгін түнде қашайық деп азғырдым,

Жерден алып, жерге салып

Жамандадым өзінді.

Көнбеді ол бәрібір.

Абайсызда айтып қойды аты-жөнін,

Біліп алған соң мұны сен,

Қуып шығар деп айтып ем.

Өйткен күнде, мендік болар еді ол.

Оңғармады жолымды

Енді маған бір өлім.

Ханшайым боп туған басым

Қара күң боп қашанғы жүрем есікте.

Әкемді сенсің жалмаған,

Апамды сенсің жалмаған,

Бауырымның бәрін жұтқан-өзіңсің,

Енді сүйген боздағымды

басып алдың бауырыңа.

Әділманың осы азабы жетеді.

Бір патшадан қалған тұяқ

Осы жерде құрысын!
Калафтың қанжарын көтеріп ап, өзіне оқтайды.
Күйеуінің көкірегінен
Мен өлсін деп жұлып алған
Қанды қанжар, қадал маған.
Күң мен күнді еш қылғанша
Мынау ел жұрт алдында
Қата қалам қарналып.
(өзін-өзі өлтірмекке оқталады).

КАЛАФ

(оны тоқтатып):
Жоқ, Әділма! Қой мұныңды!

ӘДІЛМА

Тұрма жолыма!
(жыламсырап).
Жібер қолымды, өлемін!
(қанжарға жабысады)

КАЛАФ

(қанжарын жұлып ап)
Жоқ, өлмейсің сен.
Мына мені ажалдан
Арашалап қалған өзіңсің.
Сен болмасаң ханшайымның
Рахымы түспес те еді.
Бостан босқа жазғыра берме,
Туранбикеден басқа жанды
Сүйген болсам, сүйер едім бір өзіңді.

ӘДІЛМА

(өксіп):
Жоқ, жоқ, тең емеспін саған мен.

ТУРАНБИКЕ

Әділма, саған не болған?

ӘДІЛМА

Көлгірсіме, аяр қыз!
Көңілімдегі соңғы үміттің
Көзіне өзің су құйдың.
Ең болмаса, енді маған
Еркіндік бер кетейін.

Осы көрсеткен қорлығың да жетеді.
Калафты құшып, қарқ болып жатқаныңды
Көргенімше, көзім неге шықпайды.
Босат мені, Туранбике,
Күндес жүрек көсегеңді көгертпес,
Бақас ниет жұтып тынар басыңды.
Әділманы алып қалып қасыңа
Енді опа таппайсың?
(жылайды).

АЛТАУМ

(жүзін аударып әкетіп):

Бейшара ханшайым!

КАЛАФ

Әділмажан, жыламашы,
Қарызың кетпес мойнымда,
О, алдияр, о жұбайым,
Өтінішім сіздерден
Әділманың ерік берің өзбасына.

ТУРАНБИКЕ

Мен де соны өтінемін, алдияр.
Өшпенділік танып тұрмын көзінен,
Қаймығамын қарауға да жүзіне.
Жанымдай жақсы көріп едім,
Жасырмап едім сырымды,
Бекер екен бәрі де.
Бүйіріне бүгіп келген
Мықты зілі боп шықты.
Ханшайым боп қаһар шашып,
Күңсің ғой деп түрткі қылмай,
Сыйлап едім құрбы боп,
Жек көреді екен ол мені.
Бізге егер жүрегіңіз жібісе,
Қызыңыз бен жұбайының
Бұл тілегін жерге тастай көрмеңіз.

АЛТАУМ

Мұндай күні бұндай тілек
Жерге неге тасталсын.
Азаттық оған аз болар.
Қайырдым тәжын тағымен,
Патшалығын бұрынғы.

Елін енді ашумен емес,
Ақылмен билер жұбай тапсын.
Сол ақырғы тілегім.

ӘДІЛМА

Уа, тақсыр,
Бұл сыйыңызға не дей алар Әділма,
Көзімде жас, көңілім ойран,
Қол босамай жалаудан
Алғыс айтар шамам да жоқ.

КАЛАФ

Уа, әкем, қайда жүрсің
Көрсенші міне жалғызыңның
Бағы қалай жанғанын!

АЛТАУМ

Өзіңмен бірге Темір де,
Калафжан оған қамықпа.
Ендігі патша өзіңсің,
Елің де азат дұшпаннан.
Қан жылатқан Хорезмнің сұлтаны
Мерт болыпты мына сенің елінде.
Уәзірің тәжіңменен тағыңды
Бір сен үшін әлі күнге
Сақтап жүрген көрінеді
Барлық патша бар уалаятқа.
Қағаз жазып, жар салып,
Тірі болса, билесін деп елін кеп,
Деп жатыр өзің менен әкеңді.
Таусылды енді сендер тартар тауқымет
Міне хаты, оқып шық.
(хат ұсынады).

КАЛАФ

(хатты оқып):
О тоба! Мынау рас па?
О Алдияр! О Турандот!
Уа, жасаған, құлдық ұрам құдіретіңе!
Жер бетіне қара ниет көп пенде
Көксегеніне дес бермей
Өз дегенін істеген,
О тәңірім,
Жіберсең де енді жүз сын,

Төзем тағы жүзіне.
Қажып жүріп, налып жүріп,
Күйінгеннен тілім тисе,
Кеш онымды, кешіре көр.
Ит тірлік кейде ұмыттырса
Тәңіріні көктегі,
Кеше көр ол күнәмді!
Тұрғандардың бәрі жылайды.

ТУРАНБИКЕ

Тойымызға кіреуке түсер кірбің жоқ.
Калаф мені сүйгендіктен
Пида қылды жанын да.
Уәзірі құтқармаққа патшасын
Қыл тұзақтан қашқан жоқ.
Еліндегі уәзірі
Өзі таққа міне салмай
Патшасына тәж сақтаған.
Байғұс қария баласы үшін
Тайсалмады әлімнен де.
Күң қылмай, құрбы қып сыйлаған
Сыр бүкпеген әйелім
Опасыздық істеді.
Көк тәңірісі кеш енді
Еркектерді осынша
Жек көріп, жер құштырған
Күнәкар мынау пендеңді.
Қиянатым болса, кеш оны да
(ілгері шығып)
Ал, абзал еркектер
Бәріңнен де айналдым.
Иланыңдар мен бейбақтың
Имандай шын сөзім бұл!

ШЫМЫЛДЫҚ.

АНТОН ПАВЛОВИЧ ЧЕХОВ

ВАНЯ АҒАЙ

*Деревня өмірінен алынған
төрт перделі көрініс*

Қатынасушылар:

Серебряков Александр Владимирович, *отставкадағы профессор.*

Елена Андреевна, *әйелі, 27 жаста.*

Софья Александровна (Соня), *бірінші әйелінен туған қызы.*

Войницкая Мария Васильевна, *тайный советниктің жесірі, профессордың бірінші әйелінің шешесі.*

Войницкий Иван Петрович, *оның ұлы.*

Астров Михаил Львович, *дәрігер.*

Телегин Илья Ильич, *кедейленген помещик.*

Марина, *кәрі күтуші.*

Қызметші.

Оқиға Серебряковтың усадьбасында өтеді.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бақ. Үйдің терасса жақ беті. Аллеядағы кәрі теректің түбінде шайға жасауланған стол тұр. Отырғыштар. Біреуінде гитара жатыр. Анадай жерге әткеншек. Күндізгі үштердің тұсы. Күн бұлыңғыр.

Марина (көп қозғала қоймайтын салбөксе кемпір самауырдың қасында шұлық тоқып отыр) және Астров (әрі-бері сенделіп жүр).

МАРИНА. *(Стаканға шай құйып)*. Алыңыз, көкешім!

АСТРОВ. *(Құлықсыз қол созып)*. Зауқым онша соқпай тұрғаны.

МАРИНА. Бәлкім, арақ ішерсің?

АСТРОВ. Жоқ. Арақты мен күнде іше бермеймін. Оның үстіне бүгін ауа қандай қапырық еді!

Пауза.

Әжесі, осы біз танысқалы қанша жыл болды екен?

МАРИНА. *(ойланып)*. Қанша еді, тәңірі!? Есімнен шығып кете қойғаны ма? Сен мұнда... бұл жаққа қашан келіп ең өзі?.. Онда Сонечканың анасы Вера Петровна тірі еді ғой! Ол барда сен бізге екі рет қыста соғып кеткенсің... Ендеше, оған да он бір жыл болғаны ғой! *(Ойланып)*. Жоқ, әлде одан гөрі көбірек пе екен.

АСТРОВ. Содан бері қатты өзгеріппін бе?

МАРИНА. Өзгергенде қандай! Уылжыған жас, әдемі жігіт ең! Қазір қартайыпсың. Ажарың да таяйын депті. Ептеп ішетінің де байқалады.

АСТРОВ. Иә... Айналасы он жылда адам танымастай боп өзгеріп шыға кепсің де! Себебі неде деп ойлайсың? Жұмыс бастылық, әжесі. Ертеден қара кешке тізе бүкпейсің. Кешке төсегінде де біреу-міреу шақыртып әкете ме деп қыпылықтап жатасың. Сіздермен танысқалы бір күн қолым бос боп көрген емес. Қайтып қартаймассың?! Оның үстіне, тәйірі оңып тұрған өмір бар ма? Жігеріңді қаралай құм қылатын көңілсіздік, настық пен надандық... Төңірегін тола — әпенде, өңшең бір делқұлы. Олармен бір-екі жыл араласқасын өзіңнің қайтып делқұлы боп кеткеніңді байқай да алмай қаласың. Пешенеңе әуелдеп жазылғаны сол болған соң амалың қанша! *(Мұртының шалғысын ширатып)*. Көрдің бе, мұртым да селтиіп өсіп кетіпті... Бұл да сол делқұлылықтың бір белгісі. Менің де, міне, әпенде болмаған ештеңем қалмады, әжесі... Әзір әйтеуір нақұрыс бола қойғам жоқ.

Құдайға шүкір, ақыл-есім орынында. Алайда, әлгі сезімталдық дегеннен атымен жұрдай болдық. Бірақ, мына өзіне көңілім бәз-баяғысындай. *(Басынан сүйіп)*. Менің де бала күнімде тап сендей күтушім болып еді.

МАРИНА. Бәлкім, тамақ ішерсің?

АСТРОВ. Жоқ. Оразаның үшінші аптасында індет шығып, Малицкосға кеткем. Сүзек шығыпты. Қай үйге кірсең де, баудай түсіп жайрап жатқан бір адам. Түтін, ыс, лас... Ауырып жатқан адамның қасына бұзау байлап қойыпты, қорсылдап торайлар қыдырып жүр. Бытысып жатқан ию-қию дүние. Күні бойы тікемнен тік тұрдым. Нәр сызсам бұйырмасын. Өліп-талып келсем — операция жасай гөр деп бір теміржолшыны салақтатып алып жеткендері. Сорлатқанда, ол жазған хлороформды көтере алмай, тіл тартпастан көзапара мүрдем кетті. Әншейінде былқ етуді білмейтін сезім шіркінің сондай керегі жоқ жерде ояна кететін әдеті емес пе! Әдейі өлтіргендей-ақ қатты қиналғаным. Отыра кеп, көзімді тарс жұмып ап, ойға шомайын. Біз ғой бүгінде бір кезде солардың маңдайы ашылар ма екен деп мұрнымыздан шаншылып жүрміз. Ал солар, әлгі бізден жүз-екі жүз жыл кейін туатын ұрпақты айтам, біздерді естеріне алып, рахмет айтар ма екен деп уайымдайым. Әжесі, сен қалай ойлайсың, олар бізді ойларына алар ма екен, сірә?

МАРИНА. Жақсылықтың есесі кісіден қайтпағанмен тәңірден қайтады ғой.

АСТРОВ. Әй, мың жаса! Жақсы айттың-ау!

Войницкий кіреді.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Үйден шығады, тәңертеңгі тамақтан кейін ұйқы соғып, бет-аузы күптей боп ісіп кетіпті, орындыққа отырып, сәнді галстугін түзеп қояды.)* Иә...

Пауза.

Иә...

АСТРОВ. Ұйқың қанды ма?

ВОЙНИЦКИЙ. Иә... Қанғанда қандай! *(Есінейді)*. Профессор мен жұбайы келгелі мұндағы тіршіліктің шырқы бұзылды. Уақытылы ұйықтау деген қалды. Дастархан басында да қайдағы бірдеңелерді қаузалап отырғаның. Шарап ішесің... Бәрі қып-қызыл зиян! Соня екеуміздің бұрын бір минут та қолымыз босамайтын. Енді, міне, жұмыс жасайтын, тәңір жарылқағыр, жаңғыз Соня. Ал менің шаруам — ұйқы соғу, ішу, жеу... Жақсы нәрсе емес!

МАРИНА. Тәртіп болғаныңа! Профессор ұйқыдан са-

ғат он екі болмай тұрмайды. Самауыр болса, сары ала таңнан сарқылдап күтіп тұрғаны. Олар жоқта біз де ел секілді түскі тамақты сағат бірде ішуші ек. Енді, міне, жетіде ішетін болдық... Профессор түні бойы оқиды, жазады, түн ортасында сағат екілерде қоңырау сылдыратады... «Неге шақырдыңыз, көкешім?» «Шәй!» Жұртты шырт ұйқысынан оятып, самауыр қойғызып жүргенің... Мұндай да тәртіп болады екен!

АСТРОВ. Сонда олар мұнда ұзақ тұрмақшы ма?

ВОЙНИЦКИЙ. *(Ысқырып жібереді)*. Жүз жыл тұрмақшы. Профессор осында біржола орын тебуге ұйғарыпты.

МАРИНА. Міне, көріп тұрсың ғой! Самауырдың қайнағанына екі сағаттан асты, ал олар болса серуендеуге кетті.

ВОЙНИЦКИЙ. Келе жатыр... Абыржымай тоқтай тұр. *Дауыстар естіледі. Жақтың түп жағынан серуендеп қайтып келе жатқан Серебрянов, Елена Андреевна, Соня мен Телегин көрінеді.*

СЕРЕБЯКОВ. Тамаша, тамаша... Ғажайып көрініс.

ТЕЛЕГИН. Керемет екен, аса мәртебелім.

СОНЯ. Біз ертең орманшыларға барамыз, папа? Сен бармайсың ба?

ВОЙНИЦКИЙ. Мырзалар, шәй ішейік!

СЕРЕБРЯКОВ. Достым, рахым ете көріңіз, маған шәйді кабинетке әкелерсіз. Әлі біраз бітпеген шаруаларым бар еді.

СОНЯ. Орманшыларға барсаңыз, сізге қатты әсер ететініне мен кепілмін.

Елена Андреевна, Серебрянов және Соня үйлеріне кетеді. Телегин столға келіп, Маринаның қатарына отырады.

ВОЙНИЦКИЙ. Шіркіннің әйелі неткен сұлу еді! Тамаша адам! Өмірімде ондай көрікті әйелді көріп тұрғаным осы.

ТЕЛЕГИН. Дала кезейін мейлі, саялы бақты кезейін мейлі, жоқ мынау дастарханға көзім түссін мейлі, Марина Тимофеевна, мен бір адам түсініп болмас рахатқа батам да жүрем! Ауа райы болса мынау-жарқырап тұр, құстар болса анау — тамылжыта сайрап тұр, көңлімізде бір-бірімізге деген тырнақтай да кірбің жоқ. Сонда бізге тағы не қажет! *(Стаканды алып жатып)*. Сізге шексіз ризамын!

ВОЙНИЦКИЙ. *(Манаурап)*. Не айт дейсің?

АСТРОВ. Біз ести қоймаған жаңалық бірдеңе...

ВОЙНИЦКИЙ. Ондай ештеңе жоқ. Бәрі белгілі

жәйттар. Өзім де сол баяғы таз қалпым, кері кетпесем, ілгері басқан түрім көрінбейді. Әбден көк жалқау болып алдым, күні бойы қолымды кимылдатпаймын, сонда да ештеңеге көңілім бітпейді, қайдағы бір алжыған кәрі қақпастар құсап тортаңдаймын да жүрем. Әлгі біздің кәрі сауысқан, шешемді айтам ғой, әлге дейін әйел теңдігі деп күңкілдейді. Бір аяғы-жерде, бір аяғы-көрде тұрғанымен ісі жоқ, қайдағы бір сұңғыла кітаптарды ақтарып, жаңа заманның жарқырап атар жарқын таңын іздейді.

АСТРОВ. Ал, профессор ше?

ВОЙНИЦКИЙ. Профессор ертеден қара кешке кабинетінен шықпайды. Бұрқыратып жазады да жатады.

Ақылды сарқып, мыйды-қатырып жазсақ та мадақ жыр күнде,

Не өлеңімізді, не өзімізді елейтұғын жоқ бір пенде!

Есіл қағаздар-ай десеңші! Соларының орнына өзінің өмірбаянын жазса ғой тіптен ғанибет болар еді! Қандай тамаша сюжет десеіші! Отставкаға шыққан профессор. Әлгі бір қалған қақпыш оқымыстылар болады ғой. Мынау да нағыз сол! Белінің шойырылмасы, басының сақинасы, буын-буынының сырқырмасы бар. Қызғаныш пен күншілдектен бауырында саутамдық сау жер қалмаған, бәрі жидіп кеткен. Кәрі қақбас қалада тұруға қалтасы көтермейтін болғасын алғашқы әйелінің мекен-жайына кеп амалсыз бас сауғалап отыр. Бағы жарқырап жанып тұрса да, қайдағы бір «бақытсыздықтарын» айтып жылап-сықтайды да жүреді. Өзің айтшы, оған енді бұдан асқан қандай бақыт керек! Күні кешегі қарапайым дүмше дьяктың баласы, бурсак, бүгін кеп ғылыми лауазымға, кафедраға қолы жетті, «аса мәртебелім» атанды, сенатордың қызын алды, тағысын тағылар. Жә, оның бәрі түк емес-ау! Сен алдымен мынаны ойлашы. Өнерден өзінің мұрнына иіс бармай тұрып, міне, аттай жиырма бес жыл бойына күйіс қайырған сиырдай реализм, натурализм, тағы сол сияқты бос сандырақтар турасында басқалар баяғыда айтып қойғанды қайталап айтумен келеді. Жиырма бес жыл бойына оқып-жазып келе жатқаны ақылдылар әлдеқашаннан білетін, ақымақтарға түкке қажеті жоқ бос былжырақ бірдеңелер. Сонда жиырма бес жыл бойына құр бекерге арам тер боп келгені ғой! Сүйтіп жүріп көкірегі тау жарғандай. Аспандағы айға қол созады. Міне, отставкаға кетіп еді, кімнің

оның өлі-тірісімен ісі болып жатыр? Ешкім оны білмейді, ешкім оны іздемейді. Демек, ол жиырма бес жыл бойы бөтен біреудің орынын иеленіп, бөтен біреудің нанын жеп келді деген сөз. Ал, жүрісіне қарашы: жер тәңірдің өзі сияқты, басқанынан жер ойылардай!

АСТРОВ. Сен оны күндейтіннен саумысың өзің?

ВОЙНИЦКИЙ. Иә күндеймін. Әйелдерден қандай жолы болғыш! Дон-Жуанмын деп жүрген талайлар мұның қасында жіп есе алмай қалады. Алғашқы әйелі, менің апайым, таза болғанда мынау аспандай мөп-мөлдір, көрікті де, кісілікті де кісі еді. Қайырымдылығы қандай еді! Ізеттілігі қандай еді! Оның сұлулығына табынатындар мына оқымыстының шәкірттерінен әлдеқайда көп болатын. Сүйтіп жүріп ол мынаны періштенің періштеге ғашық болғанындай, өліп-өшіп жақсы көретін. Менің анам, оның енесі, әлі күнге бұл дегенде ауызын ашып, көзін жұмады. Екінші әйелінің қандай парасатты, қандай көрікті адам екенін әлгінде өзің де көрдің ғой. Сол енді, міне, кісі құрығандай, қартайған осыған күйеуге шығып, есіл ажарын, басының бостандығын, жарқылдаған жастық дәуренін бір соның жолында пидаға шалып отыр. Неліктен, неге сонша өліп-өшеді.

АСТРОВ. Сондай қалай, профессордың әйелінің күйеуінің алдында еш кінәсі жоқ қой.

ВОЙНИЦКИЙ. Сорлатқанда солай болып тұр емес пе!

АСТРОВ. Оның несі айып?

ВОЙНИЦКИЙ. Бұнысы адалдық емес, барып тұрған алдамшылық. Ақылға сыймайтын арзымсыз тақуалдық. Өлердей жек көретін кәудіреген кәрі күйеуінің көзіне шөп салу күнә болғанда, бойындағы жастық жігерді өзің тұншықтырып, жалын сезімді өзің өшіру күнә емес пе екен!

ТЕЛЕГИН. *(Жыламсырап)* Ваня, сенің осындай әңгімеңді жек көрем. Түсінбейтұғын несі бар... Күйеуінің не әйелінің көзіне шөп салатын опасыз адам ертең Отанын да оңай сатып кете алады емес пе!

ВОЙНИЦКИЙ. *(Ашуланып)*. Фонтандай лақылдамай, тоқтай тұршы, Вафля!

ТЕЛЕГИН. Ғафу ет, Ваня. Менің әйелім тойымыз өтер-өтпесте, көркіме көңілі бітпей, көнілдес біреуімен қашып кетті. Бірақ, соған қарамастан, мен жар ал-

дындағы адалдығыма тырнақтай кінәрат келтіріп көрген емеспін. Өзін әлі күнге жақсы көрем, әлі күнге көзіне шөп салғам жоқ, бөтен еркектен тапқан балаларын тәрбиелеуге қолдан келген көмегімді аяған емеспін. Басымдағы бақтан айырылдым екен деп, абыройымнан айырылам ба? Ал, ол болса... Жас дәурен өтті де кетті. Жаратылыстың заңына амалың қайсы, жарқылдаған ажардан да айрылды, көңілдес кісісі марқұм боп кетті. Сонда енді оған не қалды?

Соня мен Елена Андреевна кіреді, олардан сәл кейінірек қолына кітап ұстаған Мария Васильевна кіреді, ол отыра қалып, кітап оқуға кіріседі, жұрт оған шәй ұсынады, ол шәй ішіп отырып та, кітаптан көзін алмайды.

СОНЯ. *(Асығып, күтушісіне).* Әжесі, анда мұжықтар келіп тұр. Соларға барып сөйлесіп келші, шәйді мен құя тұрайын. *(Шәй құя бастайды).*

Күтуші әйел кетеді. Елена Андреевна шәйді әткеншекте отырып ішеді.

АСТРОВ. *(Елена Андреевнаға).* Сіздің күйеуіңізге бола келіп ем. Хатыңызда қатты сырқат, буын-буынынан алатын сарық ауруы, белінің құяңы, тағы басқа толып жатқан науқастары бар деп едіңіз, аман-есен серуен құрып жүр ғой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Кеше кешке аяғым сырқыратып алып барады деп жатып қалып еді, бүгін жаман емес...

АСТРОВ. Мен ендеше жеткенше асығып, отыз бес шақырым жерден ат сабылтып жүрсем. Жарайды, мұндай-мұндайды көріп отырғаным бір бұл емес. Оның есесіне, бүгін осында қонып, ұйқымды бір қандырып алатын болдым.

СОНЯ. Міне, тамаша! Сіз бізге қонбағалы қашан! Әлі тамақ та ішпеген шығарсыз-ау!

АСТРОВ. Иә, тамақтана қойған жоқ едім.

СОНЯ. Ендеше, қонақ боласыз. Біз бүгін түскі тамақты сағат жетіде ішеміз. *(Шәй жұтып көріп).* Ой, суып қалыпты ғой.

ТЕЛЕГИН. Иә, самауыр салқындап қалыпты.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иван Иванович, ештеңе етпейді. Біз шәйді салқындатып та ішеміз.

ТЕЛЕГИН. Ғафу, етерсіз! Иван Иванович емес, Иван Ильич. Иә, Илья Ильич Телегин. Кейбіреулер бетімнің секпіліне қарап Вафля деп атайды. Мынау

Сонечкаға өкіл әке болам. Оны сіздің аса мәртебелі күйеуіңіз жақсы біледі. Енді, міне, сіздің мекенжайыңызда тұрып жатқан жайымыз бар. Өзіңіз де байқаған шығарсыз, күнде бірге тамақтанып жүрміз ғой.

СОНЯ. Илья Ильич — біздің көмекшіміз. Әкемнің оң қолы. *(Пейілденіп)* Келіңіз, өкіл әке, тағы да шәй құяйын.

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Ах!

СОНЯ. Не боп қалды, әжетай.

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Қап, Александрға айтуды ұмытып кеткенімді қарашы... Осы менің жадым сондай нашарлап кеткен... Бүгін Харьковтегі Павел Алексеевичтен хат келіп еді-ау! Өзінің жаңа брошюрасын жіберіпті.

АСТРОВ. Міне, қызық!

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Қызығы қызық-ау, бір таңғалатын нәрсе болып тұрғаны. Ол өзінің осыдан жеті жыл бұрын қызыл өңеш боп қорғап баққан пікірлерін бүгін кеп өзі жоққа шығарыпты. Одан асқан сөлекеттік болар ма!

ВОЙНИЦКИЙ. Мынасы сұмдық екен. Шәй алыңыз, мамасы, шәй алыңыз!

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Жоқ, менің сөйлегім келіп отыр!

ВОЙНИЦКИЙ. Мүйізін шығатын болса, елу жыл бойына сөйлеп, брошюра оқып келеміз ғой. Соның да бір жалықтыратын кезі бар шығар.

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Неге екенін білмеймін, сен осы мен аузымды ашсам болды, тыңдағың келмей тыржындап бітесің. Кешір, Жан, кейінгі жылдары сен сондай өзгеріп кеткенсің, мен кейде тіпті тани алмай қалам... Сен бұрын белгілі бір өз көзқарасы, өз пікірі бар абзал жанды адам сияқты едің...

ВОЙНИЦКИЙ. Иә, тауып айтасың! Бәсе, мен сондай абзал жанды адам боп жұрттың бәрін қарқ қылып жатыр едім-ау...

Пауза.

Абзал жанды адам едің... Одан артық не деп мұқатсың!.. Биыл қырық жетіге келіппін. Өткен жылға дейін мен де мына сізге ұқсап шын өмірдің қандай екенінде шаруам болмай, қайдағы бір құрғақ қиялды қуып, өзімді өзім алдап жүрдім. Оны, өзімше, жақсылық қой деп ұқтым. Қазір соған қалай өкінетінімді білсеңдер ғой! Енді, міне, бүгін кеп кәріліктің шет-жепірін көре

бастағанда, өзімді өзім талай қызықтан қағып, есіл уақытты құр бекерге өткізгенім есіме түссе болды, ызадан түні бойы ұйқым келмей төңбекшіп шығам...

СОНЯ. Ваня ағай, мынауыңыз іш пыстыратын әңгіме екен!

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. (Ұлына). Сен өзің бұрынғы көзқарастарыңа баз кешіп отырғаннан саусың ба? Тағдырыңның бұлай болғанына көзқарасың емес, өзің айыптысың ғой! Көзқарастың бір өзін ғана алып қарасаң, ештеңеге тұрмайтын құрғақ сөз боп шығатынын есінде ұстамағансың. Саған әрекет керек еді ғой, әрекет...

ВОЙНИЦКИЙ. Әрекет дейсіз бе? Сіздің әлгі герр профессор секілді күні-түні жазу жазатын мәңгілік двигатель болу екінің бірінің қолынан келе бере ме!

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Сондай не айтпақсың?

СОНЯ. (Жалынып). Әжетай! Ваня ағай! Жалынамын, қойсаңыздаршы!

ВОЙНИЦКИЙ. Қойдым. Үнімді өшірем әм кешірім сұраймын.

Пауза.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Күн бүгін қандай жақсы еді... Ыстық емес, жаймашуақ...

Пауза.

ВОЙНИЦКИЙ. Мұндай күн – асылып өлуге таптырмайтын әбден жақсы күн.

Телегин гитараның күйін келтіреді. Марина үй айналып тауық шақыра бастайды.

МАРИНА. Шепе, шепе, шепе...

СОНЯ. Әжесі, мұжықтар неге келіпті?

МАРИНА. Сол баяғы бос жатқан жердің әңгімесі ғой. Шепе, шепе, шепе...

СОНЯ. Нағып бүйтіп мазалана қалдыңыз?

МАРИНА. Әлгі шұбар тауығы құрғыр балапандарын ертіп кетіпті. Қарғалар алып кетпесе жарар еді... (Кетеді).

Телегин полька ойнайды, бәрі үнсіз тыңдайды. Қызметші кіреді.

ҚЫЗМЕТШІ. Доктор мырза осында ма? (Астровқа). Кешіріңіз, Михаил Львович, сізді шақырып келіп тұр.

АСТРОВ. Қайдан?

ҚЫЗМЕТШІ. Фабрикадан.

АСТРОВ. (Ренішпен) Мархабат ете көріңіз. Жүру керек боп қалды.

(Көзін жүгіртіп төңірегінен фуражкасын іздей бастайды). Өкінішті-ақ, қап мына тәңір атқыр...

СОНЯ. Расында да, өкінішті. Фабрикадан қайтарда тамақтанып кетсеңіз қайтеді.

АСТРОВ. Жоқ, кеш боп кетеді. Әлгі пәле қайда құрыған... (Қызметшіге). Сүйіктім, шынында да, маған бір рюмка арақ әкелмес пе екенсің!

Қызметші шығып кетеді.

Қайда жоғалды әлгі... (Фуражкасын тауып алады). Островскийдің бір пьесасында мұрты үлкен де, қабілеті аз біреу бар-ау! Сол мына менмін-ау деймін. Ал, ғафу өтінемін, мырзалар... (Елена Андреевнаға). Егер уақыт тауып, мәселен мына Софья Александровнамен бірге, біздің де баспанамызға бас сұғып шығар болсаңыз, қуанышым қойныма сыймас еді. Мекенжайым онша үлкен емес, бар болғаны он үш десятинадай ғана, бірақ ондағыдай бақ пен питомникті бұл төңіректе басқа ешқайдан іздеп таба алмайсың... Қазынаның орман шаруашылығы да қасымызда. Орманшы кәрі кісі және ылғи ауырып жатады. Шындап келгенде, орман шаруашылығы да менің мойнымда.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Орманды жақсы көретініңізді жұрттан естігем. Әрине, оның да өте пайдалы іс екені рас, бірақ негізгі мамандыңызға ешқандай кедергі келтіріп жүрмей ме? Сіз дәрігерсіз ғой.

АСТРОВ. Біздің негізгі мамандығымыздың не екенін, білсе тек бір құдай ғана білетін шығар.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бұныңыз қызық екен?

АСТРОВ. Иә, қызық екені рас.

ВОЙНИЦКИЙ. (Кекетіп). Қызық болғанда қандай!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (Астровқа). Жасыңыздың тоқтасып қалған ештеңесі жоқ. Өзіңізге қарағанда сол отыз алты, отыз жетілердің шамасында сияқтысыз... Ендеше, ол тап сіз айтқандай, қызғылықты іс бола қоймас. Маңайыңыз — меңіреу орман. Меңінше, тым іш пыстыратын бір қалыпты сүреңсіз өмір ғой.

СОНЯ. Жоқ, ол өте қызық! Михаил Львович жыл сайын жаңа ағаштар, отырғызады, сонысы үшін жуықта қала медаль мен диплом алды. Ол қартайған ағаштарды құртуға қарсы күресіп жүр. Егер бұл жайында өзіне айтқызсаңыз, орман — жердің көркі. Адамдарға сұлулықты ұқтырып, көңілдеріне ұлылық, ірілік бітіретін сол. Орман қатал климатты жұмсартады. Климаты жұмсақ жерде адамдар табиғат пен күреске

аз күш жұмсайды. Сондықтан ондай жердің адамдары нәзік, биязы мінезді, сымбатты, оңай әсерленетін сезімтал боп келеді. Жүріс-тұрыстары да сондай сұпайы боп, сұлу сөйлейді. Олардың ғылымы мен өнері ылғи өрге басып, философиялары күңгірттік пен күйректіктен таза, әйелдерге деген көзқарасы мейлінше абзал, мейлінше жарастықты боп келетін көрінеді.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Күліп)*. Ой-пәле-ай! Бұның бәрі естір құлаққа сондай әдемі болғанмен, көңілге көп қона қоймайды екен. Сондықтан да *(Астровқа)*, достым, маған әзір үйді отын жағып қыздырып, сарайды бөренеден қалауға рұқсат ет...

АСТРОВ. Сен пешті торф жағып қыздырып, сарайды тастан салсаң да, ештеңең кетпейді. Жә, аса зәру мұқтажыңа ағаш кесуге де болады. Бірақ, басқа-көзге қарамай отай берудің қажет қанша. Орыстың орманының түбіне ақыры ақ балта жетіп тынады. Миллиардтаған бәйтерек босқа күйреп, талай аң-құс пана мен ықтан айрылады, талай өзен тартылып, талай арна құрғады: талай көрікті көрініс көз көрмеске жоғалды. Соның бәрі — қайдағы бір кер жалқаулардың аяғының астында жатқан тегін отынды иіліп теріп алуға ерінгендігінің салдары, *(Елена Андреевнаға)*. Шынында да, солай ғой, ханым? Соншама, көз жауын алар, көрікті отқа өртеп, өз қолыңнан келмейтін кереметті оп-оңай құртып жіберу үшін ақылдан атымен саңылауы жоқ жабайы біреу болу керек шығар. Адамға өзіне мирасқа бұйырған асыл қазыналарды одан әрі көбейтсін деп ақыл ой мен орасан зор творчестволық күш берілген, ал ол болса, әліге дейін жайнатудың орнына жайратумен, құрпыртудың орнына күйретумен келеді. Орман болса, азайған үстіне азая түсуде. Өзендер болса, тартылған үстіне тартыла түсуде. Аң мен құс болса, ауып кетіп жатыр. Климат болса, бұзылды. Жер байғұс күннен-күнге құнарынан, көркінен айырылып барады. *(Войницкийге)*. Сен, міне, мені мошқап күліп отырсың. Сен үшін әлгі айтып тұрғанымның бәрі мәнсіз-дәмсіз бос былшыл. Кім біліпті, шынында да, бұным әпенделік шығар. Бірақ, озбыр балтаның аузынан өзім айырып алып қалған шаруалардың шағын тоғайларының қасынан өткенде, немесе өз қолымнан отырғызған балапан шыбықтардың жайқалып өніп, сусылдай сыбдырлағанын естігенде,

климат, аз болса, менің ықпалыма көнгендей, егер бұдан мың жыл кейін адамдар өздерін бақытты сана-са, соған менің, сәл де болса, септігім тигендей сезінемін. Бала қайыңды отырғызып, оның бүр жарғанын, желмен тербеліп желкілдей бастағанын көргенде көкірегімді мақтаныш кернейді, мен де... *(Подноска қойып, бір рюмка арақ алып қызметші кіреді)*. Бірақ... *(Ішегі)*. Кететін уақыт болды. Кім біліпті, бұның бәрі, түптеп келгенде, әпенделік шығар. Бәріңе де тағзым етем. *(Үй жаққа қарай беттейді)*.

СОНЯ. *(Колтығынан алып)*. Бізге қашан келесіз?

АСТРОВ. Білмеймін...

СОНЯ. Тағы бір айдан соң ба?

Астров пен Соня үйге кіріп кетеді. Мария Васильевна мен Телегин столдың қасында қалады. Елена Андреевна мен Войницкий террасаға қарай беттейді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Ал, сіз, Иван Петрович, тағы да жүгенсіз кеттіңіз. Мәңгі двигатель туралы айтып, Мария Васильевнаның намысына тиюдің қанша қажеті бар еді? Бүгін таңғы тамақ үстінде Александрмен тағы да шекісіп қалдыңыз. Осының бәрі усақтық емес пе!

ВОЙНИЦКИЙ. Егер оны өлердей жек көріп отырсам, сонда қайтуым керек еді?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Александрды жек көрудің жөні жоқ. Жұрт қандай болса, ол да сондай. Тап сізден жаман емес енді...

ВОЙНИЦКИЙ. Егер өзіңізді өзіңіз сыртыңыздан қадағалап, өзіңіздің қандай екенін, не тірлік, не әрекет жасап жүргеніңізді көрсеңіз бар ғой... Өмір сүруге ешқандай зауқыңыз соқпас еді. Неткен жалқаулық, неткен самарқаулық десеңізші!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иә, иә, неткен жалқаулық! Неткен сүреңсіз өмір. Жұрттың бәрі менің күйеуімді жамандайды, жұрттың бәрі маған: сорлының күйеуі неткен кәрі еді! — деп мүсіркей қарайды. Өздерінше жандары ашығансиды. Оның бәрін мен бес саусағымдай білем. Орманды бүйтіп бостан босқа қирата берсеңдер, жер бетінде ештеңе де қалмайды — деп жаңа Астров айтты ғой. Егер адамдарды да дәл солай нақақтан нақақ қудалай берсеңдер, жер бетінен көп ұзамай адалдық та, пәктік те, біреудің жолында өзін құрбандыққа шалатын мәрттік те түгел құриды. Көзіңізге түскен көрікті әйел құрығыма түсе кетпеді екен деп шала бүліну шарт па екен! Өйтетін себебіңіз,

әлгі доктор дұрыс айтады, бәріңіздің де көкірегіңізде көзге түскенді құртпай тынбайтын бір-бір әзәзіл отыр. Сіздердің орманға да, құстарға да, әйелдерге де, тіпті бір-бірлеріңізге де жандарыңыз еш ашымайды.

ВОЙНИЦКИЙ. Осындай пәлсапашылдықты жек көрем.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Әлгі доктор сондай шаршаған, әбден жүйкелеп біткен кісілердің сойынан. Бетпішіні сондай қызық. Сыңайы біздің Соняға өзі қатты ұнайтын болса керек? Тіпті ғашық па деймін. Бірақ, ол қызды да түсінуге болады. Мен келгелі ол кісі осында үш рет келді. Алайда, мен ұялшақтық жасап, ешқайсысында да онымен дұрыстап сөйлесіп, ықылас көрсете алмадым. Ол, шамасы, мен ренжіп тұр деп ойлап кетті. Иван Петрович, біз екеуміз осы екеумізде сондай кірпияз, екеуміз де сондай қазымыр адамдар болғандықтан достасып жүрген жоқ па екенбіз! Шынында да, сондай қазымыр, сондай қырыс қабақ жандармыз ғой. Сіз маған бүйтіп қарамаңызшы, мен ондайды жек көрем!

ВОЙНИЦКИЙ. Сізді өліп-өшіп сүйіп тұрсам, басқаша қайтып қарай алам! Бақытым да, жастығым да, өмірім де бір өзіңсіз. Мен сүйгенмен, сіздің сүйе қоятыныңызға зәредей де сенімім жоқ, бірақ басқа ештеге сұрамайын, тек жүзіңізге осылай қарап, үніңізді естіп жүруге рұхсат етсеңіз болғаны...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жә, жайырақ сөйлеңіз. Естіп қап жүрер.

Үйге беттейді.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Соңынан еріп)*. Маған тек осылай сүйетінімді айтуға рұхсат етіп, қасыңыздан қумасаныз болғаны. Соның өзі де мен үшін асқар таудай бақыт...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мынауыңыз нағыз азап қой...

Екеуі де үйге кіріп кетеді. Телегин полька ойнайды, Мария Васильевна брошюраның жиегіне бірдеңе жазып жатады.

ШЫМЫЛДЫҚ.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Серебряковтың үйінің асханасы. Түн. Бақ ішінде күзетшінің тоқылдағы естіліп тұрады. Серебряков (ашық терезенің алдында креслода қалғып отыр) және Елена Андреевна (күйеуінің қасында қалғып отыр).

СЕРЕБРЯКОВ (*Селк ете түсіп*). Бұл кім? Соня, сенбісің?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иә, бұл менмін.

СЕРЕБРЯКОВ. Леночка, бұл сен екенсің ғой... Аяғымның сырқырағаны шыдатар емес!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жамылғың түсіп қалыпты ғой. (*Аяғын орайды*).

АЛЕКСАНДР. Терезені жабайын.

СЕРЕБРЯКОВ. Жоқ, маған сондай қапырық... Әлгі бір кезде көзім жұмылып кетіп еді, сөйтсем, сол аяғым бөтен біреудің аяғы боп түсіме кіргені. Бірдеңе тызылдап ауыртқан соң, оянып кеттім. Жоқ бұл сарық ауру емес, шамасы, сол құяң болар. Қазір сағат қанша өзі?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Он екіден жиырма минут кетіпті.

Пауза.

СЕРЕБРЯКОВ. Тәңертең кітапханадан Батюшковты іздеші. Сол бізде бар сияқты еді ғой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. А?

СЕРЕБРЯКОВ. Тәңертең Батюшковты ізде деймін. Есімде, сол бізде бар болатын. Тынысым неге мұнша қиындап кетті!?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Шаршаған шығарсың. Екі күн қатарынан ұйықтаған жоқсың ғой.

СЕРЕБРЯКОВ. Жұрт осы аурудан Тургенев демікпеге ұшырапты дейтін еді. Мен де сөйтіп жүрмесем еді. Бәрі де әлгі кәріліктің қырсығы ғой. Құрып кеткір нәрсе екен ғой өзі! Қартайғасын кісі өзгеге түгілі өзіне өзі жек көрінішті боп кетеді екен. Байқаймын, қай-қайсың да тап мені көргілерің келіп, өліп-өше қоймайтын сияқтысыңдар.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сен кәрілік туралы айтсаң болды, қартайғаныңа біз кінәлідей, шетімізден ылғи осылай жазғыра сөйлейсің.

СЕРЕБРЯКОВ. Ең алдымен, мына саған жексұрын көрінетін шығармын.

Елена Андреевна аулағырақ барып отырады.

Әрине, оныңның да жөні бар. Ақымақ емеспін түсінем. Сен болсаң — жассың, денің сау, ажарың бар, өмір сүргің келеді; мен болсам — шалмын, тірі өлік десең де, артық емес. Оны түсінбей жүр ғой дейсің бе? Әрине, әлі күнге сүйретіліп тірі жүре алғаным сенің алдыңда айыптымын. Бірақ сәл шыдай тұрыңыздар, көп ұзамай менен де құтыларсыздар. Қашаңғы осылай ілініп салынып жүре берер дейсіздер.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Құдай үшін, бүйтіп жүйкеге тие бермей, бір сәт аузыңды жапшы!

СЕРЕБРЯКОВ. Сонда бір менің қырсығымнан бәрің бірдей діңкелеп, жастық дәуренді босқа зая қып жатқан болдыңдар-ау! Өмірдің қызығына батып кенеліп жатқан жаңғыз мен екенмін ғой. Әрине, солай ғой!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бос сөйлем, сен мені әбден азаптап біттің!

СЕРЕБРЯКОВ. Иә, бәріңді де азаптап біттім, әрине!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Көзіне жас алып)*. Бұған қайтып шыдарсың!

Сонда менен не талап етіп отырсың?

СЕРЕБРЯКОВ. Ештеңе де!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Ендеше, босқа сөйлем, өтінем!

СЕРЕБРЯКОВ. Міне, қызық, Иван Петрович немесе әлгі кәрі есуас Мария Васильевна сөйлей қалса, бәрің теп-тегіс құлақ түре қаласыңдар, ал мен аузымды аштым екен, осылай бірден еңселерің түсіп қоя береді. Тіпті даусымды да естігілерің келмейді. Жарайды, мен бәрің үшін сондай жеккөрінішті өзімшіл озбыр біреу бола-ақ қояйын! Сонда менің асарымды асап, жасарымды жасап, қартайып отырғанда да азынаулақ өзімшіл болуға ешқандай қақым жоқ болғаным ма! Шынында да солай ма? Қалайша, мен, ең болмағанда, қартайған кезімде өзіме сәл-пәл жайлы жағдай жасап, ықылас бөлгендеріңді талап ете алмаймын?!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сенің ол құқына қол сұғып жатқан ешкім жоқ. *Терезе тарс ете қалады*. Жел көтеріліпті, әйнекті жабайын! *(Жабады)*. Жауын жауайын деп тұр-ау! Сенің ондай месіліңді жығып жатқан кім бар?

Пауза.

Бақтағы күзетші тоқылдатып, ыңылдап ән салады.

СЕРЕБРЯКОВ. Бүкіл ғұмырымды ғылымға сарп етіп, кабинетіме, аудиторияға, қадірлі жолдас-жоралар қауымына үйреніп қалған сорлы басым енді, міне, ойда-жоқта мынандай тас табыттың ортасынан бірақ шығып, күнде-күнде қайдағы бір нақұрыстармен мәжілістес боп, қайдағы бір көкімелеріне құлағыңды сарсытып қойғасын не жорық... Мен, әлі де болса, өмір сүргім келеді, жаңа табыстарға жеткім келеді, атақ-даңқты, мақтау-мадақты, қошеметті жақсы көрем, ал мұндағы тіршілік те бір, айдаудағы тіршілік те бір. Минут сайын өткенді аңсап, өксіп, бір жағынан өзгелердің қандай нәрсеге қолдары жетіп жатқанын көріп қызығып, бір жағынан ажалдан қорқып қалтырап-дірілдеп отырғаның... Жоқ, жоқ, бұдан әрі күшім жетпейді. Оның үстіне, мұндағылар менің мұншама ұзақ өмір сүргенімді кешіре алмай, әзірейілдей көріп жүр.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Шыда, сәл шыдасайшы: енді бес-алты жылда мен де қартайам ғой.

Соня кіреді.

СОНЯ. Папа, доктор Астровқа өзіңіз адам жіберіп, ол келгенде қабылдамай қойғаныңыз қалай? Кісіні өйтіп босқа сабылту да инабаттылыққа жата ма екен?

СЕРЕБРЯКОВ. Сенің Астровыңның маған қажеті қанша? Мен астрономиядан қандай хабардар болсам, ол медицинадан сондай хабардар.

СОНЯ. Енді сонда сенің буыныңның сарығына бола бүкіл бір медицина факультетін шақыртамыз ба?

СЕРЕБРЯКОВ. Сенің ол делқұлыңмен сөйлесіп жаттар жайым жоқ.

СОНЯ. Оның өзіңіз біліңіз. *(Отырады)*. Маған бәрібір.

СЕРЕБРЯКОВ. Сағат қанша болды?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бір.

СЕРЕБРЯКОВ. Қаталап барам... Соня, столдан дәрі алып берші!

СОНЯ. Қазір. *(Дәрі алып береді)*.

СЕРЕБРЯКОВ. *(Ашуланып)*. Жоқ бұл емес! Бұлардан бірдеңе сұрасаң, көретін күнің осы-ау!

СОНЯ. Босқа быжылдай бермесенізші енді! Оныңыз басқа біреулерге ұнайтын шығар. Ал мен ондайыңызды, құдай сақтасын, көтере алмаймын. Оған тіпті уақытым да жоқ. Ертең ерте тұруым керек, шөп шабуға барам.

Үстіне халат киіп, қолына шырағдан ұстап Войницкий кіреді.

ВОЙНИЦКИЙ. Далада қара нөсер қаптап келеді.

Найзағай ойнайды.

Көрдіндер ме! Елена, Соня, барып ұйықтандар, сендердің орындарыңа әзір мен отыра тұрайын!

СЕРЕБРЯКОВ. *(Шошып кетеді)*. Жоқ, жоқ! Бұған тастай көрмеңдер! Жоқ, бұның кісіге тиіспесе, басы ауырады. Тағы да дауласып қаламыз.

ВОЙНИЦКИЙ. Бұлар да дем алсын да... Екі түн қатарынан ұйықтаған жоқ қой.

СЕРЕБРЯКОВ. Барсын, ұйықтасын, бірақ сен де кет. Ықыласыңа рахмет. Жалынамын. Бір кезде екеуіміз дос едік қой дейсің бе!

Бір кезде...

СОНЯ. Ваня ағай, үндемей-ақ қойыңызшы!

СЕРЕБРЯКОВ. *(Әйеліне)*. Қымбаттым, қасыма мұны қалдыра көрме! Көріп отырсың ғой, тағы да дауласқалы келіп отыр.

ВОЙНИЦКИЙ. Мынау бір күлкілі жағдай болды-ау!

Қолына шырағдан ұстап Марина кіреді.

СОНЯ. Әжетай, ұйықтасаң етті. Кеш болды ғой.

МАРИНА. Самауыр әлі дастарханда тұрғанда, қайтып ұйықтай аларсың.

СЕРЕБРЯКОВ. Бәрінің де түнде ұйқыларынан, күндіз күлкілерінен айырылып, жүрістері мынау. Рахатқа батып кенеліп жатқан жалғыз мен.

МАРИНА. *(Серебряковқа жақындап барып)*. Немене, көкешім? Ауыра ма? Менің де аяғым сырқырап жүргізбей жүр. Сіздің бұл баяғыдан бергі үйреншікті науқасыңыз ғой. Марқұм Вера Петровна, Сонечканың мамасы, түнді түнге ұрып көзі ілмей шығатын... Ол сізді сондай жақсы көруші еді ғой...

Пауза.

Кәрі кісі де бала сияқты емес пе! Аяғанды, аялағанды жақсы көреді. Бірақ, оларды аяйтын кім бар? *(Серебряковтың иығынан сүйеді)*. Көкешім, барып төсегіңізге жатыңызшы... Сөйтейік, жарқыным... Үйеңкінің жапырағын салып шәй берейін... Аяғыңды жылытайын... Саған қуат бере көр деп құдайға жалбарынайын...

СЕРЕБРЯКОВ. *(Көңілі босап)*. Барайық, Марина.

МАРИНА. Өзімнің де аяғым қан қақсап бастырмай

жүр. *(Соня екеуі Серебряковты екі қолтығынан демейді)*. Вера Петровна мұндайда қолды-аяққа тұрмай, жылап-сықтап әлек-шәлегі шығатын... Соня, сен онда әлі кішкентай едің... Жүре ғой, көкешім.

Серебряков, Соня және Марина шығып кетеді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Әбден қажытып бітірді. Екі аяғымнан зорға тұрмын.

ВОЙНИЦКИЙ. Сізді ол қажытса, мен өзімді-өзім қажытып жүрмін. Ұйықтамағанымға үш күн болды,

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бұл үйдегі тірліктің қиюы әбден кетіп тұр. Сіздің анаңыз әлгі брошюралары мен профессордан басқамыздың бәрін де жек көреді. Профессор ашудан терісіне симай жүр. Маған сенбейді, сізден қорқады. Соняның әкесіне көңілі бітпейді, маған да ептеп реніші бар. Екеуіміздің сөйлеспегенімізге екі апта болды. Сіз менің күйеуім мен өз анаңызды өлердей жек көресіз. Менің де сіркем су көтермей барады, бүгін жиырма рет жылай жаздап барып, өзімді-өзім әзер бастым... Бұл үйден сән кетейін деді.

ВОЙНИЦКИЙ. Осы бір пәлсапа соққанды қояйықшы!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иван Петрович, сіздің ғой осы бір кісідей ақылыңыз да бар, біліміңіз де бар. Дүниені қайдағы бір қарақшылар да, өрт пен топан да емес, осындай өшпенділік, дүрдеараздық, ұсақ-түйек кикілжің құртатынын жақсы білесіз. Сондықтан да өзіңіз бас болып тосыраңдағанша, мына қырғиқабақ жұртты неге бітістіруге күш салмайсыз.

ВОЙНИЦКИЙ. Маған әуелі өзім мен өзімді бітістіріп беріңізші, қымбаттым... *(Қолына жабысады)*.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Тоқтаңыз! *(Қолын тартып алып)*. Кетіңіз!

ВОЙНИЦКИЙ. Қазір жаңбыр құйып өтеді. Жаратылыс тегіс жарқырап, жадырап бір дем алады. Ол нәсер тек менің жанымды ғана жаңғырта алмайды. Есіл өмірім бекерге рәсуа болды-ау деген жексұрын ой албастыдай айқара басып алқындырады да жүреді. Өткен өмір болса түкке керегі жоқ ұсақ-түйекке дая боп күлді көмеш ол өтті, бүгінің болса, мәнсіздіктен басқа еш нышан танытпай, бедірейіп бұл тұр. Өмірімді де, махаббатымды да сіздің жолыңызға шалдым пидаға: қайда жұмсап, қайда құрт дейсіз — өз аузыңыздан айтыңызшы. Есіл ықыласым құрдымға құлаған сәуледей құр бекерге тәрік боп барады. Өзім де, міне, құрып біткелі тұрмын.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сіз осы бір сүйетін-күйетінізді айтқанда, мен қараптан-қарап мәңгүрт тартып, не айтарымды білмей абдырап қалам. Кешірерсіз, мен сізге ештеңе айта алмаймын. *(Кетуге ыңғайланады)*. Қайырлы түн!

ВОЙНИЦКИЙ. *(Алдын кескестеп)*. Мынау үйде өзімнен басқа және бір пенденің — мына сіздің есіл өміріңіздің бостан босқа күйреп бара жатқанын ойлағанда қайтып күйзелетінімді көрсеңіз ғой. Сіз осы не күтіп жүрсіз? Қарғыс атқыр қандай пәлсапа аяғыңызға тұсау боп тұр? Түсінсеңізші өзіңіз...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Жүзіне тесіле қарап)*. Иван Петрович, сіз массыз.

ВОЙНИЦКИЙ. Мүмкін, о да мүмкін...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Әлгі доктор қайда?

ВОЙНИЦКИЙ. Анда... бүгін маған қонып шықпақ. Мүмкін, о да мүмкін! Мүмкін емес нәрсе бар ма, тәйірі!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бүгін де ішіп алыпсыз! Неге бүйтесіз?

ВОЙНИЦКИЙ. Мына қу тіршілік, ішіп алсаң ғана, өмірге ұқсайтын сияқты... Маған кедергі болмасаңыз екен, Елена!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бұрын сіз ішпейтін едіңіз, бүйтіп көп сөйлемейтін де едіңіз... Барып ұйықтаңызшы! Сізді көрсем зерігіп кетем.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Қолына жармасып)*. Аяулым менің, асылым...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Ренжіп)*. Жоламаңыз маған... Осындайыңызды тіпті жек көрем... *(Кетеді)*.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Жалғыз)*. Кетті де қалды...

Пауза.

Мен бұны осыдан он жыл бұрын марқұм апайымның қасынан көріп едім. Ол кезде бұл он жетіде еді де, мен отыз жетіде ем. Сонда неге ғашық боп, сөз салмадым екен? Өйтуіме ол кезде әбден мүмкіндік бар еді ғой. Сөйткенде ғой, бұл бүгінде менің әйелім болар еді... Иә... Онда қазір екеуміз мына найзағайдан бірге шошып оянатын едік... Ол қорқып, менің бауырыма тығылар еді. Мен оны аймалап: «Қорықпа, мен қасындамын ғой!» — дер едім. Ой, шіркін, ой неткен тамаша еді... Тамашалығы сондай, тіпті өңіме күлкі жүгірді ғой... Ой, тоба десеңізші, басымда сан ойлар сапырылысып жүр-ау... Неге қартайдым екен? Ол неге

мен түсінбейді екен, ә? Әлгі бір ділмарсығаны, самарқау сөйлеп ғибрат айтқаны, дүниенің қалай құритыны туралы маған миыңа қонбайтын салғырт ойлары менің қаралай зығырданымды қайнататынына нағып түсінбейді екен?

Пауза.

Қап, қалай қапы соғып қалдым десеңші! Әлгі профессор сымақты, белін көтере алмай жүрген безгелдекті сондай қадірлеуші едім-ау, ол дегенде көк өгіздей көнтеріленіп, бар жұмысын бітіріп беруші ем! Соня екеуміз мына қонысының бар шаруасын жайғастырып ек; екеуміз кулактар құсап, тұзсыз май, бұршақ, сүзбе бәрін сатып сауда жасайтын едік. Сонда солардың шетінен ауыз тиіп те көрмейтінбіз. Тыннан тын балалатып, мыңдаған сомды өзіне салып жіберетінбіз. Оның ғылыми еңбектеріне мақтанып көкірегімізді көтеруші ек. Оларсыз өмір сүре алмайтындай, тіпті ауа жұта алмайтындай көруші ек! Оның қаламынан туған, аузынан шыққан сөз, әр сөз данышпандықтың шырқау шыңындай көрінуші еді... Ал, енді қазір... Міне, ол отставкаға шықты, не бітіріп, не тындырғаны енді белгілі болды: өлгенде оның артында қалар бір бет мұрасы жоқ екен, оның есімін бір жан білмейді екен, ол былайғы жұрт үшін ешкім де емес екен! Сабынның аспанға айналып шыға келетін ақ езу көпіршігі екен, әншейін! Сөйтсем, мен аданыппын, ақымақ екем!

Үстінде жилеті де, галстугі де жоқ, тек сюртук киген Астров кіреді. Көңілді. Қасына гитара ұстаған Телегин еріпті.

АСТРОВ. Ойна!

ТЕЛЕГИН. Жұрт ұйықтап жатыр ғой!

АСТРОВ. Ойна!

Телегин баяулата күй шалады.

(Войницкийге). Жалғызсыз ба? Ханымдар жоқ па? (Баяулатып ән қосады). «Пешінді құлат, үйінді құлат, иеңе ұйықтар орын тап!» Нөсер оятып жіберді. Керек-ақ жаңбыр! Сағат қанша өзі?

ВОЙНИЦКИЙ. Сайтан білсін!

АСТРОВ. Құлағыма Елена Андреевнаның дауысы келгендей болып еді ғой!

ВОЙНИЦКИЙ. Ол әлгінде ғана осында болған!

АСТРОВ. Қатқан келіншек! *(Стол үстіндегі шыныларға көз тастайды)* Дәрілер-ау, шамасы! Рецепттері неткен көп! Харьковтың да, Москваның да, Туланың

да дәрігерлерінің қолы жүр! Қайдағы бір сарық ауруына бола, барлық қалаларды ығыр қылған түрі бар. Ол өзі, шынында да, ауру ма, жоқ, әдейі істей ме?

ВОЙНИЦКИЙ. Ауру.

Пауза.

АСТРОВ. Сен бүгін нағып жабырқаусың. Әлде әлгі профессорды аяп тұрсың ба?

ВОЙНИЦКИЙ. Мазамды алма.

АСТРОВ. Бәлкім, профессоршаға ғашық шығарсың.

ВОЙНИЦКИЙ. Ол әйел — менің досым.

АСТРОВ. Достасып та үлгердіңдер ме?

ВОЙНИЦКИЙ. «Үлгердің бе» дегенің не сөз?

АСТРОВ. Әйел еркекпен достасу үшін әуелі танысы, сосын көңілдесі, содан соң барып досы болады.

ВОЙНИЦКИЙ. Нақұрыстардың пәлсапасы!

АСТРОВ. Қалайша? Иә... Мойындағаным дұрыс. Осы мен, шынында да, нақұрыс болып барам. Көріп тұрсың ғой — маспын. Әдетте айына бір рет қана бүйтіп мас болғанша ішуші ем. Ал, енді мас болды бар ғой, нағыз барып тұрған оспадарсыздың өзі болып шыға келем. Ол кезде маған Еділдің суы жұлықтан келмейді. Қандай қиын операцияларды да оп-оңай-ақ қағып тастаймын. Болашақ жайында не керемет жоспарлар жасаймын. Ондай кезде өзімді әпенде санаймын. Адамзатқа шаш-етектен пайда келтіріп жүрмін деп ойлаймын. Ол кезде бар ғой, мен өзіме өзім бір өз алдына дербес философиялық ілім ашқан асқан данышпан көрінем де, мына сіздердің бәріңіз жәй-әншейін көбелек... жоқ, тіпті микроб секілді бірдеңе боп кетесіздер. *(Телегинге)*. Вафля, ойна!

ТЕЛЕГИН. Достым, сенің жолыңда жанымды пида шалуға бармын, бірақ қазір үйдің іші түгел ұйықтап жатыр ғой!

АСТРОВ. Ойна!

Телегин баяулата күй тартады.

Ішсек қайтеді. Жүріңдер, ана жақта таусылмаған коньяк қалды. Таң сібірлей бізге тартамыз. Жарамай ма? Менің бір фельдшерім бар. Ешқашан «жарай ма» демейді, «джарайма» дейді. Барып тұрған арамза. Джарай ма? *(Кіріп келе жатқан Соняны көріп)*. Кешірерсіз, мен галстук тақпап едім. *(Тез шығып кетеді)*.

Телегин ере шығады.

СОНЯ. Ваня ағай, доктор екеуіңіз тағы ішіп алғансыздар ма? Жарасқан екен қос қыран. Доктордың

ылғи осылай бусанып жүретін әдеті. Ал саған не жорық? Сенің жасыңда бұл ұят қой!

ВОЙНИЦКИЙ. Бұл арада кімнің қанша жаста екенінде қалып тұрған қандай шаруа бар? Өмірдің өз сиқы сондай сұмпайы болса, көлеңдеген көк сағымға алдана тұрғаннан басқа амалың қайсы? Құр алақан құлазып отырғаннан ол да, әйтеуір, шүкіршілік қой.

СОНЯ. Пішен болса — маяулаусыз жатыр, күн болса мынау — күнде селдетіп тұрғаны. Ал сен болсаң — қайдағы бір көк сағымды қуып көлеңдеп жүргенің. Шаруаның шартарап болып жатқанынан хабарың да жоқ... Жалғыз өзім тыпырлай-тыпырлай әбден шаршадым (*Шошып кетіп*). Ағатай, көзіңде жас тұр ғой!

ВОЙНИЦКИЙ. Қайдағы жас! Әншейін ақымақтық қой... Сенің әлгі бір қарағаның марқұм анаңды есіме түсіргені. Аяулы... (*Бетінен қолынан сүйегі*). Аяулы апайым... апатайым... сен қайдасың? Егер сол мұның бәрін білсе ғой. Мұны ол білсе ғой!

СОНЯ. Сізге не болған, ағатай! Ол нені білуге тиісті еді?

ВОЙНИЦКИЙ. Ауыр... Жақсы емес... Ештеңе етпес... Кейін білерсің. Жарайды, мен кеттім... (*Кетегі*).

СОНЯ. (*Есікті қағып*). Михаил Львович! Сіз ұйықтап қалған жоқ па едіңіз? Бір минутке шығып кетіңізші!

АСТРОВ. (*Есік сыртынан*). Қазір! (*Сәлден кейін галстугін тағып, жилетін киіп шығады*). Не бұйырасыз?

СОНЯ. Зауқыңыз соғып бара жатса, өзіңіз ішіңіз, жалынамын, ағатайыма арақ ішкізе көрмеңізші! Оған арақ тіпті жақпайды.

АСТРОВ. Жарайды. Бұдан былай ішпей-ақ қояйық!
Пауза.

Қазір өз қонысыма аттанамын. Уәде-құдайдың аты. Ат жегіп болғанша таң атып үлгереді.

СОНЯ. Сыртта жаңбыр ғой. Таң атқанша кідірсеңізші.

АСТРОВ. Бұлттың беті ауды. Бізге сіркіреп тұрған бір шеті ғана. Жолымнан қалмайын. Бұдан былай әкеңізге бола мені шақырта көрмеңіз. Мен оған бұныңыз буынның сарығуы десем, ол, жоқ «құян» дейді, мен жатыңыз десем, ол түрегеліп отырады. Ал бүгін, өзіңіз көрдіңіз ғой, тіпті сөйлескісі де келмейді.

СОНЯ. Иә, бабы таптырмайтыны рас. (*Буфеттен бірдеңе іздеп*). Тағам ауыз тимейсіз бе?

АСТРОВ. Тисем тиейін.

СОНЯ. Мен түнде тамақтанғанды жақсы көрем. Буфетте бірдеңе бар сияқты еді ғой. Ол заманында әйелдерден қатты жолы болған кісі дейді ғой. Сол немелер өзін еркелете-еркелете әбден есіртіп жіберген сияқты. Міне, ірімшік табылды, алыңыз.

Екеуі буфеттің жанында түрегеліп тұрып тамақ жейді.

АСТРОВ. Мен бүгін аузыма тамақ алмаппын, тек іше беріппін. Сіздің әкеңіз мінезсіз кісі екен. *(Буфеттен бөтелке суырып)*. Бола ма? *(Бір рюмка құйып ішеді)*. Бұл арада ешкім жоқ, күлбілтелемей ашық сөйлесейік. Білесіз бе, мен сіздің үйіңізде бір ай да тұра алмас ем, мынандай қапырық ауадан әлдеқашан тұншығып өлер ем... Әлгі кітабы мен сырқатынан басқаны білмейтін әкеңіз, өмір бойы тортаңдайтын да жүретін Ваня ағайыңыз, әжеңіз ақыр аяғында, әлгі өгей шешеңіз...

СОНЯ. Өгей шешемнен не көрдіңіз?

АСТРОВ. Адамның өңі де, киімі де, жаны да, ойпиғылы да бәрі әдемі болғаны لازم. Оның әдемі екеніне дау жоқ, бірақ... ішкен-жегеннен, ұйықтағаннан, серуен құрып, ажарымен бәріміздің басымызды айналдырғаннан басқа ештеңеге зауқы соқпайды екен. Өз мойнына ешқандай міндет алмайды, ол үшін өзгелер қызмет қылса болғаны... Солай емес пе? Ендеше мұндай бос сенделген өмір де тазалық болуы мүмкін емес.

Пауза.

Бәлкім тым қатал айтып тұрған шығармын. Кім біліпті, олай емес шығар. Мен де сіздің Ваня ағайыңыз сияқты өмірге риза емес кісімін... Әлде содан екеуміз де ештеңеге көңілі бітпейтін тортаң-тосыраң боп бара жатқан шығармыз.

СОНЯ. Сіз өмірге риза емессіз бе?

АСТРОВ. Жалпы өмірде ғашықпын, бірақ біздің мынау өмірді, уездің өмірін, орыстың өмірін, тоғышарлық өмірді ынт-шынтымымен жек көрем. Ал, менің жеке басымның тіршілігін алып қарайтын болсаң, оның да құдай-ақы, жетісіп тұрғаны шамалы. Білесің бе, егер қараңғы түнде қалың орманның арасында келе жатып, жер түбінен бір от көрер болсаң, шаршағаныңды да, қараңғыны да, жолдағы бетіңнен тырнап, етегіңнен тартып жатқан тікенді бұталарды да біржолата ұмы-

тып кетесің ғой. Өзіңіз білесіз, осы уезде аянбай еңбек ететін біреу болса, ол мына менмін; тағдыр маған тауқыметін аямай-ақ тартқызып келеді, кейде тіпті мұндай азапқа шыдай алмастай көрінем, бірақ, менің алдымнан әлгіндей жылтылдап тұрған от жоқ. Мен өзім үшін ештеңе талап етпеймін, мен адамдарды да жек көретін болып барам. Біреуді өліп-өшіп ұнатып көрмегеніме де көп болыпты.

СОНЯ. Ешкімді жақсы көрмейсіз бе?

АСТРОВ. Ешкімді де. Тек сіздің үйдегі күтуші кемпірді ғана баяғы әдетім бойынша ептеп іш тарта-тын сияқтымын. Мұжықтар болса бірінен-бірі өткен надан, нас, ал интеллигенциямен тіл табысу қиын. Олар қаралай шаршатады. Олардың бәрі де біздің ескі таныстарымыз, ойлары таяз, сезімдері таңқы, мұрнынан арғыны көрмейді, қысқасы шетінен ақымақ. Ал, азық-аулақ ақылы барлары ашушаң, жоқтан өзгені ойлап, жіктеп-талдап, қараптан қарап сіркелері су көтермейді... Сәл нәрсеге бола жылап-сықтап, сәл нәрсеге бола өшігіп, даттап бағады, кісіге қырын қарап, қырыстап: «Ой, соны қойшы, қояншық қой», «Әй, ол мылжыңнан не шығушы еді» — деп қаралай торығып жүргендері. Маған қандай айдар атақ тағарларын білмегенде: «Бұл бір қызық адам» деп, кекеп-мошқайды. Мен орманды сүйсем — ол да таңсық, ет жемесем — ол да таңсық. Кісіге деген үйірсектік, адал таза көзқарас әлдеқашан құрыған... Енді іздесең де таба алмайсың. *(Арақ ішпек болады).*

СОНЯ. Жоқ, өтінемін, жалынамын, енді ішпей-ақ қойыңызшы.

АСТРОВ. Неге әй дейсіз?

СОНЯ. Сізге арақ ішкен жараспайды. Сіз сондай сымбаттысыз, даусыңыз да сондай нәзік... Ол ол ма, сіз мен көрген адамдардың бәріне де ұқсамайсыз, сіз сондай әдемісіз. Сіз әлгі карта ойнап, арақтан ауызы құрғамайтын қарадүрсін адамдардай болуға сонша неге құмартасыз? Сіз өйтпеңізші, өтінемін! Сіз адамдар табиғат бергенді молайтудың орнына жоғалтуға, құлпыртудың орнына құртуға құмар деп өзіңіз айтушы едіңіз ғой! Ендеше, неге өзіңіз құртасыз? Өйтпеңізші, жалынамын, жалбарынам, өйте көрмеңізші!

АСТРОВ. *(Қолын ұсынып)* Ендігәрі ішпеймін.

СОНЯ. Мағат уәде бересіз бе?

АСТРОВ. Уәдем уәде.

СОНЯ. *(Қолын қысып)* Шексіз ризамын сізге!

АСТРОВ. Жақсы! Мен айықтым. Көрдіңіз бе әбден құлантаза айығып кетіп, енді өле-өлгенше осы қалпымнан танбаймын. *(Сағатына қарайды)*, Сөйтіп, әлгі әңгімемізді жалғастырайық. Жаңа саған менің дәуренім өтті, енді бәрі кеш деп едім ғой... Қартайдым, жұмыс та қажытты, тұрпайыланып та біттім, сезімім де дөкір тантқан, енді маған кісімен тіл табысу онша оңай бола қоймас. Ешкімді жақсы көрмеппін, енді кімді жақсы жақсы көріп қарқ қыла қоярмын дейсің? Енді мені қызықтыратын жалғыз нәрсе сұлулық қана сияқты. Ол дегенде енжар қала алмаймын. Егер Елена Андреевна зауқы соқса, менің басымды бір күнде-ақ шыркөбелек айналдырып ала алатындай көрінеді де тұрады... Ол бірақ махаббат та, үйірсектік те емес қой... *(Қолымен көзін басып, екі иығы селк-селк етеді)*.

СОНЯ. Сізге не болған?

АСТРОВ. Оны ұмытатын уақыт болды емес пе!

Пауза.

Айтыңызшы, Михаил Львович... Егер менің бір құрбым не сіңлім болып, оның сізді өліп-өшіп сүйетінін білсеңіз, сіз оған қалай қарар едіңіз.

АСТРОВ. *(Иығын қикаңдатып)*. Біле алмадым. Шамасы, оған сүйе алмайтынымды сездіруге тырысып бағатын шығармын... Жә, ол туралы тіпті басым да ауырмайтын сияқты. Қанша дегенмен, қайту керек болса, қайтатын уақыт болды. Сау тұр, көгершінім, әйтпесе, бұл түрімізбен екеуіміз таң атқанша мылжыңдаса берер жәйіміз бар. *(Қолын қысады)*. Мен, егер рұқсат етсеңіз, қонақ үй арқылы шығып кетейін, әйтпесе, орта жолдан сіздің ағайыңыз ұстап қап жүрер. *(Кетеді)*.

СОНЯ. *(Жалғыз)*. Сүйтіп мағат ештеңе айтпады... Оның жаны мен жүрегі мен үшін әлгі шытырман жұмбақ, сүйте тұра, мен өзімді бір түрлі бақытты сезінетінім қалай? *(Күліп жібереді)*. Мен оған жаңа сіз сондай сымбаттысыз, инабаттсыз, даусыңыз да сондай нәзік дедім-ау... Соным ыңғайсыз болмай ма екен? Сөйдегеніме даусы дірілдеп кетті, құлағыма күйдей жағады, ауада әлі қалқып жүр... Менің сіңлім туралы әңгімеге ол атымен түсінбеді... Осыншама ажарсыз болғаным қандай өкінішті! Неткен сұмдық! Ажарсыз екенімді жақсы білем,.. Өткен жексенбіде

шіркеуден шығып келе жатқанымда сөйлесіп тұрған әйелдердің бірінің мен туралы: «Ол сондай қайырымды тәрбиелі қыз, бірақ, бір өкініштісі, сондай ажарсыз», — дегенін өз құлағымнан естідім. Ажарсыз қыз...

Елена Андреевна шығады.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА (*терезені ашады*). Нөсер басылды. Ауа қандай тамаша!

Пауза.

Доктор қайда?

СОНЯ. Кетіп қалды.

Пауза.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Софи!

СОНЯ. Не?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сіз маған қашанға дейін бүйтіп бұртиясыз да жүресіз. Біздің бір-бірімізге жасаған ешқандай жамандығымыз жоқ. Ендеше, қараптан-қарап сызданғаннан не бітеді? Жетер осы да...

СОНЯ. Мен өзім айтам ба деп жүр ем... (*Құшақтайды*). Осы ренжіскеніміз жетер.

Екеуі де қатты толқиды.

СОНЯ. Папам жатты ма?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жоқ, қонақүйде отыр... Екеуіміз апталап бойы бір-бірімізбен сөйлеспейміз. Неге екенін бір тәңір біледі...

(Буфеттің ашық тұрғанын көріп). Бұл не?

СОНЯ. Михаил Львович тамақ жеді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Шарап та бар ма?.. Кел, екеуіміз брудершафт ішейік.

СОНЯ. Жарайды.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Бір-бір рюмкадан ішіп қойсақ қайтеді... (*Құяды*). Осы жақсы. Алдымен сен іш!

СОНЯ. Сен іш.

Ішпес бұрын сүйіседі.

Мен баяғыда-ақ татуласқым келген-ді, бірақ қысылып жүр едім...

(Жылайды).

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сен неге жылайсың?

СОНЯ. Ештеңе емес, жәй әншейін.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жә, жәтер.

(Жылап жібереді).

Әпендем-ай, мені де жылаттың-ау...

Пауза.

Сен мені әкеңе бір еш есебі боп күйеуге шыққан сұмпайы әйел көресің ғой? Егер сенер болсаң, ант-су

ішейін — мен оны сүйші едім. Ғалым, атақты адам болғасын сыртынан қатты құмартушы едім. Сөйтсем, оным нағыз махаббат емес, әншейін қызығушылық екен. Бірақ, ол кезде шынымен ғашықпын деп ойлайтынмын. Менің жазығым қанша? Ал, сен болсаң, біздің тойымыз өтпей жатып, бойыңды менен аулақ салып, секем алған кісідей сезіктеніп қарап әбден азаптанып біттің.

СОНЯ. Жә, жаңа ғана татуластық емес пе? Енді ұмытайық бәрін...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сен бұдан былай маған өйтіп қарама — ол саған жараспайды. Бәріне де сену керек, әйтпесе, өмір сүру тозаққа айналып кетеді.

Пауза.

СОНЯ. Сен маған дос ретінде шыныңды айтшы... Бақыттысың ба?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жоқ.

СОНЯ. Мен оны білетінмін. Тағы да бір сұрақ. Тек шыныңды айт — жас күйеуің болғанын қалар ма едің?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сен өзің сәби екенсің ғой. Әрине, қалағанда қандай? *(Күлегі)*. Тағы да сұрақ қойшы, тағы да Соня, Саған доктор ұнай ма?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Өте ұнайды.

СОНЯ. *(Күлегі)* Менің сиқым ақымақ кісінің сиқына ұқсайтын шығар... Солай ғой? Ол болса баяғыда кетіп қалды. ал мен болсам. міне, оның дауысы мен аяқ басқанын әлге дейін естіп тұрмын; қап-қараңғы терезеге қарасам да, соның жүзін көргендей болам. Түгел айтып болғанша мұрша берші... Бірақ ол жайында бүйтіп жасырмай айтуға ұялам. Менің бөлмеме барайықшы, сонда әңгімелесейік. Мен саған есуас кісі сияқты көрінетін шығармын? Рас па... Ол туралы маған бірдеңе айтшы...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Не айт дейсің?

СОНЯ. Ол сондай ақылды... Қолынан келмейтіні жоқ... Ағаш та отырғыза алады, адамдарды емдей де алады.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Гәп орманда ма екен, медицинада ма екен... Сүйіктім ау, түсінсеңші. ол талант қой! Ал, сен талант дегеннің не екенін білесің бе өзің? Талант деген — батылдық, еркін ойлап алатын ақылды бас, кеңге құлаш сермейтін қарымдылық. Ағаш отырғызса, ол бұдан мың жыл кейін не болатынын көз алдына елесетете алады, бүкіл адамзаттың бақыт-

ты болатынын алдын ала көріп біледі. Ондай адамдар өте сирек кездеседі. Сондайларды сүю керек. Ол ішетін шығар, кейде дәрекі сөйлейтін шығар — онда тұрған не бар екен! Талантты адамдар Россия жағдайында тап-таза, ақ періште боп жүре алмайды. Өзің ойлашы, әлгі доктордың өмірі қандай тауқымет! Жол болса, баттасқан батпақ, шақырлаған аяз, жалаңдаған боран, жер-аяғы қашық, халық болса, шетінен тұрпайы, шетінен дәрекі, төңірегің толы — жоқтық, індет, ылғи осындай жағдайда еңбек етіп, күрес жүргізіп келе жатқан кісі қырыққа өтіп қайдан тап-таза, сап-сау боп жүре алатын еді? *(Бетінен сүйіп)*. Мен саған шын жүректен тілектеспін, сен бақытты болуға сондай лайық жансың. *(Орнынан тұрады)*. Ал мен болсам, көрген түстей сағымдай тез жоғалатын көп күңкілдек кездейсоқ адамдардың бірімін... Өнер қуып та, күйеуге шығып та, ғашық болып та баянды ештеңе таба алмайым, жерде де, мен бір төбеден түскендей кездейсоқ адаммын. Шынымды айтсам, Соня, мен сондай бақытсызбын! *(Қатты толқып, сенделіп кетеді)*. Жоқ, бұл дүниеде бақыт жоқ! Жоқ! Жоқ! Сен маған күліп тұрғаннан саумысың?!

СОНЯ. *(Бетін қолымен басып күледі)*. Ал мен сондай бақыттымын! Шексіз бақыттымын!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Күй ойнағым келіп тұрғанын қарашы. Қазір қуана-қуана күй шалар ем, шіркін!

СОНЯ. Ендеше, ойна! *(Құшақтайды)*. Ұйқым бәрібір келмейді... Ойнай ғой!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Қазір. Әкең ұйықтаған жоқ. Ауырған кезінде музыканы суханы сүймейді. Барып сұрап келші. Рұхсат етсе, ойнап берейін.

Бар.

СОНЯ. Қазір. *(Кетеді)*.

Күзетшінің тоқылдағы естіледі.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Ойнамағаным да біраз болыпты. Күй ойнасам, ақымақ адамдай ағыл-тегіл жылай жөнелемін. *(Терезеге)*. Тоқылдақ соғып тұрған сенсің бе Ефим?

КҮЗЕТШІНІҢ ДАУЫСЫ: «Мен!»

Тоқылдатпа, қожайын сырқат.

КҮЗЕТШІНІҢ ДАУЫСЫ: «Қазір кетейін!» *(Ысқырады)*.

«Жучка, кә, күнім! Жучка!».

Пауза.

СОНЯ. *(Қайтып оралып)*. «Болмайды», — деді.

ШЫМЫЛДЫҚ.

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Серебряков үйінің қонақжайы. Оң жақта, сол жақта, ортада — үш есік. Күндіз.

Войницкий, Соня екеуі отыр және Елена Андреевна ойға батып сенделіп жүр.

ВОЙНИЦКИЙ. Гер профессор мейірімі түсіп, бүгінгі сағат бірге бәрімізге осы қонақжайға жиналуға пәрмен еткен екен. Жарық жалғанға тағы қандай жар шашпақшы екен, естиікші?!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Шамасы, бір шаруасы болған шығар.

ВОЙНИЦКИЙ. Әй, соның қандай шаруасы болушы еді! Былжыратып бірдеңе жазып, басқалардың бақытын қаралай қызғанып, талағы тарс айрылғаннан басқа соның қолынан не келуші еді!

СОНЯ. *(Ренжіп)*. Ағатай!

ВОЙНИЦКИЙ. Жә, айыптымын. *(Елена Андреевананы көрсетіп)*, Қараймын да, сүйінем: жалқаулықтан әбден жүрісінен жаңылып, шайқалақтап қалыпты. Сүйкімді-ақ емес пе! Айтуға сөз жетпейді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Күні бойы ызыңдайсыз да отырасыз. Қайтып жалықпайсыз! *(Мұңданып)*. Ішім пысқаннан өліп барам, не істерімді білмеймін!

СОНЯ. *(Иығын қикаңдатып)* Іс қылғысы келген кісіге іс аз ба?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мәселен?

СОНЯ. Шаруашылыққа қара, жұртты емде, бала оқыт. Аз боп тұр ма? Папам екеуіңіз келмей тұрғанда Ваня ағай екеуіміз базарға барып ұн сататынбыз.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Қолымнан келмейді. Оның үстіне, соның ешқайсысына зауқым соқпайды. Тек әлгі жоғары идеялы романдарда ғана біреулер мұжықтарды оқытып, емдеп босқа арам тер болып жатпайтын ба еді. Ал, мен қайтып, бас жоқ, көз жоқ, олардың ортасына жетіп барып, ауру емдеп, бала оқытуға білек сыбанып кірісіп кете қояйын!

СОНЯ. Ал, мен оларды оқытып, емдеуге болмайтынына түсінбей тұрғаным. Сәл шыдап көрсең, артынан оп-оңай-ақ үйреніп кетпейсің бе? *(Құшақтайды)*. Зерікпе, бауырым! Сен зеріккеннен өзіңе өзің орын таппай жүрсің. Ал зерігу мен сайранпаздың жұртқа жұғатын жұқпалы індет екенін білесің бе? Көрші әне:

Ваня ағай ештеңе істемей, көлеңкең құсап, қасыңнан бір елі шықпай құр сенделіп кетті. Мен де, міне, бар шаруамды тастап, сенімен мылжыңдасып отырмын. Сондай жалығып кеттім, ештеңе істей алар емеспін. Доктор Михаил Львович бұрын айына бір-ақ рет зорға соғатын. Тіпті шақырып келтіре алмайтынбыз. Енді қазір орманды да, медицинаны да ұмытып, құдайдың құтты күні ат сабылтып келеді де тұрады. Сенің, сірә, жұрттың басын айналдырып ала қоятын бір сиқырың бар-ау деймін.

ВОЙНИЦКИЙ. Неге мұнданасыз? Қымбаттым, мұны-ңыз бекершілік, ақылды болыңыз. Бойыңызда су перісінің қаны бар екен, су перісі болыңыз! Өміріңізде ең болмаса, бір рет сезімге ырық беріп, өзіңіз секілді және бір су тәңірісін тауып алып, өліп-өшіп ғашық болыңыз, герр профессор мен біздің бәріміздің көзімізді байпақтай қылып, барыңыз да басыңызбен батпақ ұйыққа қойыңыз да кетіңіз!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (Ашуланып). Мендегі шаруаңыз қанша осы! Қандай қатыгез жан едіңіз! (Кетуге тырысады).

ВОЙНИЦКИЙ. (Жібермейді). Жә, жә, сүйіктім, кешіре көр... Ғафу өтінем. (Қолын сүйеді). Татуласайық.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Өзіңіз де келісетін шығарсыз, сізді тыңдауға періштенің де төзімі жетпес еді.

ВОЙНИЦКИЙ. Татуласқанмыздың құрметіне барып бір шоқ райхан әкелейін. Тәңертең әзірлеп қойып ем. Күзгі райхан... Әрі сұлу, әрі мұңлы райхан гүл...

СОНЯ. Күзгі райхан... Әрі сұлу, әрі мұңлы райхан гүл.

Екеуі де терезеге қарайды.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Міне, сентябрь де келеді. Бірдене етіп қысты да өткізерміз.

Пауза.

Доктор қайда?

СОНЯ. Ваня ағайдың бөлмесінде. Бірдене жазып отыр. Ваня ағайдың кеткені қандай жақсы болды, сенімен сөйлескім келіп еді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Не туралы?

СОНЯ. Не туралы дейсің бе? (Көкірегіне басын қояды).

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жә, жетер, қой енді... (Басын сипайды). Қой, жарар...

СОНЯ. Мен ажарсызбын ғой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Шашың қандай әдемі!

СОНЯ. Жоқ! (Басын көтеріп ап айнаға қарайды).

Жоқ! Ажарсыз әйелді әдетте: «Сенің көзің қандай жақсы еді» деп жұбататын. Мен оны сүйгелі алты жыл болды; туған анамнан бетер жақсы көрем; даусының қандай екенін, қол қысқанының қандай екенін бір сәт ештен шығарған емеспін. Қазір ол кіріп келетіндей, есік жаққа жалтақ-жалтақ қараймын да отырамын. Енді, міне, сол туралы айтқым келіп ылғи саған келгіштеп жүрмін. Қазір ол бұл үйге күнде келгенмен, маған бір рет көз салмайтын болып алды. Бұдан асқан азап болан ма! Үмітім енді үзілді... Жоқ, жоқ! О, тәңірім, бұдан әрі шыдай алар түрім жоқ... Түн баласы жылап шығам... Қасына ылғи өзім барып, бірінші болып тіл қатам, жаутаң-жаутаң көзіне қараймын... Намысты да ұмыттым, өзіме өзімнің әлім жетер емес... Кеше одан әріге сабырым жетпей, Ваня ағайға оны сүйетінімді айтып қойдым... Бұл жәйінде бүкіл малайлар біледі. Түгел біледі.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Ал ол ше?

СОНЯ. Жоқ, оның менің өлі-тірімде ешқандай шаруасы жоқ.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Ойға шомылып)*. Өзі бір қызық адам... Жарайды, егер келіссең, онымен мен сөйлесейін... Тұспалдап сыр тартып көрейін...

Пауза.

Қашанғы бұлай үн-түнсіз жүре бересің... Жарай ма? *(Соня мақұлдап бас изейді)*. Ендеше, өте жақсы. Сүйетін-сүймейтінін білу онша қиын емес. Сен босқа қысылып-қымтырыла берме; көргершінім, босқа абыржыма, мен оны өзіне де байқатпай тергеуге ап көрейін, Сүйетін, сүймейтінін білсек болды ғой.

Пауза.

Егер көңілі жоқ болса, енді мұнда келмей-ақ қойсын! Солай емес пе?

Соня мақұлдап бас изейді.

Көзің көрмесе жаның көп қинала бермейді. Сөз бұйдаға сала беріп қайтеміз, бүгін-ақ сұрап білеміз. Ол маған бір чертеж көрсетем деген. Бар, мен онымен жолыққым келеді де.

СОНЯ. *(Қатты абыржып)*. Сен сосын маған бар шындықты айтасың ба?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иә, әрине. Меніңше, қандай ащы шындықтың өзі беймәлім дұдамал жүргеннен әлдеқайда жақсы. Маған сен, көгершінім.

СОНЯ. Иә, иә... Мен барып сен чертеждеріңізді

көргісі келіп отыр деп атайын. *(Жүре беріп, есікке жете бере тоқтап қалады)*. Жоқ, сол дүдәмал жүргеннің өзі артық... Қанша дегенмен үмітінді үзбейсің ғой...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Неге тоқтадың?

СОНЯ. Жәй, әншейін.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Жалғыз)*. Дүниеде біреудің құпиясын біліп ап, қол ұшын беруге дәрменің жетпегеннен жаман нәрсе жоқ. *(Ойланып)*. Доктордың сүймейтіні көрініп тұр, бірақ ол неге үндемейді? Ол ажарсыз болғанмен деревнядағы доктор үшін мынандай жасқа жеткенде таптыра бермейтін тамаша жұбай емес пе! Ақылды, қайырымды, ісіне тап-тұйнақтай... Жоқ, бұның да қисыны жоқ...

Пауза.

Мен бұл бейшара қыздың жағдайына жақсы түсінем. Мынанай жап-жас шағында адамдардың орнына қайдағы бір сұрғылт елестер толып жүрген қайдағы бір тұрпайы жәйттерден басқа ештеңе естілмейтін, жұрттың бәрі ішкен, жеген, ұйықтағаннан басқа ештеңе білмейтін жан шыдамас қапас өмірде анда-санда бір соғып кететін сол бір өзгелерге ұқсамайтын көрік десе көрік бар, тартымды десең тартымды, ақылды кісі оған қараңғы түнде жарқырап туған жарық айдай ыстық көрінетін шығар... Берілсең, сондай адамның ырқына беріліп, мына былықтың бәрін ұмытқанға не жетсін... Осы мен соған өзім ынтық боп қалғаннан саумын ба... Иә, ол келмесе, жер-көкке сиып отыра алмаймын; ойыма ол түсті-ақ, өзімнен өзім күлімдеп қоя берем... Жаңағы Ваня ағай маған бойында су перісінің қаны бар дейді. «Өміріңізде, ең болмаса, бір рет өзіңізге өзіңіз ырық беріңіз» дейді. Мүмкін, сонысы рас шығар... Сіздердің бәріңді, бәріңнің ұйқылы ояу манаураған жүздеріңді, пыш-пыш әңгімелеріңді, тіпті сендердің дүниеде бар-жоқтарыңды түп-түгел ұмытып, азат құс боп әлдеқайда еркін самғап кетер ме ем... Бірақ, мен қорқақпын ғой, ұялшақпын ғой... Артынан ұят қинайды ғой... Әйтпесе, оның күнде келіп жүргенін көрмей жүрмін бе, неге келетінін білмей жүрмін бе? Сол үшін өзімді бір түрлі айыпты санап қаралай қысылмай жүрмін бе... Тіпті кейде Соняның аяғына жығылып кешірім сұрағым, ағыл-тегіл жылағым кеп кетеді...

АСТРОВ. *(Картограмма алып кіреді)*. Қайырлы күн!

(Қолын қысады). Сіз менің шимайымды көргіңіз келіп пе еді?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Маған кеше жұмыстарымды әкеп көрсетем деп едіңіз. Қолыңыз тие ме?

АСТРОВ. Әрине! Сөз бар ма! (Столға картограмманы жайып, мық шегемен бекіте бастайды). Сіз қайда туып едіңіз?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (Оған жәрдемдесіп жүріп). Петербургта туғанмын.

АСТРОВ. Қайда оқыдыңыз?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Консерваторияда.

АСТРОВ. Ендеше, бұның сіз үшін қызық болмауы мүмкін.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Неге олай дейсіз? Рас, мен деревняны біліп жарымаймын, бірақ, ол туралы көп оқығанмын.

АСТРОВ. Бұл үйде менің өз столым бар... Иван Петровичтің бөлмесінде тұр. Әбден сілем құрып шаршағанда, бар шаруамның бәрін тастап, бірер сағат болса да осы бір нәрсемен айналысу үшін осылай қарай жүгіремін. Иван Петрович пен Софья Александровна екеуі сартылдатып шоттарын қағып жатады, ал мен болсам, өз столыма кеп отыра қап, осы немені шимайлай жөнелем. Жаным жай табады. Сыртта шегіртке шырылдап қоя береді. Бірақ, мен мұндай рахатқа көп беріле бермеймін. Айына сол бір-ақ рет қана... (Картограмманы көрсетеді). Енді мында қараңыз. Біздің уездің осыдан он бес жыл бұрынғы көрінісі. Қою жасыл, сұйық жасыл бояулармен боялған жолақтар ормандарды білдіреді, уездің жарты жерін орман басып жатыр. Жасыл бояудың үстіне қызыл тор сызылған бөлік бұрын бұланай, жабайы ешкілер өскен жерлер... Мен мұнда өсімдік дүниесін де, хайуанат дүниесін де бірдей қамтыдым. Мына бір көлде аққулар, қаздар, үйректер болыпты; кәриялардың айтуынша, жоқ емес құс жоқ еді дейді, қара бұлттай ұйысып қаптап жүретін еді дейді. Селолар мен деревнялардан басқа да, өзіңіз көріп тұрсыз, әр түрлі жеке қоныстар, хуторлар, қашақтардың баспанасы, жел диірмендер быжынып жатыпты... Мүйізді ірі қара мен жылқы да көп болыпты. Оның мынау көгілдір жолақтардан аңғарып тұрған шығарсыз. Мәселен, мына бір болыстың жеріне көк бояу қою түсіпті; бұл арада үйір-үйір жылқыдан көз тұнады екен. Әр үйге үш жылқыдан келетін еді деседі.

Пауза.

Енді мында қараңыз. Бұл осыдан жиырма бес жыл бұрынғы көрініс. Уезд көлемінің бар болғаны үштен бірінде ғана орман қалған. Ешкілер құрып кеткен, бірақ бұланайлар ара-тұра ұшырасып қалып отырады. Жасыл бояу мен көк бояу әбден сұйқылт тартыпты. Аржағындағы әңгіме айтпасақта түсінікті. Енді мынау үшінші бөлікке көз салайық: бұл уездің қазіргі көрінісі. Баяғыдай тұтасып жатқан жасыл жолақтар жоғалған, теңбіл-теңбіл боп әр жер — әр жерден ғана ұшырасып қалады. Бұланай да, аққулар да, керен құрлар да біржола құрыпты... Бұрынғы жоқ-жоқ қыстаулар, хуторлар, қосындар, жел диірмендерден жұрнақ та қалмаған. Қысқасы, бірте-бірте қирап, құрып бара жатқан өмірдің көрінісі, бұның біржола күйреп бітуіне енді, көп болса, он-он бес жыл ғана керек шығар. Сіз, бәлкім, бұның бәрі мәдениеттенудің әсері ғой, заманы өткен көне жаңаға орын босатуы керек емес пе дерсіз. Иә, бұл құрып кеткен ормандардың орнына тас жолдар, темір жолдар салынса, заводтар, фабрикалар, мектептер бой көтерсе, халықтың әл-ауқаты артып, денсаулығы күшейіп, ақыл-санасы өсетінін мен де білем, бірақ бұл арада ондай жаңалықтың елесі де жоқ!

Уезде сол баяғы батпақ, сол баяғы сары маса, сол баяғы жолсыздық, сол баяғы кедейлік, сол баяғы сүзек, қызылша, сол баяғы өрт... Бұның бәрі өмір сүру үшін одан арғы күреске шыдай алмаған дәрменсіздіктің салдары; надандық пен кертартпалықтың салдары, өзіңнің кім екеніңді, өлкенің қандай екенін білмейтін, білгісі де келмейтін кереңдіктің салдары; әбден шаршаған, иінінен су өткен, аш-жалаңаш ауру адам қараптан-қарап жан тапсырмас үшін, өз перзенттерін аман сақтап қалу үшін ындыны бітеп, үстін жылыту үшін ертеңді ойламай, өлермендікке басып, жан-жағындағының бәрін жамап бітпей ме? Бұл да сол... Бар нәрсенің бәрі түгел дерлік құрып біткен, бірақ оның орнына ештеңе жасалмаған. *(Кенет секем ала қарап)*. Өзіңізден көріп тұрмын, бұл сізді қызықтырмайтын әңгіме сияқты.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мен бұның бәріне түсіне бермеймін ғой.

АСТРОВ. Мұнда түсінбейтін ештеңе жоқ. Одан да зауқым жоқ деңіз...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Шынымды айтсам, менің ойым басқада боп тұр. Кешірерсіз. Мен сізді аздап тергеп көруім

керек еді, бірақ сөзді неден бастарымды білмей қысылып тұрғаным.

АСТРОВ. Тергеу дейсіз бе?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иә, тергеу екені рас, бірақ кісі шошынатындай ештеңесі жоқ. Келіңіз, отырайық.

Отырады.

Әңгіме бір жас адам жайында. Біз достарша ештеңені күлбілтелемей адал ашық сөйлескеніміз жөн. Сосын арамызда болған әңгіме осы арада қалатын болсын. Жарай ма?

АСТРОВ. Жарайды.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сөз менің өгей қызым Соня туралы. Ол сізге ұнай ма?

АСТРОВ. Ия, мен оны қатты сыйлаймын.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сіз оны әйел ретінде ұнатасыз ба?

АСТРОВ. *(Мүгіріп)*. Жоқ.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Енді бір-екі сұрақ қояйын да, сөзді бітірейін. Сіз ештеңе байқамадыңыз ба?

АСТРОВ. Жоқ.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Қолына ұстап)*. Сіздің оны сүймейтініңізді көзіңізден көріп тұрмын... Ол бейшара азапқа түсіп жүр... Осыған түсініңіз де... мұнда келуді доғарыңыз.

АСТРОВ. *(Түрегеледі)*. Кететін уақытым болды... Енді отырғаным ағаттық болар. *(Иығын қикаңдатып)*. Сонда қашан..? *(Қып-қызыл боп ұялып тұр)*.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Фу, неткен қолайсыз әңгіме еді бұл! Мен бір мың пұт жүк арқалап отырғандай қатты қысылып отырғаным. Құдайға шүкір, айтарымды айттым-ау ақыр! Арамызда ешқандай әңгіме болмағандай тату тарасайық... Кетіңіз... Сіз ақылды кісісіз ғой, түсінетін шығарсыз...

Пауза.

Шиқандай боп қызарып кеттім-ау деймін...

АСТРОВ. Бұл әңгімені осыдан екі ай бұрын айтсаңыз, ойлансам, ойланар едім, ал қазір... *(Иығын қикаңдатып)*. Ал, егер ол азапқа түсіп жүрсе, онда әрине... Бірақ бір түсінбейтінім: сізге мұндай тергеудің не керегі болды? *(Көзіне қарап, саусағын кезейді)*. Сондай... Сіз сондай айлакер екенсіз ғой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Ол не дегеніңіз?

АСТРОВ. *(Күліп)*. Қуыңызды-ай! Жарайды, Соня азапқа түсіп-ақ жүрсін оған мен сенейін-ақ, бірақ

әлгіндей тергеуге алудың қанша қажеті бар? *(Сөйлеуіне мұрша бермей)*. Жә, жә, өтірік аңқаусымаңыз, менің мұнда күнде-күнде неге келіп жүргенімді сіз жақсы білесіз. Кім үшін және не үшін келіп жүргенімді сіз білгенде қандай білесіз! Жыртқыштардың монтаны келетін әдеті бар еді, сіз де маған бүйтіп түк білмегенсіп қарай-ақ қойыңыз!!! Мен де қашанғы қақпаспын, бәрібір ішім сезіп тұр...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Таңырқап)*. Жыртқышыңыз не? Түк түсінсем бұйырмасын!

АСТРОВ. Кіп-кішкене сұп-сұлу құндызым-ай!.. Сізге де жем керегіп тұр-ау, шамасы! Міне бір ай болды, ештеңе істемеймін, бар шаруаны тастадым, өзіңізді бір көруге құмартам да тұрам, соным сізге қатты ұнайды екен ғой, солай ма... Жарайды, мен тізе бүктім, оны сіз тергеп, тексермесеніз де, білетін едіңіз ғой. *(Қолын кеудесіне қойып, басын иеді)*. Бас ұрамын! Жемтігіңіз алдыңызға басын иіп келіп тұр!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Ақылыңыздан алжасқан шығарсыз.

АСТРОВ. *(Мошқай күліп)*. Сіз ұялшақ екенсіз ғой...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сіз ойлағаннан әлдеқайда тәуір, әлдеқайда жоғарымын. Сенбесеңіз, ант-су ішейін! *(Кетуге ыңғайланады)*.

АСТРОВ. *(Жолын бөгеп)*. Бүгін кетем, бұдан былай келмей-ақ қояйын, бірақ... *(Қолынан ұстап, бетіне қарайды)*. Сонда біз қайда кездесетін боламыз? Тезірек айтыңызшы: қайда кездесеміз? Біреу-міреу келіп қалмай тұрғанда тезірек айтыңыз... *(Үздігіп)*. Неткен әдемі, неткен тамашасыз... Тым болмаса сүйгізіңізші... Шашыңыздан бір сүйейінші...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Рас айтам.

АСТРОВ. *(Аузын ашқызбай)*. Ант-су ішудің қажеті қанша! Ант-су ішпей-ақ қойыңыз. Артық сөздің керегі жоқ... Ой, неткен сұлу едіңіз! Қолыңыз қандай! *(Қолынан сүйеді)*.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жарайды, жетер... Кетіңіз... *(Қолын тартып ап)*. Сіз ақылыңыздан алжасқан шығарсыз.

АСТРОВ. Ертең қайда кездесеміз, айтыңызшы енді! *(Белінен құшақтайды)* Білесің бе, біздің қалайда кездесуіміз керек! *(Сүйеді)*.

Осы уақытта қолында бір шоқ райхан гүлін ұстаған Войницкий кіріп кеп, есік алдында тұрып қалады.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА (*Войницкийді көрмей*). Мені аяңыз. Босқа әуре болмаңыз... (*Астровтың басын көкірегіне басып*). Жоқ! (*Кетуге ыңғайланады*).

АСТРОВ. (*Белінен қысып*). Ертең сағат екіде орман шаруашылығына келіңіз... Жарай ма? Келесің ғой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (*Войницкийді көріп қап*). Жіберіңіз! (*Қатты қысылып, терезеге қарай бұрылып*). Сұмдық қой мынауыңыз.

ВОЙНИЦКИЙ. (*Гүлді орындыққа қойып, бетін, мойын сүртіп*). Ештеңе етпес... Жә... жақсы.

АСТРОВ. (*Сасқалақтап*). Күн бүгін қандай тамаша, қадірлі Иван Петрович. Тәңертең жаңбыр жауатындай түнеріп тұр еді, ал қазір жарқырап кетті. Шынын айтқанда, биылғы күз жақсы өтті ғой, күздік егіс те жақсы бас алды. (*Картограмманы шиыршықтап орап ап*). Бір өкініштісі: күн қатты қысқарыпты... (*Кетеді*).

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (*Шұғыл басып Войницкийдің қасына кеп*). Сіз бар ықпалыңызды жұмсап, күйеуіміз екеуімізді бұл арадан бүгіннен қалдырмай аттандырып жіберуге жағдай жасаңыз! Естисіз бе? Бүгіннен қалдыра көрмеңіз!

ВОЙНИЦКИЙ. (*Бетін сүртініп*). А, жарайды... Мен, бәрін көрдім...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (*Шамырқанып*). Естисіз бе? Мен бұл арадан бүгіннен қалмай кетуім керек!

Серебряков, Соня, Телегин, Марина кіреді.

ТЕЛЕГИН. Менің өз денсаулығым да, аса мәртебелім, онша емес. Екі күн болды сүйретіліп зорға жүрмін. Басым бір түрлі зеңе береді.

СЕРЕБРЯКОВ. Қалғандары қайда жүр? Мен осы үйді жек көрем. Шымшытырық шытырман бірдеңе. Айлапаттай-айлапаттай жиырма алты бөлме, кімнің қайда кіріп кеткенін білмейсің. (*Қоңырау соғады*). Мария Васильевна мен Елена Андреевна екеуін осында шақырыңдаршы!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мен осындамын.

СЕРЕБРЯКОВ. Отыруларыңызды сұраймын, мырзалар.

СОНЯ. (*Елена Андреевнаның қасына барады. Қатты абыржулы*). Ол не деді?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Артынан айтармын.

СОНЯ. Сен дір-дір етіп тұрсың ғой! Бірдеңеге қатты абыржулысың ғой! (*Жүзіне тесіле қарап*). Иә, түсіндім... Ол бұдан былай бұл үйге келмеймін деген ғой... Солай ма?

Пауза.

Айтсаңшы, солай ма?

Елена Андреевна басын изейді.

СЕРЕБРЯКОВ. *(Телегинге)*. Ауруға бірдеңе етіп көндігуге болады, ал енді мынау деревняның өмір салтына үйренісе алар емеспін. Бір түрлі жер бетінде жүргендей емес, басқа бір планетаға тап болғандай сезінем де тұрам... Отырыңыздар, мырзалар, өтінем Соня!

Соня оны естімейді, басы салбырап, өзімен өзі мұңданып тұр Соня!

Пауза.

Естімейді ғой. *(Маринаға)*. Әжесі, сен де отыр.

Күтуші кемпір отырып, шұлық тоқи бастайды.

Өтінем, мырзалар! Ынт-жынттарыңмен құлақ салып тыңдауларыңызды сұраймын. *(Күлегі)*.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Абыржып)*. Менің, бәлкім, керегім жоқ шығар? Кетуге бола ма?

СЕРЕБРЯКОВ. Жоқ, осы арадағаы ең керек адам — сенсің.

ВОЙНИЦКИЙ. Неге керек болдым екен?

СЕРЕБРЯКОВ. Сен нағып бұртиып тұрсың?

Пауза.

Егер сенің алдында айыбым болса, кешірім өтінем.

ВОЙНИЦКИЙ. Жә, сыпайысып қайтесің. Іске көш... Не керек боп қалды?

Мария Васильевна кіреді.

СЕРЕБРЯКОВ. Міне, шешеміз де келді. Сөзді бастайық, мырзалар.

Пауза.

Менің сіздерді шақырған себебім, мырзалар, бізге тексеруші келе жатыр. Жә, қалжыңды қоялық. Бір маңызды мәселе боп тұр. Мен, сіздерді, мырзалар, өздеріңнен кеңес пен көмек сұрағалы шақырып отырмын, сіздердің ықылас-илтипаттарыңыздан бұрыннан да жақсы хабардар болғандықтан, ондай ақыл, ондай көмектен бас тартайтындарыңызды алдын-ала біліп шақырып отырмын. Мен кітаптан бас көтермейтін оқымысты адаммын, шаруашылық пен тіршілік харекеттерінен хабарым шамалы. Өздерің сияқты көзқарасты кісілердің ақыл-көмегінсіз мен аттап баса алмаймын. Сондықтан сенен, Иван Петрович, сізден Илья Ильич, сізден, мамашым... өтінетінім, мынандай бір шаруа шығып тұрғаны... Бәріміздің де алдымызда қара түн тұр дегендей, ақыры бір қара түнге тап келеріміз, жазмыштың жазуынан қашып құтыла алмасымыз белгілі, мен болсам, қартайдым, аурудан шықпаймын, сол себепті өз дәулетіме

байланысты мәселелердің алдын ала басын ашып қойғанды жөн көрдім. Өйткені, ол мәселенің менің семьяма тікелей қатысы бар. Өз қара басым жасарымды жасап, асарымды асап болдым, сондықтан өз жағдайымды ойлап отырған жоқпын, ойлап отырғаным — жас жұбайым мен жалғыз қызымның жағдайы.

Пауза.

Бұдан әрі деревняда тұруға күйім келер емес. Біз деревняда тұруға жаратылмаппыз. Ал қалада тұруға бұл имениеден түсетін қаражат аздық қылады. Жарайды, орманды сатар ек, ол бірақ қанша күнге дәулет болады. Сондықтан да біздің жыл сайын белгілі мөлшерде тұрақты табыс түсіріп тұратын бір тыңғылықты шара қарастырғанмыз жөн секілді. Мен сондай бір амал ойлап тапқан сияқтымын, соны сіздердің талқыларыңызға ұсынамын. Жайжапсарын түгел ежіктеп жатпай-ақ, ұлы жобасын айтайын. Біздің қонысымыз орта есеппен жылына екі проценттен артық табыс түсірмейді. Мен оны сатып жіберуді ұсынамын. Одан түскен қаржыға процент қағаздарын сатып алсақ, төрт проценттен бес процентке дейін табыс түсіре аламыз екен. Ол ол ма, тіпті бірнеше мың сом артылып қалады, оған Финляндиядан бір шағын дача сатып алуға әбден болады ғой деп ойлаймын.

ВОЙНИЦКИЙ. Тоқтай тұр... Мына құлақ не естіп тұр? Сенейін бе, сенбейін бе... Осы сен не айтып отырсың? Қайталашы!

СЕРЕБРЯКОВ. Қаржымызды процент қағаздарына айналдырып, қалғанына Финляндиядан дача сатып алу керек деп отырмын.

ВОЙНИЦКИЙ. Финляндиянды қой... Одан басқа да бірдеңе айтып ең ғой.

СЕРЕБРЯКОВ. Мына қонысты сатуды ұсынамын.

ВОЙНИЦКИЙ. Е, негізгі мәселеге енді жеттің. Сен сонда бұл қонысты сатасың, ә! Одан асқан данышпандық идея болар ма? Жарайды. Сонда сен маған, мына кәрі шешем мен Соняға қайда барып, бас сауғала деп бұйырасың?

СЕРЕБРЯКОВ. Оны уақытында көре жатармыз! Бәрін бірден қалай шешеміз!

ВОЙНИЦКИЙ. Тоқта. Сонда осы кезге дейін мен де бір тамшы ақыл болмағаны-ау! Мен ғой, осы кезге дейін бұл қонысты Соняның меншігі деп келдім. Менің марқұм әкем бұл қонысын марқұм апайыма енші қып сатып әперген-ді. Аңғал басым осы кезге дейін заңды түріктерше

тонын айналдырып түсінудің орнына, апамнан қалған қоныс Соняға көшеді деп біліппін ғой.

СЕРЕБРЯКОВ. Иә, қоныстың иесі — Соня. Оған кімнің таласы бар! Соняның келісімінсіз сата алмаймыз. Оның үстіне, мен бұның бәрін Соняның қамын ойлап істеп отырған жоқпын ба!

ВОЙНИЦКИЙ. Мынауың енді миға симайды. Иә, мен ақылымнан алжасқанмын, иә...

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Жан, әуелі Александрдың айтқанын тыңдасайшы. Ол ненің жақсы, ненің жаман екенін бізден гөрі біліңкіреді ғой.

ВОЙНИЦКИЙ. Жоқ, маған бір жұтым су әперіңіздерші (*Су ішіп*). Жарайды, айтатыныңызды айта беріңіз.

СЕРЕБРЯКОВ. Мен сенің неге осынша абыржып отырғаныңа түсінбеймін. Мен өз ұсынысымды ең керемет идея деп отырғам жоқ. Егер бәрің мақұлдамайтын болсаңдар, қалай да солай ету керек деп қыстамаймын.

Пауза.

ТЕЛЕГИН. (*Ыңғайсызданып*). Аса мәртебелім, мен ғылымға тек бас иіп қана қоймаймын, оны өзіме өте жақын дүние санаймын. Менің ағайым Григорий Ильичтің әйелінің ағасы, бәлкім естуіңіз бар шығар Константин Трофимович Лакедемонов, министр болатын...

ВОЙНИЦКИЙ. Тоқтай тұр, Вафля, біз әуелі мына шаруаның басын ашы алайық... Тоқтай тұр, кейін айтарсың... Сен осыдан сұрашы. Осы қоныс әуелде осының ағасынан сатылып алынған.

СЕРЕБРЯКОВ. Оны сұрап қайтем? Қажеті қанша?

ВОЙНИЦКИЙ. Бұл қоныс сол уақыттағы ақшамен тоқсанбес мың сомға түскен-ді. Әкем оның жетпіс мыңын төлеп, жиырма бес мың сомға борыштар боп қалған. Тыңдай түсіңіз... Егер мен жақсы көретін апама бола өз еншімнен бас тартпағанда бұл қоныс қолға түспейтін еді. Оның үстіне, мен он жыл бойы бас көтермей еңбек етіп, әлгі қарыздың бәрін өтеп шықтым...

СЕРЕБРЯКОВ. Осы әңгімені қайдан ғана айта қойып едім деп окініп отырғаным.

ВОЙНИЦКИЙ. Бұл қоныс менің арқамда ғана барлық қарызынан құтылып, талан-таражға түспей аман қалды. Енді, міне, қартайғанда мені құйрығымнан бір-ақ теуіп қаңғытып жібермексіңдер!

СЕРЕБРЯКОВ. Сонда өзің не айтпақсың, түсінсем бұйырмасын!

ВОЙНИЦКИЙ. Жиырма бес жыл осындағы шаруашылықты басқардым, сүрініп жығылғанша жұмысыңды жасадым, артыңнан ақшанды үзбей салып тұрдым, ең адал приказчигін де мендей болмас, сонша уақыттың ішінде сен маған ең болмаса, бір рет рахмет айтпапсың. Сонша уақыттың ішінде — жас кезімде де, қазір де — сенен жылына бес жүз теңге жалақы алып тұрдым. Қайыршыға садақаға беруге ұялатындай ақша! Бірақ соған, ең болмаса, бір сом ақша қосу мын сенің ойыңа да келген жоқ.

СЕРЕБРЯКОВ. Иван Петрович, оны енді өзің айтпасаң, қайдан білейін? Мен шаруаға қырсыз, ол жағынан ештеңе түсінбейтін адаммын. Өзіңе қанша қосам десең де, қолыңнан қағатын ешкім жоқ еді ғой.

ВОЙНИЦКИЙ. Бәсе десейші. Неге ұрлық жасамадым екен? Сөйтсем жөн болады екен ғой, сонда ғана мен бүйтіп жұтап жүрмейді екем ғой.

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. *(Зекіп)*. Жан!

ТЕЛЕГИН. *(Абыржып)*. Ваня, достым, қайтесіз, қажеті жоқ... мен тіпті қалтырап-дірілдеп тұра алар емеспін... Жап-жақсы қарым-қатынасыңды бұзып қайтесің? *(Бетінен сүйегі)*. Қажеті жоқ.

ВОЙНИЦКИЙ. Жиырма бес жыл бойына шешеміз екеуміз көртышқан құсап ешқайда шықпай мына төрт қабырғаны күзеттік... Барлық тілегіміз сенің үстінде болды. Күндіз сен туралы, сенің жұмыстарың туралы ауыз жаппай айтып масаттанып бақтық. Артыңнан өзің әзәулие қып әзер айтушы едік. Түн баласы, қазір көрсем, құсқым келетін, — қайдағы бір газет-журналдарды оқумен көз майын тауысатынбыз.

ТЕЛЕГИН. Қажеті не, Ваня, керегі жоқ... Қойшы енді...

СЕРЕБРЯКОВ. *(Ашуланып)*. Түсінсем бұйырмасын, сонда не қыл дейсің?

ВОЙНИЦКИЙ. Сен біз үшін қол жетпес арман ең, сенің мақалаларыңды біз жатқа соғушы ек... Енді менің көзім ашылды! Енді бәрін көріп жүрмін! Сен өнер туралы жазасың, бірақ өзің өнердер ештеңе түсінбейсің! Бір кезде әзәулие көрген еңбектерің соқыр тиынға да тұрмайды екен. Сен біздің басымызды босқа қатырып келіпсің!

СЕРЕБРЯКОВ. Мырзалар, мынаны тыныштандырыңыздаршы, әйтпесе, бұл арадан кетемін!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иван Петрович, сөзді доғаруыңызды талап етем! Естисіз бе?

ВОЙНИЦКИЙ. Доғармаймын! (*Серебряковтың жолын бөген*). Тоқта, мен әлі айтарымды айтып біткем жоқ! Сен бүкіл өмірімді зая қылдың!! Мен жұрт қатарлы өмір де сүргем жоқ. Өмірімнің ең жақсы жылдарын, сенің қырсығыңнан құр бекерге рәсуа еттім. Сен менің қасдұшпанымсың!

ТЕЛЕГИН. Жоқ, мен бұдан әрі шыдай алмаймын, кетемін... (*Қатты абыржып кетіп қалады*).

СЕРЕБРЯКОВ. Сонда сен менен не талап етесің? Сен менімен бұлай сөйлесуге қандай қақың бар? Түкке тұрмайтын бейшара! Қоныс сенікі болса қайтып-ақ ал, маған түкке керегі жоқ!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мен мына тамұқтан қазір-ақ кетем! (*Айқайлап*). Бұдан әрі төзе алатын жәйім жоқ!

ВОЙНИЦКИЙ. Рәсуа болған есіл өмір-ай! Талантты едім, батыл едім, ақылды едім... Дұрыс өмір сүргенде менен не Шопенгауэр, не Достоевский шығуы да мүмкін еді... Енді бәрі бітті! Ақылымнан алжаса бастадым. Анашым, мен әбден күйініп тұрмын!

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. (*Қатал зекіп*). Александрдың айтқанын тыңда!

СОНЯ. (*Күтуші кемпірдің аяғына жығылып, соған тығылады*). Әжетай! Әжесі!

ВОЙНИЦКИЙ. Анашым! Не істеу керек маған? Жә, айтпай-ақ қой, қажеті жоқ! Не істеу керек екенін өзім де білем! (*Серебряковқа*). Сен мені әлі-ақ есіңе аларсың! (*Ортадағы есіктен шығып кетеді*).

Мария Васильевна соңынан ілеседі.

СЕРЕБРЯКОВ. Мырзалар, бұл сонда не болғаны? Мені мынау нақұрыстан құтқарыңдар! Мен онымен бір шаңырақтың астында өмір сүре алмаймын! Ол осы мына бөлмеде тұрады ғой! (*Ортадағы есікті көрсетіп*). Тіпті қасымда екен ғой!.. Дереу деревняға, флигельге ауыстырыңдар, әйтпесе мен кетем, әйтеуір бұдан былай мен онымен бір үйде бір күн де өмір сүре алатын түрім жоқ.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. (*Күйеуіне*). Біз бүгін бұл арадан кетеміз. Қызметшілерге тап осы бойда жолға әзірленуге тапсырма бер.

СЕРЕБРЯКОВ. Түкке тұрғысыз неме қалай-қалай көкке шапшиды, қарай көр өзін?!

СОНЯ. (*Жер тізерлеген күйі әкесіне бұрылады, жылап тұрып*) Мейірімді болу керек қой, папа! Ваня ағай екеуміз сондай бақытсызбыз! (*Күйзелгенін басуға тырысып*)

Мейірімді болу керек қой! Жасырақ кезінде Ваня ағай мен әжемнің сенің керек кітаптарыңды орысшалап беріп, түн баласы қағаздарыңды көшіріп шығатынын есіңе ал-сайшы. Ваня ағай екеуміз жарғақ құлағымыз жастыққа тимей жұмыс жасап, өзімізге жұмсауға бір тиын да қимай, тапқан-таянғанымызды саған жіберуші ек... Біз жеген на-нымызды адал жедік! Мен қайдағы-жайдағыны айтып тұрған шығармын. Бірақ, сен бізді түсінуің керек емес пе, папа! Мейірімді болуың керек қой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Абыржулы)*. Александр, құдай үшін, онымен дұрыстап сөйлесіп, түсінісші... Жалына-мын.

СЕРЕБРЯКОВ. Жақсы, сөйлесейін... Мен оған ешқан-дай айып тағып тұрғаным жоқ, ренжіп те тұрғам жоқ, бірақ әлгі мінезі, жұмсартып айтқанда, ақылға симайтын қылық қой. Жарайды, мен оған барып сөйлесейін. *(Ортадағы есіктен шығып кетеді)*.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жайлап сөйлес, сабасына түсір... *(Оған ілеседі)*.

СОНЯ. Әжетай Әжесі! *(Нянясына тығылады)*.

МАРИНА. Балам, ештеңе етпейді. Ата қаздардың бір қиқылдасып алып барып басылатын қашанғы әдеті... Қиқылдасты ғой — басылар.

СОНЯ. Әжетай!

МАРИНА. *(Басынан сипап)*. Сақылдаған сары аяз-да тұрғандай қалтырап барасың ғой. Жә, жетімегім, тәңірдің өзі жарылқасын. Не бүлдірген салған шәй ішші, басылады... Қапа болма, жетімегім... *(Ортадағы есікке қарап)*. Алшақ басқан ата қаздардың көздері құрыды ғой, арттарына бір уыс топырақ!

Сахна сыртынан мылтық атылады, Елена Андреевнаның шыңғырған даусы шығады; Соня селк ете қалады.

Ау, мына ант атқырларға не болған!

СЕРЕБРЯКОВ. *(Қорыққаннан зәрі құты қалмай қашып шығады)*. Ұстандар оны! Ұстандар! Ол жында-нып кетті!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Оның қолындағы револьверді алмақ боп)*. Беріңіз енді! Беріңіз деймін!

ВОЙНИЦКИЙ. Жіберіңіз, Елена! Жіберіңіз мені! *(Босанып шығып, көзімен Серебряковты іздейді)*. Қайда құрыды әлгі! Ә, мұнда ма едің! *(Көздеп атып қалады)*.

Пауза.

Тимей кетті! Тағы да қапы қалдым! *(Ашулы)*. Ах,

сайтан алғыр... (Револьверді жерге бірақ ұрып, орындыққа отыра кетеді).

Серебряков аң-таң: Елена Андреевна жүрегі қысылып қабырғаға сүйеніп тұрып қалған.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мені бұл арадан әкетіңіз! Әкетіңіз, әйтпесе, өлтіріңіз! Мен бұл арада қала алмаймын.

ВОЙНИЦКИЙ. (Күйзеліп). О, не істедім? Бұл не істегенім?

СОНЯ. Әжетай! Әжетай!

ШЫМЫЛДЫҚ.

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Иван Петровичтің бөлмесі, оның ұйықтайтын бөлмесі де, именуенің кеңсесі де осында. Терезенің алдында кіріс-шығыс кітаптары мен әртүрлі қағаздар қобырсыған үлкен стол, конторка, шкаптар, таразы. Кішірек стол Астровқа арналған, оның үстінде – сурет салуға керек бұйымдар, бояулар, қасында папка жатыр. Шымшық отырғызылған темір тор. Қабырғада Африканың картасы, шамасы, оның мұнда ешкімге керегі шамалы. Клеенкамен қапталған абажадай диван. Сол жақта – ұйықтайтын бөлмелерге шығатын есік; оң жақта – ауыз үйге шығатын есік; оның алдында мұжықтар аяғын сүртіп кіру үшін тасталған төсеніш жатыр. Күзгі кеш. Жым-жырт тыныштық.

Телегин және Марина бір-біріне қарама-қарсы отырып, шұлық тоқитын жүн шүйкелеп отыр.

ТЕЛЕГИН. Тездете көріңіз, Марина Тимофеевна, әйтпесе қазір қоштасуға шақырады. Атты жегуге әмір еткен.

МАРИНА. (Жұмысын жегелдетіп). Аз-ақ қалды.

ТЕЛЕГИН. Харьковқа аттанбақ. Сонда тұрамыз дейді.

МАРИНА. Сонысы жақсы.

ТЕЛЕГИН. Қатты қорықса керек... Елена Андреевна «бұл арада енді бір сағат та тұра алмаймын... Кетейік те кетейік» дейді. «Харьковқа барып тұрамыз, заттарды сосын есімізді жиғасын алдырамыз» дейді. Ештеңе алмай жеңіл кетпек. Сөйтіп, Марина Тимофеевна, тағдыр оларға бұл арада тұруды жазба-

ған болу керек. Жазмыштың жазуы солай болса, амал бар ма!

МАРИНА. Қайта, солары жақсы. Айқайласып, мылтық атысып әңкі-тәңкімізді шығарып еді.

ТЕЛЕГИН. Иә, Айвазовский қаламына лайық сюжет.

МАРИНА. Енді көрсем, көзіме теріскен шықсын.

Пауза.

Қайтадан бұрынғы үйрешікті қалпымызға түсеміз. Тәңертеңгі сегізде шәй ішеміз, сағат бірде — түскі тамақ ішеміз, кешке жатар — тұрарымызды ішеміз. Бәрі де жұрт сияқты христиандарға лайық өз кезек, өз тәртібімен болады. *(Күрсініп)*. Мен, күнәһар басым, көптен бері кеспе ішпеппін.

ТЕЛЕГИН. Иә, бізде кеспе пісірілмегелі көп болды.

Пауза.

Бүгін тәңертең, Марина Тимофеевна, деревняны аралап пеле жатсам, дүкенші артымнан: «Әй, біреудің қазанына телмірген бұралқы!» — деп айқайлады. Көңілімнің қараптан-қарап құлазып қоя бергені.

МАРИНА. Сен ондай көңіл бөлме, көкешім. Бәріміз де бір құдайдың қас-қабағына телміреміз. Сен де, Соня да, Иван Петрович те — қолын қусырып отырған ешкім жоқ, бәріміз де әліміз жеткенше тырбынып жатамыз! Осы Соня қайда?

ТЕЛЕГИН. Бақшада. Доктор бәрі Иван Петровичті іздеп жүр. Ол өзіне өзі зақым жасап қоя ма деп қорқады.

МАРИНА. Пистолеті қайда?

ТЕЛЕГИН. *(Сыбырлап)*. Мен погребке жасырып қойдым.

МАРИНА. *(Иығынан күліп)*. Күнәқарлар-ай!

Қора жақтан Войницкий және Астров кіреді.

ВОЙНИЦКИЙ. Мені жәйіме жүргіңіздерші. *(Марина мен Телегинге)*. Сендер де кетіңіздер. Ең болмаса, бір сағат оңаша қалуға мұрша беріңдер! Мен осындай асты-үстіне түсіп аялай қалатын жан ашырларыңды жек көрем.

ТЕЛЕГИН. Кеттім, Ваня, кеттім. *(Аяғының ұшынан басып шығып кетеді)*.

МАРИНА. Атақазым-ай, әлі қаңқылдап болмаған екенсің ғой? *(Жүнді жинап, шығып кетеді)*.

ВОЙНИЦКИЙ. Сен де кет!

АСТРОВ. Қуана-қуана кетер ем, мекеніме кететін уақытым әлдеқашан болды, бірақ менен алған нәрсеңді өзіме қайтармай, бұл арадан бір елі де аттап шықпаймын.

ВОЙНИЦКИЙ. Мен сенен ештеңе алғам жоқ.

АСТРОВ. Рас айтам — жолымнан қалдырма. Қайтатын уақытым болды.

ВОЙНИЦКИЙ. Мен сенен ештеңе алғам жоқ.

Екеуі де отырады.

АСТРОВ. Иә? Біраз күтемін, ал сосын, көңіліңе келмесін, күш жұмсауға тура келеді. Тұла бойыңды түк қалдырмай тінтіп шығам. Мен мұны қажындап айтып тұрғам жоқ.

ВОЙНИЦКИЙ. Қалағаныңы істе.

Пауза.

Ол немені екі атып тигізе алмай мазақ боп қалғаным үшін өзімді өзім өле-өлгенше кешірмек емеспін!

АСТРОВ. Атқыш болсаң, өзіңді өзің қақ маңдайдан қадалта салмадың ба?

ВОЙНИЦКИЙ. *(Иығын қикаңдаттып)*. Қайранмын. Мен ғой кісі өлтіргім келіп, біреуге қару жұмсадым, ал мені ешкімнің тұтқынға алып, сотқа беретұғын ойы жоқ. Демек, сонда жынды деп ойлағандары ғой. *(Кекете күлегі)*. Мен жындымын да, профессордың, оқымысты көзарбаушының пердесін жамылып, өздерінің дарынсыздығын, топастығын, қара жүрек қайырымсыздығын жасырып жүргендер жынды емес. Мен ғой, сенің ол әйелді қалай аймалап тұрғаныңды өз көзіммен көрдім!

АСТРОВ. Иә, аймаладым, ал саған, міне, мынау! *(Тұмсығына қолын апарады)*.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Есікке қарап)*. Жоқ. Біз сияқты нақұрыстардың қақ айырылып кетпей, қайыспай көтеріп жатқан қара жердің өзі жынды!

АСТРОВ. Сандалыпсың!

ВОЙНИЦКИЙ. Несі бар, мен — ақыл-естен ада, жындымын, не сандалсам да, айыбы жоқ.

АСТРОВ. Баяғыдан белгілі былшыл. Сен жынды емессің, әпендесің. Мен бұрын көрінген әпендені есі дұрыс емес сырқат біреу ғой деп ойлаушы ем, қазір ол пікірімнен айныдым; сөйтсем, адамның ең дені дұрыс қалпы — ол әпенде қалпы екен. Сенің есің дұрыс.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Бетін қолымен басып)*. Ұят-ай! Менің қайтып ұялып отырғанымды сен білсең ғой! Ешқандай қанқақсатқан жарақат мынау өзегіңді өртеген өкініштің қасында түк емес. *(Мұңдана)*. Шыдай алар емеспін! *(Столға сүрінеді)*. Енді не істеуім керек? Не істегенім дұрыс?

АСТРОВ. Ештеңе істеме!

ВОЙНИЦКИЙ. Маған бірдеңе берші! О тәңірім-ай!

Қазір қырық жетідемін, егер алпысқа дейін түрі жүрер болсам, оған әлі он үш жыл бар. Тым ұзақ! Сол он үш жылға қайтып шыдаймын? Не істеймін, сонша ұзақ уақыт бойына нені ермек етем? Түсінесің бе?.. (*Астров қолын сілкілеп*). Сол қалған ғұмырда басқаша өмір сүру мүмкін бе? Бір күні жарқыраған тыныш таңда жайбарақат түрегеліп, өзіңнің өзгеше өмір бастағаныңды, баяғының бәрі көрген түстей сағымдай өте шыққанын бір-ақ білсең ғой. (*Жылайды*). Жаңа өмір бастасам... Оны қайтып бастаймын, неден бастаймын, айтсайшы...

АСТРОВ. (*Ренжіп*). Әй, сен де бір! Қайдағы жаңа өмірді айтып тұрсың? Сені мен бізге енді ешқандай үміт жоқ!

ВОЙНИЦКИЙ. Солай ма?

АСТРОВ. Оған көзім анық жетеді.

ВОЙНИЦКИЙ. Бірдеңе берсейші... (*Жүрегін көрсетіп*) Күйіп барады ғой.

АСТРОВ. (*Ашулана айқайлап*). Доғар енді! (*Жұмсарып*). Жүз жыл ма, жоқ екі жүз жыл ма кейін туып, мына бізді өз өмірлеріңді осынша мәнсіз-нәрсіз рәсуа қылдыңдар деп жазғаратын жаңа ұрпақ қана қалай бақытты болудың амалын таппаса, мына біз... Айтпақшы, бізде әлі де бір үміт бар екен-ау... Ертең қара жамылып табытқа жатқанымызда бәлкім біздің көз алдымызға бір сәтті елестер келер... Содан басқа үлесті көре алмай тұрмын. (*Күрсініп*). Иә, бауырым, бүкіл бір уезде жөні түзу екі интеллигент кісі бар едік, ол мені мен мына сен едік. Бірақ, айналасы он жылдың ішінде мынау қарғыс атқыр тоғышар қауым қанымызды улап, бізді де өзгелер сияқты тұрпай топас маубастарға айналдырды. Бірақ, сен маған босқа тісіңді қайрамай, алған нәрсеңді қайтып бергенің жөн.

ВОЙНИЦКИЙ. Мен сенен ештеңе алғам жоқ деп айттым ғой.

АСТРОВ. Сен менің жол қапшығымнан бір құты морфий алдың.

Пауза.

Егер қалайда өзінді өзін өлтіргің кеп отырса, онда орманға бар да атылып қал. Ал, морфийімді қайтып бер. Әйтпесе, жұрт оны саған мен берді деп сөз қылады... Менің ертең сенің серейген еліңді кескілегенім де аз бейнет бола қоймас... Сен оны бір қызық шаруа ғой деп ойлайтын шығарсың?

Соня кіреді.

ВОЙНИЦКИЙ. Жарқыным, тыныштық берші.

АСТРОВ. (*Соняға*). Софья Александровна, сіздің ағай-

ыңыз менің жол қапшығымнан бір құты морфий алып бермей отыр. Оған бұнысының ақымақтық екенін айтыңызшы. Босқа жолымнан қалдырып тұрғаны. Кететін уақытым болып еді әлдеқашан.

СОНЯ. Ваня ағай, морфий алдың ба?

Пауза.

АСТРОВ. Алғаны рас. Оған иманым кәміл.

СОНЯ. Қайтып бер! Сен бізді неге қорқытасың? Бере ғой, Ваня ағай! Мен де, міне, сенен өткен бейбақ болсам да, бәріне шыдап тірі жүрмін ғой. Қашан көрер жарығым таусылғанша, бәріне де шыдап берем, көресімді көре берем... Сен де шыда, аға!

Пауза.

Бере ғой! *(Қолын сүйегі)*. Айналайын, ағатай, сүйіктім, бере ғой! *(Жылайды)*. Сен мейірімдісің, бізді аяйтын шығарсың, бере қойсайшы, Шыда, ағатай, шыдамды болған дұрыс!

ВОЙНИЦКИЙ. *(Столдан құты алып Астровқа береді)*. Мә, ал! *(Соняға)*. Бірақ, тезірек бір шаруа тауып, бірдеңе етіп қарекет қылмасақ, шыдай алар емеспін...

СОНЯ. Иә, дұрыс айтасың жұмысқа кірісейік. Мыналарды шығарып салған бойда іске кірісеміз. *(Столдағы қағаздарды жинай бастайды)*. Үйдің іші ыбырсып кетті.

АСТРОВ. *(Банканы қапшығына салып)*. Енді жолға шығуға болады.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Кіреді)*. Иван Петрович, сіз мұндасыз ба? Біз кеткелі жатырмыз... Александрға барыңызшы, бірдеңе айтпақшы.

СОНЯ. Жүре ғой, Ваня ағай! *(Войницкийді қолтығынан алып)*. Жүрейік. Папам екеуің бітісіңдер. Ол өте қажет.

Соня мен Войницкий кетеді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Мен кетем. *(Астровқа қолын береді)*. Сау тұрыңыз.

АСТРОВ. Осы қазір ме?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Аттар әзір тұр.

АСТРОВ. Сау тұрыңыз.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сіз бүгін маған бұл арадан кетем деп уәде беріп едіңіз.

АСТРОВ. Есімде. Қазір кетем.

Пауза.

Қорыққаныңыз ба? *(Қолынан ұстап)*. Бұл сонша ма, қорқынышты іс пен еді?

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Иә.

АСТРОВ. Қалсаңыз қайтеді? Ертең орман шаруашылығына...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Жоқ... Мәселе шешілген... Кететінім айдан анық болғасын, мен сізге қаймықпай қарап тұрмын... Жаңғыз-ақ тілегім бар: мен туралы жаман ойлап қалып жүрмеңіз. Сіздің мені сыйлағаныңызды өтінер ем.

АСТРОВ. Ә! *(Күйгелектеніп)*. Қалыңыз, өтінем. Өзіңіз ойлаңызшы бұл дүниеде сіз бітірер дәнене де жоқ, өмірге қойған мақсатыңыз да жоқ; ерте ме, кеш пе, әйтеуір, сезімнің дегеніне берілесіз оған ешқандай күманыңыз болмасын. Сондықтан ондай әзәзіл сезімге Харьковте ме, әлде Курскінің бір түкпіріне ме, әйтеуір бір жерде ырыс бергенше, одан да осы арада табиғаттың құшағында иліге салмайсыз ба? Тым болмаса, бұл ертең ақындарға жырға қосуға лайық өте бір келісті шаруа болады ғой... Осы маңда, орман шаруашылығында, әлгі Тургенев жазатындай жартылай құлап бітуге айналған бір көне усадьба бар еді...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Неткен күлкілі адамсыз... Өзіңізге тіпті ренжіп те қалдым, бірақ ертең рахаттанна еске алатын шығармын. Сіз сондай қызық, ешкімге ұқсамайтын ерекше адамсыз. Біз енді кездеспейміз ғой, сондықтан несін жасырайын, мен сізді тіпті ұналып та қалып ем. Кел, онан да достарша қол алысып, достарша айырылысайық. Сөге-жамандай көрмеңіз.

АСТРОВ. *(Қолын қысып)*. Иә, кетіп қаласыз... *(Ойға шомып)*. Сіз бір қарағанда соншалықты жайдары, жақсы адам боп көрінгенмен, тұла бойыңызда бірден түсіне қоймайтын жұмбақ бірдеңе бар. Бұл жаққа күйеуіңіз екеуіңіз келе қалып едіңіз, осында өздерінше бірдеңе жасаған боп тырбынып жүрген жандардың бәрі шаруаларын тастай салып, сіздің күйеуіңіздің сал ауруымен әлек болды. Сіздердің еріккендеріңізді көріп біз де еріге бастадық. Мен мында кеп сізге елігіп, бір ай бойы жұмыс істемей, серуен құрып жүргенде, бұл уезде талай адам ауырды, жаңа егілген жас талдарымның арасына талай бақташы мал жайды. Сүйтіп, күйеуіңіз екеуіңіз аяқ басқан жеріңіздегі нәрсе атаулы күйреп, қирап, бүлініп шыға келеді. Мен, әрине, қалжыңдап тұрмын, бірақ бұл сөзімнің жаны да бар. Егер бұл оқиға бұдан гөрі ұзағырақ кідірет болсаңыз, бұдан гөрі көбірек дүниені бүлдіріп кететініңізге менің

еш күмәнім жоқ. Мен де мерт табар ем, сіз де жетісе қоймас едіңіз. Жарайды, жолыңыз болсын. Осымен комедия тәмам!

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Оның столынан карандаш ап жасырады)*. Мен мына карандашты өзіммен бірге ала кетейін.

АСТРОВ. Шынында да, ғажап, өзі... Танысқанымыз да жаңа ғана еді, енді міне, не себептен екені белгісіз, енді бұдан былай ешқашан кездеспейтіндей боп айырылысқалы тұрмыз. Бұл дүниеде барлық нәрсе осылай басталып, осылай біте бермекші. Бұл арада ешкім жоқта, Ваня ағай гүл құшақтап келіп қалмай тұрғанда маған өзіңізді сүйіп алуға рұхсат етіңізші... Соңғы рет... Жарай ма? *(Оны бетінен сүйеді)*. Міне, енді дұрыс болды...

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Сізге барша ізгі тілектің бәрін тілеймін. *(Жан-жағына қарап)*. Жарайды, өмірде бір-ақ рет қой! *(Бас салып құшырлана сүйіседі де, тез ажырасып кетеді)*. Енді кету керек.

АСТРОВ. Тезірек кетіңіз. Ат әзір болса, аттанғандарыңыз дұрыс қой.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. Біреулер келе жатқан сияқты.

Құлақ түре қалысады.

Астров. Серебряков, Войницкий, қолына кітап ұстаған Мария Васильевна, Телегин және Соня кіреді.

СЕРЕБРЯКОВ. Кім өткенді ұмытпаса, соның көзі ойылсын. Әлгіде болған оқиғадан сон мен бірнеше сағаттың ішінде талай нәрсені бастан кешіріп, талай ойға батқаным сонша, тіпті арттағы ұрпаққа қалай өмір сүру керектігі жайында бүкіл бір трактат жазып шыға алатын сияқтымын. Мен сенің кешірім өтінгеніңді қуанышпен құп алып, өзім де сенен кешірім сұраймын. Сау тұр! *(Войницкиймен үш рет сүйіседі)*.

ВОЙНИЦКИЙ. Бұрынғы алып тұрғаныңды бұдан былай да ұқыпты түрде жіберіп тұрам. Бәрі бәз-баяғысынша болады.

Елена Андреевна Соняны құшақтайды.

СЕРЕБРЯКОВ. *(Мария Васильевнаның қолын сүйіп)*. Мамам...

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. Александр тағы да суретке түсіп, маған фотографияңызды жіберерсіз. Мен үшін сіздің қаншалықты қымбат екеніңізді өзіңіз жақсы білесіз ғой.

ТЕЛЕГИН. Сау тұрыңыз, аса мәртебелім! Бізді ұмыта көрмеңіз!

СЕРЕБРЯКОВ. *(Қызын сүйіп)*. Сау тұр... Бәріңіз де сау тұрыңыздар! *(Астровқа қол беріп)*. Жақсы мәжілістес болғаныңызға алғыс айтамын. Ойларыңызды, құмар кәсіптеріңізді, жігеріңізді құрметтей тұра, мендей кәрінің қоштасар сәтте бір ескерту жасауына рұхсат етерсіз. Мырзалар, іс істеу қажет! Иә, іс істеу қажет! *(Жұртқа иіліп тағзым етеді)*. Ал, сау тұрыңыздар! *(Кетеді)*.

Оған Мария Васильевна мен Соня ілеседі.

ВОЙНИЦКИЙ. *(Елена Андреевнаның қолын құшарлана сүйіп)*. Сау тұрыңыз. Кешірерсіз... Бұдан былай кездеспейміз ғой енді.

ЕЛЕНА АНДРЕЕВНА. *(Көңілі бұзылып)*. Сау тұрыңыз, көгершінім. *(Басынан сүйіп, кетеді)*.

АСТРОВ. *(Телегинге)* Вафля, айта салшы, менің де аттарымды әзірлесін.

ТЕЛЕГИН. Айтайын, достым. *(Кетеді)*.

Астров пен Войницкий екеуі қалады.

АСТРОВ. *(Стол үстіндегі бояуларын жинап чемоданға тығады)*. Сен неге оларды шығарып салмайсың?

ВОЙНИЦКИЙ. Жүре берсін, ал мен... шығарып сала алмаймын. Маған ол ауыр тиеді. Өзімді өзім ұмытатын бір шаруа табуым керек тезірек... Жұмыс... Жұмыс істеу керек! *(Қағаздарын ақтара бастайды)*.

Пауза,

Қоңырау дауысы естіледі.

АСТРОВ. Аттанып кетті. Профессор қуанышты сияқты! Оны енді мұнда шақырып та келтіре алмассың!

МАРИНА. *(Кіреді)*. Аттанып кетті... *(Отыра қап шұлық тоқуға кіріседі)*.

СОНЯ. *(Кіреді)*. Аттанып кетті... *(Көзін сүртеді)*. Құдай жолдарын қылып, барар жерлеріне аман жеткізгей. *(Ағасына)*. Ваня ағай, бір шаруа таппасаң, болмас.

ВОЙНИЦКИЙ. Иә, жұмыс... Жұмыс істеу керек!

СОНЯ. Мына столдың басында бірге отырмағанымызға көп уақыт болыпты. *(Стол үстіндегі шамды жағады)*. Сия да таусылыпты. *(Сия сауытты ұстап, шкафтан сия құйып қайтады)*. Олардың кеткеніне мен біртүрлі қынжылып отырмын.

МАРИЯ ВАСИЛЬЕВНА. *(Жайлап басып кіреді)*. Аттанып кетті. *(Отыра қап кітап оқуға кіріседі)*.

СОНЯ. *(Столға отырып, кеңсе кітабын ақтара бастайды)*. Ваня ағай, әуелі есептеп алайық. Әйтпесе, бәрі былығып кетті. Бүгін тағы да счет жіберіпті. Сен біреуін жаз, мен біреуін жазайын...

ВОЙНИЦКИЙ. *(Жазады)*. «Счет...»

Екеуі үнсіз жазу жаза бастайды.

МАРИНА. *(Есінен)*. Ұйқым келуін қарашы.

АСТРОВ. Жым-жырт тыныштық. Сыр-сыр етіп қалам сытырлайды. Шыр-шыр етіп шілделік шырылдайды. Жылы, жайлы... Тіпті кеткім келмей тұрғаны.

Қоңырау сылдырайды.

Міне, аттар да әзір бопты... Достым менің, сіздермен сосын мына столыммен қоштасудан басқа амалым қалмады. Енді жөнімді табайын! *(Картограммаларын папкаға сала бастайды)*.

МАРИНА. Сонша әлек боп қайтесің! Отырсайшы!

АСТРОВ. Жоқ, болмайды.

ВОЙНИЦКИЙ. «Ескі қарыздан қалғаны екі жетпіс бес...»

Қызметші кіреді.

ҚЫЗМЕТШІ. Михаил Львович, көлік әзір...

АСТРОВ. Естіп тұрмын. *(Аптечкасын, чемоданын, папкасын ұстатады)*.

Мә, мыналарды ұста. Папканы мыжыртып алма, абайла!

ҚЫЗМЕТШІ. Құп! *(Кетеді)*.

АСТРОВ. Иә...

СОНЯ. Сонымен, қашан кездесеміз?

АСТРОВ. Жаз шықпай кездесе алармыз дейсің бе? Қыста ыңғайы келе қоймас... Егер бірдеңе болса қалса, хабар беріңіз, келем ғой, сірә. *(Қолын қысады)*. Нантұздарың, ықыластарың — бәрі үшін де көп-көп рахмет. *(Күтуші кемпірдің қасына барып басынан сүйеді)*. Сау тұр, кәрия.

МАРИНА. Шәй ішпестен кеткенің бе?

АСТРОВ. Зауқым жоқ, әжесі.

МАРИНА. Бәлкім, арақ ішерсің?

АСТРОВ. *(Батылсыздау)*. Мүмкін болса...

Марина шығып кетеді. (Паузадан кейін). Менің бір атым ақсап қалыпты. Кеше Петрушка суатқа апара жатқанда байқадым.

ВОЙНИЦКИЙ. Тағасын жаңартқан жөн.

АСТРОВ. Рождественноедағы ұстаға соға кету керек болды-ау. Басқа амал жоқ *(Африка картасының*

қасына барып үңіледі). Шамасы, қазір Африкада күн күйіп тұрған шығар. Сұмдық қой!

ВОЙНИЦКИЙ. Иә, солай шығар.

МАРИНА. (Бір рюмка арақ пен бір үзім нан салынған поднос әкеледі) Алып қой!

Астров арақ ішеді.

Денің сау болсын, көкешім... (Иіліп тағзым етеді). Нан ауыз тисеңші.

АСТРОВ. Жоқ, мен былай-ақ... Ал, жақсы тұрыңдар. (Маринаға). Мені шығарып салмай-ақ қой, әжесі. Керегі жоқ.

Ол кетеді. Соня қолына шырақ ұстап шығарып салады. Марина креслосына отырады.

ВОЙНИЦКИЙ. (Жазуға кіріседі). «2 февральде... Тұзсыз шыны май 20 фунт,... 16 февральде тағы да тұзсыз шыны май 20 фунт... Құмықтың жармасы...».

Пауза.

Қоңырау сылдырайды.

МАРИНА. Кетті.

Пауза.

СОНЯ. (Қайтып кеп, шырағын столға қояды). Кетті.

ВОЙНИЦКИЙ. (Шот қағып, қағазға жазады). Жинағы — он бес... Жиырма бес...

Соня да отыра қап жазуға кіріседі.

МАРИНА. (Есінен). О тоба, күнәһарларыңды кешіре гөр...

Телегин аяғының ұшынан басып кіріп, есіктің қыр көзіне отыра қап, гитараның күйін келтіреді.

ВОЙНИЦКИЙ. (Соняның шашынан сипап). Маған қандай ауыр тиіп отыр, балақайым! Маған қандай ауыр екенін білсең ғой!

СОНЯ. Амал қайсы, өмір сүру керек!

Пауза.

Біз, Ваня ағай, өмір сүреміз. Әлі талай ұзақ-ұзақ күндер мен ұзақ кештерді бастан кешеміз, тағдырдың жіберген қай тауқыметін де тайсалмай көтеріп бағамыз: қазір де, ертең қартайғасын да біреу үшін сілеміз қатып еңбек ете береміз; шекті мерзім жеткенде, үн-түнсіз жан тапсыра саламыз; табытқа түскесін қандай азап шеккенімізді, қанша рет жылағанымызды, қанша қасірет тартқанымызды тапжылтпай айтып береміз; сонда тәңірдің бізге мейірімі түседі, ағатай, сүйікті ағатай, сіз екеуміз сонда әсем, сондай тамаша өмір кешеміз, қатты қуанамыз, тіпті осы қазіргі ба-

қытсыздықтарымыздың өзіне күлімдеп сүйсіне көз тастаймыз, сосын ағыл-тегіл рахатқа батамыз. Мен бұған, ағатай ынты-шыныммен сенемін. *(Алдына барып жер тізерлеп басын кеудесіне тығады, қатыңқы дауыспен)*. Біз сонда ғана демаламыз!

Телегин баяулатып күй шертеді.

Сонда ғана рахатқа батамыз! Ақ қанатты періштелерді көреміз, бүкіл аспанның меруерт моншақ тағынғанын көреміз, біздің көрген тауқыметіміз күллі дүниені жайлап алған мейірім мұхитына батып жоқ болады; біздің өміріміз сондай жайдары, сондай нәзік, сондай тәтті аялы алақанға айналады. Мен бұған сенемін, қатты сенемін... *(Ағасының көз жасын сүртіп)*. Байғұс менің Ваня ағайым, ағатайым, сен жылап отырсың ғой... *(Өзі де жас алып)*. Сен өміріңде еш қызық көрген жоқсың, Ваня ағай, бір-ақ сәл шыдашы... Біз де тынығамыз... *(Аймалап)*. Біз де дем аламыз!

Күзетші тоқылдақ тоқылдатады. Телегин баяу күй шертеді. Мария Васильевна брошюраның жиегіне бірдеңе жазады. Марина шұлық тоқып отыр.

Біз де тынығамыз!

ШЫМЫЛДЫҚ ЖАБЫЛАДЫ.

МАҚАЛАЛАР

Шәрбану БЕЙСЕНОВА

АЗАТТЫҚ ЖОЛЫ-АЗАПТЫ

немесе «Абылай хан» қойылымынан туған ой.

Астананың тұсаукесер салтанаты кезінде қала жұртшылығы үлкен рухани серпілісті бастан кешіп, іштей тазарып, қайта түлегендей жағдайда болғаны рас. М. Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры екі күн қатарынан қойған «Абылай хан» қойылымының көрерменге сыйлаған әсері тіпті ерекше. Спектакль әркімнің де жігерін жанып, көңілінде тұтанған ұлттық сана ұшқынын қанаттандырып, елдігімізді, тәуелсіздігімізді асқақтата түскендей. Сондығымен Астананың тойына айрықша шырай қосқандай.

Сахнадан түйдек-түйдегімен, жүйе-жүйесімен айтылған сөз орамдары құйылып келген бұлақ суындай тасқынды, құлақ құрышын қандырардай шұрайлы, тыңдаушысын шынайы өнер кәусәрінен сусындатқандай тұшымды да нәрлі.

«Абылай хан» — мемлекеттік тапсырыспен жазылып, сахналанған халықтың азаттық жолындағы азапты күресін бейнелейтін қаһармандық драмалық дастан. Авторы Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қарымды қаламгер Әбіш Кекілбаев. Қойған, әрі музыкамен көркемдеген Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, танымал режиссер Болат Атабаевтың да бұл шығармашылық бір белесіндегі туынды.

Қойылымның өнбойына алтын арқаудай желі болып — халқымыздың тәуелсіздігі үшін өзіне өмір бойы үздіксіз күресуді тағдыр талайына жазған, ал, ол күресті ұрпақтары толассыз жүз жылдан астам жалғастырған Абылай сынды сұңғыла, көреген ханның өмірі өрілген.

Қойылым үш көріністен түзілген. Бастапқы көріністе

көрермен Абылайдың жастық шағын, керуенге ілесіп Арқаға келуін, Дәулетбай байға бала болғанын көріп, түйсінеді. Бұл — жоңғарлардың қазақ даласына оқтын-оқты шабуыл жасап, ойраттардың ойрандап тұрған тұсы. Қойылымдағы Диуана айтпақшы:

*... Жаз шықты дегенше,
Жау шапты десеіші, —*

дегендей, бір алуан жаугершілік уақыттан сыр толғайды. Жоңғарлармен болған сондай бір шайқаста жас Абылай ойраттың батыры Шырышты жекпе-жекте жеңіп, шаршы топқа танылады.

— Кім болдың, қарағым? — деген, Көмей Әулиенің сауалына сондағы Абылайдың айтқаны:

*Әбілмансұр қойыпты есімімді,
Бал мен удан бұйыртты несібемді.
Құрсақтағы күнімнен қуғын көріп,
Күдік-күмән тербетті бесігімді.
Тардан безіп, жалғаннан кең іздегім,
Мезі болып дау-жардан жөн іздегім —
Қамқа тонды қомшаға айырбастап,
Алас ұрып, ата жұрт, сені іздегім.
Таптым міне іздеген ұшпағымды,
Елең етпей қысталаң-қыспағыңды,
Көк шыбынды көзіңе үймелеткен
Қындай қып қырамын
дұшпаныңды!*

*... Ақ батаңды, ата жұрт, берсең болды,
Жатырқамай соңымнан ерсең болды,
Жерден шығып тұрғам жоқ, көктен түсіп,
Мен де өзіңдей ұлыңмын, сенсең болды.
Қамыққанда сүйенер жарым құдай,
Тарыққанда демейтін пірім Абылай!..*

Осылай деп, танылған Абылай сахнада біртіндеп сомдалып, тұлғалана береді. Екінші көріністе аңда жүріп қапыда ойраттардың қолына түсіп, тас зынданда қамалған, тордағы арыстандай арпалысқан Абылайды көріп, көрермен де бір сәтке онымен бірге пұшайман хал кешеді.

Тас зынданда Қалдан Шеріннің жіберген жансыздарымен арбасып, сұңғылалығының арқасында табиғат асыл жаратқан қажыр-қайратымен қиыннан қиялай жол тауып шығады. Қалдан Шерінмен бетпе-бетте Абылай бейнесі ерлігімен тәнті етеді. Қалдан Шерін қойған дұдамал сауалдарға ұрымтал жауап қатып, алдын орап отырады.

Қалдан Шерін:
*Пейілгестіктің желімі қайсы?
Жалғастықтың желісі қайсы?*

— десе,

Абылай:

Астан артық желім болар ма!

Кіндіктен артық желі болар ма! — деп табанда көпшілікті аузына қаратады.

Жауап көңілінен шыққан Қадан Шерін ас әкелуге бұйырады. Осы жолы Абылайдың айбатынан сескенген Қалдан Шерін:

Басына азттық берсем,

Іргеме тыныштық келер ме екен?

Басымызға ертең іс туғанда

Ту сыртымнан тұра ұмтыламай,

Қолтығымнан гемер ме екен?

Не де болса, нар тәуекел, — деп жалғыз қызы Топышты қосып, Абылайды елге қайтарады.

Қойылымның үшінші көрінісінде оқиға ширығып, күрделене түседі. Сахнада албырт, батыр жігіттен қара басын хан сайлатқан кемеңгер Абылай ханды көреміз. Абылай хан ролін кейіптеген Қазақстанның халық әртісі, мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұңғышбай Жаманқұловтың ойыны көрермендердің өзіне деген ерекше ықылас сезімін туғызды.

Міне, сахна ортасында Абылай хан мен «Хан ием», — деп сызылған сұлу Топыш. Абылай хан сөйлеп отыр:

...Ел жолында еркек тоқтымын.

Құрбандыққа шалам басымды.

Өлімнен қорқып көргем жоқ.

Алайда аңқау жұртымды

Жатқа есесін жібермес

Іргелі ел қылып, үлгерсем деп,

Ғұмыр мен жігер тілеймін

Күні-түні құдайдан.

Үлгермесем, тәңірген

Ізімді басып, ісімді алға апарар

Алғыр ұрпақ сұраймын, — деп, оның ширыға толғанғанын естіп: «Япырмай, сонда, періште «әумин» деген екен-ау!» — деп ойлары хақ әркімнің де, Абылайдан тараған ұрпақтың туған тарихымызда ғасырлар бойы өз ықпалын жүргізгені көпке аян ғой. Олардың арасынан елі мен жерінің тұтастығы үшін арпалысып өткен Қасым хан, хан Кене, Сыздық сұлтан еріксіз ойға оралған-

дай. Олардан да оқшау шығып, көкте сәулеленіп ізі қалған жарық жұлдыздай Шоқан ше? Қойылымды көріп отырып, бір сәт көңілден осындай ой өрбиді.

Сахнадан Абылай хан аузымен айтылып жатқан ой орамдары қат-қабат. Сөз мәтінін түсінер көрерменге ойланар жайлар жетерлік.

*Орманда тұр орыс қайрап балтасын,
Қыр басында шүршітің тұр кезеніп,
Жал астында жоңғар жатыр дүрлігіп,
Күңгейіңде Нәдір-шах
Нар үлектей күркірейді күні-түн...*

Қазақтың сахарасы кең болғанымен заман тар, «Түлкінің қызылдығы өзінің соры», — демекші, ен-байтақ жатқан елімізге жан-жақтан көз алартушылар көп-ақ. Екі жағындағы алпауыттай үлкен екі мемлекетпен, бүйірдегі ойратпен иық тіресіп, айбын асырып, оларды өзімен санасуға мәжбүр етуде. Абылай ханның ақылы мен қаһарын, айла мен тәсілін, қажет болса, білектің күшін, найзаның ұшын орынды жұмсай алғаны тәнті етеді.

Үшінші көріністегі тартыстың бір парасы Абылай хан мен ел жақсыларының арасында өрбиді. Автор қазақы мінез, қазақы тіршілікті Абылайдың аузымен былай сипаттайды. «Бұл жұрт жау сағынады, дау сағынады. Тыныштықтан іштері пысады. Той жасауға — әйелдері күнде бір ұл таппайды...» — деп торыққан Абылай хан қайтсем:

*Ұрымталына іс үйретіп,
Ұғымталына сөз үйретіп,*

Ұйытқылы жұрт қылам бұл елді, — дегенде, көрермендер залы онымен бірге толқып кеткендей. Абылай ханның жан-жақтан қыспаққа алған сыртқы күштер мен іштегі теке-тіресті салмақтап отырып айтатын мына монологына зер салайықшы:

*Сыртта — лаң, іште — жылан
Шытырман да шырғалаң.
Алға тартсаң — алғыңнан,
Қияға тартсаң — етегіңнен,
Жармасып жатқан жауы өңшен.
Ойыңды ойран, ақылыңды айран
Етуге құмар бәрі де.
Бола қоймас дегендерің.
Алған беттен айныман,
Қара жерді түп-түгел*

*Қара су жайлап алса да
Абыржыма, ақылым,
Қажыма, қайсар қайратым,
Иілме, басым, иілме,*

Қанша батпан салса да, — деп шамырқанғанда хан тұлғасы тіпті айбындай түскендей. Хан басымен Абылай да жауабы жоқ сансыз ойға қамалғандай.

Сахнаның келісті безендірілуі, әртістердің үстіндегі костюмдердің барыс терісіндей реңмен әдіптеліп, әрленіп-түрленуі Абылай хан дәуірі мен бүгінгі егемен қазақ елі арасын жатық ұштастырып жатқандай. Тақ таласы, бақ тартысы бағзы заандардан бері келе жатқан толассыз күрес екені сөзсіз. Кешегі дау бүгін тәмам, кешегі өзімшіл, кердең пиғыл бүгін тыйылған деуге көңіл дұдамал. Адам бар жерде, мансап үстемдік құрған кезде әртүрлі пиғыл, мінез қай тұста да көрініс беріп жатары рас. Қойылымдағы Абылай хан мен Жақай, Ботахан, Шотана би, Едіге, т. б. арасындағы тартысқа қарап отырып, көрермен ел басқарудың Абылай заманында да оңай болмағанын көңілмен болжағандай.

Қойылымдағы енді бір басты кейіпкер — Абылай хан тұсында өмір сүрген Бұхар жыраудың сахналық бейнесі — Көмей Әулие. Ол қашанда Абылай ханның қасынан табылады. Ол тығырыққа тірелсе, сөзімен демейді. Хан ашуға бой алдырса, ащы да болса шындығын бетке айтып, сабырға шақырады. Абылай ханның ел жақсыларымен арасындағы дауды да бітістірген — сол Көмей Әулие. Сондағы сөзіне зер салалық:

Ей, Абылай, Абылай!

Абылай ханым, бұл қалай?

Алтын таққа міндім деп,

Алтын тәжді кідім деп,

Өкпеңменен қабынба,

Өтіңменен жарылма,

Басына мұнша көтерген,

Еліңе жаулық сағынба.

Сөз тыңдамай апшисың,

Шу асаудай шапшисың

Ши жүгіртсе шабыңа... — дей келіп, Абылай ханға бірталай басу айтады. Ендігі кезекте елге ескертетін сыны да жетерлік.

... Ел болсам десең, сен Алаш,
Хан ұстасаң билік бер.
Киліге берме аузына,
Шүйліге берме алдында
Томағасын сыпырмай,
Сұңқарыңды қинама.
Тұсаулы шауып, бәйге ал деп,
Тұлпарыңды қинама.
Аяқ-қолына ерік бер,
Кеудесіне желік бер,
Сынамақ болсаң еріңді,
Қиын жерде сеніп көр! — деп барып бір тоқтайды.
Абылай ханға тағы да айтар кептері аз емес:
Ащы айтсам жөн дегің,
Жөнге дұрыс көнгенің.
Жөнін айтсам, хан ием,
Төрт тарабын еліңнің
Таразыдай тең ұстап,
Айқара құшақ ашпасаң,
Өзіңнен өрген шөжені
Өзгелерден бөліп ап,
Өзгешелеу баптасаң,
Өзіңмен бірге жүздескен,
Тілегіңді тілдескен
Өзегі жұқа дос-жаран,
Көмегіне сүйеніп,
Кеңесіне құлақ аспасаң,
Қиынның жолын көппенен
Бірге ойлап, бірге таппасаң,
Ер бытырап, қырт болар,
ел бытырап, жұрт болар
Арты шауып ңасырға
Жаз ішінде жұт болар.
Астағы тақ, баста — бақ.
Бір күн о да зып болар!..
Жақыңмен іштес жан болмай,
Халқыңмен іштес хан болсаң —

Асылдығы тегіңнің», — дей келіп, екі жақты да бірлікке шақырады. Арынды топтың ашуын қайтарып, сабасына түсіреді. Әулие десе әулие. Ел ішіне тыныштық орнағандай.

Тек, ойрат жақтан Дауашы қоңтайшыдан әлсін-әлі шабарман келіп, дүрліктіріп тұр. Ел басына тағы да қара бұлт төнгендей. «Ойрат осал жау емес». Абылай ханның көңіліне мықты алаңдық кірген. Ол ширығу үстінде:

Қапы қалсақ бұл жолы,
Қазақ сазға отырады, біржола, —
...Осы жолы тағы айдын асырсам,
Қазақты қойып, жағалай мұсылман баласын,
Жалғастыққа шақырам,
Әйтпесе, мынау көп қоршаған айнала,
Қайтып шығармас, аран орға айналар...

Міне, сахнада иін тірескен игі жақсылар. Ортаға шыққан Абылай хан жар салып тұр:

Ау, халайық, халайық,
Алатауда Ақарыс,
Сарыарқада Жаңарыс,
Егіл, Жайық — Бекарыс,
Қазаққа біткен шартарап,
Одан арғы алты Алаш,
Одан әрі ағайын,
Жар шашамын, құлақ ас.
Талауға түсер малың бар,
Таласқа түсер жерің бар,
Талықсып жатқан елің бар,
Есесі кетер ұлың бар,
Етегін шашар қызың бар,
Үзігі тесік үйің бар,
Іргесі ашық төрің бар,
Қайраңдаған қайықтай,
Қалтақтаған күйің бар
Көремісің, әлеумет!

Әлеумет:

Көреміз, көргенде қандай!

Абылай:

Еркіндік жолы — егесті.
Бақыттың жолы — бәсеке,
Ырыстың жолы — бейнетті,
Азаттық жолы — азапты,
Төземісің, әлеумет!

Әлеумет:

Төземіз, төзгенде қандай!

Абылай:

Азаттықтың қамы үшін,
Болашақтың бағы үшін,
Ұлы жорық бастаймын,
Айналайын, әлеумет!

Ел жақсылары Абылай ханның айналасына топтаса бастайды. Абылай хан саңқылдап сөйлеуде:

*...Қазақтың қайран даласын
Жағасы жайлау ел қылам,
Қара сирақ баласын
Басқалармен тең қылам,
Кеткен кегін қайтарып.
Іргесін тыныш, төрі кең,
Мерейін биік, бағын зор,
Ырысын шалқар көл қылам.
Осы жолда әлеумет,
Тайсалар болсам — маған серт,
Тайқып кетсең — саған серт
Еремісің, әлеумет!*

Әлеумет:

Ереміз, ергенде қандай! Сертке серт!

Абылай ханның әлгі сөзін естіп отырған көрермендер залы үлкен тебіреніс құшағында еді. Сахнадан айтылған келісті сөз өрнегі жүйке-жүйкені тегіс баурап алғандай. Осыдан екі жарым ғасыр бұрын осылай деп қол бастаған Абылай хан аруағына тәнті бұлған ұрпақ тікесінен тік тұрып авторға, бір дәуірдің көрінісін тұтас бейнелеген әртістер қауымына қол соғуда. Иә, азаттықтың бізге оңайлықпен келмегенін әркім іштей түйсінгендей. Қойылым жігерді жанып, намысты шыңдағандай...

Роза МҰҚАНОВА,
Қазақстан Жастар одағы
сыйлығының лауреаты.

«АБЫЛАЙ ХАН»:

(халықтық – қаһармандық драмалық дастан)

авторы: **Әбіш КЕКІЛБАЕВ**, Қазақстанның халық
жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Қоюшы
режиссер: **Болат АТАБАЕВ**,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Кейде түсінгің келетін шығарманы қанша көрсең де немесе оқысаң да ойдың шыңырауына батырып, суреткердің соқпағы еңсеңді езіп, ақыры мынау дүние қашан бітер екен дегенге саясың. Әсіресе саясат шіркіннің араласқан жері көркем дүниенің сәнін кетіріп, сұлулығынан жерітіп алатындай көрінетін.

Сахнаға «Абылай хан» келді. Сахнадан кешегі хан Абылайдың ел қамын ойлаған айбаты мен мұңы, жұмбағы мен сыры бүгінгіні меңзей ме?... XVIII ғасырдағы қазақы қайран мінез де бүгінгіні көздей ме?.. Өйткені, «**Сыбыр-күбір, пыста пыс. Жыбыр-жұбыр, пыш та пыш. Шонжарлар жүр, шоқыдай боп шонқиыл. Батырлар жүр бұрқ-сарқ, бурадай боп компиыл, пысықтар жүр, қол-аяғы сып тасып, үйден үйге, топтан-топқа, табақ тасып, сөз тасып**». Абайша пайымдағанда, «Әсемсіп, сәнсіп, Білгенсіп – бәлсіп әр нәрсенің орнын» қызы үйде, қылығы түзде болып» жатқан ағайынның ұлттық мінезі өзгермес-ау деп қорқасың. Сол мінез, сол гадет көркемдік тауып, өршелене түспесе, өшпегенін көріп өкінесің. Ханы «жау қайтарса да, дау тойтарса да көрмейтін бұ халық іріткісі мен ілмегін, тек куалап, кек қуып, көңілге ермек қылған мінезінен шошынасын. Кешегі деп көріп отырғаның – бүгінгі деп біліп отырғаның сияқты. Өзгеріп жатырмыз, жаңа қоғам, жаңа заман дейміз бүгінгі күнді. Сол тобырдың деңгейінен қазіргі қасиетті ел дегеніміз өсе қойды ма екен деп еріксіз салыстырасың. Ел

ішін бөліп, іріткі салар тентегін де көресің. Бір ғажабы — сол тентектің соңынан еріп алған, баладай сеніп алған аңқау жұртыңды тағы байқайсың. Сол заманға емес, көрермен болып отырған өзіңе жаның ашиды екен. Себебі, сүйекке біткен сол қылық атадан қалған мұрадай бізге де жетті-ау деп нали-сың.

Жеріне қызығып тайраңдаған үлкенді-кішілі көршілерінен секем алып отырған қазағың жоқ, бірімен-бірі жау, пышылдаған сөзі көп, шешілмеген дауы көп. Ал, ту сыртынан желпініп бәле іздеген: *«Шуылдаған көп қазақ. Сен бұйдалы боз тайлақ, мен бурамын шабынған. Сыртыңда тұрмын шырпынып, омыртқаңды опырып, жамбасыңды жапырып, шоңқайтқалы кеп тұрмын, қырық бүгіп тізеңді, тоңқайтқалы кеп тұрмын. Ит мүжіген асықтай, омпайтқалы кеп тұрмын»* — дегендерді аңғармағансыды. Немесе, жастарын баласынып, өз қыранын өзі күшік етуге әуес, жас деп, бала деп менсінбей, үлкенді сыйлаған болып, жоралғы жасай қалып, ақсақалды ардақтаған сыпайыгершілікке барғансып, әдейі теріс-қағыс қылып отыратын мінезді көресің, Шарыштың: *«Шошандаған көп сақал, жігіті жоқ кілең шал. Бақыртып теке соятын қасапшы емес, батырмын, Жас ноян бар ма араңда»* деген сөзінен кейін сол жас ноян Әбілмансұр суырылып шығып, секеңдеген Шарыштың бұтын көктен келтіріп жеңеді. Бірақ, дәл сол кезге дейін Әбілмансұрдың батырлығын кім елеп-ескеріп, үміт артып көріпті. Елін, жерін қорғап жүріп, қолға түсті. Зыңданның азабын тартып, еліне хан болып сайланған Абылайдың ендігі арманы — алыспен де, жақынмен де жауласпау, елін, қазағын көркейту еді ғой. Бірақ ханның тегіне тиісіп, тіміскілеп, «қазақ емес, сартсың» деуі, «ерлері есіріп, билері мысқылдап, төре біткен төбесіне ойнақ салып», берекесін алуы, елдің ертеңі емес, бүгінгі бықсығы мен былшылы жанын мұңға орамады ма!? «Басқа жұртқа еңбек керек, біздің жұртқа ермек керек», — дейді Абылай. Үйде отырып күпініп, жау сағынып, дау сағынып отыратынымыз қалай екен.

Әбіш ағамыздың «Абылай хан» туындысының көркемдік деңгейінің жоғарылығы өзінше бір әңгіме. Астарлы ой, философиялық түйін, кешегіні айта отырып, бүгінгіңнен секем алдыратын тұстар көп. Әсіресе, Абылай мен Қалданның арасындағы диалогтың шеберлігін баса айтқан жөн. Абылай хан роліндегі Тұңғышбай Жаманқұловтың, Қалан — Тілектес Мейрамовтың ой сайысының жекпе-жегі, сұрақ пен жауаптың тапқырлығы мен шешендігі — драматургиядағы көркемдік деңгейдің тамаша үлгісі.

Қалдан: «Елінде қой көп пе?»

Әбілмансұр: «Көп...»

Қалдан: «Ендеше, қойшы - өтірікші, қой ұры. Еліңнің өріске, суатқа таласқан ұсақ жанжалы басылмас. Елінде сиыр, жылқы көп пе?»

Әбілмансұр: «Көп».

Қалдан: «Жер емшегін ембеген, жерге мықтап орнықпас.

Жердің қадірін білмеген, елдің қадірін білмейді».

Бірақ елдікке ұмтылмаса да теңдікке ұмтылады.

Қалдан: Тауда тарлан ойнай ма, бағлан ойнай ма?»

Әбілмансұр: «Тарлан ойнаса – жәрместігінен ойнайды.

Бағлан ойнаса – білместігінен ойнайды».

Қалдан: «Тар жерге теке тіресе ме?»

Әбілмансұр: «Теке тіреспейді, текешік тіресегі.

Қалдан: «Тірессе не болады?»

Әбілмансұр: «Екеуі де бөріге бұйырады».

Драматург Қалдан мен Абылайдың жекпе-жегін шешендікпен шешеді, шешендікпен жеңдіреді. Сөз құдіреті арқылы суреткер Қалдан мен Абылайды бәтуға, сыйластыққа, жұптастыққа әкеліп иілтеді. Саясаттың астарын мойындау мен арқа сүйеуге әкеледі. Жоңғар ханы Қалданның (арт. Тілектес Мейрамов) мін тағуға әуре болған жұмбақ сауалына Абылай ханның қырандай қағылез, сергек жауабы дәп келіп, теңдесі жоқ даналық пен батырлығын айқындай түседі. Тұңғышбай Жаманқұлов актер шеберлігін ерттеп мінген біртуар талант иесі ғой. Бәлкім менің актер шеберлігінің бүге-шігесін айтып жеткізуге шамам жетпес. Драматург Дулат Исабековтің тілімен айтсақ, «Тұңғышбай Абылай ханды Абылайдың өзінен де артық ойнады-ау деймін» дегенінде жан бар. Сахнадағы Абылай ханның тәкаппарлығы, Топыш (Қымбат Тілеуова) сияқты ханшаны көз қиығымен, ымымен игеріп отыруы көп нәрсені аңғартады. Күлпаштың (актриса Дария Жүсіп) нәзік, адал, сұлу кейпінен мұнның байқалуы, асыл арманның іште тұншығуы мен көкірекке қамалған шердің молаюын Дария Жүсіп қандай әдемі бейнелейді. Көзінде тұнған жастың мөлдіреп, төгілмей қалғанынан қандай әдемі сұлу сыр аңғартады. Үлбіреп, санадағы таза арман боп, жүрек түбінде сақталып қалған Абылайдың сүйгені осы Күлпаш еді ғой. Зындандағы Абылайға «Жайсаң аға, бек аға» деп келіп еді-ау сол Күлпаш. Сол жылы құшақтан, таза сезімнен құрсаққа Әмірсана түспеп пе еді. Әмірсана (арт. С. Сәлімжанов) мен Абылай хан арасындағы

үйлесім, Әке мен бала арасындағы күрделі құпия да — сезімге әсер етер сәтті табыс. Ел билеп отырса да, өз қара басына билігі жүрмеген хан тағдыры, Әмірсананы жаны қимаса да, билігі күшті саясаттың жемі болған тулақ тағдырға кегі кеткендей мүжіліп, еңсесі түскен Абылайдың күйі жүректі шымырлатып, жанға әсер етеді. Аянар ештеңесі жоқ, Әмірсана жолына өз қара басы садаға, бірақ елінің іргесін ылаңнан сақтау үшін «еркек тоқты құрбандық» етіп, орыс патшасына табыс етуі — Абылайдың өзін-өзі құрбандыққа шалуымен пара-пар. Еліне, жеріне деген Абылай ханның махаббаты мен сол заман тобыры, игі жақсысы тең келді ме екен. Әрине жоқ...

Спектакльдегі Кейуана (арт. Т.Аралбай) мен Диуананың (арт. Б.Тұрыс) жамандық пен жақсылықтың, сын мен міннің қатар жүретіндігі сияқты, бірі намысыңды, бірі жігерінді оятып, толықтырып отырады. Бұл әдіс көрерменнің, халқының санасын оятып, нұр құю үшін қосымша, әрі әдейі жасалған шартты кейіпкерлер болса керек.

Режиссер Болат Атабаевқа тән нәрсе — сахнаны толық игеру. Актер таңдау тауқыметін былай қойғанда, халықты, ұлтты, ұлттық менталитетті, солардың киім үлгісін, қарабайыр тұрмысын, музыкасын егжей-тегжейлі сыйғызу. Жәй ғана адам жалығатындай сыйғызу емес, орнын таба білуі. Ойға, санаға, танымға орын іздейді режиссер. Болаттың «Абылай хандағы» режиссерлік жұмысын симфония деуге тұрарлық. Режиссерлік ауқымы кең болғандықтан да шығар, оның қойылымына әйтеуір хор да сияды, «Алтынай» сияқты бүтіндей бір ұлттық би ансамблі де сиып кетеді. Кейде маған Болат профессионал режиссер емес, үлкен бір тобырдың дирижері сияқты әсер етеді. Өйткені, ол қойылымда мінез (характер) жасауды ұнатады. Ұнатады да соған билік еткенді де жек көрмейді. Қолға түсіп, зынданда жатқан Әбілмансұрға келген Топыштың (Қымбат Тілеуова) сайқал жүрісі, сәнмен киінген сұлу перінің: «Мынау құшақ, кірсең жұмақ» деп батырға ұмсынып, лезде құбылып: ашсаң тозақ» деуі... Көмейінен аждаһаның үніне айналған екіжүзділік пейілін режиссер мен драматург сәтті тапқан. Абылай құшағына алмаған сол түнге налып, сұлу бикеш: «Қимасыңды қызыл қаншыққа талатам» деп жай кетпей, ашумен кетті-ау. Сол сұлу Топыш Абылайдың тағын қызғыштай қорғап жүріп билікке де араласып-ақ кеткісі келіп, әрең тынады. Қазақ хандығының қасиетінен сұс болмаса, бәлкім Топыш құшағы, өзі айтқандай, «Ашсаң азап» болатын ба еді. Жалпы, Болат Атабаевта сезімді шошындырмай, сұлулықпен, әдемі пластикамен

ұсыну рәсімі басым. Мысалы: Әбілмансұр мен Күлпаштың зынданда кездесуін екеуінің биімен, бірін-бірі ыстық ықыласпен аялаумен ғана шектейді. Сахнада сәтті табылған әдіс.

«Абылай хан» спектаклі қазақ елінің XVIII ғасырдағы бір кезеңін ғана айтып шектелмейді. Кешегі мен бүгіннің айырмасы неде? Біздің халықтың санасы мен тұрмысында өсу мен өркендеу бар ма?! Басқаға жем болудан сақтанған сол қазақ, қазір өз басын өзі қорғай алар мұршасы бар ма? Әлде осы «жем болып қаламын ба» деген үреймен келесі ғасырларға кете барар ма екенбіз. Шындығында билігі барға табақ тасып, сөз тасып, пыш-пышпен жүрген жоқпыз ба... Өз ханын жалғыздықтан, жау қолына қалдырмаудан, тасадан тас атпаудан сақтай алар ма екен бүгінгі қазақ? Әлде, Әбіш аға айтқан «еңбек емес, ермек іздеуден» жалықпай жүрген жоқ па екен, бұ халық? Бәрі де рас. Айыптаса айыбы бар, кінәласа міні де жоқ емес. Пендеге тән нәрсе бұ қазаққа да тән. Бірақ, сол мінезді көрегендікке, елдікке жеңдірсек деп тілейді автор.

Абылайдың: «Ел жолында еркек тоқтымын. Құрбандыққа шалам басымды. Өлімнен қорқып көргем жоқ. Алайда, аңқау жұртымды жатқа есесін жібермес іргелі ел қылып үлгерсем деп, ғұмыр мен жігер тілеймін күні-түні құдайдан. Үлгермесем, тәңірден ізімді басып, ісімді алға апарар, алғыр ұрпақ сұраймын» деуі — елім деп еңіреген кешегі қазақтың саналы ұлының арманы. Бүгінгі ел ағасының да, ел азаматтарының да тәңірден тілейтіні осы болар.

Спектакльдің көтерген үлкен жүгі кешегіні мысалға алып отырып, бүгінгіден қапы қалма, ағайын, дос-туған дейтіндей. Спектакль өз мінезіміз бен өз мінімізді өзіміз ғана білетін қазақ деген халыққа біліктілік пен білімділікті, парасаттылық пен ойлылықты, басқадан кем болмайық, қор болмайықты жанмен сездіріп, жүрекпен қабыдатады.

Қазақтың қасиетті қара шаңырағы атанған Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасы өнердің биік бір көркем дүниесімен толықты.

Құтты болсын!

«Жас Алаш» 25 маусым, 1998. №75.

Бек ТОҒЫСБАЙҰЛЫ

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ АСҚАҚ ЖЫРЫ

Әбіш КЕКІЛБАЕВ.

*Абылай хан. Халықтық-қаһармандық драмалық
дастан. Режиссері Б. АТАБАЕВ. Қазақтың
М. Әуезов атындағы академиялық драма театры*

Қазақ хандығы құрылғаннан бергі үш ғасыр бойы жан-жақтан анталаған жауларын жайқап, елдің қонысын, өрісін кеңейткен ұлы хандардың ішінде Абылайдың орны ерекше. XVIII ғасырда Солтүстік батыстағы Ресей мемлекеті де, Шығыстағы Қытай империясы да, үш жүз жыл бойы соғысып, қазақ жеріне кіре алмаған Жоңғар мемлекеті де, тіпті оңтүстіктегі Бұхар, Хиуа, Қоқан хандықтары да заманға сай әскер ұстап, алысқа ататын винтовка мен зеңбіректерін зіркілдетіп тұрғанды. Қазақ жауынгерлерінде қанша қаһарман болса да мұндай қару-жарақ жоқ еді. Абылайдың жас кезінде күллі қазақ күш біріктіріп жоңғар басқыншыларын Ерен Қабырғадан әрі асырып тастаса да, екі ұлы мемлекеттің — Қытай мен Ресейдің қыспағында қалды. Таққа отырған Абылай енді қара күшпен емес, асқан ақылдылықпен елді, жерді сақтаудың әрқилы амалын табуға мәжбүр-тұғын.

Тарихты терең білетін көрнекті жазушымыз Әбіш Кекілбаев ел басына күн туған сонау қилы заманды, бір пьеса емес, бірнеше томдық романға лайық оқиғаларды шетінен тізіп баяндамай, үлкен философиялық ой-тұжырыммен көз алдымызға келтіріпті. Сахнада сөз таласы ғана емес, адам тағдырлары арқылы діттеген ойды жеткізе алмаса, көрерменді қызықтыру қиын. Драматург осы жағына айрықша көңіл бөлген. Негізгі идея ел тағдыры, жер тағдыры бола тұра басты кейіпкерлердің жеке тағдырлары да кең қамтылған.

Әуелде біз Сабалақ атымен жүрген Абылайды жас актер С.Сәлімжановтың бейнелеуінде көреміз. Жүрек оты лапылдаған жас батырды байқамасақ та жігеріне ақылы сай болашақ ханды тану қиын емес. Сабалақ ұрыс майданындағы жекпе-жекте Жоңғар ханы Қалдан Шеріннің батыр ұлы Шарышты өлтірген болатын. Қапыда тұтқынға түскен Сабалақтан Қалдан Шерін жеке жауап алғанда қайтарған жауаптары болашақ Абылай ханды көз алдымызға елестетеді. Жоңғар ханы да ақымақ емес, кіммен сөйлесіп тұрғанын алдын-ала байқайды да, жас батырды өлімге қимайды, бәлкім, түбінде онымен одақ болуды да ойлаған шығар...

Осы көрініске қоюшы режиссер Болат Атабаев та, жас актер С. Сәлімжанов та баса назар аударып, күш салғаны анық байқалып тұр.

Абылай хан бейнесінде Тұңғышбай Әл-Тарази көрінгеннен бастап сахна байи бастайды. Әрқилы адамдармен сөйлесуінде, әр адамның пейіл-пиғылын болжауында, ақыл таразысына салып, шешім қабылдауында терең ой мен асқан айлакерлік бар. Белгілі сахна шеберінің жүрістұрысынан, қол сермеуінен, тіпті, таққа отыруынан да ішкі жігер мен парасаттылықты, кейбір іс-оқиғаларды алдын-ала болжай білетін даналықты сеземіз. Тұңғышбайдың «Құдай берген» дауысының өзінде қаншама күш-салмақ бар! Кейбіреуге айқай көптеу көрінуі мүмкін, бірақ ол заманда айқайсыз, бұйрықсыз іс біткен бе? Әсіресе, кейбір кертартпалардың Абылайды басқа жағынан сүріндіре алмай, арғы тегін қазбалауға тырысқаны сонау қиын-қыстау кезеңде ашу-ыза тудырмай қайтсін! Хан, тіпті, тақтан таюға да әзір, бірақ халық қамын ойлаған ел жақсылары мұндай ағаттыққа жол бермейді. Абылайдың әкеден қалған таққа мұрагер емес, халық арасынан шыққан жан екендігіне режиссер Болат Атабаев көпшілік сахналарын аса шебер пайдалану арқылы көрерменнің көзін жеткізеді.

Бұл арада Әмір Сана тағдырына тоқтала кеткен жөн. Сабалақ Қалдан Шеріннің тұтқынында жүргенде оған сұлу Күлпәш (арт. Д. Жүсіп.) көңілі кетіп қолұшын берген-ді. Әмір Сана — Сабалақтың Күлпаштан туған ұлы екенін аңғарамыз. Кейін ол ержетіп, Қалдан Шерін өлгеннен кейін таққа таласушылардың бірі және бірегейі болғаны тарихтан мәлім. Бірақ қалмақ ханының басқа балалары оны ығыстырып, шет-

тетге берген соң (бәлкім, шешесі айтқан шығар) Әмір Сана Абылайды іздеп келіп паналайды. Қазақ-қалмақ дауының бір сүресі сол. Қалмақ жағы Әмір Сананы қайтар дейді, Абылай оған көнбейді. Бұл жағдай қазақ шонжарларының да алауыздығын тудырады. Қалмақ шабуылынан қорыққан шонжарлар Абылайға жауыға бастаған соң, хан Әмір Сананы Ресейге өткізіп жіберуге мәжбүр болады, өйткені, қалмаққа қайтарса, оны өлтіріп жіберуі сөзсіз. Осы көріністегі Абылай қаһарлы хан ғана емес, мейірімді әке екенін актер мен режиссер аса нанымды бейнелеген.

Қалмақ ханының қызы, қазақ ханының әйелі Топыш бейнесін драматург күрделі оқиғаларға араластыру арқылы сәтті шығарған. Актриса Қ. Тілеуова ақылды да адуынды ханшаның есте қаларлықтай бейнесін жасай алған. Аз көрінсе де драмалық оқиғадан алып тастауға болмайтын Қалдан Шерін (арт. Т.Мейрамов), Дауашы (арт. У.Сұлтанғазыұлы) Дәулетбай (арт. Ж.Медетбеков), Әбілмәмбет (арт. Қ.Тас-танбеков), Шарыш (арт. Ж.Толғанбаев), Ботахан (арт. Ә.Кенжеев), тағы басқалар жалпы спектакльге ажар беріп тұр. Т.Аралбай ойнап жүрген Кейуана, Б.Тұрыс бейнелеген Диуана осы спектакльдегі қос қазық десек артық айтқандық емес. Себебі, соншама күрделі оқиғаларға философиялық тұрғыдан баға беру, кезең, заман туралы толғаныс, халықтың қиял-арманы осы екі кейіпкердің аузымен айтылып тұр. Бұл екеуінсіз сахнада жүріп жатқан сұрапыл оқиғалардың мән-мағынасын біреу түсініп, біреу түсінбеуі мүмкін. Сценографиясы, киім үлгілері көркем (суретші Е.Тұяқов), көпшілік сахналары жалпы формаға бағынатын спектакльдің соңғы көрінісі кімді де болса тебіrentпей қоймайды. Ел мен жердің бұрынғы, қазіргі, ертеңгі тағдыры жөнінде терең толғаныспен айтылатын, күш-қайратқа толы, кең құлашты ән залда отырған жұртты дүр сілкіндіріп, ойына ой, жігеріне жігер қосады. Осы көрініс спектакльдің идеялық, патриоттық рух-қуатын сан есе арттыра түскендей.

Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

ТЕРЕҢ СЕЗІМНІҢ ТҮНБАСЫ

Ол — бір сырлы, сегіз қырлы талант. Ол талантты ақын, талантты сыншы, талантты прозаик. Бір кісіге осының біреуі де жетер еді. Оған табиғат үшеуін де берген. «Екі кеменің құйрығы» демекші, бұл жігіт үш кеменің құйрығын ұстап келеді.

Оның университет қақпасынан шыққанына 4-5-ақ жыл болды. Осы уақыт ішінде Әбіш жүздеген өлең, ондаған мақала, 6 — 7 повесть, бірнеше әңгімелер циклін берді, әлемге әйгілі француз жазушысы Ги де Мопасанның «Пьер мен Жан» «Өмір» романдарын аударды. Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясын қазақшалауға күш қосысты... Ол — талантты аудармашы да.

Бадырайып тұрған шындықтың өзі — даусыз дәлелденбейтін әдебиет. Әбішті де даусыз танып ала алмадық. Ол жазған әр мақала ондаған дау әкеліп жүрді, ал, Әбіш қаламынан туған әңгіме-повестер төңірегіндегі дау-пікірлер әлі басталған да жоқ, жұрттың бір бүйірінде, бір қабырғасында жатыр.

Әдетте жұрттың айтпайын деген сөзін мезгіл айттырады, амалсыз айттырады. Кімнің кім екенін ашатын да сол мезгіл деген мықты. Жазушы тек содан ғана қорықсын.

«Күй» мен «Ханша дария хикаясы». Бұл екі повесть оқушы жұртшылықты еріксіз елең еткізді. Екеуі де өткен өмірден. «Күй» повесі белгілі халық күйшісі Абыл Тарақтыұлының өмірі мен өліміне арналған. Бұл Абылдың ғана тағдыры емес, бүкіл халықтың тағдыры. Үлкен бір тағдыр сыры бар. Халық сүйген өнердің — қарашұнақ домбыраның тағдыры. «Сұлдың кінәсі — сұлулығы» дегендей, таланттың кінәсі оның таланттылығы болған заманда Абыл күйшінің бақытты болуы мүмкін емес еді. Жазушы осы идеяны жеріне жеткізе аша білген.

Повесті оқып шыққан кісінің құлағынан «Абыл» күйінің

қоңыр күмбірі, көз алдынан күйшіні тұтқын еткен түрікпен батыры Жөнеут бейнесі өшпейтіні де содан. Шын мәніндегі өнерді жасау — қиын шаруа, ал, өнер туралы өнер көрсету — одан да ауыр. Осы ауыртпалықты Әбіш жеңіл алып шыққан, қалқымай, бұлталақтамай әкеткен.

«Ханша дария хикаясы» атты повесте танғұттар жөніндегі тарихи аңызға сүйеніп, Ә. Кекілбаев елдің елдік, ерлік қасиеттері төңірегінде ұрушы мен бұғушының, күшті мен әлсіздің арасындағы алшақтықты әдемі бейнелейді. Танғұттың кекшіл сұлуы Құлбаршын мен Шығыс әміршісі Шыңғысханның пішіндері әсерлі таңбаланады.

Бұл екі повесть жөнінде өте көп сөйлеуге, көп айтуға, керісінше, түк айтпауға болады. Шығарма қанша сапалы болса — оның сапасының дәл неде екенін тап басып айту кімді де болса тұйыққа тірейтіні даусыз. Ал, мұндай тұйықтан амал тауып өтудің жалғыз жолы — сол шығарманы оқу ғана.

Әбіш Кекілбаев — күрделі талант. Күрделілік күрделі болайын деген талаптан тұрмайды. Ол — акылдың, мол білімнің, терең сезімнің тұнбасы. Тұнба — қашан да салмақты, қашан да бояу. Ол ақса ырғып ақпайды, ырғалып ағады, көпірудің орнына, қипқтана түседі. Алыстан орман қып көрсетіп, жетіп келсең, бес түп ши тұратын сағым-мінез оның талантына жат. Онда жалтылдап көрінетін жез-құбылмалылық жоқ. Ол көңілді арбайды, бірақ, көзді алдамайды. Ал, шынайы өнердің асыл мұраты — сол, кімді де болсын алдамау ғой. Алдамаған жерде ақиқат қа бар...

ТҮСІНІКТЕР

"Алтын шуақ" кітабы 1963 жылы "Жазушы" баспасынан шықты.

"Дүние ғапыл" кітабы 1999 жылы "Арыс" баспасынан жарық көрді.

"Абылай хан" халықтық-қаһармандық сахналық дастаны 1998 жылы Қазақтың М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында қойылды. Қоюшысы - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Болат Атабаев.

Олжас Сүлейменов өлеңдерінің бұл аудармалары "Жұлдыз" (1963, 1964 жылдары), "Білім және еңбек" (1964) журналдарында жарияланды.

Жапон поэзиясынан, М.Лермонтов, Э.Капиев өлеңдерінен аудармалар алғаш рет жарияланып отыр.

Карл Гоцци. "Туранбике ханшайым". Қазақстан Мәдениет министрілігі репертуар қорында. 1965 жылы аударылды.

А.Чехов. "Ваня ағай". Қазақстан М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық театрының репертуарында. Қоюшы - Қазақстан Республикасының халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтар жүлдегері Әзірбайжан Мәмбетов.

ТОМ СОҢЫНА

берілген мақалаларға түсініктер

Шәрбану Бейсенова «Азаттық жолы - азапты» «Абылай хан» қойылымынан туған ой. «Астана ақшамы» газетінің 1998 жылғы 28 шілдедегі нөмірінде жарияланды

Роза Мұқанова. «Абылай хан». Театр сыны. «Жас алаш» газетінің 1998 жылғы 25 маусымдағы нөмірінде жарияланды.

Бек Тоғысбайұлы. «Елдік пен ерліктің асқақ жыры». «Қазақ әдебиеті» газетінің 1999 жылғы 5 ақпанындағы нөмірінде жарияланған театр сыны.

Жүмекен Нәжімеденов. «Терең сезімнің тұнбасы». «Кітап жаршысы» газетінің 1968 жылғы 16 шілдедегі нөмірінде «Әбіш Кекілбаев» деген таныстыру айдарымен шыққан мақала.

МАЗМҰНЫ

«Алтын шуақ» кітабынан

Күн нұрын аямай себеді.....	5
Жер – ананың мен сүйікті перзенті	5
Ақ Жайық.....	5
Ауа	6
Бағбан	6
Минут	7
Қасымға	7
Таппаған жолда аялдап	7
Шабыт	8
О, табиғат өкпелімін	8
Елес емес сол бір жылдар	9
Танктер	9
Әйел күлкісі	10
Біздің бала шағымыз	10
Қарындасым Нұрайша	11
Жүректе әлі жатыр мұң	11
Тілек	12
Қыстағы ой	13
Ойлар	13
Аю мен дәрі (мысал)	14
Теңіз жағасындағы ой	14
Жөргек	15
Біздер	16
Адам қолы	16
Ақын	17
Айдай аузы, күндей көзі	17
Шағала	18
Қандай екен сүйіктіңнің жанары	18
Тербегенін жанарының ой бағын	18
Жазғы күн шапағын	19
Бозбаланың жарқ-жұрқ етіп жанары	20

Қыз әні	20
Кұрдас қызға	21
Ай да бір сәт қалжырап	21
Сәулешімнің бар бейнесін білемін	22
Күн қайда бірге қуған көбелекті	22
Әке (поэма)	24
Аспан жырлайды (поэма)	29
Махамбет	36

«Дүние ғапыл» кітабынан

Таңғы кәлима	45
Асан қайғы желмаясы ізіндей	47
Алмас қанжар	47
Мен егер шал боп әбден өлер болсам	48
Қараңғылық қымтап алып бір күні	48
Шыңырау	49
Гүл дүкені	50
Жалғаннан жаным әлі мұң сезбеді	51
Роберт Бернстің ізімен	52
Туған жер	52
Қайран дүние-ай, қалай ғана дәт табам	53
Жайқала өскен жауқазынның ажарын	54
Махабаттың мен де нөсер бұлты едім	54
Алматы, күзді күні, бульварда	55
Ақын-ау, сен кімнен ғана үркесің	55
Дастархан жыры	56
Бүгін тым азан-қазан қараша үй жақ	58
Күні-түні от шашып	58
Думанды жерден суыстым	58
"Аға", — дедің, бұрылдым	59
Махабат деген — ақырет	59
Ғұмырым артқа лықсуда	60
Шат болсам шалқақтаған, селкектеген	60
Түркістан	61
Мезгіл мені көрген жоқсың мезі қып	61
Мола тұсынан өткендегі ой	62
Кейде қас, кейде жақын дос түнертіп	62
Тығылған көк үйректей нар қамысқа	63
Қалжыраған қабағымды	64
Шаңы қонып өн бойыма тірліктің	64
Шалдың әні	64
Құмарлық жолы қаяусыз	65
Айым сен деп жүр едім	65

Қара талқан	65
Күншуақ	66
Жол жыры	66
Мына толқын қырады ма	67
Ақын	67
Обалар	68
Ақын өлімі	69
Оппенгеймер	69
Түйелер	70
Түтіндер	71
Археология	72
Бағзы бабаларға ода	73
Көп қуып қиял көшін ірметілген	74
Түр әлі көктем шықпай	75
Шығандап шыға шауып әп дегеннен	76
Бұл заман бұл шаңыраққа неге өш болды	77
Жыра мен жықпылы көп Жоңғар тауын	77
Көрдім жапа көпке еріп дүрліккеннен	78
Абайла, бауырым, абайла	79
Іңір сембей іргеге кеп құлаған	80
Қия-қия тауларға	81
Өтуде күндер, апталар, айлар	81
Опыр-топыр	82
Әкем түске кіреді	82
Әкемді аңсап	84
Өлмеймін тіпті	85
Нағашы.	86
Одағай өлең	89
Таң атқаннан күн батқанға	89
Құлпы тастағы жазулар	89
Тәуба жыры	90
Аласарып кетердей көп қой қауып	91
Өксіп-өксіп ояныппын	91
Тірлік тәйірі, құйын ғой	92
Тағдырдың талықсыған талма тұсы	93
Қыс-жазы құтырынған Атырау теңіз	93
Дүниенің бұлаңы-ай	96
Қиыр-қиыр қиыр-ды	96
Шау тартыппын, шымырығыппын	97
Маған біткен тағдырдың	98
Тағдырдан қайта-қайта жесем таяқ	98
Басым мынау, шашым қырау	99
Әзіл өлең	100

Талай барғам таңдай қата құмартып	101
Тұр орнында дүние, жер мен көгім	102
Туған жерге барғанда	103
Төзім жыры	105
Сырласарға қара жоқ	106
Баллада	107
Табалаймысың, тәйт әрі	108
Қобалжимын құр аттай құрағытпай	108
Қаратауды қапталдаған қара жолдың бойында	109
Біздің ауыл мекені	110
Құз басында құлжа тұр	111
Тіршілік қай күнде де құбылмалы	113
Ел болмақтың орынына	114
Қайдағы қайда жоқтан дау шығып жүр	115
Жамыраспай, жағаласпай	116
Шимұрын.	117
Далиған, қайран, далам-ай.	119
Шалқыған кеше төре бүгін ғарып.	121
Алпысқа аяқ басқанда..	122
Түс пен жору..	123
Тауық тағы таң атпай айқайлады.	125
Дәл есімде.	126
Әлділер де туыпты.	130
Бұл дүниеге қай ақымақ.	130
Өктем түспек өзге ықпалы	131
Біз туып, жер басқалы.	132
Жерде атыс	133
Заманға айтпай, маған айттың	133
Түнгі кәлима	135

Жарияланбаған өлеңдер

Ақтық ән	139
Байғұс жұртым, не түрін сен көрмедің	140
Япырмай, мұнша шешен, мұнша батыр	141
Кешіп келем	142
Даңғаза ер, дәукес-дана, есер-көсем	144
Ақын	145
Батырлар	155

Аударма өлеңдер

<i>Жапон поэзиясынан</i>	
Исса	161
Кюдо-Саки-Но Дайдзедайдзин	161

Сайге-Хоси	162
Исикава Тонудоки	162
Дағыстан әні	162
Лермонтовтан	162
Қанжар	163
Гейнеден	164
Салауат жыр	164
Өмір қағидасы	165
<i>Олжас Сүлейменовтен</i>	
Уа, ақсақ Темір-хан	166
Нұрлы түндер	166
Арғымақ	167
Куман жыры	168
Жаз, түн ортасы, ауыл, есектер	169
Қыз қуу	170
Қыр қазағының ұлы Ришад	171
Мәмбет батырдың дар алдындағы дұғасы	172
Махамбетке	173
Бетпақ дала	174
Россия	174

Абылай хан

Абылай хан (<i>грамалық дастан</i>)	177
---	-----

Аударма

К. Гоцци.Туранбике ханшайым (<i>қытай ертегісі</i>)	281
А. П. Чехов. Ваня ағай	383

Мақалалар

Азаттық жолы — азапты (<i>мақала</i>)	439
Абылай хан (<i>мақала</i>)	447
Елдік пен ерліктің асқақ жыры (<i>мақала</i>)	452
Терең сезімнің тұнбасы (<i>мақала</i>)	455
Түсініктер	457
Том соңына	458

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Он екі томдық
шығармалар жинағы

Редакторы
Г. Мұқышева
Көркемдеуші редакторы
Т. Ильяшев
Тех. редакторы
А. Мұқышева
Компьютерде безендірген
А. Құрманғалиева.

Теруге берілген күні 07.10.99. Басуға қол қойылған күні 08.11.99.

Формат 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 24,4.

Есепке алынатын баспа табағы 29. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс №3043. Бағасы келісімді.

«Өлке» баспасы:

480002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7 үй.

Тел.: 33-22-21, 26-09-13.

Тапсырыс "Өлке" баспасының
баспаханасында теріліп, беттелген.

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі,
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

